



**ҮРПАҚ
ҮНІН
ҮКІЛЕГЕН**

ଶ୍ରୀମଦ୍ଭଗବତ



ଶ୍ରୀମଦ୍ଭଗବତ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

“Қазақстан кітапхана ісінің көрнекті қайраткерлері”
атты ғылыми-ғұмырнамалық серия

*Орталық ғылыми кітапхананың
75-жылдығына орай*

ҰРПАҚ ҮНІН ҮКІЛЕГЕН

(*Көрнекті ғалым-библиограф, ұлттық библиографияның негізін қалаушысының бірі – Үшкөлтай Субханбердинаның омір жолы мен қызметі*)

АЛМАТЫ
2007

ББК 84 Қаз
Ұ 70

Ұ 70 ҮРПАҚ ҮНІН ҮКІЛЕГЕН: Көрнекті ғалым-библиограф, ұлттық библиографияның негізін қалаушысының бірі – Үшкөлтай Субханбердинаның өмір жолы мен қызметі / Құраст. Л.Д. Әбенова. Бас ред. С.А. Қасқабасов. Жауапты ред. К.К.Әбуғалиева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2007. – 295 б., сур. [“Қазақстан кітапхана ісінің көрнекті қайраткерлері” атты ғылыми-ғұмырнамалық серия.] .

ISBN 9965 – 473 – 70 – 6

ББК 84 Қаз

Редакция алқасының мүшелері:

ҚР ҮФА академигі, филол. ғ.д., проф. С.С. Кирабаев, ҚР ҮФА академигі, филол. ғ.д., проф. Ш.С.Сарыбаев, филол. ғ.д., проф. Т.Қекішев, филол. ғ.д., проф. Ш.Р.Елеуkenov, филол. ғ.д., проф. Ф.М. Оразаев, филол. ғ.д., проф. К.Ш.Құсайынов, филол. ғ.к., доцент С.С. Ақашева, Ж.М., Нұрғожина, Т.В.Вдовухина, Л.Д.Әбенова (жалпы ред.).

Сіздердің назарларынызға ұсынылып отырған “Үрпақ үнін үкілеген” атты ғылыми-ғұмырнамалық жинақта – Үшкөлтай Субханбердинаның өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат, таңдамалы еңбектері туралы үзінділер, ол туралы ғалымдардың зерттеулері, пікірлері, ойлары берілген. Кітап Қазан тәңкөрісіне дейінгі қазақ баспасөзі туралы және оның бетіндегі жарияланған материалдармен шүғылданатын, әрі қызығушылық білдіретін ғалымдарға, студенттерге, оқушы мен педагогтарға және жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.

Ұ 4702250204
00(05)-04
ISBN 9965-473-70-6

© OFK
© Әбенова Л.Д.
құрастыруышы, 2007

Ахмет КЕҢДІРБЕКУШЫ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Бір таң атты... әлденеге ойлы атты,
Бар адамды терең ойга бойлатты.
Үшкөлтайын, кішкентайын жан әке,
Мейірлене тізесінде ойнатты.

Бір күн шықты... ұясынан жай шықты,
Қып-қызыл ма, қал-қара ма... айшықты.
Дұрс-дұрс дүбір, тарс-тарс есік, кірді үшеу,
Ұстая үшін “контра” мен “байшықты”.

Заман еді-ау, таба алмайтын жанды айла,
Шашыратқан отыз жеті канды айға.
Әке кетті, ұзап кетті, ұзақ кетті мәңгілік,
Алақанның табы қалды маңдайда.

Дәл сол күні... тағдыр бәрін болды үрлап,
Бір әулетті сорға айдал солдырмак.
Балалықтың соңғы күні қоштасты,
Он жасарға қимай-кимай қол бұлғап.

Ерте есейді, жалын тартып мінді атқа,
Ғұмыр берді сұлу келбет, сымбат та.
Тал бойында талант та бар, бақ та бар,
Қасиет бар текке тартқан құндақта.

Дес берместен әуре-сарсаң, ығырга,
Зарлы жүрек байыз таптай жылдыр ма?
Жазаланған бей уақытта жазықсыз,
Әке есімін қондырды әкел тұғырга.

Туган жұртқа оралды арыс жаны ізгі,
Ұрпағы актап әке алдында парызды.
Тағы ойлайды: өзі сүйген ғылымда,
Қайтармаған қарызы бар тәрізді.

Күйсө-дағы қыындықта жан аптаң,
Дәүір үнін түгел шықты парактап.
Сартап болып жатып қалған архивте,
Тарихынды мықты болсан ал, ақтап!

Өзіне-еzi жігер берді: “Байқап қал,
Маган сенген тұған халқым, байтақ бар”.
Қайта оралды рухани ақталып,
“Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа” hәм
“Айқаптар”!

Күміс түсіп, ағарса да бар самай,
Ауыр жүкті арқалап жүр шаршамай.
Ұлы істі, ірі істі атқарған,
Қазақ қызы, ғажап қызы қаршадай!

Мен түсінсем биік ұшар тек қыран,
Орнын басты ойсыратпай текті ұлан.
...Қарапайым қазагымның әр қызы,
Сіздей ғана болса шіркін деп тұрам!

ЖҰЛДЫЗЛЫҚ

ОҚЫРМАНДАРҒА

Күрметті оқырман! Орталық ғылыми кітапхана 1998 жылдан бастап “Қазақстан кітапхана ісінің көрнекті қайраткерлері” атты ғылыми-ғұмырнамалық серия шығарып отыр. Ондағы максат – еліміздің ғылым, білім және мәдениет саласында – Отаны, елі, халкы үшін елеулі еңбек сінірген зиялышарымыз жайында және олардың қалдырған рухани мұраларын қалың оқырман көпшілікке, әсіресе жас үрпаққа жеткізіп насиҳаттау.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған “Ұрпақ үнін үкілеген” атты ғылыми-ғұмырнамалық жинақ осы аталған серияның жалғасы болып табылады. Бұл кітап біздің замандасымыз, казак библиографиясының классигі, ұлттық библиографияның негізін салушылардың алдыңғы қатарында тұрған ірі тұлғаларымыздың бірі, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, халқының бір туар азамат кызы – Субханбердина Ушқөлтай Хасенқызына арналып отыр.

Ушқөлтай Субханбердина 1927 жылдың 15 қантарында Павлодар аймағы, Баянауыл ауданында мұғалім Хасенұлы Субханбердінің отбасында дүниеге келді. Уш жасында анасынан айырылып, 10 жасында халқымыздың басына түскен зұлым заманың ағымымен әкеден де айырылады. Алты баланың арасында өскен жалғыз ерке кыз, бір мезетте “тірі жетім”, “халық жауының кызы” болып қала берді.

“... Сол қасирегті құндердің бір суреті көз алдында мәнгі сакталып қалыпты”, - дейілі курсініп Ушқөлтай апай. – Экем мектеп директоры, математикадан сабак беретін. Тогызынышы желтоксанды сүр шинельді екі адам келіп үйді тінгін кінди, қарғаздарды жаң-жаққа шашып кеткені, экемнің қараторы оны құл-ку шүберектей бозарғаны, экемді алдарына салып айдал кеткенде ашық қалған есік-терезеден азынап соққан боранның ызыңы, шешемнің орнына шеше болған нағашы апатайымның зарланып жылғаганы. Сол күннен бастап аяулы экем “халық жауы” атанды. “Үштіклен” сottальып, он жылға айдалған экем Субханбердің он жасында жетім қалып, тек тірлік үшін күрестен еткен өмір жолымда көргенім де, түйгенім де мол екен¹.

... “Құс ұсында не көрсе ұшқанда соны іледі ” дегендесі, Ушқөлтай апай кішкентай бала кезінен жаңұсында естіген әңгімелердің ішінде арыстарымыздың есімдері жиі-жиі “...бір жаксы ілтиплатпен айттылатын”, – дейді, ал экесінің кызмет бөлмесі толған газет, журнал, кітаптар болыпты. Мүмкін Ү. Субханбердинаның отанына, халқына, еліне, жеріне деген шексіз махаббатына, бійк ұлтжандылығына, осы туып-өсіп, тәлім-тәрбие алған ортаның да асері бар шығар. Сондықтан да бүкіл саналы ғұмырын қуғын-сүргін

¹ Фалым – библиограф. Алматы: Ғылым, 1997. 50 б.

күрбандары, Алаш азаматтарының қалдырган мұраларын жинап, сактап, халқына, кейінгі ұрпакқа жеткізуге арнаган болар.

Субханбердина Үшкөлтай Хасенкызы бүкіл творчестволық еңбек жолын Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөзінің бетіндегі жарияланған материалдарды іздеу, жинақтау, олардың тарихын зерттеу және әр материалға толық аннотация беріп, әр сала бойынша сол кезеңдегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігіне ғылыми шолу жасап, оқырмандарды мерзімді баспасөздердің шығу тарихымен, олардың шығарушылары, авторлары және баспасөз бетінде жарияланған негізгі мәселелерімен таныстырып отырды. Қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселелерін, саяси көріністерін 1870–1918 жылдар аралығында шығып тұрған “Айқап” журналы (1911–1915), “Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882), “Дала уалаятының газеті” (1888–1902), “Қазақстан” (1911–1913), “Алаш” (1916–1918), “Сарыарқа” (1917), “Бірлік туы” (1917), “Қазақ” (1913–1918) беттерінде басылған мақалалардың қысқаша мазмұндамасын жазып, арнайы жинакка топтап, тақырыптық және хронологиялық жүйеге келтіріп, оларды киын-кезең заманда том-том кітап етіп, көшілік оқырман қауымға жеткізе білді.

Үшкөлтай Субханбердина барлық еңбектерінде Қазақстанның Қазан төңкерісіне дейінгі бейнесін көрсететін қазақ баспасөзі туралы жарияланған теңдесі жок бағалы, тарихи маңызы зор мәліметтер берген. Ол 135-тен астам ғылыми мақала, 25-тен астам кітап шығарды, соның ішінде мына өте бағалы кітаптарды айтып кеткенім жөн болар: “Дала уалаятының газеті” (5 том), “Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар”, “Қазақ.Алаш.Сарыарқа”, “Қазақ кітаптары”, “Қазақ кітabyның шежіресі”, “Айқап”, “Әдеби мұра”, “Қазақ” газеті, “Батырлық дастандар”, “Ғашықтық дастандар”, “Қазақ халқының атамұралары”, “Түркістан уалаятының газеті” т.б. Бүгінгі күнде бұл еңбектер сирек кездесетін кітаптарға айналып отыр.

Ү.Субханбердинаның атқарған жұмысын бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысымен салыстыруға болады, бұл ғалымның халқына, еліне деген еңбегі шексіз. Сонымен катар Үшкөлтай апай халқына — келе жаткан жас буынға, ұрпақтарына баға жетпес рухани мұра қалдырып отыр.

Ол қазіргі күнге дейін кітапхана өміріне белсене араласып келеді. Өзінің жеке мұрагатындағы Қазан төңкерісіне дейін жарық корген газеттердің көшірмелерін, фотосуреттерін, қолжазбаларын және бай кітапханасының бағалы кітаптарын осы Орталық ғылыми кітапхананың мұрагатына тапсырды.

Ушкелтай апай өзінің еңбектерінде, естеліктерінде әрдайым қызын кезенде осы мұраларды жинауға, оларды жарыққа шығарып халықка жеткізуге, қол үшін созып қолдаған ағалары: Қазақстан ГА тұнғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, академик М.О.Әуезов, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Ш.Шөキン, С.Бейсембаев, М.Қозыбаевтарды – еңбектерінде, мақалаларында бір жылы ітеппапten еске алады. Мында бір рахметін апай 1992 жылдан бері бүкіл еңбектерін баспаға әзірлеген “Ғылым” баспасының редакторы Жазира Нұргожинаға; академиктер С.А.Қасқабасов, Ф.Оразаев пен Ш.Ш.Сарыбаевқа; профессорлар Т.Кәкішев, А.Сейдімбеков, Қ.Атабаев, С.Дәүітовтерге, доцент С.Ақашева, Ф.Оразаева, Р.Қайшыбаеваларға; алғашқы қадамын бастаған OFK қызметкерлері профессор Н.Б.Ахмедовага (1956–1986 жж. OFK директоры), Нұрхан апайдың ізбасары, казіргі Орталық ғылыми кітапхананың директоры К.К.Әбугалиевага, OFK директорының орынбасары Қ.Е.Қаймақбаевага, бұл фәніден озған, алды жарық болғай Р.Б.Садықовага, кітапхана ардагері Қ.Н.Нұрбековага, Ш.М.Қарымғазинага т.б. аттары аталағай кеткен кітапхана қызметкерлеріне шын ниетімен ризашылығын білдіреді.

Ұсынылып отырған кітап құрылымы бес белімнен тұрады: “... Өз жайымда сыр шертсем...”, “Кітап тарихы — адамзат тарихы”, “Арыстар қалдырған аманат”, “Үнтаспа мен сурет сыры”, “Ұлт мұрасының жанашыры”. Кітап қосымша ретінде көмекші көрсеткіштермен қамтамасыз етілген. Көрсеткіштерде У.Х. Субханбердинаның өмірі мен ғылыми-зерттеу шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан, әуелі казак тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Еңбектің соңында еңбектерінің әліпбелік және есімдер көрсеткіші берілген. Онда еніп отырған сандар У.Субханбердинаның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын және хронологиялық еңбектердің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

Құрметті оқырман! Кітапты оқи отырып, осы еңбек жалпы аталаған серия туралы ұсыныстарынызды, пікірлеріңізді мына мекенжайға жіберулерінізді сұраймыз:

005100, Алматы каласы, Шевченко көшесі, 28. Орталық ғылыми кітапхана.
Ғылыми-библиографиялық белшімшесі. Телефон: 8 (327) 261-02-39; Факс: 8 (327)
261-02-60. E-mail: cnb@academset.kz

Құрастырушы – Л.Д. Әбенова

Кульжихан Кульшариповна АБУГАЛИЕВА
директор ЦНБ МОН РК

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ !

Предлагаемая вашему вниманию книга освещает творческий путь ученого – филолога, библиографа – Ушкультай Хасеновны Субханбердиной. Не случайно Центральная научная библиотека МОН РК принимает в этом активное участие. С 1952 по 1965 г. У.Х.Субханбердина работала библиографом, главным библиографом, заведующей отделом редких книг и рукописей. Годы становления отдела, организация всей его работы, формирование библиографических кадров, первые публикации отдела – все это происходило при активном и непосредственном участии ученого У. Х. Субханбердиной. Будучи заведующей отделом редких книг и рукописей академической библиотеки, У.Х.Субханбердина провела огромную работу по восстановлению недостающих в фондах библиотеки произведений. Многие из них были восстановлены путем микрофильмирования и фотографирования. Большой практический опыт, основательное знание теории и методики библиографической работы способствовали тому, что руководимый ею отдел смог подойти к решению проблемной библиографии на уровне, предъявляемом научным библиотекам. Кроме общего руководства отделом редких книг и рукописей Ушкультай Хасеновна занималась исследованием казахской дореволюционной печати. В 1961 г. ею был выпущен первый научный труд – библиографический указатель «Қазактың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар». Это была первая попытка собрать всю казахскую дореволюционную периодику. В ходе работы были использованы монографии, сборники научных трудов, сообщения и статьи о периодической печати Казахстана как нашей библиотеки, так и библиотек им. М. Е. Салтыкова-Щедрина в Санкт-Петербурге, библиотек Казани, Москвы, Ташкента, Уфы и других. Одновременно ею уделялось внимание приобретению казахских газет и журналов в фонд Центральной научной библиотеки. На основе проведенных исследований в 1964 г. Ушкультай Хасеновна защитила кандидатскую диссертацию на тему «Казахская дореволюционная периодическая печать и художественная литература конца XIX–XX века».

У.Х.Субханбердина является автором ценных библиографических изданий: «Дала уалаятының газеті» (в 5 книгах), «Қазак. Алаш.

Сарыарка», «Казак кітаптары» «Қазак кітабынын шежіресі», «Айқап», «Әдеби мұра», «Қазақ халқының атамұрашары», «Түркістан уалаятының газеті» и других, посвященных казахской дореволюционной печати.

В работах Ушкультай Хасеновны не просто описаны названия источников. Ученым также проведена исследовательская работа, дана развернутая аннотация к каждой статье расшифрованы псевдонимы. Созданные ею произведения находят широкий отклик среди читателей. Казахская научная общественность высоко оценила ее научные труды, присудив ей в 1995 г. звание академика Академии гуманитарных наук.

У.Х.Субханбердина много времени уделяла совершенствованию методики составления ретроспективных указателей. Ею опубликовано ряд научных статей, используемых и сейчас в библиографической практике. Говоря о ней, надо выделить и следующую грань ее творчества — наставничество. Ушкультай Хасенова подготовила многих библиотечных работников, на сегодняшний день активно участвующих в библиотечной жизни республики. Своим неутомимым трудом она подняла профессию библиографа на более высокую ступень.

Издание научно-биографического сборника “Ұрпак үнін үкілеген” приурочено к 75-летию Центральной научной библиотеки МОН РК и является продолжением серии “Видные деятели библиотечного дела Казахстана”.

ҰРПАҚ ҮНІН ҮКІЛЕГЕН

Лаура ЭБЕНОВА
ОҒК қызметкери, библиограф

КІТАППЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

(Кіріспе сөз орнына)

*“Қатерлі заманда өлиеусіз тер төгіп жиналған
Арыстардан қалған аманатты бақыга алғын
кеттей, келешек буынға жеткізу иштемен неге
болса да көнүге тұра келді...”*

Ү. Субханбердина

XIX ғасырдың екінші жартысында казак елін, жерін патшалы Ресейдің толықтай билеп алуына байланысты Қазақстанның ірі қалаларында патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашкы газеттер шыға бастады [1]. “Облыстық ведомстволармен” қатар қазак тіліне аударылып, Орынборда “Торгай” газеті, Омбыда “Дала уалаяты”, “Ауыл шаруашылық листогі” сияқты газеттер шығып тұрды. Ташкентте казак тілінде шығарылған “Түркістан уалаяты газеті”, сондай-ақ Оралда, Астраханда және кейбір қалалarda шығарылған газеттер де Казакстан өмірімен байланысты болды.

Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени ағарту тілектерін ескергендейдіктен шығарылған жоқ, қайта патша өкіметінің отарлау саясатын қүшейте тұсу, оның бұйрық-жарлықтарын жергілікті халықтың ана тілінде жариялат, сөзсіз орыннату, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын тұрғындар арасына кеңінен таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатымен шығарылды. Патша үкіметінің зандарын, жарлықтарын жариялат, оның реакцияшыл, отаршылдық саясатын үағыздай отырып, сонымен катар бұл газеттер енеркесіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелерін көтеруге мүдделі болды.

Осы басылымдардың ішінде алдымен аударма ретінде шығып, бірте-бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, казак тілінде шығарылған “Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882) мен “Дала уалаяты газеті” (1888–1902) қазақ баспасөзі тарихының алғашкы бет ашарлары деп есептеледі.

Сонымен патшалық Ресейдің жымысқы саясатына қарамастан, Қазакстанда ұлт тілінде өз баспасөзінің тууы халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуына елеулі түрде әсер етті.

Казак баспасөзінің көшбасшысы “Түркістан уалаятының газетінің” дүниеге келуі халқымыздың рухани және саяси-қоғамдық өміріне тың езгерістер әкелді. Ол алашқы ұтг зиялъяларының публицистика саласын игерे бастаудына бағыт-бағдар беріп, XIX ғасырдың соңына қарай қазак баспасөзінің толық қалыптасуына негіз болды” [2].

1870 жылдың 28 сәуірінен бастап (ескі стиль бойынша), Тәшкент қаласында жарық көре бастаған “Түркістан уалаятының газеті”, орыс тілінде шығатын “Туркестанские ведомости” газетіне косымша ретінде айна төрт рет (екі саны қазақша, екі саны өзбекше) шығарыла бастады. Бұл газет, тек қазақ тілінде емес, жалпы Ресей коластындағы барша түркі халықтары тілінде шықкан алғашқы басылым болды. Әзербайжан тілінде тұнғыш газет 1875 жылы, Қырым татарлары тілінде 1883 жылы шыға бастады. Ал 1809 жылдан бастап өз тілінде газет шығаруға тырысқан татар зиялъяларының қолы оған бір ғасырдан соң, яки 1905 жылы ғана әреп жетті [3].

“Түркістан уалаятының газетін” қазақ тілінде шыққан тұнғыш газет екендігін дәлелдеп, “тұнғыш ғылыми тиянақты пікір білдіріп”, оны халқына жеткізген сол кезде Қазак ССР Ғылым академиясының бас библиографы Ушқелтай Субханбердина апамыз болатын [4].

Сонымен қазак мерзімді баспасөзінің тұнғыш басылымынын алғаш жарық көрген уақытысы 1870 жылдың 28 сәуірі (ескі стиль бойынша) десек біз қателеспейміз, сол себебті мемлекетіміздің мерекелік басылым күнінің датасын төл басылымымыз “Түркістан уалаятының газеті” алғаш жарық көрген күні 28 сәуірге алмастырса халық оны тарихи әділдіктің салтанат құруы деп кабылдар еді.

У.Субханбердина өзінің 1961 жылы жарық көрген “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” деген еңбегінде “Революциядан бұрын қазақ тілінде басылғып шыққан басылымдар “Түркістан уалаятының газетінен” басталады – деген пікірді айтты. 1962 жылы “Білім және енбек” журналының 5-нөмірінде жарияланған “Түркістан уалаятының газеті” деген мақаласында оқырмандарды осы газеттің шығу тарихымен, оның шығарушыларымен, газет бетінде 1870-1882 жылдар аралығында айтылған негізгі мәселелерімен, газет авторларымен таныстырады.

Осы мақала жарияланған күннен бастап, қазақ баспасөзінің тарихына арналған барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарында “Түркістан уалаятының газеті” қазақ тіліндегі тұнғыш газет ретінде айтыла бастап, қазақ баспасөзінде өзінің заңды да лайықты “қазақ мерзімді баспасөзінің көшбасшысы” деген орнын алды. Бұл жаңалық, қазақ баспасөз тарихындағы У.Субханбердинаның ашқан үлкен принциптік

маңызы бар ғылыми жаналығы еді /4/. Ушкөлтай апайдын бұл еңбегі бүгінгі күнге дейін үкімет тарағынан өзіне лайықты бағасын алған жоқ.

Осылай, сталиндік зұлматтың жазықсыз құрбандарының бірінің ұрпағы, қазак қызы Ушкөлтай Субханбердина ашқан жаңалық ел ігілігіне айналды.

“Түркістан уалаятының газетінің” қазак тілінде шықкан тұнғыш газет екендігін дәлелдегені, Ү.Субханбердинаның қалай тапқаны туралы М.Ғұмарова былай дейді: “Бір жоқты екінші жоқ табады дегендей, “Дала уалаяты газетінің”, “Айқап” журналының номерлерін толықтыруды іздеу үстінде Ү.Субханбердина жолdas осы кезге дейін белгісіз болып келген “Түркістан уалаятының газетін” тауып алды. Бұл қазактың журналистикасы тарихындағы үлкен жаңалық еді” [5]. – деп жазды. Ү.Субханбердинаның осы еңбектің авторына айтқан әңгімесін бүгінгі күнде бізге де айтады: “1956 жылы Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханасында “Айқаптың” жетіспеген сандарын іздең жүріп бір газет тігіндісін бетінде жазылған “Кир.” деген, екінші бір тігіндінің бетінде “Сарт” деген сөздерге көзім түсті. “Кир.” деген (демек, “Қаз.” деген, бұрын орыстар қазактарды “киргиз” деп көмсітіп атаган – К.А.) сөз көзіме оттай басылды. Еріксіз газет тігіндісін қолыма алып қарадым. Сойтсем, бірі қазак тіліндегі, бірі өзбек тіліндегі “Түркістан уалаятының газеті”, – еken дейді.

Субханбердиниң Ү.Х. “Түркістан уалаятының газетінің” тұпнұскасын түгелдей Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханадан, пленкаға түсірілген кошірмесін ҚР FA Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сактауға береді. 2003 жылы “Түркістан уалаятының газеті” атты жинақ Ү.Субханбердинаның жетекшілігімен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жарық көрді. Бұл жинакта 1870–1882 жылдар аралығында “Түркістан уалаятының газетінің” беттерінде жарияланған қазак елінің саяси өмірі, мәдениеті, әдебиеті, тарихы, шаруашылығы мен әлеуметтік мәселелері туралы деректердің мәтіндері тұпнұска негізінде ұсынылған.

“Түркістан уалаятының газеті” қазак тілінде жарық көрген, тек қазак баспасөзі тарихында емес, жалпы қазак тарихында алар орны ерекше.

“Түркістан уалаятының газетінен” кейінгі өзіндік тарихи орыны бар қазак тіліндегі екінші басылым – “Дала уалаятының газеті” (1888–1902) жаңадан құрылған Омбы генерал-губернаторының органы ретінде Омбы каласында 1888 жылдың 1 кантарынан бастап 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін 14 жыл катарынан жарық көріп тұрган. Газет “Ақмола облыстық ведомстарының” баспаханасында

басылып, аптасына бір рет шығып, қазіргі Қазақстанның бүкіл аймақтарына дерлік тарады. Оның редакторлары ретінде әр жылдары И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза деген кісілер қол қойып отырған. Ал қазак тіліндегі нөмірлерін шыгаруға Е.Абылайханов, Д.Сұлтангазин, Р.Дүйсембаевтар; тілшілер ретінде О.Әлжанов, Ж.Алласов, Ж.Айманов, Д.Иманұлов, Мәшінүр-Жұсіп Қөпееев, Қ.Жапанов, А.Құрманбаев т. б. атсалысқан. “Дала уалаятының газеті” барлық патшалық губерниялық газеттердегідей ресми және бейресми бөлімдерден тұрады. Ресми бөлімінде үкімет және әкімшілік органдардың жарлықтары, нұсқаулары, бүйректары, сонымен бірге “ак патшага” адал берілгендейкі сездіретін материалдар басылса, ресми емес бөлім ерекше назар аудартады. Газет өзінің бейресми бөлімінде егіншілікті өркендету, отырықшылыққа көшу, ғылыми жаңалықтар, дәрігерлік көмек, мектеп ашу, қазақ тілін, әдебиетін дамыту, сауда ісін жолға қою, мал тұқымын асылдандыру, т.б.; солармен катар шетел және Ресейдің ішкі жаңалықтары, көршілес мемлекеттер жөнінде хабарлар берілді. Газетте қазақ пен орыс халқының жазба және ауызша әдебиеті шығармаларымен бірге украин, литва, татар, башқұрт халықтары әдебиетінін, сондай-ақ шығыстың “Мың бір түн”, “Ләйла – Мәжнүн” тәрізді туындыларынан да үзінділер берілді.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы Әбубекір Ахметжанұлы Диваевтың мақалалары, Ыбырай Алтынсаринің шығармалары, Абайдың өлеңдері, халық ақындарының туындылары: “Бозқіт”, “Еңлік – Кебек”, “Козы Қөрпеш – Баян сұлу”, “Қамбар батыр” дастандары, Алдар көсе мен Қожанасыр, Жиренше шешен туралы аңыздар, казақ ертегілері де “Дала уалаятының газетінде” жарық көрген.

“Дала уалаятының газеті” патша үкіметінің органы болғанымен, қазақ халқының әмір-тұрмысында прогрессіл рөл аткарган басылым. Бұл бағытта орыс ғалымдары мен саяхатшыларының да сійірген енбектерін жоқда шыгаруға болмайды. Әсіресе, В.Радлов, А.Алекторов, Г.Потанин, П.Обручев, С.Гордлевский, А.Ивановский, Н.Пантусов, Н.Ядринцев, Вельяминов-Зерновтар орыс ғылымын таратуда қазақ халқына айтартылған қызмет етті. Олар “Дала уалаятының газеті” ізденісіне жөн сілтеп, камкорлық танытып отырды, өздері ле үзбей мақала жазып отырды.

Қазақтар тұңғыш рет “Дала уалаятының газеті” арқылы В.А.Жуковский, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Крылов, Л.Н.Толстой, Г.И.Успенский, Д.Н.Мамин-Сибиряк секілді атақты ақын-жазушыларының шығармаларымен танысты.

Халқымыздың әдеби мұраларының ішінде “Дала уалаятының газетінің” орны ерекше, оның дүниеге келуі қазақ халқының еткен

ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. “Дала уалаятының газетінде” басылған шығармаларда қазақ өмірінің барлық күрделі құбылыстары мен уақыттары толық, тұтас қамтылmasa да қазақ халкының тарихында болған ұлы өзгерістер де, халық өмірінен жеке-жеке суреттері де алғаш баспасөз бетіне түсіп, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің негізін қалауға көмектесті [6].

“Дала уалаятының газетінің” түпнұсқадан түсірген фото және микро көшірмелері КР FA Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сактаулы. Сол фотокешірмелер мен микрокөшірмелер негізінде Ушқөлтай Субханбердинаның құрастыруымен “Дала уалаятының газетінің” жинағы 5 кітап болып жарық көрді :

- 1989–1992 (1888–1894, 1895–1898, 1899–1902,) жылдары шыққан алғашқы үш кітапта кезінде газет бетінде жарияланған әдеби нұсқалар жинағы: ертегілер, азыз-әңгімелер, мақал-мәтеддер, өлең-жырлар, әдеби аудармалар, өситет сөздер, көркем шығармалар басылды; Аталмыш томдағы жазылған құрастыруышының “Дала уалаятының газеті” және қазақ әдебиеті мен мәдениеті” деп аталған алғысөзі – бір “Дала уалаяты газеті” тонірегіндегі жазылған нақты зерттеу. Онда газетті шығарушы редакторларынан бастап, авторлық құрамы, көтерілген мәселелер ауқымы төнірегінде кызықты да деректі ой өрбітеді. Құрастыруыш алғысөзі шолу, таныстыру түрінде жазылғанымен, онда газеттің тарихи-әлеуметтік, әдеби-қоғамдық мән-маңызын ашады, мол дерекке сүйеніп отыра соңында көтірілген түсініктемелерді, анықтамаларды түзуде құрастыруышының тарихи әдебиеттерді кең пайдаланғаны, ықжадағаттылығы мен ұқыптылығы айқын анғарылады. Жалпы тынымсыз ізденіс үстіндегі тәжірибелі ғалымның көп мәлімет, көп ой жинақтаулары алғы сөзде толық көрініс тапқан.

- 1994 жылы шыққан 4-ші кітапта 1888–1902 жж. аралығында газет бетінде эр жылдары жарияланған “Адам.Қоғам.Табиғат” мәселелерін қамтитын мақалалар жинағы жарық көрді. Қазақ елінің саяси өмірі, шаруашылығы, мәдениеті, тарихы жайындағы нұсқалар сол қалпында берілген. Алғашқы қос томдықта бүгінгі қол жеткен жариялышынан, ұлт тәуелсіздігінің атар таңынан бұрынның дайындалғандықтан соңғы кезде ақталып, тарихтагы өз орындарын иемденіп жатқан көптеген қаламгерлеріміздің еңбектерін кіргізуге мүмкіншілік болмаган, оған коса, өз заманының саяси әлеуметтік жағдайын ашық айтып, ацы жазған материалдар да лито тарапынан алынған екен. Осыны ескере тұа жинақтың 3-4 томдары бүгінге дейін белгісіз болып келген материалдардың негізінде құрастырылған.

• 1995 жылғы “Дала уалаятының газетінің” 5-ші кітабында, мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші дүниеге келді. Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөздегі фольклор ұлгілерін, кисса-дастандарды, баспасөз деректерін жариялау мен соларды зерттесумен ұдайы шұғылданып келе жатқан ғалым бұл жолы да қыруар еңбек сінірген. Көрсеткішті дайындау барысында Санкт-Петербург қаласындағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханадан алынған “Дала уалаятының газетінің” микрокөшірмесімен қатар, жоғарыда айтылған “Дала уалаятының газетіне” арналған төрт кітабынан алынған материалдар қамтылған.

Көрсеткіште газет материалдары 1888 жылдан бастап 1902 жылға дейін әр жыл бойынша реттеле орналастырылып, қысқа мазмұндық түсініктеме берілген.

Үшкөлтай апайдың осы аталған “Дала уалаятының газеті” деген бес кітаптық жинағы оқырмандар қауымына үлкен жаңағы болып қабылданды. Осы туынды Y.Субханбердинаның есімін елге танытып, ғылыми ортадағы орнын аныктап берді. Үрпактар көзінен тасаланып, көнілінен ұмыт болып бара жатқан көне газет-журнал материалдарын арнағы жинаққа топтап, белгілі бір жүйемен басын біріктіріп, кітап етіп шығару – бұған дейін казак әдебиетінде кездесе қоймаган құбылыс болатын.

Қазақ тілінде жарық көрген алғашқы газеттер, патша үкіметтің жергілікті әкімшілік мекемелері шығарған реєстри басылымдар “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаятының газеті” болғандықтан және де еліміздің төл басылымдарын майдай терін төгіп Үшкөлтай апай халыққа жеткізгендіктен біз Субханбердина Y. туралы әңгімемізде осы тақырыпка көбірек көніл бөлдік.

* * *

Негізі Үшкөлтай Субханбердинаның алғашқы туындысы – “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші 1961 жылы жарық көрді. Бұл жинақты құрастыруға 50-шы жылдардың екінші жартысында, саяси күтін-сүргін науқанының қайта көтеріліп, казактың бірсыныра зиялыштарына жала жабылып куғындалып, айдалып жатқан кезінде кіріскең екен.

Осы уақытта Үшкөлтай апай жас маман, жаңа ғана Қазактың кыздар педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетін бітіріп бастапқы еңбек қадамын 1952 жылы Қазақ ССР FA Орталық ғылыми кітапханасының казақ кітаптары мен сирек кездесетін кітаптар және колжазба бөлімінде қатардағы кітапхананы-библиограф болып бастады. Үшкөлтай апай қордағы әдебиеттермен алғаш танысқан кезінде көп басылымдардың арасында өзінің бала

кезіндегі әкесінің “қызыл шкаф” ішінде тұратын таныс кітаптары, журнал-газеттерін көріп, сол әдебиеттермен қайта қауышуды әрдайым сағынып асыра күтстін. Жас маман істеп жүрген қызметіне, қолға алған ісіне үлкен жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарады, істеген еңбекіне қарай қысқа мерзімнің ішінде бас библиограф, бөлім менгерушісіне дейін қызметі өсті Ушқолтай Субханбердина оқырмандарға әдебиеттерді беру-алумен шектелмей, үлкен ұйымдастырушылық қабілетін, ғылыми тұрғыда қатар алып жүрді, ол кордың толуына, өсіп-өркендеуіне және де Қазан төңкөрісіне дейінгі қазак баспасөзін ғылыми тұрде зерттеп, алғаш рет ұлттық ғылыми-библиографиялық істі жүзеге асыра бастап, сол бастаманың көшбасшысы болды. Мерзімді басылымдар бетінде ғылыми макалалар жазып, қордың әл-ауқаты туралы акпарат беріп, ғалымдарды, көпшілік оқырмандарды жедел тұрде осы кордың материалдарымен таныстыра отырды.

Қазан төңкөрісіне дейінгі қазак басылымдарына тоталитарлық жүйе тұсында салқын қозқарасқа байланысты ол материалдарды зерттеушілерді де “ұлтшыбы” деп айыптау да онай болатын. Осыны біле тұра Ушқолтай апай, халқының қамы үшін тәуекелге бел байлан үлкен іске кірісті. Отанына, халқына деген істің жолында көп қынышылыққа кез болды. Бірақ енбектері жарық көре бастаған кезде бұрынғы көрген азаптары біркүнгідей болған жок.

OFK архив тігінділерінен керекті материалдарын іріктең, құнды легендерін араб емлесінен кирилл жазуына көшіріп, баспаға әзірлеу сырт көзге ғана онай секілді көрінгенмен, шындығында “инемен құдышқ қазғандай” кияметі көп, ауыр жұмыс. Оның сыры архивтегі материалдар тым ескі әрі дұрыс сакталмай қомескілене түскен себепті әрбір сезіді дұрыс оку көп қыныңдық туғызатынын бастан өткізген кісі болмаса, өзгелер түсіне бермейді. Кейде бір соғ үшін бірнеше сағат отыруға тұра келеді. Оған төзімділігі мол, қолға алған ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын, аз еңбекпен атақ алуды емес, соңында үлес мұра қалдыруды көздейтүғын кісі ғана шыдас бере алатындығы белгілі. Осыдан-ак біздің елімізде библиография саласында енбектеніп жүрген маман – ғалымдардың не себептен тым аз екендігінің сырын аңғаруға болатындей. Осыны дәл басып, дәп аңдаған халқымыздың біргуар ұлдарының бірі Әлкей Марғұланның: “Кей ғалымдар библиографияның қалірін түсіне бермейді. Ғылым дегенін библиографиядан басталадығой” деуі де тегіннен тегін емес шыгар.

1956 жылдан бастап академик Қаныш Сәтбаевтың арнайы рұқсатымен Ушқолтай Субханбердина Қазан төңкөрісінен бұрынғы казак баспасөзін жинауға кіріседі, ол Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан,

Ташкент, Омбы қалаларындағы кітапхана мен архив қорларынан, жоғалып кеткен қазақтың кітаптарының, газет-журналдарының түпнұсқасын, фото-микрокөшімелерін жинал, архивтерін колмен көшіреді. “Күғын-сүргін құрбандарының өмірінен білетінімді, оқығандарымды қағаз бетіне түсірудің қандай қасретті екенін сондақтап түсінгенмін...” – деп жазады апай. Бұл кезең де қазақ халқының зияллыларын қайтадан қайғы-шерге батырган кезі еді. Сол жағдайга қарамай жас маман “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, “Айқап” басылымдарымен қатар, кейбір азаматтарымыз атынан шошитын “Қазак” газетінің де тігінділерін ақтарын, материалдарының картотекасын жасауга кіріседі. Сонымен кезінде аттарын ауызға алушың өзі корқынышты болған тап-таза алашорда өкілдерінің мол мұраларын жинап қойын дәптеріне түсіре береді.

Осы еңбектің нәтижесінде дүниеге 1961 жылы “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар”, 1963 жылы “Қазактың революциядан бұрынғы мерзімді баспасозіндегі материалдар” деп аталатын мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш кітаптары жарық көрді.

Жоғарыда айтқандай осындай қара бұлттың төніп тұрған мезгілінде “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” атты еңбектің дүниеге келуі ешкім күтпеген оқиға еді. Бұл жонінде Үшкөлтай апай былайша еске алады: “Улken үйге (ОК) [7] екі күннің бірінде кітаптың редакторы Есақаң (Есмағамбет Ысмайлов) екеумізді шакыртып жатқаны. Ол кездегі менің көніл күйім белгілі, түнімен ұйықтамай шығамын. Кішкентай үш баламның халі не болар екен деймін. Еңбекті қолдан, қорғап жүрген зиялды агаларымға зияным тиіп кетпесе жарап еді деген ой жегідей жейді” [8]. Сол мезетте Бейсембай Кенжебаевтың “Айқап” туралы еңбек” [9] деген макаласы басылып шыгады. “Тұңғыш еңбегім туралы алғашкы сын макала! Макала болғанда да қандай мақала? Бұл мақала мен үшін ажыл оғын қағып жіберген періштенің канатындағы эсер етті!”, – деп жазды бұл жөнінде апай жоғарыдағы естелігінде.

Осындай құғын-сүргінге ұшыраған библиографиялық көрсеткіштің екінші “Қазактың революциядан бұрынғы мерзімді баспасозіндегі материалдар” атты болімін басудан Қазак Мемлекеттік баснасының бас тартуы да біраз жайдан сыр ангартса керек. Бұл кітап Қазак ССР Ғылым Академиясының “Ғылым” баспасында жарық көрді. Субханбердина Ү.Х. Қазак халқының әдеби мұраларын ғылыми айналымға түсіріп, халықтың өзіне қайтарып берудің қамымен жасаған азды-көпті еңбегі, мінс осылай бастау алады.

Осылайша бастау алған еңбегі де жеміссіз болған жок. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” (1961), “Қазактың төңкөрістен бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар”(1963) деп аталағын мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш кітаптары бірінен соң бірі жарық көрді. Аталмыш кітаптардың алғашқы редакциясын Е.Ысмайлов, соғысын Ә.Марғұлан басқарған.

Ү.Субханбердина қазақ библиографиясын іргелі еңбектерімен жетілдіріп, бірнеше сатыға жоғары қөтерген ғалым. Ол көз майын тауысып, архивтің шаңын жұтып, тірнектеп жинаған: “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” (1961); “Қазактың төңкөрістен бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар” (1963); “Әдеби мұра”(1971) – бұл кітапқа Қазан төңкөрісіне дейінгі мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар енген: елеңдер, әнгімелер, мысалдар, әдеби-публицистикалых мақалалар әр жанрда туда бастаған жазба әдебиетіміздің қарлығаштары; “Фашықнаме” шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары (1976); “Қазак кітаптары” 1807–1917.” (1986); “Кисса дастандар” шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары (1986), “Қазак. Алаш. Сарыарқа” (1993); “Бұркеніш аттар көрсеткіші” (1993); “Фашықтық дастандар” (1995); “Айқап” (1995); “Қазақ кітабының шежіресі” (1996); “Дала уалаятынын газеті” 1–5 тт. (1989–1996 жж.); “Қазак” энциклопедиясы (С.Дәүітов, Қ.Саховпен бірлесіп) – бұл жинақта “Қазақ” газетінің тарихи және танымдық құндылығын әлі күнге дейін жоғалтпаған мақалалары сол қалпы тұтас жарияланған және “Қазак” газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газетте жарияланған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндалған библиографиялық көрсеткіш берілген; “Қазақ халқының атамұралары” мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. (1999) – бұл кітапта Қазан төңкөрісінен бұрынғы елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселелерін мазмұндастырын көрсеткіште 1870–1918 жылдар аралығында шығып тұрган “Айқап” журналы (1911–1915), “Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882), “Дала уалаятының газеті” (1888–1902), “Қазақстан” (1911–1913), “Алаш”(1916–1918), “Сарыарқа” (1917), “Бірлік туы” (1917), “Қазақ” (1913–1918) газеттері қамтылған, және де сол аталып өткен көрсеткіштерде: Байтұрсынов Ахмет, Бекейханов Әлихан, Дулатов Міржакып, Аймауытов Жұсінбек, Жұмабаев Мағжан, Құдайбердиев Шәкәрім, Карапев Ғұмар, Ақпаев Жақып, Баржақсан Ахмет, Бірімжанов Ахмет, Жанайдаров Мейрам, Жұбанов Құдайберген, Досмұхаметов Халел, Ермеков Әлмұхан, Қоңыратбаев Қалжан, Мәрсеков Райымжан, Сейітов Асылбек, Тынышпаев Мұхаметжан,

Шоқаев Мұстафа т.б. жазған ең құнды материалдары толық қысқартылып берілген еді. Аталмыш кітапта бұрынғы көрсеткіншерге кірмеген материалдар толық берілген; 2003 жылы “Түркістан уалаятының газеті” атты кітап жарық көрді сонымен -- сыйынды мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштері мұра тануымыздың белестері болып қалмақ.

Осы еңбектеріне коса Ү.Субханбердинаның мерзімді баспасөзде жарияланып жүрген ғылыми-зерттеулері мен макалалары, естеліктері де біршама. Үшкөлтай апай тек библиографиялық көрсеткіштер жасаумен шектелмей, ондағы материалдарды тақырыбына қарай саралап, талдау жасауға көп көңіл болғен. Беймәлім мәліметтерге түсініктеме жазып, мәселенің түп-төркінін ашуға аса маңыз берген. Оларды тарихи деректермен салыстыра, дәйекті тұжырымдар жасауға көп назар аударған. Үшкөлтай апайдың барлық өмірі кітап әлемімен және баспасөзben байланысты, ал еңбектері тек ғылым үшін ғана емес, казақ халқының мәдени, рухани өмірі үшінде ете қажет дүние.

Ү. Субханбердина ұлт тәуелсіздігіне ұмтылған азат ойлы шақ пен бүгінгі құнді рухани жағынан тоғыстырды. Ол қоғамдық ғылымдар тарихын нысана етушілерге мол дерек ұсынып, казақ баспасөзі тарихын зерттеуге зор үлес косып отырған зерттеуші-ғалым. Ү.Субханбердинаның биылғы 80 жылдық мерейтойны карсаңында азаматтық ерлігін, ұзак жылғы ғылыми майданындағы жемісті еңбегін елеп, мәдени, тарихи мұрамызыға қосқан үлкен үлесін ескеріп соған сай құрмет көрсету – елімізге сын болатын істің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер мен түсініктер.

1. Алдаберген Қ., Нұсқабай Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995 ж.). - Алматы: Рауан, 1996.- 76.
2. Субханбердина Ү.Х., Әүесбаева П.Т. Түркістан уалаятының газеті. - Алматы: Ғылым, 2003. -- 5 б.
3. Атабаев К. Мерзімді басылым -XIX ғасырдың аяты XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының деректерінде : Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 63 б.
4. Сонда
5. Субханбердина Ү.Х. Дала уалаятының газеті. 1888-1902. 5 кітап. - Алматы: Ғылым, 1996.- 18 б.
6. Галым - библиограф. - Алматы. - 1997. - 110 б.
7. (ОК) Орталық комитет
8. Субханбердина Ү. “Айқап” туралы ақыл // Зерде. -1991.-№11-44 б.
9. Қенжебаев Б. Айқап туралы еңбек // Қазақстан мұғалімі. -- 1961. -- 4 тамыз.

*Кім қаншама шексіз сүйсе
Отанын,
оның тартар азабы да соншама !*

Мұхтар ШАХАНОВ

**... ӨЗ ЖАЙЫМДА
СЫР ШЕРТЕМ... .**

МЕНИЦ ӨМІРБАЯНЫМНАН ҮЗІНДІ

Мен, Субханбердина Ушқолтай 1927 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келдім. 1931–1937 жылдары әкем Сұбханберді Хасенұлы Шығыс Қазакстан облысы Қатонқарағай ауданы Алтай селосында мектеп директоры, математика пәнінен сабак берді. Аманнан үш жасымда айрылып, он жасымда әкемді “халық жауы” деген нақақ жаламен “ұштік” соттап 1937 жылы Краснояр өлкесі, Канскаялагеріне 10 жылға айдалып кеткен, 1942 жылы қаза тауыпты.

1938 ж. Алматыдағы С.М. Киров атындағы №12 казак орта мектеп-интернатына қабылданып, 1944 жылы бітірдім.

1944 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтына қабылданып, 1948 жылы бітірдім.

1952–1965 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында библиограф, бас библиограф, қазақ кітаптары мен сирек кездесетін кітаптар және қолжазба бөлімінің менгерушісі қызметтін атқардым.

1964 жылы “Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиеті. XIX ғ.аяғы –XX ғ.басы”, (Ғылыми жетекшілер: Ә.Х.Марғұлан – академик, Е.С.Ысмайлов – кор.мүше) деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.

1966 жылы М.О. Эуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде аға ғылыми қызметкер, 1973 жылы фono-фото бөлімінің менгерушісі, 1982 жылы қолжазба және текстология бөлімінде аға ғылыми қызметкер.

1972 жылы Таллинде өткен кітапхана директорларының конференциясына қатыстым. 1973 жылы фono-фото жұмыстарымен танысу үшін Таллин, Тарту, Вильнюс, Рига қалаларында ғылыми орталықтарында болдым.

Делегация құрамында 1973 ж. Польша, 1975 ж. Франция, 1978 ж. Бельгия мемлекеттерінде болдым.

Қазақтың тәңкерістен бұрынғы баспасөзін жинауга 1956 жылы кірістім. Тәңкесрістен бұрын жарық көрген қазақ кітаптары, газет-журналдарының көпшілігі құртылып, жойылып кеткені белгілі. Қазақстаңдағы мұрағат, кітапхана қорларында түгел сақталмаған. Тұпнұсқалар ескі кадімше басылған.

Санкт-Петербургдағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханадан қазақтың газет-журналдарының, кітаптарының тұпнұсқасын, фотокөшірмесін, ксерокөшірмесін, микрокөшірмесін түсіртіп Орталық ғылыми кітапханага жинай бастадым. 1961, 1963 жылдары “Айқап” журналы мен “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының

газеті”, “Қазақстан” газеттерінің бетінде басылған материалдардың мазмұндалған библиографиясы басылып шыққан болатын. Өкініштісі — ол көрсеткіштерде А. Байтұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Дулатов, Ж.Аймауитов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ф.Қараашев, Ж.Ақпаев, А. Баржақин, А. Бірімжанов, М. Жанайдаров, Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Қ. Коныратбаев, Р. Марсеков, А.Сейітов, М.Тынышпаев, М. Шоқаев т.б. жазған ең құнды материалдар қысқартылып берілді.... Ал “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” газеттері: “Ұлттыл көртартпа көзқараста болған” деп біржакты зерттеудің салдарынан құртылып, жойылып кеткен еді.

1956 жылы Санкт-Петербургдағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана мен Орталық мұрагаттағы “Қазак”,“Сарыарқа”, “Алаш”, бегінде басылған материалдарды да колмен көшіріп жинаған едім. Әрине, ол кезде ешкімге әбүйір әпере коймайтын “Қазак” газетінің бағы ашылады деп ойлаған емеспін, тек көмескі сезім “Қазак” газетінің де материалын жина деген үміт артты ма?! Әлде жазықсыз жазалы болған зиялы азаматтардың бірінің перзенті болғаным себеп болды ма әйтеуір газет бетінде жарық көрген қазақ елінің әдебиеті, мәдениеті, тарихы, тілі, саяси өмірі туралы қытын-сүргін қурбандарының жазғандарын қойын дәптеріме көшіре бердім. 40 жылдай қапаста тығызып жаткан бұл материалдар еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен соң, 1993 жылы жарық көрді.

1970 жылы “Әдеби мұра”, 1976, 1979 ж.ж., екі рет “Ғашық наме”, 1986 жылы “Қисса мен дастандар”, 1998 жылы “Ғашықтық дастандар”, 1995 ж. “Батырлық дастандар” жинақтары басылып шықты. Бағырып шығару өте киын болды. Еліміз тәуелсіздікке жеткен соң гана бұл жұмыстарға қайта оралып, шежіресін, жинақтарын дайындашып шығаруға мүмкіндік туды.

1986 ж. “Қазақ кітаптары” (1887–1917) библиографиясы “Мектен” баспасынан жарық көрген болатын. Ең құнды маңызды материалдарды қысқартып беруге мәжбүр болған едік...

1993 жылы “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа” газеттерінің библиографиясы басылып шықты.

1989–1996 жылдар аралығында “Дала уалаятының газетінің” 5 жылғы: 4 кітап пен библиографиясы “Ұылым” баспасынан жарық көрді.

1995 жылы жалғыз журнал “Айқаптың” жинағын “Қазақ энциклопедиясы” дүниеге экелді! Жинақ “Айқаптың” библиографиясын 1961 жылы саяси айыптаудан арашалаған профессор Бейсенбай Кенжебаевтың рухына бағышталды.

1998 жылы Ахмет Байтұрсыновтың тұғанына 125 жыл толу қарсаңында казақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойының көшбасшысы болған “Қазак” газетінің жинағын “Қазак

энциклопедиясы” басып шығарды. Бұл жинақ құғын-сүргін құрбаны болған Алаш азаматтарының рухына бағышталды.

1996 ж. “Рауан” баспасы “Қазақ кітаптарының шежіресі” деген атпен екінші басылымда бұрын “халық жауы” деп арамыздан аластатылып келген ұлттық әдебиетіміз бен мәдениестіміздің біртума білгірлерінің кітаптарын қайта косып толықтырып шығарды. Кітаптың жарық коруіне гуманитарлық ғылымдар академиясының еңбегі ерек.

1997 жылы ұлы жазушы энциклопедист ғалым М.О. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналып “Фәниден өзі кетіп сөзі қалған” атты жинағы дүниеге келді. Белгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің өз аузыынан, немесе орындауларында үнтаспаға жазылып алынған нұсқалар келешек үшін баға жетпес асыл мұра, алтын қазына болып қалмақ. Үнтаспаларда сакталған қазақ қолжазбаларының микрокөшірмелері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында сактаулы.

Осы жұмыстардың табиғи жалғасы – Санкт-Петербургдағы Пушкин үйінің фонограмма мұрағатының тәжірибесін пайдалана отырып, Мәскеудегі “Мелодия” фирмасымен келісіп ең қымбатты дауыстарды келешек буынға жеткізу мақсатымен өшпейтін күйтабаққа түсіру жұмысы басталған болатын. Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезов, С. Мұқанов, F.Мұсірепов, Ә.Х. Марғұлан, М.Қ. Қаратаветтың дауыстарын өшпес күйтабаққа түсіріп, 12 күйтабақ М.О. Әуезов мұражай үйінде сактаулы тұр.

Қ.И. Сәтбаевтың қолхатымен төңкерістен бұрын жарық көрген қазақ кітаптарының, газет-журналдарының түпнұсқасы, фотокөшірмесі, микрокөшірмесі Қазан, Санкт-Петербург, Мәскеу, Ташкент, Уфа, Бішкек қалаларының кітапханалары мен мұрағаттарында жиналған болатын. Бұл нұсқалар Орталық ғылыми кітапханада сактаулы тұр.

1999 жылы Орталық ғылыми кітапхана “Қазақ халықының атамуралары” атты мазмұндалған библиографияны жарыққа шығарды.

Кітап тұнғыш академик, бірінші президент Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың рухына бағышталды.

Ендігі арманым – кезінде Санкт-Петербург қаласындағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханада сактаулы тұрған қазақ газет-журналдарының микрокөшірмесін түсіріп әкелген едім. Соларды факсимиле түрінде кітап жариялау.

1977 жылы опат болған тұнғышым Сәуледен қалған немерем Арман, органды қызы – Жаңылдан Әйгерім, бір шөберем – Сәулем бар. Кенже қызы Шолпан жақында қайтыс болды.

Ұ.Субханбердина. 2005 жыл.

*Қазақстан Республикасының
Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаевтың “Ұлтаралық татулық
және саяси қызын-сүргін құрбандарын
еске алу туралы” жарлығы Даны да
Дара жарлық дер едім.*

*Мың да бір рахмет!
Ушкөлтай Субханбердина*

ҚАЙДА ЖҮРСЕҢ ДЕ КІМНІЦ ҚЫЗЫ ЕКЕНИЦ ҚӨКЕЙІНДЕ ЖАТАДЫ ЕКЕН

Бірде Гүлнэр апай (Міржақып Дулатовтың қызы) “Ушкөлтай, өз әкен туралы жазып берші. Менің әкем Субханбердіні жақсы пейілмен есіне алып отыратын еді, “Қашып жүргенімде кол үшін берген азамат” деп. Міржақып Дулатовтың мұражайына жіберейін” дегені.

Әкем туралы айтуға да, жазуға да батпаймын. Гүлнэр апайдың өтінішінен кейін ойға қалдым. Әкем туралы не білемін, ол кім еді, не үшін 1937 жылы “халық жауы” болып, келмеске кетті.

Әкем туралы жазуға корқатын себебім: Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінің интернатында тұрып оқитын кезім. Қазак әдебиеті мен тілінен сабак беретін менің ең сүйікті ұстазым Жәлиля аны (Жолаева) “Менің әкем” деген тақырыпқа шығарма жазуды тапсырды. Класта оқитын окушылардың көпшілігі әкс-шешесі бар, үйден қатынап оқитындар болатын. Мен болсам интернатта тұрамын. Тірі жетіммін, “халық жауының” қызымын. Бірақ менің кімнің қызы екенімді ешкім білмейтін. Мен де өзімді бірге оқитын балалардан кем санамаймын, жақсы оқитындардың қатарындамын. Әкем туралы не жазуым керек, шындықты әлде өтірікті ме? Міне, гәп қайда??!

Аса қатты сыйлайтын ұстазыма өтірікті жазуға дәтім бармады. Не де болса шындықты жазбак болдым. Қазір есімде жоқ, қалай жазғаным, не жазғаным. Сол касіретті күндердің бір суреті коз алдында мәнгі сақталып қалыпты. Ол кездे Субханбердінің отбасы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Алтай селосында тұратын. Әкем мектеп директоры, математикадан сабак беретін. 9 желтоқсанда сүр шинелді екі адам келіп үйді тінтіп кітап, қағаздарды жан-жакқа шашып кеткені, әкемнің караторы өні құп-қу шүберектей бозарғаны, әкемді алдарына салып айдал кеткенде боранның ызыңы, шешемнің орнына шеше болған нағашы алатайымның зарланып жылағаны.

Сол күннен бастап аяулы әкем “халық жауы” атанды. Мен бұрын мұғалімнің жалғыз қызы – ерке жетім едім, енді ку жетім болдым. Жазатын шығармам осылардың төнірегінде болу керек.

Жәлия апай окушылардың дәптерлерін таратып беріп жатыр. Түсі сүйк әрі ызғарлы, көзінде іркіліп жас тамшысы тұргандай көрінеді. Мен де өз дәптерімді алуға ыңғайланып дегірсізденс күтудемін. Барлық дәптер тарағып бітті. Мениң дәптерім жоқ. Апай: “Сұбханбердинаның шығармасы – 5, – деді. Әдемі жанарымен маған жалт-жұлт етіп бір қарады да тайқып кетті. Мен де бір жайсыз жағдайды сезсем де: “Апай, мениң дәптерім қайда?” – деймін. Апай естімегендей сабағын жалғастыра берді. Сабак сонынан Апай мені бос класқа шақырып алғып: “Ешқашан екенің кім екенін, қайда екенін ешкімге айтпа! Сорлы, мұнлық қызы, бұл күніңді көп қылар, көзіне көк шыбын үймелетер, кор етер. Көм бойынды, жасыр ойынды, бетегеден биік, жусаннан аласа бол! Шығарман отқажанды, ешкім оқымастын!” – деді.

Мақтаса да, даттаса да жеріне жеткізіп айтатын шешен де зерделі үстазымның ашына айтқан “ақылы” тобемнен түскен жай сиякты, шегемен шекемнен балғалап жатқандай әсер етті. Өмірдегі сорлы жетімдердің бірі екенімді білсем де дәл сол сәттегідей бақытсыз бейбак екенімді сезбейтін едім. Жабырқап, кемсендеп сүйікті үстазыма да, өмірге де көнілім калып егілгенімде жүрегім үзіліп кететіндей халға жеттім. “Дос жылатып айттар, дүшпан күлдіріп айтады” деген мақалдың шындығына кейін түсіндім. Үстазымның озі де толыш жатқан күғын-сүргін көріп, институттан күйліган, комсомолдан шығарылған Құдайберген Жұбановың туысқаны екен...

Осы күннен кейін әкем туралы ешкімге тіс жарып ештеңе айтқан емеспін. Біrnеше күн әуре болып жазғанымды Гүлнэр апайға телефон арқылы оқып, бастаудың дұрыс па, жарай ма деп сұраганымда, трубкадан үн естілмейді... Біраз кідірістен кейін Гүлнэр апай “Ушкөлтай, мен жылап тұрмын, анау-мынауга жыламайтынымды білесін ғой, жылап тұрмын. Осылай есіндегілерді жаза бер! Жаза бер!” – дегені. “Халық жауларының” қыздарына өнеге көрсетіп жүрген, әкес алдындағы перзенттік парызын өтеп жүрген Міржақып Дулатовтың жалғызы осылай жылай өтінгенде Ушкөлтайдың ешбір лажы жок!

Бірақ есімдегілерді қағаз бетіне түсірудің қандай қызын шаруа екенін түсінерсіздер. Біріншіден, мен жазушы емеспін ғой. Екіншіден, “Қайда жүрсөн атамекен көкейінде жатады екен” деген белгілі олең жолдарында айтылғандай, “Қайда жүрсем де кімнің қызы екенін” көкейінчен кетпейді екен.

“Үштікпен” сотталып, он жылға айдалған әкем Субханбердіден он жасымда жетім қалып, тек тірлік үшін құреспен өткен өмір жолымда көргенім де, түйгенім де мол екен.

* * *

Жалпы біздің үйде Абайдан бастап Элихан Бекейхановтың, Ахмет Байтұрысновтың, Міржакып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Магжан Жұмабаевтың, Жұсіпбек Аймауловтың, Құдайберген Жұбановтың, Мәшіһүр-Жұсіп Көпесевтің, Ғұмар Қарашевтің, Иманжұсіп пен Мәдидің есімдері көп айттылатын соншалық бір жақсы ілтипатпен айттылатын.

Жалғыз ағам Сәлкен (Шәже дейтінмін) олардың олсін жатқа айттып, өмірлерінен белгісіз деректер келтіріп отыратын. Сондай кездерде жанашыр жолдастары: “Әй Сәлкен, байқа, үй артында кісі бар” дегенде Шәжем Иманжұсіптің “Абылай аспас Арқаның Сарыбелі” әнін шырқайтын, ерекше шабытпен айттынын.

Мұмкін сондықтан да болар, қанша қатерлі болса да мен бүкіл саналы ғұмырымды қуғын-сұргін құрбандары, Алаш азаматтарының еңбектерін жинауга, жариялауга арнаппыш.

Діни киссаларды жатқа білетін, пайғамбарлардың өмірінен қызықты әңгіме айттып отыратын, ескіше оқығаны бар, Шәкіш (Шарбану) нағашы апам еді. Апам орнына ана болған адам. Алланы аузынан тастамайтын, бісміләсіз іс бастамайтын, ораза ұстап, бес уақыт намазын каза жібермейтін апатайым әкемді ұстаганнан кейін бір күні түрмеден келіп: “Қуарған ку құдай, шұнақ құдай, не жаздым саған, ойбай, ойбай...” деп зарланғанын естігендімде оны жынданған болар деп ойладым...

Сол күні әкемнің барлық кітаптары корадағы моншада өртелді!

Әкемнің ең қасиетті дүннесі – торғі болмеде жазу столының жанындағы үлкен қызыл шкаф толған кітап, газет-журналдар еді. Сол кітаптарды отпа жағудың қасірет екенін бала жүргеғіммен мен де сезіндім...

Кейін есейгенде апатайымнан “Әкемнің кітаптарын неге өртедініз?” дегенімде, ол: “Е балам-ай, не білесің, кітап тұрмак сенен айырылып қала жаздадым той. Алты үлдің ішінде жалғыз қызы сен өліп кетсөн әкен айдаудан келгенде не бетімді айттар едім?! Әкенде алтын кеткен соң ес-түссіз, қызуың 40-тан асып, сандырактал ауырғаның есінде ме? Дәрігер “кіп-кішкене бала да қайғыдан осылай ауырады екен, осы жолы өлмей аман қалса, қызың көп жасайды” депті.

Дәрігерден қайыр болмаған соң, апатайым молда шақырыпты. Молда: “Қызың қайсар екен, осы аурудан жаны қалса көп жасайды” депті.

Дәрігер мен молданың сөзі бір жерден шықкан соң Апатаіым мал сойып, жетім кісілерге қайыр беріп, Құдайдан мениң тілегімді сұрапты.

Апатаіым қайы-шерге жасымай, жайлап қана айтқан жауабы: “Құранда мынадай әнгіме бар. Жоғарыда нан тұрса құранды басып нан алып жеуге болады. Нанда басып құранды алуға болмайды” – деген.

“Үйін толған арабша кітап, оны құртпасаң өзін де айдаласың” деген түрме бастығының қоркытқан сөзінен кейін әкеннің өмір бойы тыңрактап жинаған ең асыл казынасы – кітаптарын өртеп, қашуға мәжбүр болдым ғой. Дүниес, малдың бетіне қарап отырсам сендерден айырылып қалатын едім” дегені.

Үй-жай, мал-мұліктің өткенін сатып, өтпегенін көршілерге таратып, өзінен туған ұлы Баянтай, Алтай, Балкен, менімен төртеуімізді алып жолға шығады. Алтайдан қыстығуні аттанып, Алматыға жаздығуні әрек дегенде жетеді. Жоғалмаған дүниесі, мінбеген көлігі, көрмеген корлығы калмайды.

Апатаіым жынданбаган екен, торт баланы ажалдан сақтап қалған Батыр Ана екен! Балаларын асырау үшін мектепке үй сыйыруши, тігін артелінде тігінші, колхозда сепараторшы (сүттен қаймак шыгаратын машинада) болып неше түрлі жұмыстар атқарды. Ағам Сәлкенді қайда жұмыска айдаса сонынан еріп бірге көшетін, үш-төрт отбасының ең бастысы Апатаіым – үш баламен Қектал, Панфилов, Сарқант, Талғар аудандарының колхоздарында енбек жасап қүнелгітті. Апатаіым әкемді он жыл бойына күтүмен болды. “Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді. Мұғалім кебенек киген, әлі-ак оралар, қайғы-қасірет, қыншылық бір күнгідей болмай өтер” деп отыратын еді.

Каржас руынан шықкан Исабек батырдың торт қызы – Рәш, туған шешем – Битән (Бибәтима), Шәкіш (Шәрбәну), Жаңыл атты торт қыздың ішіндегі ер баланың орнына ереккішора болып есken осы Апатаіым ер мінезді, қындыққа мойымайтын азсал жан болды. Он жыл өткеннен кейін, әкемнің келмесіне көзі жеткендей болған соң 1948 жылы 25 наурызда дүниес салды.

Әкеммен айдауда бірге болған бір азаматтың ағам Сәлкенге эке сөлемінің айтып отырган әнгімесінен естігенім: “Әкеніз алты балам қалып еді, ұлдар жетіліп кетер, кішкентай жалғыз қызым күндіз ойымнан, түнде түсімнен кетпейді деп күрсіне беретін еді” – дейді.

Сол азаматтың айтқанынан естіген тағы бір әнгімені еске алушын өзі қасірет: “Халық жауларын жаяу айдайды. Айдалада қатты соққан желден қорғанып әрқайсымыз шұңқыр қазып, сонда түнейміз. Жыланы көп екен. Ысылдап оріп жүрген жылан тек адам зәрінен сескенетін көрінеді. Бет-аузымызга, бүкіл денемізге өз зәрімізді жағып

жатамыз. Сол жолда өзі қазған шұнқырдан шықпай жан тәсілім еткен азаматтар да көп болды. Бірнеше айдан кейін Краснояр өлкесіндегі Канск лагеріне эрең жеттік-ау” дегенін есіме алсам болды жүрегім ине сұққандай шанши бастайды, көз жасым тыйылмайды....

* * *

Субханбердіден дүниеден откен үш ағам – Сәлкен (Мұхамедсәлім), Қалкен (Мұхамедғалым), Нұркіш (Нұрмұхамед), екі інім Алтай, Балкен еді. Қазір тірісі – Алтай екеуміз. Әкемнің 1956 жылы ақталғанын білгенбіз бірақ колымызда акталғаны туралы құжат жок. Енді сол құжатты тауып, оның басына ескерткіш орнатпақшы болдық.

Орыстың бір мақалы бар “Рыбак рыбака видит издалека” деген. Біздер “халық жауының” балалары бір-бірімізді алыстан танитынбыз, бірақ сыр бермейтінбіз. Солардың бірі Ильфа Илиясқызы Жандосова. Жымиғаны сонша сүйкімді, мәдениетті, білімді, осы сіңлімді көргенде бір жасап қаламын! Ильфаның арқасында халқымыздың ардақты азаматтары Санжар Жандосовпен, Олжас Сүлейменовпен таныс, дәмдес, тұздас болдым.

Әкемнің ақталғаны туралы құжатты алу үшін жазбаған жерім жок, ақыры “Әділет” қоғамының бастығы Санжар Жандосовқа арыз жаздым, көшірмесін түгел келтірейін:

Председателю
Историко-просветительского
общества “Адилет” тов.
Джандосову
Санжару Уразовичу

от Субханбердиной У.

Заявление

Мой отец Хасенов Субханберди родился в Баянаульском районе Павлодарской области в 1892 году.

Когда его арестовали, мне было 10 лет. Что о нем я знаю? В 1933—1937 гг. мы жили в Восточно-Казахстанской области, в селе Алтай Катон-Карагайского района, где он работал директором школы, преподавал математику. В 1937 году его посадили в тюрьму как “врага народа”, сослали на десять лет по 58 статье в Красноярский край, Канский лагерь. Писем от него не получали. У него была библиотека: книги, журналы и газеты на арабском шрифте, хорошо помню журнал “Айқап”.

Эту библиотеку сожгли, как “виновника репрессии” отца, а сами переехали в г. Алма-Ату, где проживал старший брат Салькен Субханбердин. С 1932 года погибли три брата, средний брат Нуркиш Субханбердин, участник Великой Отечественной войны, погиб в 1942 году.

Об отце, как образованном человеке, интеллигенте, учителе написано в историческом романе народного писателя Дихана Абилева, посвященного классику казахской литературы Султанмахмуту Торайгырову...

Глубокоуважаемый Санжар Уразович !

Прошу Вашего содействия в посмертной реабилитации моего отца Хасенова Субханберди.

7 ноября 1989 года.
Ушкуюльтай Субханбердина

Обалы нешік, марқұм асыл азамат еді мой. Мені аса бір мейіріммен қарсы алып, әрі аяп, қолынан келгенін аямайтынын білдіріп, қам көңілімді бір көтеріп тастанды.

* * *

Менің катты қиналып жүргенімді көрген М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жас ғалымы Серікказы Қорабаев Шығыс Қазақстан облысының МҚК-нің телефонын тауып бергені. Жақсыдан шарапат деген мой. Сол телефон нөмірімен хабарласып, ақыры әкемнің басына ескерткіш орнатпақ болдым. Тағы да әр жерге арыз жазып, әкемнің кайда жерленгенін іздестірдім. Бірақ ол арманым орындалмады. Краснояр өлкесінің Нижняя пойма, Нижненингашск ауданынан (Учреждение У – 235) алған хатта әкемнің 1942 жылы 28 тамызда қаза тапқаны, Краснояр өлкесіндегі Саян ауданы Тугачинск лагері маңында жерленгені, көзір орны белгісіз екендігі туралы хат алдым... Тастан құлпытас ескерткіш орнатпақ болдым.

Жарты ғасырға жуық Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының шанырағының астында еңбек жасалыптын. Саналы ғұмырымның көбін Қазан төңкерісінен бұрын жарық көрген казак кітаптарын, газет-журналдарын жинауға, олардың библиографиясын түзуге, жинактарын жариялауға арнаптын.

1956 жылы “Айқап” журналы мен “Дала уалаятының газеті”, “Түркістан уалаятының газеті”, “Қазақстан” газеттерінің бетіндегі макалалар мен хат-хабарлардың библиографиясына материал жинал жүргенімде “Қазак” газетінің бетінде басылған материалдарды

жинаған едім. Санкт-Петербург қаласындағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханасында отырып карточкаға түсіре бердім. Эрқашан осы кітапхана мен Санкт-Петербургдың Мемлекеттік Орталық мұрағаттан тың деректер тауып, қазактың газет-журналдарының, кітаптарының микрокошірмелерін түсіріп алып қайтқанда зор қуанышпен рухани байып Алматыға оралушы едім. Тұған халқымның откенін ешбір қосымшасыз білудің өзі қандай бақыт екенін сонда түсінгенмін. Кейбір мақалаларды оқып, жерден жеті қоян тапқандай қуанатынмың, кейбір мақалаларды оқып ағылтегіл жылайтынмың... Ол мақалалардың авторларын ауызға алуға болмайтын кезенде жинаған едім ғой. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Мұхтар Әуезов, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Ілияс Жансұғиров, Құдайберген Жұбанов, Магжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердис, Бейімбет Майлин, Мұстакым Малдыбаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Жаһанше, Жансұлтан Сейдалиндер, Сәкен Сейфуллин, Асылбек Сейітов, Мұхаметжан Сейітов, Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұстафа Шоқай, Сәдуақас Шорманов т.б. бәрі де құғын-сүргін күрбандары. Іштен тынып, кімді кінәлауға білмей зығырданым қайнап талай тығырыққа тірелген құндерім де аз болмапты. Сараң сері сиякты олардың мақалаларын – қымбат казынасын жинай беріппін...

40 жылдай қапаста тығылып жатқан колжазбаларды бастырып шығару бәрінен де киынға соқты. Жазықсыз жазалы болған азаматтарымыз актальып, еңбектері жарыққа шыға бастаған соң “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа” газеттерінің библиографиясын жариялауды колға алдым. Талай баспағердін алдына барып салым суға кеткендей жігерім күм болып ренжіп қайткан күндерім болды. Әсіреле жас баспағердің дауысы дірілдеп, тебірение: “Алай-ай, күнде өзгеріп жатқан заман, енші өзгерсе, алдымен сіз кетесіз ғой, қайтесіз, осы кітапты шыгармай-ақ койсаңызышы, басынан аяғына дейін авторлары “Алашорданың қайраткерлері екен!” дегені. Маған жаны ашып айтып отырғанын сеземін. “Кетсем кетейін, кітап шықса болды” деп жалынамын. Ақыры кітапты шығара алмайтынын ашық айтқан соң, колжазбамды құшақтаң көшеге шыққан соң ал жыла, өзіме ие бола алмай, ешкімді байкамай ағылтегіл жылап келемін. Айналайын балам-ай, білсөң кеткеннің не екенін!...

“Ғылым” баспасында отырған парасатты, білімді азаматтардың жүрек жұтқан ерлігі арқасында кітап 1993 жылы жарық көрді. Шыға салыссымен сирек кездесетін кітапқа айналды. Алғысөздің шекесіне “Жазықсыз жазалы болған әкем Субханбердінің әруағына бағыштаймын”

деген сөздер көніліме қанағат сезімін ұялатады. Әкс алдындағы перзенттік парызым отелгендей, арманым орындалғандай болды!

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылды “Ұлтаралық татулық және саяси күгін-сүргін құрбандарын еске алу жылы” деп жариялаган жарлығын Dana да Дара жарлық дер едім. Dana дейтінім – Қазақстанда тұрып жаткан көпүлтті күгін-сүргін көрген халықтар екені белгілі. Күгін-сүргін көрмеген, азаматтары құрбан болмаған отбасы жоқ десем қателеспестін. Бұл Жарлық жаназасы шығарылып, жоқтауы айтылмаган, жазықсыз жазалы болып айдалып, атылып кеткен казақ зияялыларының балаларының көз жасын құргатқан Жарлық.

Дара Жарлық дейтінім – осы уақытқа дейін мұндай Жарлықты ешбір кітаптан, не газет-журналдан оқыған да, көрген де емеспін.

Мың да бір рахмет!

ЖАРЛЫҚ

ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ӘКЕМ СУБХАНБЕРДІ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Әкем домбырасын шертіп, қайғылы әуенмен ыңылдан қана отыратын еді...

Ағайын туысқаннан бір жылда айрылудың қандай қасірет екенін басынан кешіргендер біледі... Елдегі туыстардан тірі қалғаны шешем Битәннің (Бибәтима) сінлісі Шәкіш (Шарбану) оның баласы Баянтайғана еді.

1937 жылы әкемді де “халық жауы” деп айдал әкетті.

Нагашы апайым Шәрбанудың айтқандарынан:

Субханбердінің шешесі Әлима Қожаның кызы екен, әкесі Хасен – атақты Абылай ханның батыры Олжабайдың үрпагы. Әжем қараторы Қожаның жалғыз кызы, әдемі ақсары Хасенге тұрмысқа шығып кеткенде әкесі қатты ашуланыпты. Төрт ұл туган соң ғана кешіріпті. Ол ұлдары: Субханберді, Ағламберді, Әжмұхаммед, Мұхаммедкәрім. Бүкіл ауыл болып әкемді құрметтейтін, айтқанын орындайтын.

Апатаіым Мәшіүр Жүсіптің “Жарты нан” хикаясын әр уақыт айтып отыратын, қайыр-садақа беру керек дейтін. Елде, кай жыл екенін білмеймін, тым жас болуым керек, жайлауда киіз үйлерде самауыр қойылып, мал сойылып жатқаны есімде. Әкемнің аса сыйлы қонақ келетінін айтып, өзі басқарып жүргені де есімде.

Бала кезінде естіген әңгіме де, өлең де естен кетпейтін көрінеді.

Әкем Субханбердіні 1937 жылы Шығыс Қазакстан облысы, Қатонқарағай ауданына қарасты Алтай селосында тұрғанда ұстал әкеткен еді. Сондыктan Алматыдағы көшшілік менің кімнің кызы екенімді білмейтін.

Шәжем бірде: “Сенің гылыми жетекшің Әлкей Марғұлан әкеймен бірге бір лагерьде болыпты” деген сөздері есімде қалыпты. Әлкей ағаға “Сіз біздің әкейді білесіз бе?” дегенімде, “Жоқ, білмеймін!” деп, даусы саңқ етті, өзі ызғарлы, көзіне көзім түсіп еді тайқып кетті. Соңан кейін ешкімнен әкей туралы сұрамайтын болдым. “Табу” (запретные слова) деген осындаидан қалған болар.

Бірақ Әлкей аға менің жасап жүрген жұмысымды жоғары бағалайтын да әрқашан не істеп жүрсің деп сұрап та қоятын.

Шешем: “Баянауылдың 7 мұғалімінің бірі біздің әкей еді, “академик ағаларың Шапық Шәкін, Серікбай Бейсенбаев әкейден бастауыш мектепте дәріс алғаны бар” дейтін. Кейін олар жазған естеліктерден оқып шындығына көзім жеткен еді.

И.В.Сталин кайтыс болғанда әкем өлгеннен бетер егіл-тегіл жылағанымда шешем: “Әкесіне баласын қарсы тәрбиелеуден аскан қасірет бар ма екен?! Біздің ұрпак әкемізге, олардың ісіне қарсы тәрбиеленген ұрпақ кой. Көбіміз фамилиямызды өзгертіп, әкеміздің, атамыздың атынан қашып, қыздары күйеуінің фамилиясына, ұлдары басқа бір ағайын-танастырының атына көшіп кетті емес пе?!

Сатқындар біздерден басталған гой. Әкемді айдауда, түрмеде шіріткен үкіметке бар жан-тәнімізбен берілген, бұдан аскан қасірет бар ма екен?! “Жауына жасайтын ең қатты жаза – баласын әкесіне қарсы тәрбиелеу!” деген сөздерін естігенде мениң көңіл қүйім. “Бұдан туған балалардан не күтпекліз. Түгелге жуық мәңгүрт солар болмак. Олар кінәлі емес, біз кінәліміз! Енді келіп бәріміз білгішсініп “сатқын, мәңгүрт, русскоязычный, космополит, бәйшеке” деп жерлеп, корлап жатырмыз. “Өз қүшігін өзі шайнаған қорқау қасқыр да біз” дейтін.

Қандай аңы шындық!!!

Мен де солардың бірімін гой. Тек әкемнің атын өзгертуегенім болмаса. Онда да әкемнің аса сүйікті жалғыз қызы болғаным себеп болды ма?!

Апаратым айтып отыратын: “Субханберді жарықтық ұлдарының бірін еркелетпейтін, жалғыз қызы Үшкөлтайын айналып, толғанып он тізесінен түсірмейтін” деген сөздері есімде қалғаннан ба, әйтеуір фамилиямды өзгерту мен үшін өліммен тең сияқты көрінетін.

Алғаш үй болғанда үй жабдығынан ештеме болмаса да әкемнің суретін үлкейтіп, шынылы рамага салып, бөлменің ең сыйлы жеріне іліп қойғанымда, жолдасымның туыстары корыққаннан ба әлде, “Бұл Субханбердің үй” ме, неге айдалып кеткен халық жауының суреті төрге ілінеді?” дегенде іштей қамығып, оларды жек көріп қалған едім. Сол сурет казір де жұмыс бөлмемнің төрінде биқтен маған қарап, кітаптардың үстінде тұр!

2006 ж.

ОЗЫНДЫК

АҚБЕТ, АЛТАЙ, АЛАТАУДАЙ АСҚАР ТАУЫМ – АҒАТАЙЫМ ...

Жүрт мені “қайсар, қайсар” деп жетады. Өзімнің ойымша екі қайсарлық жасадым гой деймін, басқа қайсарлығымды Құдай біледі...

Біріншісі

1938 жылы жалғыз ағам Сәлкен (Мұхаммедсәлім) Шәже дейтінмін соңынан төрт қаріп түсе берген соң Алматыдан көшуге мәжбүр болды.

5-сыныпты ғана бітірген кезім, окууды Алматыда жалғастыруды армандастын едім. №12 қазақ орта мектебінің ұстаздары білімді, парасатты болатын және жанында интернаты болатын.

Шәжем қаладан кетерінде “мектептің оку бөлімінің бастығы Б. Еркебаевлен келістім, сені интернатқа қабылдайтын болды” деді.

Үй көшкен соң оку бөлімінің бастығына барсам, ол кісі: “Менің қолымнан келмеді, мектеп директорына бар” деді.

Мектеп директоры Нұрғалиев, балалар өзінен қатты қорқатын аса айбарлы адам еді...

Директордың қабылдау бөлмесінің есігінің алдына дір-дір етіп жакындаимын, кіруге дәтім бармайды. Сол есік айдаһардың аузындау әсер етеді... Сол есіктен үш рет директорға кіріппін. “Ага, мені интернатқа қабылдаңыз!” деймін. Ол “интернатқа тек 7 сыныптан қабылданады, әке-шешен кайда?” дейді. Мен: “Шешем өлген, әкем жоқ” деймін. Үш рет кіргенде де әкемнің қайда екенін айтпай, “әкем жоқ” дей беріппін...

Мектеп директоры Сәлкен Субханбердиннің не себептен қаладан қуылып жатқанын біледі гой, ал менің әкемнің қайда екенін айтпайтыныма көзі жеткендей болған соң интернатқа қабылдағанға ұқсайды.

Екіншісі

“Үштікпен” сотталып, он жылға айдалған әкем Субханбердіден он жасымда жетім қалып, тек тірлік үшін күреспен өткен өмір жолымда көргенім де, түйгенім де мол екен.

Өзің халық жауының қызы болсаң, ес біле бастағаннан көзінді Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бекейханов, Шәкәрім Құдайбердис, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, Мәшіүр-Жұсіп Көпеев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қараашев, Әлімхан Ермеков, Қошке Кеменгеров, Иманжусіп, Мәди, Құрмангазы,

Дәүлеткереңдің аттарын естүмен, өлеңдерін жатқа айтып, олар туралы көп деректерді білегін Шәжемнің әңгімесін естүмен ашсаң түсінбейтін несі бар?!

Кайсарлықка жауап баяғыда-ақ қайтарылыпты – “ұяда нені көрсөн, ұшқанда соны ілерсін” деген қазағымның мақалы осындауда айтылған гой.

* * *

Басылып шықкан алғашқы еңбегім – екі библиографияны алып барғанымда Қаныш аға бірден: “Ана авторлар бар ма?” деп маган қарағанда, мен әбден зәккі болған басым: “Жок, жок, білемін, бәрін де ЛИТО алып тастады” деп жауап бергенімде, менің әбіржіл қалғанымды байқап: “Оларды айтып отырғаным, жас екенсін, өзін үшін, әуре-сарсанға түспесін дегенім гой. Біздер олар үшін әр қашан көресімізді көріп, естірімізді естіп келеміз гой” деп бір түрлі мұная сөйлегенде, өзімнің жөнсіз шырылдағаныма ұялғандай болдым.

Бірден Қаныш аға оларға да, маган да жаны ашып отырғанын айтпай-ақ сездім, жұмысымды іштей ұнатқанын да сездім.

Аз отырып, көп тағылым алғандай болдым.

Абзал аға жастарды қорғаштай, казак зиялыштарына жаны аши айтқан сездері әлі есімде:

Библиография кейін колға алынған гылым және біздің қазақтың ертеде басылған газет, журнал, кітаптарын құртып-жоюмен болды гой. “Ескі газет-журналдарды қайдан таптың, сакталған ба еken?” – деп кітаптарды аударыстырып қарай берді. Байқап отырмын, библиографиядағы авторлар да, мақалалар да ағаға белгілі. Әрине, өзі сол авторлармен бірге жасасқан, бәрін де менен жақсы біледі, кімнің кім болғанын, акыры құғын-сүргін құрбандары болғанын...

Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада сакталғаның, мен олардың микрокөшірмесін түсіріп әкелгендімді естігендеге қатты куанды...

“Қыын болса да керекті жұмыс бастаған екенсін, жұмысын жемісті болсын” деді.

Өзінің бір қағазына жазып жатты. Ойлы жүзбен бетіме мұная қарағанда, кітаптар туралы, әлде мен туралы жазып жатқаны белгілі еді...

Үй жағдайымды, бала-шагам туралы сұрап болған соң: “Әрқашан колдау табасың, жұмысынды жалғастыра бер” дегендеге кабинетінен бір маркайып шықтым !

Сол Қаныш аға “Сені іздел жатыр” деп кітапхана қызметкерлері жүгіріп жүргенде, неге іздеді екен деп барсам “Мені Сәлкенге алып баршы, қалқам!” дейді. Шәжем қатты науқастанып емханаға түскен

еді. Көңілін сұрауға барған аға екеудің күшінде көп әңгімелесті...

* * *

Біз Алтайдан Алматыға қашып келгенде Шәжем 24 жаста екен.

Халық жауының баласы, институттан күтілген, комсомолдан шығарылған, түрмеге қамалған кезі еді.

Семейдегі фармацевтика техникумін 1933 жылы бітірген, негізгі жұмысына 1948 жылы ғана оралды. Қазақстандағы дәріханаларды ашқан, ұйымдастырыған басқарушы болып 25 жылдан артық еңбек жасай жүріп Мәскеудің И.М. Сеченев атындағы Денсаулық институтын бітіріп, кандидаттық диссертация корғаган.

* * *

Шәжем маган әке де, шеше де болды.

Қаладан күтілген он жыл бойына Талдықорған облысының алыс аудандарынан келіп қанатымен су сепкен қарлығаштай мені ешқашан ұмытпайтын. Алматыға келісімен интернаттан мені шакырып алатын. Сол кездегі Казачья қошесіндегі 4-ші дәріхананың бастығы Үмекенов Куанышбай аға жақсы жолдасы еді. Сол үйге тоқтап Алматыдағы жолдас-жораларын қонақта шакырып, әкелген казы-карта, койы бар, Манан апа кімді шақырса да жақсы қарсы алып, тамакты дәмді дайындалған, маган тек шәй күйіп беруді тапсыратын. “Кызың күйін шәй дәмді болады” дейтін.

Шәжемнің сағынып шақыратын қонақтары: Шәкен Айманов, Қалибек Куанышбаев, Серке Қожамкулов, Ілияс Омаров, Ермұхан Бекмаханов т.б. Шәжемнің арқасында халқымның біртуар атақты азаматтарының әңгімесін тыңдау мен үшін бір университет бітіргендегі тәлім-тәрбие болғаны анық!

10 наурыз 2004 жыл
Алматы.

ӘЗІРЛЕУЛЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАГА – 70 ЖЫЛ

1937 жылы “Үштікпен” сотташып он жылға айдалған әкем Субханбердіден он жасымда жетім қалып, тек тірлік үшін күреспен еткен өмір жолым 1950 жылдары басталған Қазақстандағы идеологиялық қысым кезеңінде айналып оте алмапты.

1952 жылы үш баламды асырау үшін әрек дегенде Орталық ғылыми кітапханага жұмысқа орналаскан едім.

Күғын-сүргін құрбаны Зейнолла Сейітжанұлы Төреғожинның туған қарындасты Салжан Сейітжанқызы Жаңғабылова Орталық ғылыми кітапханадағы менің ең жақын, сырлас-мұндастас досым болды. Салжанның (Сара дейтінбіз) бір қасиеті – қыын-қыстау кездерде де қалжын әнгіме айтып қам көңілді сергітіп жіберетін еді. Солардың бірі: “Москва” ресторанында орын жоқ. Қазақстаннан барған ауыл шаруашылығының озаты қазақ жігіті шет елдіктер ғана отыратын столға жайғасады. Официант “қайдан келдініз?” дегенге иығын киқан еткізіп түсінбейтінін білдірді. Сонда официант: “Уругбай, Парагбай?” деп сұрағанда “Қостанай” деп жауап береді. Қостанайдан хабары жоқ официант, шет ел екен деп, тамағын беріп, сыйлап жібереді.

Орталық ғылыми кітапхана ол кезде қазіргі Қабанбай батыр көшесі мен Пушкин көшесінің қынылсындағы ескі үйде болатын. Салжан: “Үшкөлтай, сен білесің бе біздің кітапханада алты жарым қазақ жұмыс істейді, сондыктан қазақ тілінде сөйлесуге болмайды” дейтін. Неге алты жарым дегенімде, “Алты қазақ, жарымы Дильтар апай – татар” дейтін (Д.С. Сейфуллина).

Құлгерсін бе, жыларсын ба?!

Әлі есімнен кетпейді Салжанның бір сыры: Ағасы Зейнолла Төреғожин Алматыдағы түрмеде камалғанда женгесі балаларын, Салжанды ертіп күнде түрмеге барып кіре алмайды. Бір күн түрмеге кіргізгенде ағасын танымай калады. Саусактарын ескі-құсқы шүберекпен байлан тастаған. Бұл не дегенде, ағасы үндей алмайды. Сондағы Салжанның көз жасы жан-дүниемді тебіренткен еді...

Өзімде “халық жауынын” қызымын гой. Қайдан білейін 1956 жылдан бастап тәңкерістен бұрынғы қазақ баспасөзін жинап жүргенімде Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Ташкент, Бішкек қалаларындағы құртылып, жойылып, жоғалып жатқан қазақтың кітаптарының, газет-журналдарының түпнұсқасын, фотокөшірмесін, микрокөшірмелерін жинап, архивтерін колмен көшіріп жүргенімде кейбір құжаттарды оқып ағыл-тегіл жылайтын едім. Күғын-сүргін құрбандарының өмірінен білетінімді, оқығандарымды қағаз бетіне түсірудің қандай қасіретті екенін сонда-ақ түсінгенмін...

Кейін “Қазақ халқының атамұралары” мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде қуғын-сүргін құрбандарының басынан кешіргенін жазуга қүшім жетпеді... Жынданып не құрып кетпес үшін үш сөзben гана шектелуге мәжбүр болдым. Ол – “Қуғын сүргін құрбандары...”

Библиография сонында есімдер көрсеткіші берілді.

Қатерлі заманда өлшеусіз тер төгіліп жиналған материалдар “Қазақ халқының атамұралары” мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштің 1999 жылы қыркүйек айында басылмайтыны белгілі болды. Қолжазбаны қайтып алудың қандай қасіret екені айтпаса да түсінікті. Екі-үш жыл бойына кітап шығады гой деген сенімім су сепкендей сөнді. Жүрек онсыз да тозған...

Осы бір сын сағатта аспаннан жерге түскен періштедей Орталық ғылыми кітапхананың директоры Күлжихан Құлшәріпқызы Әбуғалиева: “Апай, осы библиографиядагы материалдарды Қ.И.Сәтбаевтың қолхатымен өзініз Орталық ғылыми кітапханада қызмет істеп жүргенде жинаған едіңіз гой. Кітапты Орталық ғылыми кітапхана шығарып береді” дегені.

Тұнғыш Академик, бірінші президент Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың рухына бағышталған касиетті кітапты жарыққа шығаруға атсалысқан Қүлжихан Құлшәріпқызы Әбуғалиевадан бастап кітапхана қызметкерлерінің үш ай бойына бар жан-тәнімен жұмыс істегенін өз көзім көрді. Суреттерімен 1000 беттен асатын кітапты Орталық ғылыми кітапхана шығарып береді” дегені.

Кітап 1999 жылдың соңы күндерінде Қ.И. Сәтбаев жылында жарық көрді!!! Қуанғаннан кітапты құшақтап жылай беріпін...

Ғылым мен білімнің Ақ Ордасы – Орталық ғылыми кітапхана ұжымында, халқына жан аямай еңбек жасай білетін қызметкерлер жиналған екен: Нұрбекова Қарлығаш Нұрбеккызы, Қаймақбаева Қарлығаш Ескендеріккызы, Әбенова Лаура Дүйімкызы, Койшыгарина Клара Қайдарқызы, Омарбекова Даржан Жақатайқызы, Вдовухина Татьяна Василийқызы, Бірімжарова Райса Тасболатқызы, Терлікбаева Бикамал т.б.

Кітаптағы өте ауыр жұмыстың бірі – материалдарды жүйелеу және оның библиографиялық редакциясы. Библиографияда нокат, үтір, әріптің де өз ерекшеліктері де бар. Осы жұмысты ойдағыдай атқарып шықкан Лаура Дүйімкызы Әбенованың енбегі ерен.

“Қазақ халқының атамұралары” шығып, көніл жайлана бастаган соң, Орталық ғылыми кітапхана директорының жетекшілігімен тұсаукесердің уақыты да белгіленді. Осы тұста кітапты бастыру ісіне аса белсенділік көрсетіп жүрген директордың орынбасары Қарлығаш

Нұрбеккызы Нұрбекова ауыр қайғыға душар болды, баласы қаза тапты. Бәріміз де егіле қайғысына ортак болдық. Кітаптың тұсауқесерін кейінге қалдыру керек дегенімізде Қарлығаш Нұрбеккызы: “Осы кітаптагы құғын-сүргін құрбандарының рухы менің баламның рухынан әлдеқайда жоғары, тұсауқесерді белгіленген уақытында еткіземіз!” – деді.

Баладан айырылғанның қандай қасірет екенін басынан кешкеннің бірі мен едім гой. Ана үшін бала қасіреті қайғының ең ауыры!.

Тебіренгенім сонша, Құдайым-ау, халқымның қарапайым қыздары осылай деп жатқанда не айтуда болады?!

2002 жыл.

ҚҰДАЙЫМ-АУ

ӨТКЕН КҮНДЕР ЕЛЕСІ

1987 жылы “Ұлтшылдық” қайтадан етек алған тұрған кезде институттың бұрынғы қызметкерінің бірі маган: 1970 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан “Әдеби мұра ” жинағында “Қырлық” деп қойылған макаланы қалай білмегендесін, ол белгілі “Алаш Орда лидері Элихан Бекейханов қой” деп шүйілгенде арқам мұздап коя берді.

Ол кез – жас балаларды атып, айдан, тұрмеге қамап жатқан кезен еді...

Аяқ астынан пале іздеушілерге аз жем болмасым белгілі. “Ол Элихан Бекейхановтың мақаласы емес екенін айттып едім, өзіне сенімділігі сонша беттетпейді-ау. Өле алмай жүр деп ойлай ма екен бұл жазған.

Элихан Бекейхановтың барлық мақаласын оқып, картотекаға түсіріп алғанымды білсе, мен әрине айтпаймын ғой, “Қазак” газетіндегі мақалаларын, аудармаларын, суреттерін жинап библиография дайындағанымды білсөн, мені қазір-ақ айдатып жіберетін құдың өзісін ғой деп ойлаймын.

Қысылғанда өзімді-өзім қайрап, кейде құлқілі бір жағдайды есіме алатын әдеттіммен татар молдасы мен казақ малайынын арасындағы әңгімені (анекдот) ішімнен айтамын: “Ұқшуын ұқшисын, айтуға ярами” деймін.

Архив құжаттарын микро, фото көшірмелерге түсіріп алу мүмкін емес кезенде “Совершенно секретно” деген оте құпия сақталған материалдарды оқып отырып қалай болса да, ең болмаса қолмен көшіріп алуды мақсат еттім. Архивке күнде барып қызметкерлеріне “Алматының алмасы” деп алма апарып, не коробка шоколад сыйлап жүріп Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Элихан Бекейханов туралы архив құжаттарын, “Қазак”, “Серке” газеттеріне “Айқап” журналына қатысты материалдарды қолмен көшіріп алдым.

Бұл құжаттар 2001 жылы Орталық ғылыми кітапхана жарыққа шығарған “Кітап жолы – арман жолы” кітабында жарияланды.

Осы кітаптан қысқа үзінді:

“Қазықсыз жазага ұшыраған азаматтарымыздың ішінде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың есімдерін тебіренбей атай алмаймыз. Олар агартушы, ғалым, әдебиет зерттеуші, дарынды аудармашы, оку құралдары мен әдеби шығармалардың авторлары болумен қатар ірі журналистер де еді.

Қазақтың тұңғыш журналы “Айқап” пен “Қазақ” газетінің беттерінде жарияланған мақалаларын оқығанда олардың сан қырлы талант иелері болғанының күесі боламыз. Ал “Қазақ” газетіне редакторлық қызметті атқарудағы ерліктерін, газетті үзбей шығару

жолында бес жыл бойы көрген құғын-сүргіндерін, патша цензурасының оларға жасаған шексіз қиянатын, зұлымдығын архив құжаттарынан оқымыз. Солардың бірінде патша үкіметінің отаршыл саясатынан тым өрескел көріністерін аша түсетін Баспасөз ісінің бас басқармасы граф Татищевтің Орал губернаторына, Орынбор губернаторына жазған құпия бұйрығы сакталған.

“Қазақ” газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған “Алашқа”, 79-санында басылған “Россиядағы ұйымшылдық” деген мақалаларда патша үкіметіне қарсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деп редакторы Ахмет Байтұрсыновқа екі жыл жер аудару үкімі шығарылған. Газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған “Бұл қалай?” деген мақала ушін 2 ай түрмеге кесілді.

Ахмет Байтұрсыновтың Орынбор губернаторына, Ішкі істер министріне, Сенатқа жазған арыздары да архив құжатында сактаулы тұр. Бұл арыз-өтініштерді тебіренбей оку мүмкін емес. Меруерттей әдемі жазумен, орыс тілінде бір катесіз, әрі дәлелді жазылған арыздан елім деп еніреген аяулы азаматтың жан даусы естілгендей.

Казак халқын оятуды мақсат еткен Міржакып Дулатовтың азаматтық ерлігі сонау Петерборда 1907 жылы шықкан “Серке” газетінен басталған болатын.

“Серке” газетінде 1907 жылы жарияланған “Біздің мақсатымыз” деген макалага Петербордың ішкі істер министрлігінің баспасөз басқармасының бас кеңесшісі В.Д.Смирнов катты шүйілді. Макаланың сонынан “Арғын” деп кол койылған. Бұл бізге белгілі сол кездегі Міржакып Дулатовтың бүркеншік аты. Осы мақала ушін газеттің редакторын сотка тартып, баспаханадағы сандарын түгел тінтіп алғып, патша жарлығына сот палатасы газетті жою туралы бұйрық шығарады.

Дүниеге келмей жатып жөргегінде тұншықтырғандай бұл газеттің не жазығы бар еді?

1907 жылдан бастап 1913 жылға дейін неге сонынан шырақ алып құғынға ұшыратты? Бар гәп Міржакып Дулатовтың “Біздің мақсатымыз” деген макаласында екен. Газеттің түпнұсқасын еш жерден тауып оки алмадық. Петербор архивінде сактаулы тұрған мақаланың аудармасын оқығанымызда, патша үкіметінің отаршыл саясатының көріністерін, казак еліне жасалып отырған зорлық-зомбылық, әділетсіздіктер, казак халқының басына төнген қара түнектең құтылудың жолын іздеген, елім деп еніреген казак зиялышының серкесі – Міржакып Дулатовтың тағдыр талқысымен күресінің басталу кезеңін сезгендей боламыз.

Нұрболат АДЫРБЕК

ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ (Сұхбат)

Ұзақ жылдардан бері Алаш арыстарының өмірін зерттеумен айналысып жүрген ғалым, Қазақстан Республикасының Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Шкелтай СУБХАНБЕРДИНАНЫҢ есімімен жүртшылық жаксы таныс. Осыған орай XX ғасыр басындағы "Қазақ" газетінің шығу тарихын зерттеп жүрген ғалыммен газет тілшісі сұхбаттаскан еді. Оқырман назарына осы сұхбатты ұсынып отырмыз.

Нұрболат Адырбек: Сіз "Қазақ" газетінің шығу тарихын зерттеген ғалымдарымыздың бірісіз. Осы тұргыда арага гасырга жуық уақыт салып қазақ қоғамымен қайта қауышқалы отырған бүгінгі "Қазақ" газетінің оқырмандарына сол кездегі атамыш басылымың шығу тарихымен, негізгі мақсат мұддесі, көтерген жүргі туралы айта кетсөніз?

Шкелтай Субханбердина: "Қазақ" – қоғамдық-саяси және әдеби газет болып 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынборда аптастына бір рет шығып тұрган. Бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам кайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы қоғам кайраткері, жазушы Міржакып Дулатов, басқарушы "Азамат" серіктігі. Құсайынов, Кәрімов баспаханасында басылып тұрган. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзак Жәнібеков. Барлығы 265 номері жарық көрді. Газеттің шығуы, редакторлары жайында Петербордагы орталық архивте сакталған Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 кантардағы Жогарғы баспасөз баскармасына берілген бұйрығында Торғай облысы Қызылшөңгел болысы 8-ауылдың, қазағы Мұстафа Ахметұлы Оразаевка және Торғай уезі Түсіп болысы 5-ауылдың қазағы Ахмет Байтұрсыновқа Орынбор қаласында қазақ тілінде аптастына бір рет шығатын "Қазақ" газетін шығарып тұруға рұхсат берілген.

Нұрболат Адырбек: Даң сондай қоғамда газет шыгару ісі барысында алаш арыстарының жеке өмірлеріне де қауіп төндірген жағдайлар болған шығар?

Шкелтай Субханбердина: Арыс азаматтарымыз Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың "Қазақ" газетінің редакторлық қызметін атқарудағы ерліктерін, газетті үзбей шыгару жолында бес жыл бойы көрген күгін-сүргіндерін, патша цензурасының оларға жасаған шексіз қиянатын, зұлымдығын архив

деректерінен анық байқаймыз. Солардың бірінде патша үкіметінің отаршыл саясатының тым ерескел көріністерін аша түсестін. Баспасөз ісінің бас баскармасы граф Татищевтің Орал және Орынбор губернаторына жазған құпия бұйрығы сақталған. Онда "Қазак" газетінде басылған әрбір мақала-хабарды барынша мұқият бақылап тексеріп отыруды, баспасөз занын бұзса, редакторларын аямай жауапка тартуды, сотқа беруді бұйырады. "Қазак" газетін тексеру-бақылау жұмысын Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тунгандинге тапсыру қажеттігі жайында Орынбор губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлиновтың да бұйрығы бар.

Архив деректерімен танысу барысында газеттің әр мақаласы кандай киындықтармен жарыққа шыққанының күесі боласыз. "Қазак" газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған "Алашқа", 79-санында басылған "Россиядағы ұйымшылдық" деген мақалада патша үкіметіне карсы үгіт-насихат бар, отаршыл саясатқа қарсылық білдірген деген желеумен редакторы Ахмет Байтұрсыновты екі жылға жер аудару үкімі шығарылады. Газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған "Бұқалай?" деген мақала үшін (орыс тіліне аударған Тунгандин) 50 сом айып немесе 2 ай түрмеге кесілген.

Нұрболат Адырбек: Осы жерде басылымды бас болып шыгарушы ғаш алынтың бірі Элихан Бекейхановтың еңбектеріне де тоқталып, талдан берсеңіз?

Үшкөлтай Субханбердина: Элихан Бекейхановтың мол енбегінің бір саласы — "Қазак" газетінде жарияланған мақалалары. Газете басылған екі жүзге жуық мақала мен аудармада қазақ елінің сұң туýінді деген мәселелеріне тоқталған. Қазақ елінің жер мәселесі, отырышы болуы, патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған аграрлық саясаты туралы пікірлерін жазады. Томск губерниясы, Алтай округінде тұратын қазактардың тарихынан деректер; Семей, Ақмола, Торғай; Каспий сырты, Сырдария, Жетісу, Фергана, Самарқан облыстарында тұратын халықтардың шаруашылығы, халқы, тарихы, сот, әкімшілік мәселелері жайынан бай маглұмат береді.

Нұрболат Адырбек: Сол кездегі "Қазақтың" шығуына тұрақты шыгарушыларынан басқа ұлт зиялдыларынан кімдер атсалысқан?

Үшкөлтай Субханбердина: "Қазақ" газетінің авторларының көпшілігі – ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бір тұма білгірлері, зиялы азаматтары болған. Олардың ішінде Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды ақын-жазушыларымыз, Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Каравашев, Халел Досмухамбетов, Мұхаметжан Тынышибаев, Жаһанша,

Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Ахмет Оразаев, Габдолғазиз Мусин, Таһир Жомартбаев т.б. сынды ғалым, көғам қайраткерлері бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин – “Қазақ” газетінің тұрақты авторлары болған. Мен бұл ретте мүмкіншілікті пайдаланып “Қазақ” газетінің ескі шежіре беттерін жиыстырып, басып шыгарған “Қазақ энциклопедиясы” бас редакциясына, баспаның бас редакторы белгілі ғалым, академик Әбдімәлік Нысанбаев мырзага зор алғыс айттар едім. Әбекен әуелі “Қазақ” құжаттар кітабына төгілтіріп тұрып алғысоз жазды ғой, жана шырылдық таныту деген әне, қандай! Енді осы газет жалғасын табады дегенге қатты қуанып отырмын, “Қазақтың” өмірі үзара берсін, қазақ бұдан үтпаса үттылмайды!

Нұрболат Адырбек: *Cіз Сталиндік зұлматқа ұшияраган қазақтың біртума үлдарының артына қалдырган еңбектерін жинауга да біраз үлес қостыңыз. Өзініздің әкеңіз Субханберді де сол бір кезеңнің құрбаны болған.*

Шукөлтай Субханбердине: Жалпы біздің үйде Абайдан бастап Әлихан Бекейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсінбек Аймауғовтың, Құдайберген Жұбановтың, Мәшіүр-Жүсін Көпеевтің, Ғұмар Қарашовтың, Иманжүсіп пен Мәдидің есімдері көп айтылатын, соншалық бір жаксы ілтиштеп айтылатын. Жалғыз ағам Сәлкен (Шәже дейтінмін) олардың өлеңін жатқа айтып, өмірінен белгісіз деректер келтіріп отыратын. Сондай кездерде жана шыр жолдастары: “Әй Сәлкен, байқа, үй артында кісі бар” дегендеге Шәжем Иманжүсіптің “Абылай аспас Арқаның Сарыбелі” әнін шыркайтын, ерекше шабытпен айттатын.

Мүмкін сондықтан да болар, қанша қатерлі болса да мен бүкіл саналы ғұмырымды күғын-сүргін құрбандары, Алаш азаматтарының еңбектерін жинауға, жариялауға арнаппын.

Қазак. 2006. 22 наурыз, №1(266).

ҚАЗАҚСТАН

ЖИЗНЬ, СРОДНИ ПОДВИЖНИЧЕСТВУ

Сатимжан Санбаев: Ушкультай Хасеновна, на Вашем письменном столе лежит рукопись новой книги. Ваши научные исследования и литературные труды снискали Вам заслуженное уважение самой широкой читательской публики. Известно также, что Вы – представитель той плеяды казахской интеллигенции, которая редко говорит о себе, предпочитая слову дело. Журнал “Отай” является первым общественно-патриотическим изданием в Казахстане, и для его читателей знакомство с Вашей жизненной судьбой было бы полезным и поучительным.

Ушкультай Субханбердина: Вся моя жизнь была связана с миром книг и печатных изданий. Конечно, это была нелегкая судьба, в которой хватало и радостей, и горя. С самого начала своей трудовой деятельности, в 1952 году, я работала библиографом, главным библиографом, заведующим отделом редких книг и рукописей Центральной научной библиотеки Академии наук Казахстана. С 1965 года по сей день тружусь в той же “ипостаси” в Институте литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. Если попытаться сказать коротко, то через мои руки прошли издания казахской периодической печати с охватом времени более века. Звучит сухо, но и ведь профессия такова – я библиограф. Хотя для сведущих людей за этим обобщенным понятием стоят другие немаловажные понятия, такие как теория, методика и практика библиографии, библиотековедения, вопросы типологии библиографических работ. Другое дело – чему посвящена твоя работа и каковы ее результаты, какую лепту ты внес в культуру родного народа? Что стоит за всей твоей работой, что вело тобой – осознание ответственности и долга перед народом и временем, погоня за славой или ощущением того, что не способен ни на что другое, кроме как тихо сидеть в библиотечной тиши?

Сатимжан Санбаев: Вот этих два последних определения к Вам, Ушкультай Хасеновна, совершенно не относятся.

Ушкультай Субханбердина: Вы говорите о долг... Я прожила немало лет и могу сказать, что в моем случае это, наверное, близко к истине. Отец мой Хасенов Субханберды был директором школы, преподавал математику. Помню, как он много читал. Его красный шкаф был полон книг, газет и журналов. Мне было десять лет, когда в 1937 году советская власть арестовала отца. Состояние наше было ужасным. Отцовскую библиотеку уничтожили, чтобы нам, детям,

сохранить жизнь. Это запало в душу. Я постоянно думала: “Что же было в этих книгах и газетах такого, что отца арестовали, а нас ввергли в горе?”. Поверьте, это не высокопарные слова. Через некоторое время стало ясно, что нам, членам семьи “врага народа”, надо уезжать с насиженных мест — из Катон-Карагая. А куда ехать, кто нас примет? Решили перебраться к моему старшему брату Салькену, жившему в Алма-Ате. Кажется, из Алтая в Алма-Ату мы добирались целых полгода: поездом, на подводах, пешком. По пути нас обокрали, украдли папин велосипед и патефон. Заявлять в милицию было нельзя: результат оказался бы плачевным для нас самих. Мама плакала… Помню, несколько месяцев мы жили в Семипалатинске. И, если бы не помочь писателя Кайыма Мухаметханова, близко знавшего моего брата Салькена Субханбердина, мы наверное, не смогли бы добраться до Алма-Аты. Одиннадцать лет мне исполнилось уже в столице.

Потом я раз пять ходила к директору школы №12, скрывая, кто мой отец и где он сейчас. Сколько я пролила слез, пока ходила вокруг школы, стараясь в очередной раз попасть в кабинет директора! Но однажды свершилось чудо: меня зачислили в школу-интернат, я могла брать в школьной библиотеке книги, читать газеты и журналы, как поступал мой отец. Для дочери “врага народа”, согласитесь, это было немальным достижением. Учеба стала главной целью моей жизни.

Сатимжан Санбаев: В те школьные годы Вы решили стать филологом?

Ушкультай Субханбердина: Вовсе нет. Я хотела стать врачом. Мне кажется, дети “врагов народа” всегда были взрослее своих сверстников. К окончанию школы у меня сложилось убеждение, что нравственное и физическое здоровье человека неотделимы друг от друга. Общество состоит из людей, и, если они будут совершенны, думалось мне, то не станет на земле несправедливости и зла. Но мне некому было помочь. А в только что открывшемся Казахском женском педагогическом институте студенткам были положены еда и одежда. Я поступила на факультет казахского языка и литературы. Получилось, стану преподавателем, продолжу дело отца. Но к тому времени, когда я окончила институт, стали повсеместно закрывать казахские школы, и я осталась не у дел. Устроилась библиографом в Центральной научной библиотеке Академии наук Республики. Это было в 1952 году. С того времени и берет свое начало моя трудовая деятельность, которая продолжается по сей день.

Сатимжан Санбаев: Президентом Академии наук Казахстана был незабвенный Каныш Имантаевич Сатпаев. А что собой

представляла в те годы Центральная научная библиотека Академии наук?

Ушкультай Субханбердина: Выделю то, что близко мне: первый Президент Академии наук Каныш Имантаевич Сатпаев, будучи выдающимся ученым-геологом, сам ведь написал немало блестательных статей о казахском фольклоре. Он создал в библиотеке фонд редких книг.

Библиотека Академии наук была богатой, но в ней зияла огромная “дыра”: отсутствовали издания дореволюционной и послереволюционной казахской печати, вся литература, связанная с творчеством репрессированной казахской интеллигенции. Вообще не было никакого упоминания о целой полосе духовной жизни нашего народа, все было изъято и уничтожено. Цензура была жесточайшая. Если добавить ко всему повсеместное закрытие казахских школ, из-за чего я не могла найти работу по своей специальности, то было очевидным, что идеология тоталитарного режима продолжает свою политику “убийства” духа народа, лишая его корней, истоков, традиций и преемственности в духовной жизни. Знаете, я перебрала чуть ли не весь фонд библиотеки, пытаясь найти хоть одну книгу, один журнал или газету, напоминающую мне то, что читал мой отец. Тщетно!

Сатимжан Санбаев: Наступила новая пора Вашей жизни?

Ушкультай Субханбердина: В принципе, смысл жизни для меня был очевиден. Но иногда нужен какой-то невидимый толчок, импульс, чтобы наступила полная ясность, своего рода прозрение. Я поняла, какой смысл вкладывал Каныш Имантаевич, открывая фонд редких книг... Чтобы хоть в какой-то степени восстановить литературное и культурное наследие родного народа, мне представлялось, необходимо выделить библиографию из вспомогательной области литературоведения в самостоятельную научную дисциплину, поднять ее уровень с фиксирующего момента до уровня исследовательской аналитической работы. Это дало бы возможность работать в книгохранилище ведущих библиотек страны.

Человек прозорливого ума Каныш Имантаевич, конечно же, знал мою судьбу, поддержал мои начинания. Его авторитет в ученых кругах страны был огромным. С его письмом и смогла я начать работу в книжных хранилищах Москвы, Санкт-Петербурга, Казани, Уфы, Омска, Оренбурга, Ташкента. Я знала, чем отныне буду заниматься: работа обрела черты долга.

Сатимжан Санбаев: И на благо Родины Вам было сделано немало. Можно бы и сказать, что Ваши труды говорят сами за себя. Но все же... Что собой представляли в те годы знаменитые книгохранилища страны?

Ушкультай Субханбердина: В первую очередь, следует сказать о книгохранилище Государственной библиотеки им. М.Е. Салтыкова-Щедрина в Санкт-Петербурге. Оригиналы изданий, отмеченные эмблемой бывшей Императорской библиотеки, берегли пуще глаз. Пришлось обивать пороги, чтобы получить два комплекта журнала “Айқап” и отправить в Алма-Ату. Этот день был самым счастливым в моей жизни!

Богатства библиотеки, имеющие самое непосредственное отношение к Казахстану, были настолько большими, что, казалось, не хватит целой жизни. В те годы нечего было и думать о том, чтобы напечатать материалы казахской дореволюционной печати, но я на свой страх и риск переписывала их, снимала копии, делала микрофильмы. Методика работы заключалась в просмотре и отборе статей, заметок и корреспонденций, описании и последующем аннотировании. Всего было собрано около 7000 материалов, имеющих отношение к историческому прошлому Казахстана. Они содержат бесценные сведения по истории, этнографии, литературе, экономике, праву, народному образованию, географии, геологии, медицине, быту и другим вопросам. В указатели авторов включала нераскрытие псевдонимы и криптонимы. Составляла аннотации.

Добавлю, что благодаря книгохранилищам, находящимся вне пределов Казахстана, в настоящее время в Центральной научной библиотеке Академии наук имеются основные дореволюционные книги, газеты и журналы на казахском языке – оригиналы или фотокопии и микрофильмы. Они являются почти единственными источниками, сохранившими множество фактов из жизни казахского народа дореволюционного времени.

Сатимжан Санбаев: То есть, становилось ясным, что расхожее утверждение о дореволюционном Казахстане, как о крае сплошной безграмотности, является сплошным вымыслом тоталитарного режима? Знаете, в 60-е годы нам, молодым писателям, было тошно слышать об этом из уст республиканских руководителей.

Мы даже демонстративно покидали зал, когда слышали об этом, хотя знали, что нас за такой поступок накажут. Но и время уже было другое.

Ушкультай Субханбердина: Лучшие умы Казахстана знали всю абсурдность подобных утверждений и всячески поддерживали мою работу. Это – Каныш Имантаевич Сатпаев, Мухтар Омарханович Ауэзов, Алькей Хаканович Маргулан, Есмагамбет Самуратович Исмаилов, Ахмет Куанович Жубанов, Бейсенбай Кенжебаев. Но были и такие люди, для которых относительное жизненное спокойствие

было дороже всего. Помню, как один молодой человек долго уговаривал меня не издавать книгу. Потом и вовсе отказался издавать. Моя первая научная библиография “Статьи и сообщения на страницах журнала “Айқап” вышла в свет в 1961 году под общей редакцией Е.С.Исмаилова. Из нее цензура исключила материалы, имевшие отношение к А.Букейханову, А.Байтурсынову, М.Дулатову, Ш.Кудайбердиеву, М.Жумабаеву, Ж.Аймаутову, Р.Марсекову, Г.Карашу. А ведь “Айқап” издавался в 1911–1915 гг., задолго до создания “Алаш”! Вторая книга “Материалы, опубликованные на страницах дореволюционной периодической печати” под общей редакцией А.Х. Маргулана также с боем вышла в 1963 году. Это были первые шаги в восстановлении исторической справедливости. Процесс восстановления истины шел медленно. Материалы газет “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа” пролежали в моих домашних тайниках более сорока лет. Помните, в начале беседы я говорила о своем отце? Я не могла удержать слезы, когда увидела подшивки казахских газет и журналов дореволюционного издания.

Сатимжан Санбаев: Сейчас можно сказать, что собранные и изданные Вами с большим трудом книги стали памятником лучшим представителям казахского народа.

Ушкультай Субханбердина: Это – долгая работа. Дай бог, чтобы хватило здоровья.

Сатимжан Санбаев: Рассмотрим подробнее такой важный аспект как развитие общественной мысли в казахской дореволюционной печати.

Ушкультай Субханбердина: Интенсивное развитие демократической мысли в среде казахского населения началось во второй половине XIX века. Первой газетой на казахском и узбекском языках была “Түркістан уалаятының газеті”. Она издавалась в Ташкенте в 1870–1882 гг. Опубликованные в ней материалы являются ценным источником для исследователей истории и этнографии казахов того периода. В них прослеживаются первые шаги становления казахского литературного языка и обогащение его новыми понятиями и терминами.

“Дала уалаятының газеті” издавалась с 1888 по 1902 гг. в Омске при канцелярии Степного генерал-губернатора. В ней, к примеру, печатались ранние произведения Абая, очерки о Чокане Валиханове и был осуществлен первый опыт публикации состязания ақынов. Был напечатан айтыс, состоявшийся между каракалпакским ақыном Ажниязом и девушкой Менеш, представляющей западно-казахстанскую поэтическую школу. Потом появился целый ряд газет:

“Серке” (1907), “Қазақ газеті” (1907), “Қазақстан” (1911–1913 гг.), “Ешім даласы” (1913), “Қазак” (1913–1918 гг.).

Среди периодических изданий казахской демократической печати особое место занимает общественно-политический и литературный журнал “Айқап”. Он издавался в г.Троицке. В нем нашли существенное отражение литературное движение и развитие общественной мысли казахов начала XIX в. Кстати, “Айқап” был первым печатным органом, который издавался творческими усилиями самих казахских писателей. Неслучайно литературные произведения, опубликованные в журнале, отражали его основное идеино-общественное направление. На его страницах печатались лучшие представители прогрессивной казахской интеллигенции: А.Байтурсынов, М.Дулатов, Ш.Кудайбердиев, Г.Карашев, Ж.Аймаутов, М.Жумабаев, М.Тынышпаев, Б.Каратаяев, С.Донентаев, С.Торайғыров, М.Сералин, Б.Майлин, С.Сейфуллин и др.

В газете “Қазак”, кроме сведений по истории, литературе, экономике, этнографии, широко публиковались материалы, относящиеся к социально-политической тематике. Напомню, к примеру, статью А. Байтурсынова “Еще раз о народном суде”, М.Дулатова “О земле”, статьи о тяжелом положении казахских женщин, о состоянии казахских школ и т.д. На ее страницах печатались хроники, статьи общественного, философского, исторического характера. Кстати, к 125-летию со дня рождения А.Байтурсынова и 85-летию со дня выхода первого номера газеты “Қазак” увидело свет уникальное издание “Қазак”.

Казахская дореволюционная печать, возглавляемая выдающимися казахскими интеллигентами, формировала общественные взгляды широких слоев населения, просвещала их и готовила людей, способных активно бороться за свое будущее, за независимый Казахстан. Одним словом, изучая материалы казахской дореволюционной печати, мы теперь можем воссоздать полную картину целой общественно-исторической эпохи, которая была отсечена от нас.

В этом свете яснее видится значение Указа Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева “Об объявлении 1998 года – годом межнационального согласия и памяти жертв политических репрессий”. Надеюсь, это будет способствовать возвращению нашему народу тех духовных ценностей, которые им были созданы в разные исторические времена, и тем самым отдать должное их великим творцам.

Их имена бессмертны!

Сатимжан Санбаев: И все же возвратимся к рукописи новой книги...

Ушкультай Субханбердина: Вернее, рукописи трех книг. Счет, выходит, пошел на третий десяток книг. Одну из своих книг “Қазақ. Алаш. Сарыарқа”, вышедшую в 1993 году, я посвятила памяти отца. Новую книгу “Қазақ халкының атамұралары” – “Наследие казахского народа” я посвящаю светлой памяти великого сына казахского народа Каныша Сатпаева. Он был первым инициатором собирания дореволюционных источников, а я остаюсь убежденным сторонником того, что периодическая печать той эпохи дает полную и научно-достоверную картину всей жизни дореволюционного Казахстана.

Сатимжан Санбаев: Что Вы хотите пожелать нашим читателям?

Ушкультай Хасеновна: Любить и знать Родину, служить ей, приумножать и беречь ее богатства. Быть счастливыми вместе с родной землей. Она у нас прекрасная.

1999 г.

САТИМЖАН САНБАЕВА

ОЙЛАР

Жалпы біздің үйде Абайдан бастап Әлихан Бекейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржасақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиневтің, Магжан Жұмабаевтың, Жүсінбек Аймауытовтың, Құдайберген Жұбановтың, Мәшиүр-Жусін Қөпееевтің, Гұмар Қараашевтің, Иманжусін пен Мәдидің есімдері көп айтылатын, соншалық бір жақсы ілтипаттен айтылатын.

* * *

1956 жылы "Айқап" журналы мен "Дала уалаятының газеті", "Түркістан уалаятының газеті", "Қазақстан" газеттерінің бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиясына материал жинап жүргенімде "Қазақ" газетінің бетінде басылған материалдарды да жинаған едім. Эрине, ол кезде ешкімге де әбүйір әпеле қоймайтын "Қазақ" газетінің бағы ашылады деп ойлаған емеспін. Тек көмескі сезім "Қазақ" газетінің де материалын қалдырма дегендегі үміт артты ма? Әлде, жазықсыз жазалы болған зиялғы азаматтардың бірінің перзенті болғаным себеп болды ма, әйттеуір газет бетінде жарық көрген қазақ елінің әдебиеті, мәдениеті, тарихы, тілі, саяси жағдайы, шаруашылығы, басқа елдермен қарым-қатынасы түралы материалдарды Санкт-Петербург қаласындағы М.Е.Салтыков-Цедрин атындағы Мемлекеттік кітапханасында отырып, карточкага түсіре бердім.

* * *

Санкт-Петербургтің Мемлекеттік Орталық архивінен деректер тауып, қазағтың газет-журналдарының, кітаптарының микрокөшірмелерін түсіріп алғып қайтаңда зор қуанышпен рухани байып, Алматыға оралушы едім. Туган халқының откенін ешбір қосымшасыз білудің өзі қандай бақыт екенін соңда түсінгенмін. Кейбір мақалаларды оқып, жерден жеті қоян тапқандай қуанатынмын, кейбір мақалаларды оқып, ағыл-тегіл жылайтынмын

* * *

Жазықсыз жазалы болған азаматтарымыз актальып, еңбектері халқына қайтарыла басталған соң-ақ "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа" газеттерінің библиографиясын жариялауды қолға алдым. Талай баспагердің алдына барып, салым суга кеткендей жігірім құм болып ренжіп қайтаң күндерім болды. Әсіреле, жасас баспагердің дауысы дірілден, тебірене: "Апай-ай, күнде өзгеріп жатқан заман, енді өзгерсе, алдымен сіз кетесіз гой, қайтесіз, осы кітапты шығармай-ақ

қойсаңызы, басынан аягына дейін авторлары “Алашорда” қайраткерлері екен!” дегені. Маган жасы ашып айтып отырғанын сеземін. “Кетсем кетейін, кітап шықса болды” деп жалынамын. Ақыры кітапты шыгарға алмайтынын ашиқ айтқан соң, қолжазбамды құшақтан, көшеге шыққан соң ал жыла, өзіме ие бола алмай, ешкімді байқамай, ағыл-тегіл жылан келемін. Айналайын балам-ай, білсең кеткеннің не екенін! ...

* * *

Қазан төңкерісінен бұрын жарық корген қазақ газет журналдарының тұғынұсқаларын, ксеро, фото, микро көширмелерін жинаумен бірге, Мәскеу, Петербург, Қазан қалаларының архивінде сақтаулы тұрган олар туралы архив құжаттарын бергенін микро көширмеге түсіріп, бермегенін қолмен кошіріп жинай беріппін.

* * *

1911–1915 жылдар арасында шыққан 88 журналдың мұқабасында “Императорская библиотека” деген күмістеген жазумен тұптелген, сырты қатты картонмен қапталған журналдың тігінділерін қолыма алып отырып, халқымыздың әдеби мұраларын, кітаптары мен газет-журналдарын сақтай білген орыс агайындарга шын пейілмен риза болдым.

ЖАҢАЛЫҚ



А Л Г Ы С

Күрметті Шкілтәй Сұханбердісінен ханым !



Кітапхана - елдіміз бен мемлекеттіңіздің шекіресі, рухани тоуелсіздігіміздан кепіл. Кітап - жалпы ұлттық сана мен мұрраттарды қалыптастыратын еркенин күрмын ретінде ҳалқымызды мемлекеттік бірлік идеясына тонталасыратын ұлы үйнікті.


Сәле Отан тарихының, данишың нен парасаттың, адамгершілік нен інгіліктің, ғылым мен белгінің жөне отаншының рухта тәрбие берудің қара шандырагына айналға тиісті ҳалықтық «Отыраар кітапханасы» күру жөніндегі жалпыұлттық үйдеуге белсенді атсанысын, кітапхана корын байытуға қосқан жеке үлесінә үшін алтын айтамын.

Сізді әдады уакытта да Қазақстан Республикасы Президенті үстемден отыраған ұлттық даму идеясының мемлекеттік, тарихи, рухани мұдделеріне сый калтқысым қымет етсі береді деп сенемін.

Сізге зор деңсаулық, бак-береке тілемін.

Ақын-жыршы Р. Абай
Орынбасар Атасебіров
Академик

— Н. Гасенбаев



Әкесі Хасенов Субханберді



Агалары: Халькен (Мұхаммедғалым), Сәлкен (Мұхаммедсәлім), Нұркіш (Нұрмұхаммед)



Студент Ү. Субханбердина

Ушкөлтай
Субханбердина,
Қапиза Аубакирова

1945 жылы Мәскеуде
өткен физкультура-
шылар парадына
қатысқан жылдар.
(түпнұсқаны алуға)





Ленинград 1948 жыл



Кыздары: Сәуле, Жаңыл, Шолпан.

ХОДЫНКА



1956 жыл
Ленинград

Фұлым
академиясының
Шығыстану
институтында
(Ленинград бөлімі),
Салтыков-
Щедрин
атындағы
Мемлекеттік
кітапхана
қорында,
архивтерде
жұмыс істеген
жылдар.

1968 жыл
Мәскеу.

В.И. Ленин
атындағы
Мемлекеттік
кітапханада,
қолжазбалар,
сирек кітаптар
қорында,
архивтерде
жұмыс істеген
жылдар.



ХОДЫНКА



1972 жылы Таллинде өткен директорларының конференциясына қатысты.

1973 жылы фоно-фото жұмысымен танысу үшін Таллин, Тарту, Вильнюс, Рига
калаударында болған кездер.

Фредерик Шопенге гүл шоқтарын қою рәсімі.



Париждегі Лувр музейінде 1975 жылы
12-21 сентябрде Францияда делегация
құрамында Париж, Леман, Нант, Сен-Назэр,
Лориант, Рен қалаларында болған кезде.



Брюссель орталық алаң. Білім қоғамының делегациясы құрамында
Одақ ғалымдарымен

1978 жылы апрель айында Бельгияның Брюссель, Антверпель, Брюгге,
Гент, Льеж, Вервье қалаларында болған кезде.



Орталық ғылыми кітапхананың директоры
Нұрхан Бәтішқызы Ахмедовамен бірге.
01.06.1977.



Академик Әлкей Хаканұлы Марғуланмен сұхбат.



1977 жылы 23 қыркүйек М.О. Әуезовтің туғанына 80 жыл. Республика сарайында. Солдан онға қарай: Венгрия ғалымы Мандоки Иштван Қонғур, Ушкөлтай Субханбердина, академик Нәйля Оразғұлқызы Базанова, Капуза Сейдахметқызы Субханбердина.




Академик Серікбай Бейсенбаевпен Орталық
ғылыми кітапхана үйымдастырған кітап
көрмесінде.



Академик жазушы Фабит Мұсіреповпен бірге.



Орталық ғылыми кітапханада микрокөшірмемен жұмыс үстінде



Солдан онға қарай: Мәйден, Ушқөлтай, Сәуле, Салжан. OFK.



Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлері. 1971 ж.

КИТАП ТАРИХЫ –
АДАМЗАТ ТАРИХЫ

*Тарих – бір ғаламат алтын көпір
ұрпақты ұрпақтарға жалғайтұғын*

Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

КІТАП ТАРИХЫ – АДАМЗАТ ТАРИХЫ

Тілі, діні, тарихы, әдет-ғұрпы бір-біріне үқсамайтын алыс елдерді жақындастыратын, әр құрлықтағы адамдарды бір-бірімен тілдестіретін кітаптың адамзат өмірінен алатын орыны өте зор.

Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас – дүниедегі ең құрделі мәселенің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзаттың кашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі де түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы куаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандыкты, махабbat пен зұлымдыкты, адамды сую мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу жайларын сөз ететін құралдардың бірі кітап болып табылады.

Кітапты ойлап тапқан адам болса, ал енді сол адамның білімін, сана-сезімін өсіріп, күшіне құш, ойына ой косып, оны қоғам мен табиғаттың кожасына айналдырып отырған кітап. Кей кітап толып жатқан үйкесіз тұндерден сон ауыр азап пен кын-қыстау жағдайлардан, кейде жоқшылық, мұқтаждықпен жарыққа келсе, біреулер жігердің күм болуымен, өмір құнымен дүниеге келгенін адамзаттары җақсы биледі.

Ұлы астроном Джордано Бруноның кітабын өзімен бірге жалын жұтса, 1327 жылы Флоренция инквизиторлары дәрігер әрі астролог Франческо Стабилиді кітаптарымен қоса өртеп жіберді. Халиф Омар Александрия кітаптарын отқа жақса, Испания мен Португалия инквизиторлары аутодағе үймдастырып кітаптарды авторымен қоса жойған болатын. Сол адамзат Галилеймен бірге надандыктың орына сүрінсе де, кайта тұрып, алға келешекке ұмтыла білді.

Италияндық философ, ақын, саяси қайраткер Кампанелла Томазо (1568–1639) отыз жылдан түрме қаласында отырып, адам шыдамас корлық-қатығездікпен жапа шексе де жарқын болашақты қексеген “Күн қаласы” атты кітап жазды.

Адамзат жаулары кітаппен қанша алысса да, кітап ертегінің батырындағы отқа жакса күймейтін, суға салса батпайтын керемет күш иесіне айналды. Халық айтқан асыл сөз: “Қаламмен жазылған балпамен шабылмас” дегендей, адам ойы мәңгі жасап, әр дәуірде өмір сүрген, әр алуан тілде сейлекен адамдар кітап арқылы бір-бірімен тілдесін, сыр шертісіп келеді. Дарий Гистапс жартасқа өз ротасының ерлігін ойып қалдырып, коне тарихтың бір бетін бізге жеткізді; Халдейстердің астрономиясын ғасырлар біледі: египеттіктердің ұлы құрылсысы, гимарат салу өнері өте ерте заманнан бізге жетті; гректердің терен мағыналы философиясы осы күнде де орасан ойға қалдырады.

Адамдар сиякты әр кітаптың да түрліше тағдыры бар. Олардың бір-бірімен ұқсастығы тек сырт пішіні – мұқабасы ғана, сөреде катар-катар тізіліп түргандығы ғана. Кей кітап өмірге тыныш келіп, тыныш кетеді. Оның келгенін де, кеткенін де ешкім сезбей қалады. Кейбір кітап басылып шыққан күннен жер жүзін жаңғырта, ескіні есекірете, жаңамен коян-колтық араласа “бүгінгі кітап – ертеңгі іс” дегендей өмірден өз орнын алады. Енді бір кітап жаңға жайлы, әсем әнмен, әсерлі сезбен, күмбірлеген күймен киял дүниесіне шарыктай келсе, біреулері қолдан-қолға ауысып, ауыздан-ауызға көшіп, адам иғілігі үшін қызмет етеді. Кейбір кітап мағынасыз, нәрсіз, құрғақ сезді болып, өмірге де, адамға да пайдасыз, тек кітап деген атқа ғана ие. Біреулері жүмбак заманына түсініксіз, енді біреуі тұнғық терен сырлы болады. Ішінде мірдің оғындағы еткірі, жаңға жайлы нәзігі, зілдей ауыры, жадында сақталмайтын бір құндік қана өмірі бар таязы, даурықпа бос сезді кітаптарының да осындағы толып жатқан турлери бар. Мындаған жыл өмір сүрген миллиондаған адамдардың ішінде бір-біріне барлық жағынан ұқсас екі адам тумайтыны сиякты бір-біріне барлық жағынан ұқсас екі кітап та баспадан шықпаганға ұқсайды.

Кітап – адамдардың көп замандарға созылған ұзак тарихында тілі басқа адамдар қауымымен де түсінісудің құралы болды. Осындағы бүкіл халықтық рухани қазынамызы болып табылатын мәдени, әдеби қарым-қатынастың құралы болып отырған кітап тарихын теренірек зерттеу әлі де кезеңін күтіл тұрған міндеттердің бірі.

Төңкерістен бұрын қазак тілінде басылып шыққан кітаптардың қазіргі Қазакстанның тарихын, әдеби, мәдени өмірін зерттеу үшін маңызы зор. Бұл кітаптар тарихи деректерді, мұрағат қазыналарын толықтырып, қазак халқының саяси, мәдени, өмірінен құнды мағлұматтар береді. Қазак кітаптары Қазақстанның өзінде емес, Санкт-Петербургда, Қазанда, Орынборда, Омбыда, Ташикентте басылды. Қебінесе Қазан университетінің Қаримовтар мен Хұсайыновтардың баспаларынан шығып тұрды. Кітап бастыру жұмысы XIX ғасырдың басынан басталса да, алғашқы кездे өте баяу жүрді.

XIX ғасырдың орта кезінде орыс ғалымдары түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазак халқының этнографиясын, тарихын, тілін, әдебиетін жинауға, ғылыми талдаулар жасай отырып зерттеуге кірсті. Зерттеу жұмысымен айналысатын, орысша оқыған бірді-екілі адам қазак арасынан да шыға бастады. Бұлар казактың ауыз әдебиет нұсқаларын, ақын жыраулардың өлең-жырларын жазып алған, кітап етіп бастыруға ұсынды. Орыс әлілбійінің графикасымен қазак тілінде кітаптар жазды. Бұл ретте Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Әбубекір Диваев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, А.Е. Алекторов,

Н.И.Ильминский, П.М. Мелиоранский, Н.Н. Пантусов және т.б. еңбектерін атауга болады.

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін, тілін, мәдениетін зерттеуде жоғарыда аты аталған ғалымдардың көбімен ғылыми қарым-қатынаста болған кісі – ғалым-тілші, фольклорист, этнограф, Қазан университетінің профессоры Николай Федорович Катанов.

Н.Ф. Катанов 6 мамырда 1862 жылы Абака өзенінің бойындағы Узюм деген жерде (қазіргі Аскиз ауданына қарасты) дүниеге келді. Әкесі Федор Катанов ұлты сағай, шешесі Чаптикова (Кизекова), ұлты кас, қазір оларды хакас дейді, хат танымайтын, үй шаруасынан аспаган адамдар болған. Жас Коля Катанов тұрмыс таршылығына қарамастан білімге ерте қол сермейді. Жеті жасында Аскиздің бастауыш училищесіне түсіп бес жыл оқиды. Онан кейін Красноярскіде классикалық гимназияны үздік бітіріп шығады. Н. Катановтың білім дүниесіне алғаш көзін ашқан, жол сілтеген адамдар – Иннокентий Карапанов – Красноярскідегі белгілі суретші Дмитрий Иннокентьевич Карапановтың әкесі және Сібірдегі алтын кенінің коясасы (золотопромышленник), хакас халқының агарту ісіне көп үлес косқан, атақты суретші В.И. Суриковты Петербургке окуга жіберген Петр Иванович Кузнецов болды.

Гимназияда оқып жүрген кезден бастап-ак халық ауыз әдебиет нұсқаларын жинай бастаған Н.Ф.Катанов, өткен ғасырдың орта кезінен шығыс зерттеу ғылымының орталығы болған Петербургте окуды армандауды. Миссионер ғалымдар В.И.Вербицкий мен Н.И.Ильминскийдің көмегімен, атақты ғалым В.В. Радловтың колдауымен Петербург университетінің шығыс тілдер факультетінің араб-парсы-туркі-татар бөліміне түсіп, оны 1888 жылы бітіріп шығады. Н.Катанов Петербургке келген соң шығысты зерттеуші ғалымдарымен танысып, олардан тәлім-тәрбие дәріс алады. Мұны И.Н. Березин жайындағы макаласынан да көреміз /1/. Сондай-ак ғалымның өзін Ресей империясының түкпір-түкпірін мекендеген “бұратаналар” аталып келген халықтардың тарихы мен әдет-ғұрпты зерттеуге Н.М.Ядринцевтің баулығанын; ауыз әдебиет нұсқаларын жинауда белгілі бір жүйемен жазып алу арқылы олардың арасындағы ұқсастық мотивтерін зерттеуге болатынын Г.Н.Потаниннің үйреткенін; әдеби нұсқаларды дәлме-дәл жазып алу арқылы әр түрлі тілдердің өзгешеліктерін зерттеуге В.В.Радловтың ынталандырығанын; шығыс туралы Еуропа ғалымдарының еңбектерін зерттеу керектігін Э.Ю.Петридің үйреткенін алғыс сезіммен атап айтқан /2/.

Ғылым академиясы мен Орыс географиялық қоғамының үйгаруымен 1888–1892 жылдары жас ғалым Сібірдің Урянхай өлкесіне ғылыми

командировкага аттанады. Бес жылға созылған ұзак сапарында ғылым үшін ете бағалы материалдар жинаиды. Оның ішінде Жетісу облысында тұратын казак, қырғыз, өзбек т.б. халықтардың тілі, әдет-ғұрпы мәдениеті, Тарбагатай маңындағы казак, қырғыз рулары жайында; Қытайга қараған түркі тілдес халыктар туралы толып жатқан мол деректер алғып келеді.

Бірак, өкінішке қарай, Петербург университетінен жас ғалымға орын тимейді де шығыстану ғылыминың сол кездегі екінші орталығына айналған бастаған Қазан университетіне баруға тұра келеді.

Н. Катанов Сібір экспедициясынан жинаған материалдарының негізінде урояхай тілін зерттеу тәжірибесіне арнаған 1600 беттік еңбегін 1903 жылы Қазанда жариялады.

Бұл енбегі үшін талантты ғалым магистр атағына ие болды. Ендектің ғылыми құндылығын профессорлар В.Д.Смирнов пен П.М.Мелиоранский өте жоғары бағалаған болатын.

Ал 1907 жылы Петербургте академик В.В. Радлов бастырып шыгарған түркі халықтарының аудыз әдебиетіне арналған он бір томдық нұсқалардың 9 томына материал жинаған, мәтіндерін орыс тіліне аударған, алғы сөзін жазған Н.Ф. Катанов. Негізінен, осы енбегі үшін ғалымға 1907 жылы Қазан университетінің тарих-филология факультеті ғылым докторы атағын береді.

Николай Федорович Катанов тек қана озі туған хакас халқына белгілі ғалым болып қалған жок. Орыс шығыстану ғылымиң дүние жүзіне таныткан оның ішінде түркология саласында әйгілі В.В.Бартольд, И.П.Минаев, О.Н.Бетлингк, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Н.Я. Марр, Н.И.Ильминский, С.Ф.Олденберг, В.А.Жуковский, А.К.Казембек, Ф.Ч.Корш, В.Д.Смирнов, П.М.Мелиоранский, В.А.Богородский, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов т.б. ғалымдармен бірге шығыс зерттеушілерінің мектебін құрысты.

Н.Ф. Катанов Ресейдің оннан астам ғылыми қоғамдарына мүше болумен катар. Бельгияның Левен қаласындағы халықаралық ғылым және әдебиет қоғамына; Венгрияның Будапешт қаласындағы этнография қоғамына; Гельсингфорс (Хельсинки) қаласындағы фин-угор қоғамына мүше болып сайланған.

Қазан университетінің профессоры, ой-өрісі кең, әржакты ғалым Н.Ф.Катанов ғылымға бағыштаған 36 жылдық ғұмырында тарих, мұражайтану, этнография, тіл ғылыми, әдебиет, фольклор саласында 400-ге жуық ғылыми енбек жариялаған, сонымен катар бүрінші газет-журналдарда басылып шықкан мақала, хабарлары мен 30000 беттік колжазбаларында осы уақытка дейін маңызын жоймаган деректер мол сақталған.

Бар өмірін ғылым жолында сарп еткен ғалым кедейлік кесірінен де күтыла алмаған екен. Ол 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс алдында 8600 томнан тұратын кітапханасын сатуға мәжбүр болады. Ресей ғылым академиясына, Орта Азия генерал-губернаторына, Иркутск генерал-губернаторына хат жолдап кітапхананы сатып алуын өтінгенмен бәрі де құнды байлықтан бас тартады. Осы кезде Казанға келген Түркия премьер-министрі бұл хабарды естіп, жедел түрде кітапхананы сатып алды. Ғалымның өмір бойы тырнактап жинаған бағажетпес асыл қазынасы 31 сандыққа салынып Стамбулға жіберіледі /3/.

Шығысты зерттеуші түрколог ғалымның кітапханасының кейінгі тағдырын білу қазіргі ғалымдардың алдында тұрған иғі міндеттердің бірі болуға тиіс. Себебі, Катанов Лондонға, Париже, Италия қалаларына ғылыми іс сапарға барған кездерінде түркі тілдес халықтар туралы құнды деректер жинаған болатын. Соның бірі – Италияның Венеция кітапханасында сактаулы тұрған қыпшақ тіліндегі колжазба нұсқаны зерттең, оны түгелімен көшіріп алған. Сондай-ақ, шығыс зерттеу саласында жазылған мол еңбекке кайнар көз, тұп нұсқа болған кітаптарды көрудін өзі ғанибет.

Н.Ф. Катанов атакты лингвист болумен катар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, оны зерттеуші, орыс тіліне аударушы, түрлі түсініктер жазып, ғылыми құндылығын анықтап, жанрларға жіктеуші, оларды бастырып шығарушы. Соның ішінде қазактың әдебиеті, мәдениеті, тіл туралы жазған А.Е.Алекторов пен П.М.Мелиоранскийдің; казак тіл мен эпосы туралы жазған Н.Я.Саркин мен М.Н. Бекимовтың; тарих, этнография, фольклор жайында жазған Ә. Диваевтың; казак ауыз әдебиеті туралы жазған А.Д. Нестеров пен Н. Пантусовтың макала, зерттеулерін редакциялаған, әрқайсысына алғы сез жазып, бастырып шығаруға атсалысқан адам.

Петербор университетінің шығыс факультетін бітіріп, ұзак жылдар бойы бұрынғы Верный қаласында қызметте болған, Түркістан ғылыми қоғамының белсенді мүшесінің бірі Н.Пантусовтың (1849–1909) жинаған материалдарын ғылым академиясы арқылы бастырып шыгарады. Солардың бірі – “Материалы к изучению казак-киргизского наречия” деген сериямен 1900–1904 жылдар арасында жарық көрген жеті кітап. Қазактың ертегілері, мақал-мәтепдері, жұмбактары, терме-накыл сөздері және тарихи жыларынан құралған осы кітаптардың алғы сезін, транскрипциясын, аудармасын жазып, бастырып шығарған – Н.Катанов.

Н.Катанов 1896–1901 жылдар арасында Қазанда шығып тұрған “Деятель” журналының “Шығыс библиографиясы” бөлімінде қазак кітаптары туралы алғашкы мақалаларын үнемі жарияладап отырған. Олардың ішінде қазак әдебиеті, ауыз әдебиеті нұсқалары, шыккан

кітаптар, ақын-жазушылар жайында құнды пікірлер, ғылыми деректер молынан берілген. Мысалы, казақ лиро-эпосының асып маржандарының бірі – “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының 1896 жылы Қазанда басылған кітабына сын макала жарияланған (Деятель. 1897.- №4. – 254 бет). Макалада автор қазақтың “Қозы Қөрпеш” жырының сюжетімен Еуропа елдері erte кезден таныс екендігін жазған. Жырды мешін жылы туған жиырма жастағы ақын айтып отырғаны туралы дерек береді де, ақын мен айтушы (жыршы) жайындағы пікірін жазады.

Н.Катанов “Қозы Қөрпеш” жырының нұсқалары жөніндегі жорамалдар туралы ғылыми деректермен таныстырылады: жырдың басы 1876 жылы Қазанда И.Н.Березин “Хрестоматиясында” басылғанын, оның соны Петербургте 1890 жылы шыққанын, тағы бір вариантты 1870 жылы В.В. Радлов нұсқаларының III томында жарияланғанын айта келіп, алғаш жырды Қазан қаласында татарлар бастырып шығарғанын, осыдан түркі тілдес халықтарға жырдың мол тараганын, 1872 жылы Радлов нұсқаларында (IV томда) жариялаған тобыл татарлары нұсқасының негізі қазақ жыры екендігін атап айтқан. Орыс тіліндегі аудармасын 1812 жылы Т. Беляев бастырып шығарғаны, 1870 жылы неміс тілінде жарық көргені туралы мәліметтер берген. Макалада “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының қысқаша мазмұнын бере отырып, бұл нұсқада қызы экесі Сарыбай екені, Жетісу облысында Сергеопольдағы Қозы мен Баянның моласы туралы дерек бар. Осы макалада көңіл аударатын үш мәселеге тоқталайық: біріншіден, қазақтың “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының Еуропа халықтарына erte кезден-ақ белгілі екендігі; екіншіден, Қазанда татарлардың шығаруы аркасында қазақ жыры “Қозы Қөрпеш – Баян сұлудың” түркі тілдес халықтар арасында мол тараптаны (өзінің ғылыми енбектерінде 114 тілде жазылған нұсқалардан деректер пайдаланған полиглот ғалымның бұл пікірлері жырдың қазіргі зерттеушілерінің назарынан тыс қалмауга тиіс); ушіншіден, жырдың 1896 жылы басылымы 10000 дана болып шыққаны. Бұлардан төңкерістен бұрын орыс және араб әрпімен сөзіз-тоғыз рет жарық көрген жырдың халықтық негізін жоймай, еп арасына көп тараганын анғарамыз. Төңкерістен бұрын жеті-сөзіз рет басылып шықкан, қазақ арасына кен тараган “Айман – Шолтан” жырының 1896 жылы басылымы жайында Н.Катанов макала жарияланған (Деятель.-1897.-№4.-258 б.) Автор “Айман-Шолтан” жырында татар тілінің элементтері, сөз тіркестері көп кездесетінін айта келіп, сол кездегі қазактар үшін татарлар әдебиеті, ал татарлар үшін түркі әдебиеті озық әдебиет саналғанын, жалпы халықтың қайсысы болмасын басқа өзінен озық әдебиетке ынтық екенін атап айтқан. Макаладан Катановтың жыры мазмұнын жақсы білгенін, оны өзі оқып шыққанын байқаймыз.

Өйткені ол қысқа макалада жырдың сюжетін түгел баяндайды, ал жырды мудірмей оқуға татар сөздері мен сөз тіркестерінің кедергі келтіріп тұрғанын, жалпы поэмандың көркемдік қасиетіне нұқсан келтіретінін де айтады. Сонымен қатар, жырда “сочинитель”, “автор”, “фельетон”, “легенда” деген сөздер кездесетінін де атап көрсеткен.

Кітаптың 2400 дана болып басылғанын, бастыруши Шамсуддин Хусайынов, жырды жазған Жұсіпбек Шайхұссломовтың Жетісу облысы Үйін руынан екендігі жайында мәлімет береді.

Көкшетаудан шыққан атақты Біржан мен Жетісуда белгілі болған Сара қыздың айтысы – от ауызды, орак тілді наркескендер айтысы. XIX ғасырдың аяғында өмір сурғен осы екі санлактың айтыс өнері сол кездің өзінде хатпа түсі, тіпті жеке кітап болып жариялануы, бір смес, бірнеше рет басылуы және әр түрлі версиямен жарық көру – ерекше көніл аударатын мәселе. Төңкерістен бұрынғы кітап бастыру ісі балаң кездес-ақсөз рет жарияланған бул айтыстың тарихы алғында зерттеіл келеді.

Айтыстың төңкерістен бұрын жарық көрген екі нұсқасы бар. Бірі – “Кисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысканы” деген тақырыппен Қазан қаласында 19 беттік кітапша болып 1898, 1900, 1901, 1907 жылдары Университет баспасынан, 1913 жылы Домбровский баспасынан шықты. Бұл нұска қазак арасына белгілі акын Жұсіпбек Шайхұссломовтың есімімен тығыз байланысты.

Осы нұска жайында Н.Катанов қазак арасынан шықкан атақты Жұсіпбек акын жазып алған айтыстың алғаш Шамсуддин Хұсайынов пен Мусинның қаражатына 4800 дана болып басылғанын айтЫП, айтыстың мазмұнын берген (Деятель. 1899.–№1. – 46 б; 1901. – №1. – 30 б.). Макалада “Біржан – Сара айтысы” Қазан қаласында тұратын Ахмет Кәрім деген байдың тапсыруымен жазылғаны жайында сез болады.

Бұл деректерден Жұсіпбек Шайхұссломовтың акын Сарамен кездесіп, оның аузынан Біржанмен болған айтысын естігенін анғарамыз.

Жұсілбек – ел аузындағы ең сұлту жырларды жинап бастырған, кейбірін өзінше өндеген акын. Ол кездегі ақындардың көбі авторлық мәселесін өзінше, осы күнгіден басқаша түсінгенге ұксайды. Авторы мен айтуышы арасына шек қоймай, ауызша тараган халықтық жырларды кейде жинаушы не бастыруши өзімдікі деп санаған. Немесе өзі шығарған кисса, жырларға бір акынның сөздерінен үзінділерді пайдалана берген. Осы жай “Біржан – Сара айтысынан” да байқалады.

Абайдың 1886 жылы жазған “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” деген белгілі өлеңінің алты шумагы кейбір сөздер орны ауыстырылып, азғана өзгерістермен айтыстың ішінде басылған. Бұрынғы шыққан газет-журналдарда, казір сирек кездесетін көне кітаптарда басылған Абайдың көзі тірі кезінде шыққан өлеңдердің

құны қүннен қүнге арта түсude. Олар – Абай мұрасының текстологиясын зерттеуде, шығармаларының академиялық жинағын дайындауда керекті мағлұмат беретін нұсқалар.

Әдебиетіміздің, айтыс өнерінің шықкан биігі, шедеврі болған қазақтың қен даласына мол тарағ, көп қошаметке ие болған бұл айтыстың тіл көркемдігін ете жоғары бағалаған алғашқы зерттеушісінің бірі Н.Катановтың сан рет басылып, кейінгі заманда көп зерттеліп, ғылыми талдаулар берумен бірге әр түрлі пікірлер де айтылып жүрген айтыс жайындағы кейір деректерді оқушылар назарына ұсынуды макұл көрдік.

Қазак халқының бай ауыз әдебиеті нұсқаларының ішіндегі мол тараған, ең көркем туындыларының бірі “Қызы Жібек” жыры жайында да Н.Катанов макала жазған (Деятель. 1900. № 10. 50-бет). Жырдың мазмұнымен ғылыми жүртшылықты таныстырган бұл макалада қоніл аударатын бір жай – басылымын Қазан байы Ахмед Кәрімге арналғаны. Жоғарыда “Біржан–Сара айтысы” да осы Ахмед Кәрімнің тапсыруымен жазылғанын атап откенбіз. Қазак халқының “Біржан сал мен Сара ақын айтысы”, “Қызы Жібек” сияқты көркем жырларының жазылуына, бастырып шығаруына ат салысқан Ахмед Кәрім кім? деген сұрау – келешекте жауабын күтіп тұрған мәселенің бірі.

“Деятель” журналының беттерінен Алтайда және Монголияда әйгілі болған, төңкерістен бұрын Қазан қаласында торт, бес кітабы басылып шықкан Ақыт Өлімжіұлы Қарымсақовтың 1897 жылы шыққан “Тәржіме-и Ақыт уаляди Өлімжі Алтайский” деген кітабы жайында Н.Катановтың макаласын кездестіреміз (1898. №8-9. 429-430-беттер). Онда кітаптың 5000 дана болып шыққаны, бастыруышы Мухаммед Нәжиб Әли-Әкбаров екендігі туралы айтывады. Бұл Ақыт ақынның “Жиһан шаһ ұғлы” атты белгілі киссасы, ол 1902 жылы қайта басылған.

Халық даналығынан туған өшпес мұраларымыз “Қозы Керпеш – Бағын сұлу”, “Айман–Шолпан”, “Біржан–Сара айтысы”, “Қызы Жібек” жырлары және киссашыл ақын Ақыт жайында жазылған Н.Катановтың макалалары кейінгі зерттеушілеріміз үшін бірден-бір нақтылы дерек екені сөзсіз. Н.Катанов қазак әдебиеті жайындағы бұл макалаларында құнды ғылыми деректер берумен катар, әр кітаптың мазмұнын толық беріп отырган. Араб әрпінде басылған қазақ кітаптарының мазмұнын алғаш жариялаудың өзін зерттеу жұмысының бастамасы деп қарасақ, макалалардың құны арта түседі. Солардың ішінде шығыс сюжетіне құрылған халықтық шығармалардың бірі “Бозжігіт” жырының 1896 жылғы басылымы туралы макалада жырдың қыскаша мазмұнын береді.

“Бозжігіт” жырының осы нұсқасы мен белгілі Радлов нұсқасы және Ақылбек Сабалов жырлаған нұсқалар арасында көп айырма бар;

коркемдігі де, тілі де сонғы екі нұсқадан төмен. Алайда, тәңкөрістен бұрын бірнеше рет басылып шыққан, халық арасына кең тараған “Бозжігіт” жырының бұл нұсқасы текстологиялық зерттеу жұмысында құнды дерек екенінде дау жоқ.

“Деятель” журналының беттерінде Н.Катанов сол заманың алдыңғы қатарлы ғибратты идеяларын қисса-хикаяттар жайында көптеген мақала-хабарлар жариялаган. Сондай-ақ, салт-сана, әдет-ғұрып мәселелерінен мәлімет беретін этнографиялық құны бар “Мархаба шегри рамазан”, “Китаб қисса-и Наурыз” сияқты кітаптар туралы да мақалалар жарияланған. Бұл мақалалардың кейбірінде казақ әдебиеті жайындағы алғашкы сын пікірлер берілсе, кейбірінде әдеби нұсқалар, басылып шыққан қазақ кітаптарының мазмұны берілген.

Тарихи оқиға, лиро-эпос, аныз, әдет-ғұрып, фантастика, ертегі сюжеттері қат-кабат суреттеп жатқан бұл қисса-хикаяттардың копшілігі элі зерттелмей жатқан мол қазына.

Н.Ф.Катанов 1898 жылдан бастап Қазан университетінің жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамын басқарады. Қоғам жұмысына белгілі ғалымдар А.Е.Алекторов, Ә.Диваев, А.И.Добромыслов және Н.Н. Пантусовты тартады. Олармен ғылыми қарым-қатынасы да күштегі түседі. Осы кезде Н.Катанов қазақ ауылдарын көп аралап, казақ халқының ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына, этнографиясына қатысты материалдарды көп жинаиды. Бұл материалдардың негізінде ғылыми енбектер мен мақалалар жариялаумен қатар, оларды Қазан университетінің тарих-филология факультетінде оқыған лекцияларында пайдаланады.

Шығыс зерттеу ғылымында аса құнды енбектер қалдырган Николай Федорович Катановтың қазақ елінің әдебиеті, фольклоры, мәдениеті саласында жазған мақалалары да молшылық.

Николай Иванович Веселовский (1848–1918) белгілі шығыс зерттеушісі, ғалымдар – В.Бартольд, П.Мелиоранский және В.Радловпен бірігіп Орга Азияның, Казакстанның тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттейтін қоғам үйімдестірып, езі сол қоғамның белімін басқарады.

Н.Веселовскийдің қазақ тарихы мен мәдениетіне сінірген зор еңбегі – 1904 жылы Шоқан Уәлихановтың бір томдық шығармалар жинағын бастырып шығаруы болатын. Кітаптың алғы сезінде: “Шоқан Уәлиханов шығыстану әлемінен акқан жұлдыз (метеор) секілді жарқ етіп ете шықты. Орыс ориенталистері оны бір ауыздан ғажайып құбылыс деп танып, одан түркі халықтарының тағдыры жеңіндеге ұлы жаңалықтар ашады деп күтіп еді” деп жазды. Қазақ халқының тұғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағын алғаш бастырган, ері кітаптың редакторы болған шығысты зерттеуші ғалым, орыс

археологы Н.И.Веселовский қазақ әдебиеті тарихынан мол дерек беретін тағы бір еңбегі – “Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае” деген кітабы, ол 1894 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген болатын. Кітапта араб әрпімен басылған қазақ тіліндегі нұсқасы және оның орыстіліндегі аудармасы берілген. Кітаптың басында Н.Веселовскийдің алғы сөзі, оナン соң Худоярхан туралы өлеңдер, Мұсабай жыраудың айтуынан жазылып алынған Жанқожа батырдың толғауы берілген. 200 бет шамасындағы кітапға ғалымның 1885 жылшары Орта Азияның тарихы мен археологиясын зерттеу мәселесімен, оның ішінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарын Ресейдің жаулат алуы мәселесімен шұғылданып жүрген кезде жинаған еңбегі болатын. Веселовский Петербург университетінің шығыс факультетінің профессоры қызметтің атқарып жүргендеге, оқыған лекцияларында “шығыс халықтарының тарихы, мәдениеті жоқ” деген наслідкі жалған теорияға қарсы шығып, шығыс халықтары дүние жүзі тарихынан лайықты орын алуға тиісті, – деген пікірді барынша қолдаган. Кітаптың алғы сезінде осы пікірді қуаттай отырып, қазақ халқының тарихын, археологиясын зерттеу үшін халықтың ауыз әдебиет нұскаларын, қолжазбаларын жинау керектігін көрсеткен. Түркістан өлкесінің тарихы, археологиясы туралы және Қазақстан мен Орта Азия халықтарын Ресейдің жаулат алуы жайында бірден-бір құнды деректерді ауыз әдебиет нұскалары мен қолжазбалардан табуға болатынын айткан.

А.Е. Алекторов өзінің белгілі көрсеткішінде Н. Веселовскийдің бұл кітабына ерекше мән беріп, көлемді макала жариялаған болатын. Макалада Веселовскийдің Түркістан өлкесінде, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалалары мен Фергана маңында болған сапарында қазақ қолжазбаларын, Әкірам Аскаровтың еңбегін баса көрсеткен. Әкірамның хан сарбазы болудан бас тартып, орыстар арасынан қашып кеткені, Веселовскиймен кездесіп, онымен ел ішін араптауға бірге шығып, қолжазбалар жинау жұмысында көп көмек көрсеткені айттылады. Ә.Аскаров 1891 жылы Қазақстан мен Орта Азия халықтарын Ресейдің жаулат алуы туралы жырлаган екі қолжазбаны Веселовскийге тапсырған. Ташкент маңында тұратын қазақ ауылдарынан жазылып алынған осы қолжазбаны Веселовский 1894 жылы жоғарыда аталған жинағында жариялаған болатын. Макалада қолжазбаның авторы, яғни айтушысы Халибай Мәмбетов туралы да қысқаша мәлімет берілген. Х.Мәмбетов – Ақжар болысы, Шарбұлак ауылының азamatы, Әкірам жолынан 1885 жылы 29 жаста екені, егін шаруасымен айналысадыны сөз болған. Қолжазбаның тілі көркем, жалпы қазақ халқына тән өткір қазақ арасында қалай айтылса солай жазылғаны, жырда өзбек, татар сөздері

де кездескені, қолжазбада “Ер Тарғын” жырынан **шумактар молынан барлығы көрсетілген.**

А.Е. Алекторовтың бұл мақаласында қазақ халқы мен Ресей арасындағы қарым-катаңас туралы, сол кезде жарық көрген әдеби нұсқа негізге алына отырып, ғылыми талдау жасалған. Сонымен бірге тарихи-этнографиялық дерекгерді ел арасында сакталған ауыз әдебиеті нұсқаларынан, олардың қолжазбаларынан іздеу керектігі сөз болады. Бұл түргыда қазақ қолжазбаларынан жинау ісі мен ғылым-білімге талпына бастаған алғашқы жинаушылар жайында да мәлімет аламыз.

Веселовскийдің жинағында берілген – “Жанқожа батырдың толғауы” – қазақ халқының ұлт-азаттық бастаңдық жөндиудең бұкаралық күресі сипатталған тарихи жырлардың ішінде алғаш баспа бетінде жарияланған нұсқаның бірі болғандыктан, оның да орны ерекше. Жырды 1893 жылы Мұсабай жыраудан И.В.Аничков жазып алған болатын, одан Н.Веселовский жинағында жарияланған.

Мұсабай жырау қазіргі Қызылорда облысының территориясында өмір сүрген кісі. Ол Қазалыдан 15 шакырым Қарақөл деген жерде туған.

Жырды жазып алған Иван Васильевич Аничков (1863 жылы туған) туралы этнограф Э.К. Масановтың қазақ халқы этнографиясының тарихын зерттеген енбегінде мәліметтер бар. Аничков – шығысты зерттеуеші галым, 1888 жылы Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітіріп, Туркістан мен Орынбордың ғылыми мекемелерінде қызмет істеген. Оның этнографияға арналған макалалары ғылыми және әдеби журналдар мен газеттер бетінде жарияланған. Ол макалаларында қазақ халқының ауыр халін суреттей отырып, қазақ елінің әдет-тұрпы, дәстүрі жайында құнды мәліметтер береді.

Аничковтың Солгүстік Түркістанда тұратын халықтардың тұрмыс халі жайында мол мәлімет беретін монографиясы 1899 жылы жарық көрген (Очерки народной жизни Туркестана”) Бұл енбегінде ол аса сүйкімді әрі момын қазақ халқына іш тарта, жаны аши қарайды. Ресейдің қол астына қараган қазақ елінің тағдыры назардан тыс калдырғандай ешбір жазықты емес деп жазады.

И.В. Аничковтың жарық көрген еңбектерінің ішінде “Памятники киргизского народного творчества” деген сериямен 1896 жылы Қазан қаласында Университет баспасынан басылып шықкан “Ерназар мен Бекеттің толғауы” деп аталатын 16 беттік кітапшаның орны ерекше. “Бекет батыр” жыры – ел ішінде көптеп айттылып келген, көп айтушының репертуарынан өткен, төңкерістен бұрын да, кейін де бірнеше рет басылып тараптады, жүртттың көбіне белгілі шығарма. Бекет батыр туралы фольклорист Әбубекір Еркінбектен жазып алған нұсқасын 1897 жылы Қазан қаласында “Бекет батыр туралы жыр” деген атпен

72 беттік кітапты бастырып шығарған. Басқа қолжазбалармен және 1896 жылы басылған И.А. Аничков нұсқаларымен салыстырғанда, Диваев нұсқасы ең толығы. Аничковтың кітапшасында Сібірге жер аударылып бара жатқан Бекет капыда колға түскені, хандармен кас болғанын, артында кәрі әке-шешесі, жалғыз баласы, жас әйелі қалғанын айтып налыса, Диваев нұсқасында Бекеттің артынан барған әйелі босатып алғаны суреттеледі. Жырда Бекеттің ерлігі әрекет үстіндегі корсетілмей, батырдың басынан кешкен өмірі өткенді еске түсіру ретінде баяндалады. Жыр мазмұны Бекеттің өз сезі, ой толғауы, ішкі сезімі арқылы жырланады.

Қазакстанда сахна өнерін насиҳаттауға біраз үлес косқан орыс актрисасы – Аненкова-Бериер Н.П. (1864–1933) “Бекет” атты пьеса жазып, өзі Бекеттің шешесінің ролін ойнаған. Орынбор қаласындағы театрда койылған осы пьеса туралы “Еңбекші қазак” газетінде 1922–1923 жылдардағы сандарында мақалалар жарияланған болатын.

М. Әуезовтің “Бекет” аталған пьесасы өлеңмен 1942 жылы жазылған. Пьеса сахнаға койылмай, әдеби нұсқа ретінде калған. Қазактың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1956 жылы шығарған жазушының алты томдық таңдамалы шығармаларының V томында “Бекет” пьесасы жарық көрді. Осы пьесаның машинкага басылған нұсқасы Қазақстан Республикасы Үлттүк ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сактаулы тұр. Кітапхана корында Әбубекір Диваевтың кітабынан көшірілген “Бекет батыр” вариантының машинкага басылған нұсқасы (орыс тіліне аударған Т.Шонанов, әдеби редакциясын жасаған Никольская) сактаулы.

Осылайша тәнкерістен бұрын көптеген зерттеуші ғалымдардың назарын аударған “Бекет батыр” жыры, заманымыздың ұлы қаламгері М.О.Әуезов пьесасына да сюжет болғанын көреміз.

Қазак елінің тарихын, этнографиясын, фольклорын, мәдениетін зерттеуші ғалым А.Е.Алекторов Байтоқ ақынның Жәнгір ханының өліміне арнап шығарған өлеңін жазып алғып, 1898 жылы Қазан университетінің археология, тарих және этнография когамы хабарларда жеке оттискі ретінде жариялаган. Бекей ордасында инспекторлық қызметпен жүргенде ел азынан жазып алған бұл нұсқа халықтық әдебиет нұсқасы ретінде де, ішінде көркем сез өрнектері мол берілген салт өлеңдерінің нұсқасы ретінде де көніл аударатын шығарма деп Н.Ф.Катанов кітапқа жазған алғы сезінде атап айтқан болатын.

А.Е.Алекторов казак балаларын оқыту жұмысымен айналыса жүріп, бірнеше оқулықтар бастырып шығарды. Солардың бірі – 1891 жылы Мәскеуде В.А. Просина баспаханасында басылып шыккан казак балаларына арналған алғашкы аліппелердің бірі – “К мудrosti ступенька” деген

окулығы. Кітапты құрастырушы “КО” деп қол қойылған. “КО” туралы Алекторовтың көрсеткішінде өзі екендігі жайлы мәлімет бар. Қазак балаларын оқыту үшін алдымен әліппенің маңызына тоқталған кітаптың алғы сөзінде М. Терентьевтің, Ы. Алтынсариннің, Г.С. Ячниктің қазак балаларына арналған окулықтары туралы өз пікірін жазған.

Орыс-қазақ мектептерінде оқыту жұмысы Ушинский, Бурнаков, Паульсон, Корф, Тихомиров, Вольпердің окулықтары бойынша жүргізілетіні, бұл окулықтармен оқыту орыс тілін білмейтін казақ балалары үшін ете қын екендігін айта келіп, оқытуды алдымен әліппеден бастаудың тиімділігіне тоқталған. Осы алғы сөзде қазақ-орыс мектептерінде сабак беретін мұғалімдердің казақ тілін жете білуі керектігі баса айтылған.

Окулықтың екінші басылымы 1901 жылы Қазан университетінің баспасынан шықты. Кітап сыртында құрастырушы: А.Е. Алекторов “Русско-киргизская азбука” деген тақырыпен басылған қысқаша алғы сөзден кейін қазақ әліппесі, кітап сонында казакша-орысша сөздік берілген. Әліппеде казақ балаларына үйренішті, құнде көріп жүрген, әсіресе көшпелі өмірге керекті сөздер – өсімдік, жанжануарлар, жыл, тәулік, құн аттары молынан берілген.

А.Е.Алекторов қазақ балаларын оқыту жөнінде прогрессіл көзқараста болды. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқытудың пайдалы екендігін дәлелдейді. Миссионерлікке, қазақтарға христиан дінін таратуға барынша қарсы шығып, ел арасына шіркеуден гөрі мектеп, медресе ашу керектігін жазды. Орыс халқының әдебиетін казақ арасына таратуға әрбір оқыған алдыңғы қатарлы азаматтар ат салысусы керектігін, әсіресе оқытушы мұғалімдердің, инспектор, директорлардың ардакты міндеті деп жазды.

Орыс әрпімен қазақ тілінде 1898 жылы Орынборда басылып шықкан “Киргизская хрестоматия” окулығында қазақтың жұз бес ұсақ әңгіме, мысалдарын берген. Бұл окульпен талай жылдар қазақ балалары сауатын ашқан.

Төңкерістен бұрын Ақмола, Семей, Орал облыстарының қазақ мектептерінде Ы.Алтынсариннің “Хрестоматиясымен” қатар А.Е.Алекторов құрастырган окулықтар да көп жыл пайдаланылды.

А.Е. Алекторовтың 1900 жылы Қазанды басылған “Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах” деген мазмұндалған көрсеткіші – аса құнды ғылыми еңбектердің бірі. Көрсеткіште қамтылған үш мыңдан астам макалада қазақ, орыс тілдерінде төңкерістен бұрын жарық көрған кітаптар, журналдар мен газеттер бетінде жарияланған қазақ елінің тарихы, этнографиясы, тілі, әдебиеті, шаруашылығы жайындағы макала-хабарлардың мазмұны

және олар жайлы сол кезде жарық көрген азды-көпті сын пікірлер де берілген. Қазақ өмірінің бар жайынан аса бай, бірден-бір құнды мағлұмат беретін бұл еңбектің әдебиет зерттеу жұмыстарында алатын орны да ерекше. Кітап қазақ елі туралы сол кезде шыққан орыс тіліндегі ғылыми еңбектерге токтала отырып, қазақ тілінде жарық көрген кітаптар мен мақала, хабарларды да молынан қамтыған. Қазақ тілінде орыс әрпімен басылған оқулықтар мен хрестоматиялар туралы да мәліметтер аламыз. Төңкерістен бұрынғы қазақ елінің әдеби, мәдени өмірінен зерттеушілерге бірден-бір құнды деректер беретін бұл көрсеткіштің бағасы қазіргі ғалымдар үшін күннен-күнге арта түсуде.

Көрсеткіштің соңында косымша ретінде қазақ тілінде басылған елу шақты кітаптың қысқаша мазмұны, кайда, қашан жарияланғаны туралы, кейбіреуіне сын пікір де берілген. Солардың ішінде 1862 жылы Қазан қаласында жарық көрген алғашқы ұлттық әпостық кітап “Ер Тарғын” поэмасын араб әрпімен Н.И. Ильминский жариялаганы, оны 1870 жылы орыс графикасымен қазақ тілінде В.В. Радлов озінін атакты жинағының үшінші томында бергені, кітаптың 1862 жылдан 1892 жылға дейін бес рет кайта басылғаны туралы мәліметтер бар.

Қазақ тілінде алғаш басылған кітаптың бірі “Сейфұлмәліктің” 1807 жылғы басылымы туралы деректі де Алекторовтың осы көрсеткішінен оқимыз. Онда: қазактың бұл повестік әңгімесі Қазан татарлары мен қазақ арасында көп тараганы айттыла көзіп, жырдың қысқаша мазмұны беріледі.

“Мұндық-Зарлық” кіссасының 1899 жылғы, “Көрүглі султан” кіссасының 1885 жылғы, “Шаһи зинда” кіссасының 1899 жылғы, “Шортанбай өлеңдерінің” 1890 жылғы, “Шәкір-Шәкірат” кіссасының 1890 жылғы, “Жүсіл-Зылих” кіссасының 1899 жылғы, “Мәлік-Хасан” кіссасының 1900 жылғы, “Зияда-Шаһмұрат” кіссасының 1890 жылғы, “Жәмшид” кіссасының 1897 жылғы, “Бозұлған-Ахметбек” пен “Жүсілбек” кіссасының 1889 жылғы, “Бозжігіт” кіссасының 1893 жылғы басылымдарының қысқаша мазмұны берілген. Қазак халқының асыл мұраларынан “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының 1890 жылғы басылымы Қазанда “Университет” баспасынан 10 мың дана болып шыққаны, жырды 1812 жылы Т. Беляев орыс тіліне аударғаны, И.Н. Березиннің хрестоматиясында, В.В. Радловтың жинағында басылғып шылқаны туралы деректер берілген. “Қызы Жібек” кіссасының 1894, 1896, 1899 жылдар басылымдары туралы мәліметтер бар..

XIX ғасырдың екінші жартысында қазактың ауыз әдебиет нұскаларын жинаушы, көрнекті фольклорист, ғалым, Торғай облысының халық училишелерінің Ыбырай Аттынсариннен кейіші инспекторы Александр Васильевич Васильев ет арасына кең тарап, ертеңің сюжетінде жырлаған “Ұш жігіт” кіссасын жазып алғып, Орынбордағы География қоғамының

хабаршысына қосымша ретінде жеке кітап етіп жариялаған. Кітап орыс әрпімен казак және орыс тілдерінде шықкан. Алғы сөзінде қиссаны Торғай облысы Ыргыз оязының казактары А. Құлдеев пен Айғанасовтың айтуынан жазып алғаны айтылған. Осы кіріспе сөзінде А. Васильев қазак арасына мол тараған қисса, батырлар жыры, мактау сез, кара өлең, терме, жоқтау туралы ез пікірін жазған. Кіріспеде тағы бір коніл аударатын жай – казак өлеңдерінің музикасын нотаға түсіру мәселе сімен алғаш шұғылданған Петербург Географиялық қоғамының мүшесі, Торғай облысында саяхаттарға қатысып, қазактың жүзге тарта ән-күйін жинаған музикант-этнограф С.Г.Рыбаков (1867–1921) жайында деректер берілген. Алекторов өзінің көрсеткішінде А. Васильевтің осы кітабына біраз орын беріп, “Үш жігіт” жырының мазмұнын көлтіреді.

Түркістан мұғалімдер семинариясының шәкірлі Ішмұхаммед Букиннің 1833 жылы Ташикент қаласында басылып шықкан орысша-казакша және қазакша-орысша сөздігіне А.Е. Алекторов ез көрсеткішінде мол орын беріп, мақала жариялаған. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында казак және орыс халықтарының арасындағы мәдени қарым-қатынастарға қосылған зор үлес болған бұл сөздіктің қазак лингвистика саласынан алғын орны ерекше. 365 беттен тұратын сөздік екі бөлімнен құралған. Кітапта алты мыңға жуық сөз аударылған. Сөздер үш бағанга орналасқан. Негізгі атау сөздер араб әрпімен бірінші бағанға, ал аударма атау мен транскрипция орыс әрпімен екінші, үшінші бағандарға берілген. Автор алғы сөзінде бұл сөздік өзінін Перовск қалалық және Түркістан мұғалімдер семинариясында оқып жүрген кездегі сабактан бос уақыттарында істеген жұмыстарының нағайесі екенін, “тұғас аяқталып біттеген, ғылыми маңыз алуға талағану правосы жок, шәкірттік сібек” десе де, ол кезде мұндай көлемді екі тілде басылған сөздік жок болатын, Алекторов көрсеткішінде И.Букиннің алты сөзін түгел көлтіреді. Бұл сөздіктің барынша құптайтын бағалы еңбек екенін атай отырып, кітаптың редакторы Воскресенскийге арнап біраз сын пікірлер жазған. Онда Ильминскийдің 1861 жылы жарық көрген қазақша-орысша сөздігін, Будаговтың қазак тіліне мол орын берген түрік-татар салыстырма сөздігін, Алтай тілінің грамматикасын, Алтынсариннің, Золотницкийдің, Старчевскийдің қазактарды орыс тілінде оқытуға арналған еңбектерін жүйелі пайдаланғанда, сөздіктің қындылыны арта түсептің атап айттылған.

Қазак, өзбек, каракалпак халықтарының фольклоры мен этнографиясы жөнінде көлтеген еңбектер жазған көрнекті фольклорист, этнограф, лингвист Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың көшпелі қазак әйелдерінің ақыл-ойын көрсететін, жүрек сұлұлығын суреттейтін Шымкент оязы

Сырдария облысынан жазып алған қазақ елшін тұрмыс-салт жырларынан жоктауға арналған кітабы жайында Алекторов көрсеткішінде мақала жарияланған. Мақалада қазақ халқының әдет-ғұрының бір қырын көрсететін жоктау салтының казақ арасында қалай өтетіні сөз болады. Ері өлген әйелдің басына кара жамылып, құбылаға қарап, бүйірін таянып күніне екі рет жоктау айтатыны, жоктаудың ауыл кошіп-конғанда да тоқталмайтыны, өлген кісіге жыл толғанша ас берілгенше айтылатыны туралы жазған. Алекторовтың бұл мақаласында қазақ халқының этнографиясына қатысты деректер мол берілген.

Осылар сиякты сын мақалалар, қазақ тіліндегі тұнғыш оқулықтар жазған, қазақ әдебиетінің жинактарын құрастырган, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастырган В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, В.Катаринский, Я.Лютш, М.Терентьев, П.М.Мелиоранский, Б.Бактыгерев және баскаларының енбектері туралы Алекторовтың көрсеткішінде құнды материалыдар өте көп.

Ал, А.Е. Алекторовтың көрсеткішіне косымша ретінде берілген 15 беттік қазақ кітаптарының мазмұндалған тізімі қазақ кітаптының тұнғыш библиографиясы болумен қатар, онда көрсетілген қазақ тіліндегі елу шамалы кітапты ғалымдар назарына алғаш ілінген, ғылыми айналымға түскен нұсқалар деп қараймыз.

Алекторов өз көрсеткішінде қазақ елі туралы әдебиетке, мәдениетке қатысты сол кезде жарық көрген кітаптардың, мақала-хабарлардың мазмұнын баяндап қана коймай, олардың көпшілігі жайында ғылыми талдаулар берген. Бұл ғылыми талдау макалалар сол кездегі әдебиет зерттеулерінің бастамасы болса, ендігі жерде қазақ әдебиетінің тарихынан, оның ішінде әдебиет салынының тарихынан құнды деректер беретін нұсқалар болып отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымымен ұштасып жатқан қазақ кітаптары тарихының зерттелуі әріде жатыр. Бұл ретте, әсіресе орыс түркологтарының сінірген енбектерін зор ілтиратпен атаған жөн. Өйткені, олардың қазақ халқының бай ауыз әдебиет нұсқаларын бірінші болып жинауы, зерттеуі, бастауы нәтижесінде күні бүгінге дейін өз манызын жоймаган енбектерінде қызығылдықты маглұмат, соны деректер мол үшірасады.

Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушы, жаңашыл педагог Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы Орынборда басылып шықкан хрестоматиясы қазақ халқының мәдени, рухани өміріндегі манызы зор оқиға болды. Кітап “Хрестоматия” деп аталғанмен, тек мектеп шәкірттерінің ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының өнер-білімге деген мұқтаждығын өтеуге арналған, мағына-мазмұн жағынан алып қараганда да хрестоматиядан өзгеше, жазушы шығармаларының

жинағына ұксас тұңғыш халық кітабы болды. Мұны автордың алдына қойған мақсатынан да айқын көруге болады. ІІ. Алтынсарин кітаптың алғы сезінде: “казак балаларына оқу кітабы болу жағын, сонымен кабат жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім” деп жазды. Кітап қазак жастарының әлденеше үрпағына әрі окулық, әрі тәлім-тәрбие құралы болды.

Кітаптың 1879 жылғы бірінші басылымы төрт бөлімнен тұрады: ұсак әнгімелер балалар турасында; үлкен кісілер турасындағы әнгімелер; әр түрлі елең-жырлар; макалалар. 1906 жылы А. Васильев екінші басылымын толықтырып кайта шыгарды. Сонынан жұмбактар бөлімін берді. Екінші басылымда негізінен транскрипция мәселесіне көп көңіл аударылып, қазак тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес бір қалыпқа түсінен, сол кезде жарық көрген оқулыктар мен кітаптардың негізінде орыс әрпімен басылғаны туралы А. Васильев кітаптың алғы сезінде мәлімет береді.

Алтынсарин келешекте шығармақ болған хрестоматиясының екінші кітабында казак халқының ауыз әдебиет нұскаларымен катар, жаратылыстану, жалпы тарих, география, техникалық өндіріс, іс жүргізу жұмыстарымен таныстырмак болғанын жазады. Бірақ өкінішке карай, бұл ойы орындалған жок. Хрестоматияның алғы сезінен бастап, аудармасы бар, өзі жинап өндеген халық нұскалары бар – бәрі де ыбырай Алтынсариннің қолпума туындысы. Қазак жұрғыштығы орыс әдебиетінің класикалық үлгілерін тұңғыш рет осы кітаптың бетінен оқыды. Олардың ішінде орыс халқының ұлы жазушылары И. Крылов пен Л. Толстойдың мысал, ертең, аңыздары алғаш рет аударылып, “Хрестоматияда” басылды. Крыловтан “Қарға мен тұлқі”, “Ақымак дос”, (“Пустынник и медведь”), Толстойдың ұсак әнгімелерінен: “Малды пайдаға жарату” (“Петр I и мужик”), “Мұнсыз адам” (“Царь и рубашка”), “Силинші ханым” (“Китайская царевна Силинчи”), “Данышпан казы” (“Праведный судья”), “Жамандыққа жақсылық” (“Визир Абдул”), “Айуаның естісі көп, бірақ адамдай ақылы жок” (“Пожарные собаки”) бар. Бұлардан басқа Алтынсарин орыстың белгілі педагогтары К.Д. Ушинский мен М.И. Паульсоннан бірнеше әнгімелер аударып бастырған. Алтынсарин аудармалары – еркін аудармалар, себебі, бір жағынан казак халқының ауыз әдебиет нұскаларына ұксас болуын ескерсе, екінші жағынан шығарманың жас үрпаққа үлгі-өнеге боларлық, тәрбиелік сапасына көніл бөліп отырган. Ол аударған аңыз, әнгімелерді, мысалдарды казак ауыз әдебиетінің нұскаларымен катар қойғанда, қайсысы төлтума, қайсысы аударма екенін айырудың өзі киын.

ІІ. Алтынсарин Марабай ақыннан “Қобыланды батыр” жырын 1870 жылдары жазып алған. Осы жырдың ең әдемі бір тарауын өзінің “Хрестоматиясына” енгізді. Мұны “Қобыланды батырдың” ең алғаш

хатқа түсken, баспа бетінде жарияланған нұсқасы деп қараймыз. Бұл туралы А.Е. Алекторов өзінің белгілі көрсеткішінде Алтынсариннің хрестоматиясында берілген халықтық әңгімелер, мақал-мәтеддер, өлең-жырлар казак арасынан шыққан ең таңдаулы айтушылардан жазылып алынғанын атап кетеді.

ІІ. Алтынсариннің хрестоматиясындағы әдеби шығармалар жинағының негізінде, бірақ қысқартылып араб әрпімен “Мактубат” деген атпен бірнеше рет 1889, 1896, 1899, 1911 жылдары Қазанды басылып шықты. “Мактубат” мектептен тыс оқырмандар үшін дала өмірінде орын ала бастаған ағартушылық әдебиеттің бастамасы болды.

ІІ. Алтынсариннің жоғарыда тоқталған екі кітабы да ғылыми сатыда жазылған еңбектер, бұлар – қазак қітабының тарихынан ерекше орын алатын нұсқалар.

Алтынсариннің әдеби педагогикалық еңбектері кенес өкіметі жылдарында жан-жақты зерттелүмен қатар, казақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылып шықты.

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағынасы – алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әрі түрі жат
Және әдепті, және жас”, –

деп қазак даласына бұрын-сонды естімеген жаңа леп экелген Абай өлеңдері 1909 жылы алғаш кітап болып басылып дүниеге келді.

Тәңкереңстен бұрын Абай өлеңдерінің жеке жинақ болып баспадан шығуы – тарихи маңызы бар зор құбылыс еді. Абай кітабының бірінші рет Петербургтегі I. Бораганскийдің баспаханасынан шығуы кейін кенес дәүірінде ұлттық мәдениетіміздің мактандышына айналған Абай поэзиясының бұлак-бастауларының басы болды.

Абай өлеңдерінің 1909 жылғы басылымы мен 1977 жылды қызыл ақынның “Ғылым” баспасынан шыккан өткен 60 жыл ішінде Абай шығармалары казак тілінде отыз бес, орыс тілінде алты, туысқан халықтар тілінде сегіз, шетел тілдерінде екі рет кітап болып жарияланып, жалпы тараалымы миллионнан асқан екен.

Абай өлеңдерінің алғашқы жинағы кітап болып басылуына орай сол кездерде басылған хабардың бірінде: “Қырда жогалған қазақ алтыны – Абайды тапқан Михаэлис. Абай шимайлыш ғұмыр жолында Михаэлиске жолықласа, ана “Қозы Қөрпеш – Баянды”, “Тарғынды”, “Қыпшақ Қобыланды батырды”, “Едігені” шығарған ақындардың аяғын құшар еді” деген сөздерден бастап, Абай шығармашылығына арналған ондаған монографиялар, зерттеу еңбектер, жүздеген мақалалар жарық көрді. Бұлардың ішінде Абайтану ілімінің іргесін қалаған академик-жазушы М.О.Әуезов зерттеулерінің орны ерекше.

1909 жылы жарық көрген Абай кітабын баспаға дайындаған Кәкітай кім еді?

Кәкітай Ысқак ұлы Құнанбаев (1869–1915) Абайдың немере інісі. Ол орысша, арабша сауаты бар, өз оргасының көрнекті өкілі болған адам. Кәкітайдың қазақ әдебиетіне сіңірген тарихи еңбегі де осы 1909 жылы жарық көрген Абай жинағын ол кезде жердің тубі саналатын альстагы Петербор қаласында жариялауы еді. Жинактың сонында берілген Абайдың өмірбаянын мәлімет беретін Кәкітай Ысқақұлының естелік мақаласының да маңызы ерекше. Бұл мақалага кезінде М.О. Әуезов зор баға берген, езі Абайдың өмірбаянын алғаш рет жариялаганда осы естелік мақаланы пайдаланғанын арнайы ескертіп 1933, 1940 жылдары басылып шыққан Абайдың толық шығармалар жинағында мақаланың қысқарған нұсқасын бастырганын атап айткан болатын.

Абай шығармаларының жинағын Кәкітай өзінше талдау жасап, мөлшермен жіктеген. “Халық туралы”, “Өлең туралы”, “Өзі туралы”, “Ғашықтық туралы”, “Ой туралы”, “Насихат туралы”, “Заман достары туралы”, “Аңшылтық туралы”, “Переводтар” деп орыс әдебиетінен аудармалар, шығыс тақырыбына жазған “Мәсгүд”, “Ескендір” поэмаларын “Әңгіме” деп барлығын 17 бөлімге жіктеген. Бұл туралы М.О.Әуезов: “...Кәкітай жасаған жіктеулер дәл-дәлді емес. Бірақ соған карамай, төңкерістің алғашкы жылдарында Абайды қайта басып шығарған кейінгі редакторлар да, сол Кәкітай берген бөлік жіктеулерді сынамай, дұрыстамай каз-калында қайталай берген... Сондықтан Абайдың баспаға шығуына тарихтық зор енбек етуші – Кәкітай дейміз”, деген еді.

Абайдың алғашкы жинағына кірмей қалған өлеңдері мен шығармалары туралы мәліметтерді де М.О.Әуезов еңбегінен табамыз. Онда Мұқан: “Кәкітай Абай шығармаларынан қара сөздерді түгелімен алып қалған. Онан соң акынның бас тіршілігі, аталақ айткан көп көркем жырлары басылмаған. Мысалы, Абайдың аса сүйікті баласы Әбдірахман ауырып жатқанда, кейін сол қаза болғанда шерленіп шығарған сан алуан шебер жырлары баспаға берілмей қалады. Кәкітай ол өлеңдерді Абайдың өзіндік, үй ішілік сырты ғана деп ағат ұғынып, көпке танытудан іркіліп қалған. Онан соң, Абайдың ел жуандарының, атқамінерлерінің талай бұзық мінездерін әдейі нақтылап арнаған сатиравық сөздері баспаға берілмейді. Сол катарада: “Абыральға”, “Дүтбайға”, “Құлембайға”, “Қыздарға”, “Көкбайға” т.с.с. сыншыл өлеңдері баспаға берілмей қалған. Кейбір “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” деген сияқты көпке мәлім атақты өлеңінің екі шумағы да Кәкітай бастырган жинақтан шығарылып тасталған.

Жалпы бұл алуандас өлеңдерді Қәкітайдың баспаға бермеуінің себебі белгілі. Сол Абай сыйнаған адамдардың өзі немесе бала-бауырлары “баспаға шыгарушы адамдарға өкпелдейді, араздық үстанады” деп жасқанып қалған.

“Осындай себептердің салдарынан Абай шығармаларының жарымына жуығы Қәкітайдың бастируында жарыққа шықпай қалады” деген.

Енді Абай жинағын тұнғыш басып шығарған Илияс Бораганский туралы қыскаша тоқталып өтейік. Абайтану гылымына үлес косып жүрген семейлік ғалым Қайым Мұхаметхановтың зер сала зерттеуінің нәтижесінде Петербургте бірінші мұсылман баспаханасын ұйымдастырушы I.Бораганский жайындағы мәліметтерді “Қазақ әдебиеті” газетінде жариялаган болатын.

I.Бораганский туралы қыскаша деректер қазак кітаптарының тарихынан мәліметтер берген Э. Жиреншиннің енбегінде де берілген.

Илияс Бораганский 1852 жылы Қырымдағы Бахшасарай қаласында туған. Жас кезінде Түркияда болып, Стамбулда баспа, хусни хат өнерімен шұғылданған. 1882 жылдан Петербургте мұсылман баспаханасын ашуға рұқсат алып, араб, парсы, түрік тілдерінде кітаптар басып шығарған. Бораганский 1898–1908 жылдары Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде лектор болып, түрік тілінен сабак берген. Қазан төңкерісінен кейін ол Башқұртстанға көшіп келіп, барлық баспа құралдарын Стерлитамак баспаханасына өткізіп, өзі сол баспаханага менгеруші болады.

I.Бораганскийдің шығыс тілдерінде баспахана ұйымдастыру ісіне сінірген енбегі өз алдына бір сала, ал оның баспаханасынан шықкан кітаптардың ішіндегі ен мәндісі, қазак елінің әдебиеті мен мәдениеті тарихында маңызы зор болған – Абай өлеңдерінің алғаш жариялануы болды. Сонымен катар, қазак халқының тұнғыш галымы Шокан Ұәлихановтың 1904 жылы Н.И.Веселовскийдің редакциясымен шықкан жинағына қосымша ретінде профессор П.М. Мелиоранскийдің дайындалған 1905 жылы “Едіге би” кітабы да осы I.Бораганский баспаханасынан жарық көрген болатын.

Келешекте I.Бораганский баспаханасынан шыққан қазак кітаптары – әлі де толық зерттей түсетін тың тақырып.

Абай шығармаларының 1909 жылдың шыккан тұнғыш жинағын құрастыруға қатысып, оған корректорлық еткен Мұрсейіт Бикіұлының (1860–1917) енбегі де атап айттарлықтай. Мұрсейіт Абайдың әдеби хатшысы болған, Абай өлеңдерін өз колымен көшіріп ел арасына таратушы. Абай еңбектерінің 1905, 1907 жылдардағы бізге жеткен үш қолжазбасының үшеуі де Мұрсейіттің қолымен көшірілген.

Осы үш қолжазбаның және 1909 жылы шықкан Абай жинағының негізінде зерттеу жұмыстары жүргізілп, Абай шығармалары бірнеше рет жарияланды. Абайтану тұлымында зерттеу енбектерге де түпнұска болып отырган 1909 жылғы жинақ пен атаптап қолжазбалар.

Барымызды жок дегізген өткендегі өресекел кателерді түзетіп, асыл мұраларымыз – ак таңдактардың кітаптары халқымызыға қайта орала бастаған кезеңде Шәкәрім Құдайбердиев, Ғұмар Қараашев, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев кітаптарының орны ерекше.

Абай Құнаibaев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллиндердің аралығында үнірейіп тұрған бос орын – актандақтар тобын бастайтын Шәкәрім Құдайбердиевтің – мезгілсіз мерт болған авторымен бірге енбектері де көп жылдар бойы құртылып, жойылып, өртеліп келді. Шәкәрім кітаптарының кейбір даналары ғана мұрағат коймалары мен арнаулы корларда сакталып, ешкімге окуға берілмей, Шәкәрім Құдайбердиевтің атын атауға тыйым салынды.

Шәкәрім Құдайбердиевтің бұдан жұз жыл бұрын қазак елінің тарихына, әдет-ғұрпы мен салт-санасына арналған мақаласы “Казактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” деген такырыппен басылған. Макалада “Еңілік-Кебек”, “Қалқаман-Мамыр” туралы құнды деректер бере отырып, поэмалың мазмұнын толық көлтіреді. Абай да, Шәкәрім де тірі кезінде жарық көрген бұл макаланың сонында “Мұтылған” деген Шәкәрімнің бүркеншік аты қойылған. Ш.Құдайбердиевтің тағы бір мақаласында (“Дала уалаятының газетіндегі” басылған) әдеби нұсқалар туралы сын пікірі жазылған. Бұл мақаланың сонында Шәкәрімнің инициалы “Ш.Қ.” деп көрсетілген.

“Айқап” журналы мен “Қазак” газеті де Шәкәрім Құдайбердиевтің мақала, өлеңдерін басып, оның кітаптары туралы пікірлерді молынан жариялады.

“Ләйлі-Мәжнүн” поэмасының қазак арасына мол тараган нұсқасы Физули дастанының сюжеті бойынша Шәкәрім Құдайбердиев поэма жазған. Ш. Құдайбердиев дастанды 1907 жылы жазған болатын. Ол алғаш рет “Шолпан” журналының 1922–1923 жылдары 2-8 сандарында жарияланып, 1935 жылы Сәкен Сейфуллин алғы сез жазып жеке кітап етіп бастырып шығарған. Фашықтардың пірі атанған Ләйлі мен Мәжнүннің бір-біріне деген маҳаббаты, ескі замандағы кері кеткен заң, әйелді қорлықта, кемшиліктегі ұстайтын әдет-ғұрып шебер суреттеген. Поэмада Ләйлінің аймен, жағырақпен, самалмен, шаммен, көбелекпен, жұлдызбен, бұлтпен сырласқан тұстары өте әсерлі.

“Қалқаман-Мамыр” поэмасы 1912 жылы Семейде “Жәрдем” баспасында жарық көрді. Кітаптың “Мұтылған. Қалқаман-Мамыр”

деген алғы сөзінде Шәкәрім былай деп жазған: “Бұл әңгіме 1722 жылы біздін Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан женіліп “Ақтабан шұбырынды” болғаннан бір-ақ жыл бұрын “Қалқаман-Мамырдың” ісіне ескі казактар теріс козбен караса да, осы күнгі көнілінің көзі ашықтар жазасыз екенін біліп дуга қылса керек. Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп биыл жүз тоқсан жыл болып ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақалдар аузынан да калып бара жатыр. Соласықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім...”

Ш. Құдайбердиевтің “Еңлік-Кебек” поэмасы 1912 жылы Семей каласында “Жәрдем” баспасында жеке кітап болып басылды. Титул бетте “Жолсyz жаза яки кез болған іс (Самосуд или случайность)” деген мәліметтермен қатар “Бұл әңгіме 1780 жыл шамасында осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс. Шаригатта әкесінің атастырғаны жас қызға ике есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының камын ойлап берер деген. Әйтпесе, жас баланы сатып пайдаланып, еріксіз кем-кетікке беріп, обалына қал демейді. Мен оны ойлап Еңлік-Кебекті соншалық жазалы демеймін” деген.

Бұл үш поэмалық үшеуі де халқымыздың баға жетпес асыл қазынасы.

Шәкәрімнің 1911 жылы Орынборда “Үміт” баспасынан “Иман Ғибадат” атты кітабы жарық көрді. 1912 жылы Семейде “Жәрдем” баспасынан “Қазак айнасы” деген атпен жинағы шыкты. Бұл кітап 1904 жылы жазылған болатын.

Шәкәрім Құдайбердиевтің тарихи, философиялық, ғылыми туындысы – “Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі” 1911 жылы Орынборда “Кәрімов-Хусайинов серіктігі” баспасынан жарық көрді. Бұл кітап қазақ тарихын зерттеушілер үшін құнды материалдардың қайнар көзі екендігі сөзсіз.

1976 жылы шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандарына арналған “Ғашық-наме” жинағына “Лайлі-Мәжнүн” поэмасын енгізбек болып қанша тырыссак та, оң ииетімізді іске асыра алмадық. 1986 жылы шықкан “Қазақ кітаптарының” көрсеткішіне Шәкәрім Құдайбердиев пен Ғұмар Қаращевтің кітаптарын енгізгеніміз үшін “айып ақша” төлеген едік. Авторын құдышка көміп, кітаптарымен қанша алысса да, көзін құрта алмай, 1988 жылы Шәкәрімнің екі жинағы бірінін артынан бірі жарқ етіп дүниеге келді. Шәкәрім Құдайбердиевтің аты Абай Құнанбаевпен бірге аталағын болды!..

Қазақ халқын оятуды мақсат еткен Міржакып Дулатовтың азamatтық ерлігі сонау Петерборда шыққан “Серке” газетінен басталған

болатын. Отарлау саясатының шарықтау шегіне жетіп тұрган кезеңде қазақ зияллыларының күшімен дүниеге келген алғашқы қазақ газеті “Серке” өз алдына жеке газет болып шыға алмай татар газеті “Үлфатқа” қосымша ретінде Әбдірашит Өмерович Ибрагимовтың редакторлығымен және Шәймерден Қосшығұловтың басқаруымен шықкан. “Серке” газетінен бүрін ұзак жылдар шығып тұрган “Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882) мен “Дала уалаятының газеті” (1888–1902) патша үкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының органы еді.

“Серке” газетінің шығуы туралы 1911 жылы Мұхаметжан Сералиннің оқушыларға арнап жазған макаласында: “1907 жылы II Мемлекеттік Думаңың мүшесі Қосшығұловтың іжделетілген Петерборда “Серке” есімді журнал шыға бастап еді, ұзакқа бармай, үкімет тарарапынан тоқтатылды” (“Айқап”. 1911. №1), – деді. Газеттің шығуы жайында Қазақстан Республикасының Ұлттық гылым академиясының Орталық гылыми кітапханасында Ш. Қосшығұловтың айтуымен жазылған колжазбада “Серке” газетінің 3-4 нөмірі шығып, тоқтаганын, “Серке” деген не сөз, ол боранда қой бастайтын көсем мағынасында колданылатын ұғым екенін айтады. “Нәжет” (Азаттық) деген жинақта “Үлфат” газетінің редакторларының бірі деп қол қойған хабарда 1906 жылдың аяғында “Үлфаттың” қазақ оқушыларына, қазақ тілінде “Серке” атты екі жетілік газет шыгаруға қарар болды. Келесі жылты март айының басында сол газеттің жариялануы шықты. Артынша, 28 марта бірінші саны шықты. Ол “Үлфат” газеттерінің ұсталғаны туралы әмірін оқып, баскармадағы бар даналарын жинал, құлыптап кетті. Екінші күні тиісті орындардан сұрағанымызда олар: “Серке” газетіндегі кейір макалаларда қазақ халқын үкіметке қарсы үгіттеу бар, содан ұсталды деп жауап берді, – делінген. Петербургтегі Ішкі істер министрінің баспасөз баскармасының бас кеңесшісі В.Д. Смирновтың 1907 жылғы шілде айынын 8-інде жазған доносында “Серке” газетінде жарияланған “Біздің максатымыз” деген макалага қатты шүйіледі. Макаланың сонынан “Аргын” деп қол қойылған болатын. Бұл бізге белгілі Міржақып Дулатовтың бүркеншік аты. М.Дулатов өзі жазған әмірбаянында алғашқы шығармасы “Серке” газетінде жарияланғаны туралы мәлімет береді.

Газеттің редакторын сотқа тартып, баспаханадағы сакталған сандарын тәркілеп, 1913 жылғы мамырдың 15-інде патша жарлығымен Санкт-Петербургдағы сот палатасы газетті жою туралы құжат шығарады. Дүниеге келмей жатып жергегінде тұнышқырғандай бұл газеттің не жазығы бар еді? 1907 жылдан 1913 жылға дейін неге сонынан шырак алып қуғынға түсірді? Газеттің түпнұсқасын еш жерден тауып оқи

алмадық. Санкт-Петербург мұрағатында сақтаулы тұрған Смирновтың құпия хабарынай бұл сұраққа жауап алғандай боламыз.

Патша үкіметінің отаршыл саясатының көріністерін, зорлық-зомбылықты, әділетсіздікті суреттеген бұл мақаланың аудармасынан қазақ елінің басына тәнген кара түнектен құтылуға көмектесудің жолын іздеғен, халық қамын ойлаган қазақ зияяларының серкесі - Міржақып Дулатовтың жан дауысын естігендей боламыз.

М. Дулатов қаламынан туған алғашқы кітап “Оян, қазақ” жинағы 1909 жылы Уфа қаласында, екінші басылымы 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрді

Козінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қаранғыда бекер жасты.
Жыр кетті, дін нашарлап, хал хараб боп,
Қазагым, енді жату жарамасты, –

деген өлең шумагымен ашылған кітантың тағдыры қайғылы болса да, қаһармандықтың үлгісі еді. Кітаптағы өлеңдердің кепшилігінде сорманцай халқының мұңданап, зарын зарлаган автор әділдік кеткен қоғамнан есесін ала алмай, адасқан анқау қазақтың патша үкіметінен қалай алданғанын быладай жырлайды:

Россия мемлекетіне бағынышты
Әбілхайыр төренің хан шағында.
Патша айтқан “ғаділдікпен билеймін” деп,
“Дініңе һәм жеріне тимеймін” деп,
“Оқ атпай, қылыш тартпай бағынған соң,
Қалайша кадірінді білмеймін”, – деп.

Қазақ елінің ен шүрайлы жерін коңыс аударған орыс шаруаларына күштеп тартып әперіп жатқанын, әділетсіздік пен зорлық-зомбылықтың күннен-күнге асқынып бара жатқанын көзімен көрген М. Дулатов “Оян, қазақта”:

Тартылып жылдан-жылға жер-суымыз
Мұжыктың кетті бәрі қаласына...
Қазагым, жерін қайда атамекен.
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен? –

дейді. “Серке” газетінен басталған патша цензурасының шабуылы “Оян, қазақ” кітабы жарыққа шығысымен тіпті өршіп кетті. Ашы шындықты айғайлап айттып, патша жендеттерін абыржытқан “Оян, қазақ” кітабы баспадан шықкан күнінен бастап халқына қанша

кадірлі болса, патша үкіметіне соншалыкты қауіпті болды. Күрескер кітаптың бірінші басылымын да, екінші басылымын да тәркілеи, авторын түрмеге қамал, күғынга ұшыратса да, кайсар азамат халқы үшін жанын пида етіп куресе білгенін мұрағат деректерінен айқын байқаймыз. “Оян, казак” кітабы колдан-колға, ауыздан-ауызға тарап, байтак қазақ даласын шарлап кетті.

Казақ тіліндегі тұнғыш роман “Бақытсыз Жамал” 1910, 1914 жылдары Қазан қаласында басылып шыкты. Қазақ әйелінің тағдырына арналған кітап туралы А. Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, Қ.Кеменгерұлы, С.Мұқанов макала жариялаган. М. Баталов пен М.Сильченко шығарманы саясатпен шатастырып, сын лікір жазыпты.

М. Дулатовтың “Азамат” атты жинағы 1912, 1914 жылдары басылып шығады. Бұл кітапта автордың елнендерімен бірге Пушкиннен, Лермонтовтан, Шиллерден аудармалары берілген.

М. Дулатовтың “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінде казак халқының әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына, саяси өміріне, шаруашылығына, денсаулық мәселесіне арналған макалалары ете көп. Бұл макалаларда автор қазақты ел басына түскен ауыр апаттан күткарудың жолын іздейді. Қалың қазақ халқын оятуды мақсат етеді.

“Алмас пышак қын түбінде жатпайды” демекші, қайсар азамат, дарынды ақын, алғыр публицист, жалынды журналист Міржакып Дулатовтың шығармалар жинағын 1991 жылы жас ғалым Марат Әбсеметов пен Гүлнар Міржакыпсызы Дулатова халқына кайта ұсынды.

Классикалық шығыс тақырыбына жазылған қазақ поэмаларындағы аса назар аудараарлық шығармалардың ішінде “Шаһ-намеден” тараған қазақ кітаптарының орны ерекше. Әбілқасым Фердоусидің “Шаһ-наме” эпопеясы – жер жүзі мәдениетінің тамаша ескерткіштерінің бірі, оның шығыс елдерінде көне заманнан-ак колжазбаларымен бірге кітап болып басылған нұскалары кеңінен жайылған болатын. Батыс елдері “Шаһ-намені” XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап өз тілдеріне аударып таныса бастаған. Ал орыс тіліне алғаш аударған атақты ақын В.А.Жуковский.

Осы “Шаһ-наме” қазақ арасына да ертеден ауызша тарап қана қоймай, оның колжазбаларын, басылып шықкан кітаптары мен мерзімді баспасөзде жариялаған нұскаларын кездестіреміз.

Солардың бірі – “Айқап” журналының 1914–1915 жылдарындағы жеті нөмірінде жарияланған. “Шаһ-наменің” бір белімі “Рұstem–Зораб”. Оны В.А. Жуковскийдің орыс тіліндегі аудармасынан белгілі журналист Мұхаметжан Сералин қазақ тіліне аударған болатын. “Шаһ-наменің” ең жағымды образдары Рұstem мен Жәмшид туралы қазақ арасында ертеден жайылған ертегі жырлармен бірге, басылып шыққан кітаптарын да

көздеңірміз. Кейбір деректерде “Рұстем Дастан” киссасы 1888 жылы басылғаны жайлы мәлімет бар. Бұл нұсқаны әзірге кездестірген жоқын. Ал 1901 жылы “Кисса-и Рұстем” деген тақырыппен Қазан қаласында Университет баспасында И.Н. Шәмсүддинов бастырган 78 беттік кітаптың фотокопірмесін оқып танысқанымызда, титул бетіндегі шыгаруға Санкт-Петербургтен 1901 жылы 22 мамырда цензура рұқсаты берілгені, Қазан uezі Тобын Айны аулының Исмагыл Нәжмединұлы Шәмсүддинов қаражатымен басылғаны жазылған. Аударған Хасен Шеркеш туралы мәлімет кітаптың 78-бетіндегі берілген. Жырдың ұзак кірісесінде Рұстемнің әкесі Залдан бастап ата-бабаларының шыққан тегі, ерлігі жырланады.

1934 жылы Әбілқасым Фердоусидің (934-1020) тұғанына мын жыл шоудына байланыста “Шаһ-наменің” Тұрмамбет ақын жырлаган нұсқасы “Рұстем-дастан” деген тақырыппен 1961 жылы кітап болып басылаады.

Тұрмамбет адем окушысының назарын ерекше аударған “Шығыс Шаһнадасы” – “Шаһ-наме” шыгармасының сюжетін алғып, оқига жолеін өз шеберлігімен суреттеп, казак ұғымына түсінікті етіл жазыл шықкан. Осы “Рұстем-дастанның” алғы сезіндеге академик жазушы М.О. Фуозов: “Рұстем-дастан” жыры Фердоусидің “Шаһ-намесінен” жасалған аударма емес. Ол арты-бергі (сонын катарында – бердеменде де ендегінен аудықсан) зұзынша да, жазбаша да хиҳаяларлың барінен құралып, казак ұлттың арасында ертегіші тарал кеткен батыр жорықтарының жыныстық жыры. Өлеммен жыр етуші Тұрмамбет ақын бұл женинде XIX ғасырда казак ортасында көл жайылған Шығыс аңыздарының еленге айналған дастан көлданған” деген. Шынында да бұл дастан Тұрмамбет Іштісев өзгерткесінде шыгармашылығының шоқтының биік елеулі болып саналады.

“Шаһ-наме” эпопеясында Рұстем орталық кейіпкер болумен катар, онның айналасындағы батырлардың іс-әрекеті Рұстем образымен тығыз байланыста суреттелсе де, әр батырга арналған тараулар ез алдына жеке шыгарма ретінде жырланған. Мысалы: Жәмшид, Баҳрам, Нәнітесіб т.б.

“Шаһ-намедегі” Афрасияб (Алымтегін) – Тұран елінің ертедегі ханы. Иранды ұзак жылдар ойрандаған батырга арналған жыр да тарау ретінде берілді.

Оны жырлардың казак тілінде кітап болып жарияланған кейір әүскәларына тоқталайык.

“Жәмшид” (Жам) “Авоста” коне ескерткішінде Иима немесе Әмина Ҳашета дөгөн өзіммен белгілі болған, кейін азғырған тілге еріп қарын көткен. “Шаһ-наме” эпопеясындағы ең жағымды образдардың бірі – Жәмшид тұратын иныздар Ә.Фердоусидің шебер суреттеуімен

иран, араб, түркі тілдес әдебиетте кең тараган. Қазак арасында ертегі, аның жырлармен бірге басылып шыққан кітаптары да бар; “Қисса-и Жәмшид” 1889, 1897 жылдары Қазан қаласында Чиркова мираскорлары баснасында ағайынды Кәримовтар бастырып шығарған. Жазған Қошшәфуддин Шаһмардан ұглы Гибадуллин. Жәмшид патшалық құрган дәуірде, тыныштық, бакыт, ракат омір орнап, ауру, қартаю, олім және сөгүс болмайды. Патша сиқырлы жамы арқылы дүниеде не болып жатқанын, келешекten хабардар болады. Бірақ, Жәмшид асып-тасады. Осыдан жүзі қарайып кетеді. Қиссада Жәмшид патшаның тұқымын құртушы, заңсыз билік жүргізуші, жауыз патша Зұхах (Заххак) пен Жәмшид арасындағы бітпес айқастар суреттеледі. Нұсқаның тілі шұбар, татар, араб-парсы сөздері көп колданылған.

“Шаһ-наме” сюжетінен тараған тағы бір нұсқа “Қисса-и Баһрам” деген тақырынен басылып шықкан. Сері, батыр, саятшы Баһрам Гур жырының шығыс халықтарында ауызша, жазбаша нұскалары мол сакталумен катар, Фердоуси, Низами, Дехлеви, Науан, Сайхали шыгармаларына да өзек болған. Олардың әрқайсысы Баһрам образын тыңнаған толғап, қайта жырлап отырган. Аныздың қазак вариантын Ш.Хусайинов 1908 жылы Қазан қаласында Университет баспасында, 1912 жылы Домбровский баспасында бастырып шығарған. Жырдың сюжеті қазак ауыз әдебиеті үлгісімен құрылған. Кіші хан тәнірден бала сұрап, мал-мұлқін кедей-кемтікке садақаға үлестіріп береді. Тілегі кабыл болып, әйелі ұл тауып, атын Баһрам қояды. Елден ерекше сұлу, әрі зерек болып өскен Баһрам ан аулап жүріп бір киіктің соңынан еріп кетеді. Алтын киік болып жүрген қызы Гүләндам екен. Баһрам толып жаткан киындықтарды женіп, акыры Гүләндамды алып мұратына жетеді. Баһрам қиссасы қазак арасына “Мың бір тұн” ертегісінен келтеген. “Сейфұлмалік” жырының сюжетіне ұқсас (Гүләндамды алу жолында көптеген кедергілер: диюлар, перілер, айдаһарларды жеңуи), сонымен катар қазак эпостары “Алпамыс”, “Қобыланда”, “Ер Тарғын” жырларымен де үндесіп отырады (баласыз ханның бала тілеуі, жар іздел жолға шығарда атасынан бата сұрауы, жоғалған ұлын жоқтаған ата-ана зары т.т.). Жырдың қазак варианты парсы тіліндегі нұсқалармен бірге Сайхалидін “Баһрам вә Гүләндам” поэмасының негізінде жырланған. Жырлаушы туралы мәлімет – келешекте зерттеуін күтіп тұрған мәселе.

Әдебиетте әр жанрдың өзіндік биік шоктығы болатыны сияқты қазак әдебиетіндегі мол сала – шығыстық сюжетке қуралған поэмалардың ішінде ерекше орын алатын шыгармалар да баршылық. Осындаидай дәрежеге көтерілген қазак арасына кең тараган көне нұсқалар “Бозжігіт”,

“Сейфұлмәлік”, “Көрүғұлы”, “Ләйлі-Мәжіүн”, “Мұғылым-Зарлық”, “Шәкір-Шәкірат”, “Жұсіп-Зылиха”, “Таһир-Зухра” тары басқалар.

Осы нұсқалардың кітап болып басылған кейбіреулерінің мазмұнын, басылу тарихын әдеби материалдарға сүйене отырып қарастырмактыз.

“Бозжігіт” кітабы тоңкерістен бұрын он үш-он торт рет басылып шыққан. Бұрынның кітаптардың тарауымы туралы мәлімет жазылмайтын. Шығысты зерттеуші ғалым Н.Ф. Катановтың қазақ кітаптары жайында жазған макалаларының біріндегі “Бозжігіт” кітабының 1896 жылғы басылымы 10000 дана болып шыққаны туралы мәлімет берілген. Жырдың қолжазба нұсқалары Санкт-Петербург, Мәскеу, Казан, Алматы қалаларының кітапхана корларында, мұрагат қазыналарында сактаулы тұр. Ескі қолжазбаның бір нұсқасы Британия мұражайында сактаулы. Бұл деректерден жырдың ерте кезден-ак мол тараганын байқаймыз.

Қазак арасында кітап болып жарияланған нұсқаларынан 1875, 1889, 1890, 1903, 1910 жылдар басылымдары туралы мәліметтер А. Бобров пен Н.Катановтың Қазан университетінің мұрагатында сактаулы тұрган кітаптар мен қолжазбаларға жасаған сипаттамасында және Н. Сәбитовтың корсеткішінде берілген.

1911 жылы Ақылбек Сабалов жырды қайта жырлаған, “Кисса-и Бозжігіт” деген атпен Қазан қаласында Қаримия баспасында бастырып шыгарған.

1870 жылы атакты түрколог, шығысты зерттеуші ғалым, академик В.В. Радлов түрік тайпалы халықтардың әдебиет улгілеріне арналған он бір томдық еңбегінің үшінші томында түгелімен қазақ әдеби нұсқаларын жариялаған. Осы жинакта “кітап өлең” деген бөлімінде “Бозжігіт” жырының бір нұсқасы басылған.

В.В. Радлов жинағында басылған “Бозжігіт” жыры таза қазақ тілінде жазылған, көркемдігі, жалпы құндылығы жағынан ерекше орын алады, оқиғасы үнемі өлеңмен баяндалады.

Бағыстың “Ромео мен Джүльєттасы”, шығыстың “Ләйлі-Мәжнүнімен” үндесіп жаткан, махаббат мұнын шертетін “Таһир-Зуһра” азызының сюжеті араб, ұнді, елдерінде ерте кезден-ак белгілі болатын. Содан бері ғасырлар бойына ұмытылмай келе жатқан бұл әңгіменің әр түрлі вариантарының аузыша нұсқалары мен қолжазбалары Орта Азия халықтарының арасынан, Әзірбайжанда, Түркияда, Синьзянда, татарлар мен қазактар арасынан мол тараган. “Таһир-Зуһра” азызын алғаш өндеп, жырлаған өзбек ақыны Сайяди, ол XVII ғасырда өмір сүрген. Ал, түркмен ақыны Молланепес (1810–1862) дастанының халық нұсқасының сарыны бойынша жазып, “Таһир-Зуһраны” лирикалық поэма дәрежесін жеткізген. Қазақ арасында “Таһир-Зуһра” дастанының екі нұсқасы тараган. Бірі –Оразаев жазған, ол төңкерістен бұрын 1888, 1889, 1893, 1896, 1897, 1904, 1907, 1908 жылдары Қазанда кітап болып

басылып шықкан. Бұл нұсқаның да тілі шұбар, татар тілінің элементтері, араб-парсы сөздері көп қолданылған; кейінкерлердің ғашықтық сезімі, ойы, мұңы олең түрінде беріліп, мазмұны негізінен кара сөзben баяндалған. Нұскалардың авторы – Ахмет Мұхаммедзарифұлы Оразасев” дедінген. Екіншісі – XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында өмір сүрген, отыз шақты кисса-хикая жазған, белгілі ақын Ақылбек Сабалов жазған нұска; ол 1911 жылы 125 беттік кітапша болып Қаримия баснаханасында “Кисса-и Тахир – Зуһра” деген аттан жарияланған. Бұл нұска – басынан аяғына дейін елецмен жазылған, оқығасы қызығылтықтың құрылған көркем шығарма. Поэмада Тахир мен Зуһра – бірін-бірі шын сүйген ғашықтық жолында жанын киган асыл жандар. “Тахир” – араб тіліндегі “міңсіз”, “бұзылмаған”, ал “Зуһра” – “жарқын”, “шолпан жүлдізы” деген ұғымды білдірелі. Зуһра – сүйгенімен қосылу жолында тоғып жатқан тоқсауыл азантарын корсе де сертіне таймайды. Ақыры кері кеткен әдет-ғұрып пен құштілер билеген кезеңінде құрбаны болған Тахирдың артынан ол да қаза табады. Зуһраның қабыры үстінде ак гүл өседі, Тахирдың қабырының үстінде қызыл өседі. Ал, Ғараб құлдың қабырының үстінде кара тікенек өсіп, ак гүл мен қызыл гүл қосылайын деген шакта, әрқашан бөгет қылады Қара тікенекті балтамен шауып тастаса да, ол кайта өсе береді-міс деген аңыз осыдан калған екен. Екі жастың қайғылы маҳаббаты жыр болған бұл поэмада өмірдегі ен аяулы – жан сұлулығы, достыққа, ғашықтыққа берік болу, арманына жету үшін қара күш иелерімен, қындықпен күресе білу, көnlі сүйгенін кіршікіз сактай білу керектігі ұғындырылады.

Қазак арасында көп тараган, қиял-ғажайып сртегілерінен алынып киссага айналдырган “Шәкір–Шәкірәт” дастаны адалдыққа, табандылықка баулиды. Жырда ағалы-інілі екі жетім баланың бір-біріне қайрымдылығы, тоғып жатқан қындықтар мен азантар көрсе де, ізгілік жолдан таймай, ақыры екеуі елге патша болып, мұраттарына жеткені баяндалады.

“Шәкір–Шәкірәт” 1840 жылдан бастап, 1872, 1880, 1883, 1884, 1888, 1890, 1896, 1901, 1909, 1912, 1915, (1916) жылдары Қазанда Университет баспасында жарияланған, солардың ішінде 1894 жылғы басылымы 10000 дана болып шылданы туралы мағімет Н.Ф. Катановтың макаласында берілген. Жыр ел арасына ауызша оте мол тараган. Ал, қолжазба нұскалары Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы қалаларының кітапхана қорлары мен мұрағат казыналарында сақтаулы тұр.

Шәкір мен Шәкірат – адамға жақсылық жасаушы, баянды іске бастаушы ерлігімен халық сүйген жандар. Шығармада атасынан баласын айырған өгей шешенің аярығы мен залымдығы, ынжық

патшаның туган баласын өлімге киган пасыңтығы, өліп қалған Шәкірді қайта тірілткен кемпір мен шалдың адал тілегінің орындалуы, Шәкіраттың айдаһар аузынан балықшы шал мен кемпірдің қызын құтқаруы, мал үшін адал жандарға зәбір көрсетуші ел билеушілерінің, үәзірлердің, саудагерлердің зұлымдық, жауыздық әрекеттері, тагысын тағы толып жатқан қат-қабат өмір құбылыстары шебер суреттелген.

Халықтық сипатта жырланған “Шәкір–Шәкірат” поэма-дастанының басты идеясы – адам өмірін жақсарту, тұрмыста кездесетін қыншылық, ауыр азаптан құтылуда адамның құш-куаты, ақыл, парасаты бәрінен де зор екендігіне мол сенім артуында.

“Шәкір–Шәкірат” дастанының төңкерістен бұрын басылып шылқан нұскалары Баhtиярдың атымен байланысты. Баhtияр – X ғасырда өмір сүрген Иzzадин Баhtияр (967–978) патшаның сарай ақыны. Ол “Бахтияри” деген атпен “Жұсіп–Зылиха” поэмасын жырлаған. “Шәкір–Шәкірат” дастаның да жазған осы Баhtияри ма, бұл – келешекте зерттеуін күтіп тұрған мәселенің бірі.

Көз жеткісіз көне заманда туып, “дүние жүзілік анызға айналып кеткен “Жұсіп–Зылиханың” сюжеті біздің жыл санауымыздан бұрын IV ғасырда да болған екен. Соңан бері карай мындаған жылдар жасап, “Библия” мен “Құранда” да әңгімеленіп, Шығыс ақындарының көбінің шығармаларына өзек болып келе жатқан бұл поэмада сұлулық пен махабbat уақығаға желі болып тартылған. “Жұсіп–Зылиха” дастанының ауыз әдебиет нұскаларымен катар жазба варианттары сирия, араб, парсы әдебиетінде, түркі тілдес халықтардың әдебиетінде ете көп жайылған. Жырдың ең көне қолжазбалары Британия мұражайы мен Будлин кітапханасында сактаулы тұр.

“Жұсіп–Зылиханың” сюжетіне қалам тартқан ақын, жазушылар: Абдаллах Ансари, Рукнеддин Масуд бин Мухаммед, Шахин Ширази, Құл Фали, Шайяд Гамза, Мұстафа Зараги, Сули Фагих, Дурбек, Нурмухамед Ғарип Андалиб, Н. Харави, Дж. Хазит, Ш. Гульпайғани, Ш. Торшизи, Л.Азер, Х. Челеби, И. Кямал, Губари, С. Чакери, Яхтиябек, тағы басқалар. Халық арасына кен тараған әрі кемелденген нұсқасы – Эбдірахман Жәми 1483 жылы жырлаған 77 тараудан, төрт мың бейіттен тұратын “Жұсіп–Зылиха” хикаясы Жәми шабыттының құдіретімен поэзия биігінен орын алғып, мәңті өшпейтін көркем туындыға айналған. Жәмидің көзі тірісінде әлемге эйгілі болған. “Жұсіп–Зылиха” жырын ақынның замандасы Моинеддин-Мухаммед Земчи “тамаша сыр шертілген поэзиялық шығарма” деп зор қуанышпен мақтанған екен. “Жұсіп–Зылиха” халықтың ғасырлар бойына сүйіп оқыған, шын ықыласпен тындаған дастандарының бірі. Әр дәүірдің ақын-жазушылары жырға қайта оралып, кейбіреуі түннан толған отырған.

Қазақ арасында “Жүсіп-Зылиха” дастаны ерте кезден-ақ мол жайылған, ел ішінде ауызша айтылумен қатар, қолжазба нұсқалары да көнінен тараган. Төңкерістен бүрін жырдың Жүсіпбек Шайхулисламов жазған нұсқасы “Қисса-и хазірет Жүсіп ғаівіннессаәм мен Зылиханың мәселесі” деген тақырыппен 1898, 1901, 1904, 1907 жылдары Университет баспасында, 1913 жылы Домбровский баспасында, 1918 жылы “Орталық” баспаханасында Ш. Ҳұсайынов мұрагерлері басып шығарған “Жүсіп-Зылиха” жырын қазақ тілінде жырлаған Жүсіпбек Шайхулисламұлы туралы кітап сонында мынандай мағіметтер берілген: “Дастан қылыш шығарушы қожа жырлаған Жүсіпбек Шайхулисламұлы Айқожи, тарих һижратының 1313 жылы мухәррәмнің 21 күні жазылды, русшаның 1897 жылында”. Бұл дастаның ұзак кіріспесінде, жырдың ұзын-ырғасында ислам дінін, құдайды, пайғамбарды мадақтайтын шумактар беріліп, араб-парсы сездері, сөз тізбектері қолданылса да, поэманның негізгі идеясы адамгершілік, гуманизмді уағыздайды және ғашықтық жеңбейтін кедергі жоқ деген ұғымды Зылиханың Жүсіпке деген махаббаты арқылы аскан шеберлікпен суреттейді. Жырдың қазақша мазмұны мынадай: Жүсіп бала кезінде түсінде толған ай мен күн, олардың арасында сәждे етіл тұрган он бір жұлдыз көргенін айттып, шешуін әкесі Жақып пайғамбардан сұрайды. Іштарлықпен өштескен мейрімсіз агалары Жүсіптің көзін жоғ үшін айдаладағы құлдыққа апарып тастайды да, әкесіне қасқыр жеді деп өтірік айтады. Кейін баланы Мысыр саудагеріне құлдыққа сатып жібереді. Сүйікті баласынан айырылып ата қайғыдан қартайып, жылаудан екі көзінен айырылып, көп мекнат шегеді. Сонда да баласынан үмітін үзбейді. Жүсіп көп жылдардан кейін Мысыр патшасының әйелі Зылихага қызметші болады. Зылиха сұлу Жүсіпке қырық жыл бойы ғашық болып, уайымнан өңі солып, шашы агарып, көзінің нұры кетіп, әбден қартаяды. Ғашық отына күйген Зылиханың аузынан шыққан ыстық лебіне қамшының сабы жанады. Ақыры Жүсіп Мысыр еліне патша болып, Зылиханы алады. Жүсіпке қосылған соң Зылиха жасарып, баяғы сұлу калпына түседі. Жақып баласының көйлегінің иісінен Жүсіптің тірі екенин біліп екі козіне нұр бітеді. Пайғамбарлардың осынша қайғы-қасіретке ұшырауына себеп болған жай – ертеректе Жақып пайғамбар бір күннің баласын аласынан айырып, құлдыққа сатқан екен. Назаланған аианың жерге тамған жеттіс тамшы көз жасы мен қайғысынан Жақып өзінің ең сүйікті баласы Жүсіптен жеттіс жыл айырылғаны жырдың сонында мәлім болады.

Құл мен пайғамбардың тағдырын қатар койып суреттеуге дейін барған шығыстың классикалық әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі –

“Жұсіп–Зылиха” поэмасы гуманистік идеяга толы, поэтикалық образдары қарапайым, ой-сезімі, табигаты жалпыға түсінікті тілмен жазылыған көркем шығарма. Шыншыл, шыдамды әрі әділ Жұсіптің құлдықтан патшалыққа дейінгі өмір жолы мен сүйгені үшін малын да, жанын да пида еткен Зылиханың маҳаббаты әлі де талай ғасыр дарын иелерінің тіліне тиск, киялына ұшқын бола бермек.

Қазак арасындағы шығыс тақырыбына жазылып, кітап болып басылып шықкан үлгілердің үзын-ыргасы екі жүзден артық. Солардың бәрі бірдей бір текстес емес. Халықтық туынды болып кеткен, жоғарыда тоқталған ғашықтық жырлар және шығыс классиктерінен аударылған немесе шығыстық тақырыпқа құрылған шығармалардан басқа “Салсал”, “Кер баланың шөлінде”, “Жұм-жұма”, “Зарқұм”, “Хазірет-и Ғұсман”, “Мұхаммед Ханафия” сияқты ислам дінін насиҳаттауға арналған кітаптар барылышық. Көркемдік саласы жағынан да бұл қиссалар әр қылы.

Төңкерістен бұрын жарық көрген әрбір кітап, газет-журнал – халқымыздың азаматтық тарихы. Қазіргі ғылым өткендегі осы бір мәдени мұраларымызды жинақтап, жүйелеп, түрлі библиографиялық көрсеткіштер лайындау ісіне зор мән беріп отыр. Кейінгі жылдарда басылып шықкан түрлі анықтамалар, библиографиялық көрсеткіштер, энциклопедиялар, шежірелер, бұл саладағы жұмыстың дамып отырғанының айғыры бола алады. Жалпы библиографиялық көрсеткіштердің ғылыми зерттеу жұмысында алатын орны ерекше екеніне қазір ешкім де шек келтірмейді. Ғылыми қызметкерлермен катар студенттер, журналистер мен жазушылар қажет материалдарын онай, тез тауып алудына көмек көрсететін құрал ретінде де библиографиялық көрсеткіштердің құны құннен-құнге артуда.

Тұған мәдениетіміздің ежелден келе жатқан өзекті тарауының бірі – қазақ кітаптары. Енді сол қазақ кітаптарының тарихын түбебейлі зерттеу үшін алдымен қазақ кітаптарының библиографиясын құрастырып алуымыз керек. Төңкерістен бұрын көбіне араб әрлімен басылып шыққан қазақ кітаптарының бәрі түгелдей сакталмаған. Уақыт өткен сайын ол кітаптар мұрағат қазынасы мен кейір кітапхана корларынан басқа жерден табылмайтын, сирек кездесетін нұсқаларға айналып бара жатыр. Біз қазақ кітаптары туралы түбебейлі еңбек жазып бердік деп айта алмаймыз. Қазақ кітаптарының тізімімен алғаш таныстырған 1948 жылы жарық көрген Нығмет Сәбитовтың библиографиялық көрсеткіші. 35 беттен тұратын бұл кітапша қазақ елінің тарихын, әдебиетін, тілін зерттеушілерге 1862–1917 жылдар аралығында жарық көрген біраз қазақ кітаптары туралы алғашқы мәліметтер береді. Не бары 750 дана болып шыққан бұл көрсеткіштің езі де қазір сирек кездесетін нұсқага айналып отыр.

1971 жылы басылған Әбіш Жиреншиннің төңкерістен бұрын жарық көрген казақ кітаптарының қашан, қай жерде басылғаны, оларды шығарушылар кімдер екенілгі және жазба мұраны жинауышлар мен авторлар туралы мәліметтер берген кітабынан басқа көлемді кітап шықкан емес.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы казақ халқының экономикалық, саяси өмірін, мәдениетін, әдебиетін, тілін зерттеуші галымдар бірі аз, бірі көп дәрежеде казақ кітаптарына тоқталғанымен бұл салада жан-жақты зерттеу жүргізілген монографиялық еңбек жоктың қасы. Бұл да келешекте алда тұрған иғлікті істеріміздің бірі болмақ. Осы жайларды ескере отырып, төңкерістен бұрын жарық көрген казақ кітаптарының библиографиясын жасау үшін алдымен біз Мөскеудегі В.И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапханада, Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көшшілік кітапханада, Қазан Мемлекеттік университетінің, Н.И. Лобачевский атындағы Ғылыми кітапханасының шығыс тілдегі қолжазбалары мен сирек кездесетін кітаптар корында, Ташкенттегі Бируни атындағы шығыс зерттеу институтының мұрагатында, Алматындағы Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар корында сакталған казақ кітаптарының фотокөшірмелерін және микрокөшірмелерін түсіріп, Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана корына жинаудан бастадық. Еңбекті дайындау барысында мұрагат материалдарымен таныса отырып, түрлі каталогтарды, проспектілерді, библиографиялық тізімдерді, естеліктер мен мемуарларды, төңкерістен бұрын шығып тұрған газет-журналдарда басылған мәліметтерді пайдалана отырып, казақ кітаптарының картотекасын жасадық. Картотекала негізінен Қазанда, Орынборда, Уфада, Ташкентте және Петербургте араб әрпімен басылып шықкан казақ тіліндегі кітаптар сондай-ак қазақша-татарша-орысша, орысша-қазақша, қазақша-орысша-парсыша-араңша, т.б. сөздіктер де алынды.

Кітаптардың көшшілігін *de visu* қарап шыктық. Ал *de visu* қарауға мүмкіндік болмаған жағдайда, яғни библиографиялық тізімдер мен проспектілерден алынған кітаптардың алдынан жұлдызыша /*/ қойып отырыбы. Көне кітаптардың тақырыбы кейде араб, парсы, орыс, татар тілдерінде жазылған. Кейде авторы не басылып шықкан жылы, қай калада басылғаны көрсетілмеген. Ондай жағдайларда кітаптың мазмұнымен таныса отырып, мұрагат материалдарын, бұрын-сонды басылып шықкан еңбектерді қарап шығуга тұра келді. Сондай-ак әбжәд, хиджра әдісін де көнінен пайдаландық.

Көрсеткіште 1807 жылдан 1917 жылдар аралығында басылып шықкан қазак кітаптары қамтылды. Кітаптарды шартты түрде 1807 жылы жарық көрген “Сейфұлмәлік” кітабынан бастады.

Кейінгі кезде қазак әдебиетінің тарихын ғасырлар тереніне бойлай зерттеу талабы едәуір жаңдана бастады. Келешекте қазак кітабының да ертеректе басылған нұсқалары зерттеулер нәтижесінде табыла берілуі ықтимал.

1807 жылы басылған “Сейфұлмәлік” кітабы қай тілде жазылды деген мәселеге токталсақ Қазан төңкерісінен бұрын жазба әдебиетте көп қолданылған Шағатай ұлысы қол астына қарайтын жергілікті халықтардың түрлі варианттары ресми тіл яғни кітаби тілде жазылды. Бұл тілді ғалымдар кейде шағатай тілі, кейде кітаби тіл деп те атаған. Ертеректе жарық көрген қазак кітаптарының көшілігі осы тілде басылған болатын. 1807 жылы басылған кітаптың сюжеті де белгілі “Сейфұлмәлік” жырына ұқсас. “Сейфұлмәліктің” қазак арасына мол тараған дастандарына негіз болған бұл нұсқасы зерттеу мәселесі алда тұрған міндеттерінің бірі болмақ. Кітаптың Мәскеудегі Мемлекеттік кітапханадан алынған микроКөшірмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорында сактаулы. 1807 жылғы осы кітаптан кейін қазак арасына кен тараған жырдың екі варианты он шакты рет жарық көрген. Біріншісі: Радлов жинағында басылған нұсқа, оны Жұсіпбек Шайхұлисламов аздаған өзгерістермен, жырдың ішіне өз атын қосып, кейбір шумактарды қыскартып, кейбір сөз тіркестерін өзгертіп бастырган; оны 1903, 1908 жылдары Университет баспасында И. Шамсұддинов жеке кітапша етіп бастырды. Радлов жинағындағы нұсқаның тілі таза, араб-парсы сөздері жоқтың қасы, көп сөзділік қайталау кездеспейтін көркем туындылардың қатарына жататын шығарма. Радловтың өзі де жинақтың алғы сөзінде: “халық рухына бейімделіп қайта жасалған қисса” деп атап айтқан болатын. Екіншісі: 1870 жылы Радлов жинағында басылған “Сейфұлмәліктің” көне нұсқасымен бірге қазак арасына мол тараған, төңкерістен бұрын әр түрлі тақырыппен жеті-сегіз рет жеке кітап болып жарияланған нұсқа да бар, оны 1882 жылы “Қисса-и Сейфұлмәлік шаһзада ағазқырдан Бәдігүлжамал-Перизат” деген тақырыппен, 1895, 1909, 1914 жылдары “Қисса-и Сейфұлмәлік” деген атпен Қазан қаласындағы Домбровский баспасында Ш.Хусайинов мұрагерлері бастырады. Кітаптың осы басылымдарын Университет баспасынан Ш.Хусайинов мұрагерлері 1902, 1904, 1908 жылдары “Қисса-и Ғабдулмәлік” деген тақырыппен қайта бастырып шығарған. “Сейфұлмәліктің” орына Ғабдулмәлік деп, адам аттарын өзгертіп басқаны болмаса, екі нұсқаның арасында ешқандай айырма жок. Бұлардың Радлов вариантымен сюжет ұқсастығы

болмаса, көркемдік дәрежесі де, стилі де екі түрлі. Жалпы, “Сейфұлмәлік” дастаны – шығыс сюжетіне құрылған болса да, қазак халқының аузы әдебиетімен орайласып, үйлесіп кететін, өмірді кияладап әсірелей көрсетушіліктің атуан түрлі тәсілдерін, тамаша көркем фантастиканың үлгілерін танытатын айрықша құнды шығарма. “Сейфұлмәліктен” кейін 1831 жылы Қазан қаласының Университет баспасынан жарық көрген “Иғлан наме” кітабы. Кітаптың мазмұны сол кезде ел арасына жайылған оба ауруымен құресу мәселесіне арналған. Осы кітаптың бір данасы Татарстан Республикасының Мемлекеттік Орталық мұрагатында сактаулығы түр.

Бұл кітаптардың көпшілігі қазіргі кезең алға тартып отырған талаптар тұрғысынан ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді, тарихымызды байыта түсегін нұскалардың қайнар бұлагы екені даусыз.

* * *

1. Катанов Н.Ф. О научных трудах по востоковедению проф. Ильи Николаевича Березина, жившего в 1818–1896 годах // Казанский телеграф. – 1897. – №1247.

2. Катанов Н.Ф. Предания Присаянских племен о прежних делах и людях // Записки имп. Русск. Общ-ва по отд. этнографии. 1909. – Т.34. – С. 266. /Сборник в честь 70-летия Г.Н.Потанина.

3. “Тәржаман”. – 1914. – №113. – 28 май.

ШАУШАУША

ӘДЕБИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУДІН КЕЙІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әр дәуірде шығып тұрған газет-журналдарды өз тұсында болған саяси, шаруашылық, мәдени тұрмыстың көнінен қамтитын, солардың нақтылы деректері деуге болады. Төңкерістен бұрынғы прогрестік білім тарату бағытында болған қазақ газеттері сол кездегі қауым тұрмысының, тап күресінің, төңкеріс қозғалысының тарихына керекті байтақ мағлұмат беретін ғылыми зерттеудің кайнар бұлагы.

Ғылыми маңыздылығы жағынан бұрынғы баспасөз бетінде басылған мәліметтерді бір ғана мұрағат қазынасымен салыстыруға болады. Эрине, бұл газет-журналдарда басылған шығармалардың кай-кайсысын болса да, пайдаланғанда сын көзінен өткізу шарт.

Қазақ тіліндегі алғашкы газет “Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882) “Туркестанские ведомости” газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында шыға бастаған. Алғашқыда ол айна төрт рет, оның екі нөмері өзбекше, екі нөмері қазақша шығатын болды. “Түркістан уалаятының газеті” бетінде қазақ елінің тұрмысы, тарихы туралы мәліметтер көп басылған, оның ішінде казіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Талдыкорған және Алматы облыстарын қоныстаган қазактардың сол кездегі тіршілігі көңірек орын алған. Газеттің редакторы – Ш.М. Ибрагимов, Шоқан Үәлихановтың танысы, ол бұрын Омбы кадет корпусында оқып, Қекшетау дуанының хатшысы болған кісі. Кейінрек газетке редактор Х.Чанышев болды. Бас редакторы Н.М.Остроумов ғылыми зерттеу жұмысымен шұғылданған адам болғандықтан газеттің рееси емес белімінде жергілікті халықтардың тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне жаңасты материалдарды көп бастырган. 1883 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұйрығы бойынша газетті қазақ тілінде шығару токтатылып, кейін ол өзбек және орыс тілдерінде шыкты.

“Түркістан уалаятының газетінің” соңын ала Орта Азия халықтарының тілдерінде газет-журналдар шыға бастады. Патша үкіметінің отаршылық саясатына қарамастан, бұл газеттер қазақ халқы мен Орта Азия халықтарын орыс халқының мәдениетіне тарту ісінде прогрестік роль атқарды. Солардың бірі – “Дала уалаятының газеті” (1888–1902) Омбыда шығып тұрған “Ақмолинские областные ведомости” газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған, “Дала уалаятының газеті” жүртшылыққа бірталай таныс, ол туралы бірнеше ғылыми еңбектер мен макалалар бар.

Қазақ тілінде шыққан газет-журналдардың екінші тобы 1905–1907 жылдардағы Ресейде болған төңкеріс екпінімен дүниеге келді.

Қазан төңкерісінің алдындағы дабылдардан кейін шыға бастаган “Айқап” (1911–1915) журналы мен “Қазақстан” (1911–1913) газеті үкімет тілі ретінде шықкан жок, тек жеке адамдар тобының серіктесуі бойынша шыкты. Бұл соңғы екі баспа халық бұқараасының ой-санасын көтеріп, оларға білімнің әр саласынан мәлімет беру мақсатымен шығарған, прогрестік-демократиялық мәні бар органдар.

1870–1917 жылдар арасында қазак тілінде шығып тұрган бұл газет-журналдарда басылған шығармаларды қазак халқының жартығасырдағы тарихи тәгдышының көркем шежіресі деуге де болады. Бұл шығармаларда қазак өмірінің барлық күрделі құбылыстары мен уақығалары толық, тұтас қамтылмаса да қазак халқының тарихында болған ұлы өзгерістер де, халық өмірінің жеке-жеке суреттері де алғаш баспасөз бетіне түсіп, үлгі әдебиеті мен мәдениетінің негізін қаласуға көмектесті.

Бұл басылған шығармалардың ішінен ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мираб болып келе жаткан қазактың ауыз әдебиетінін нұскаларын, онымен көршілес бірін жасасып, әсер, ықпалын тигізіп отырған шығыс әдебиетінін нұскаларын және озық идеялы орыс әдебиетінің нұскаларын көреміз.

Бұл шығармалар уақытында өте маңызды болумен қатар, сол кездегі қазак әдебиетіне жаңа ағым, жаңа түр, жанрлардың бастамасын ала келді. Мұнда қазак өмірінің әрбір көрініс-кезеңін сол өз заманына сай бейнелеумен қатар, өмірді реалистік түрғыдан суреттеп, есқіні сынап, жаңаға бой ұру талабы да байкалады. Әрине, бұлар қазак әдебиетіндегі алғашқы адым болғандықтан кейбір елеулі кемшілік-олқылық барына қарамастан, кейінгі әдебиетімізге илгі әсерін тигізді.

Төңкерістен бұрынғы қазак газет-журналында басылған көркем шығармалардың бір тобы қазактың өз төл әдебиеті болса, енді бір тобы орыс тілінен аударылған не шығыс әдебиетінен ауыскан үлгі әдебиет. Бұлардың бәрі қосылып, мазмұн, көркемдік жағынан әр түрлі болса да, жалпы қазактың жазба әдебиетінің дамуына жағдай жасады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазак еліне игілікті әсерін тигіз бастаган орыс әдебиетінің, мәдениетінің, шаруашылығының үлкен нәтижесі – қазактың тұнғыш ғалымы Ш. Уалихановтың, классик ақыны Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы І. Алтынсаринның қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы дейміз. Ал, Қазақстанның мәдениет пен әдебиетінің дамуына сол кездегі газет-журналдардың ролі өте зор болды. Ол газет-журналдардың бетінде макала, хабар жазған орыстың Қазақстанды зерттеген ғалымдары – Г.Н. Потанин, П.П. Семенов-Тян-Шанский, В.В. Радлов, А.И. Добромуслов, И.И. Крафт, А.Е. Алекторов т.б. болуымен қатар, орыс әдебиетінің классик жазушыларының аудармасы алғаш қазак тілінде басылуының өзі зор жаңалық, игілікті бастама еді.

Бұл газет-журналдарда басылған орыс әдебиетінен аударылған шығармалардың әсерімен қазақ елі орыс мәдениетіне қол созып, одан нәр алып үйрене бастайды. Ал мәдениет қайраткерлері мен ғалым саяхатшылардың еңбектерінің газет-журнал белгіне басылуы арқасында орыс халқы да қазақ елінің рухани байлығымен таныса бастайды.

“Дала уалаятының газеті” әдеби қосымшалары мен кейір материалдар болмаса, негізінде екі тілде қатар басылып тұрды. Осы екі тілде басылған шығармалардың орыс тіліндегілері қазақ тіліне, қазақ тіліндегі төл шығармалар орыс тіліне аударылып отырды. Яғни орыстың төл шығармаларымен бірге А. Алекторовтың ел арасынан жинал бастырған қазақ ертегілерін газетте Е.Абылайханов, Д.Сұлтангазин, Р.Дүйсембаев қазақ тіліне аударып бастырды. Сондай-ақ Ы.Алтынсарин, А.Құрманбаев не М.Ж.Көпесевтің қазақ тілінде жазған макала-хабар, әңгімелерін орыс тіліне аударып басып отырды. Сонда аударма жұмысы екі тілде қатар жүргізілді. Бұл төсөлген аудармашылары жоқ кездің үлкен жемісі ретінде зерттеушілердің назарын аударатын жұмысы болмак.

Төңкөрістен бұрынғы әдебиетте көркем аударманың шебер үлгілерін қалдырган Абай, Ыбырай болса, сол кезде шығып тұрған “Түркістан уалаяты газетінің” бетінде басылған аудармалардың аударма тарихынан алатын өзіндік орны болғанын, олардың күнды аудармалар тууына себін тигізгенін атап етпеске болмайды.

Солардың ішінде ұлы жазушы Л.Н. Толстойдың шығармалары қазақ даласында өткен гасырдың 70 – 80-жылдарынан бастап аударыла бастаған. Л.Н. Толстой Ясная Полянада өзі ашқан мектепте крестьяндардың балаларын оқыту жұмысымен көп жылдар бойына шүғылданған болатын. Соған байланысты педагогика саласында қажырлы еңбек сініре отырып, оку құралы ретінде 1872–1875 жылдары “Новая азбука”, “Русские книги для чтения” кітаптарын бастырып шығарғанын білеміз.

Ұсақ әңгіме, макалмәтел, ертегі, нақыл сөздер негізінде құралған осы құиды еңбектен аударылып, “Дала уалаятының газетінде” жарияланған нұсқалардың орны ерекше. “Дала уалаятының газетінде” аударылып жарияланған Л.Н. Толстойдың мысалдары, ұсақ әңгіме, ертегілеріне қысқаша шолу жасасак, бұл аудармалар түп нұсқаға ете жақын, көп жері сезбе-сөз де келіп отыратынын байқаймыв.

Л.Н.Толстойдың жоғарыда аталған оку құралдарынан аударылып басылған газет бетіндегі әңгімелер мыналар: “Ұзақ пен көгершін”, “Бұғы мен қарақаттың сабагы”, “Бұғы”, “Коян”, “Өтпес пышақ”, “Мужық пен жасауыл”, “Құмырска мен көгершін”, “Арыстан, қасқыр һәм тулқі”, “Сурат кофейнасы”.

Кейін, 1915 жылы Л. Толстойдың “Ілияс” деген әңгімесі аударылып “Айқап” журналының 11- санында жарияланған-ды.

Газет бетіндегі басылған бұл аудармалардың сонынан авторы да, аударушысы да көрсетілмеген.

Орыс халқының кімнегер жазушысы И.А.Крыловтың мысалдарын алғаш осы газет-журналдардың бетінде аударып басу арқылы, қазак әдебиетінде тың жаңр – мысал жанры туа бастайды. И.А.Крыловтың мысалдары халық арасына ауызша тараалуымен қатар, ол аудармалар төңкөрістен бұрынғы баспасөз бетінде басылыш түрған. Кейін Крылов мысалдарының жеке кітап болып шықканын да білеміз. С.Көбеев 1910 жылы “Үлгілі тәржіме” деген тақырыппен Крыловтың 37 мысалын аударып бастыра, Б. Өтегілеуов 1914 жылы “Жиган-терген” деген тақырыппен 13 мысалын аударып бастырган. Бұлардан бұрын “Дала уалаятының газеті” мен “Айқапта” И.А.Крыловтың бірнеше мысалы кездеседі.

Сүйтіп, ертеден басталған орыс классиктерін аудару, одан үйрену дәстүрі XIX ғасырдың аяғында одан әрі дами, өркендей келе қазак төл мысалының тууына да себеп болды. С. Көбеев, Б. Өтегілеуов, С.Донентаев сиякты ақын-жазушылар қазақтың ауыз әдебиетінен ұсак ертектерді пайдаланып, оларға жаңа мазмұн беріп, мысалға айналдырғаның қазак әдебиетінің тарихынан білеміз. Сондай-ақ осы газет-журналдардың бетінде қазақтың өз мысалдары, мысал жанрына тән ауыз әдебиетінің нұсқалары, ұсак ертегілер, аллегория, өлендер де көптеп басылған.

Бұлармен қатар қазақтың белгілі жазушы журналисті Мұхаметжан Сералин “Рустам-Зураб” поэмасын – “Шахнаманың” бір тарауын орыс тілінен аударған. Ол “Айқап” журналының 1914 жылғы 22-24, 1915 жылғы 2-5,9 сандарында басылды.

М. Сералин бұл аударма-поэмага берген түсінік мақаласында парсы тілінде жазылған Фердоусидің “Шахнамасын” неміс тіліне Рюккерт аударғанын, одан орыс тіліне В.А. Жуковский аударғанын, ал орыс тіліндегі нұсқасынан қазақ тіліне М. Сералиннің өзі аударғаны жайында мәлімет береді.

XIX ғасырдың басынан бастап етек жая бастаған татар баспаханаларынан шығып қазақ арасына кең тараған ислам дінін үағызыдаушы кітаптармен бірге шығыстың классик әдебиет нұсқалары да ел ішінде тараған.

Бұл шығармалардың көпшілігінің сюжеті араб аңыздары негізінде болса да, оларда жалпы адамгершілік, сүйіспеншілік мәселелерін қазақ топырағына лайықтап, жаңа арнамен кайта жырлау тәсілі көптеп кездеседі.

Осы шығыстың классикалық әдебиетінен келген аңыз әңгімелерден кейбір үзінділер, не халық арасынан кең тараған

нұсқаларының әр түрлі варианттары сол кезде шығып тұрган қазақ газет-журналдарының бетінде басылды. “Мың бір тұн”, “Шахнама”, “Фархад-Шырын”, “Ескендір” тағы басқа шығыс әдебиетіне көп тараған әңгімелердің әр түрлі варианттарын қазақ газеттерінен де көреміз.

Қазактың ұлы ақыны Абай өзінен бұрынғы және сол дәуірдегі халықтың бай әдеби мұраларын, сонымен бірге шығыс елдерінен келген қисса-хикаяттарды немесе газет-журналдарда басылған шығармаларды жақсы білген, кей сәтте өзінің творчествосында пайдаланып отырған. Мысалы: Абай “Дала уалаяты газетінің” 1895 жылғы 3 номерінде басылған “Тәкаппар әскер басы тұрасынан” деген әңгіменің сюжетін өзінің “Ескендір” поэмасына өзек етіп, дамыта жырлады дей аламыз.

Шығыс поэзиясында Ескендірді мадактап, қастерлең жыр етсе, газет бетінде басылған “Тәкаппар әскер басы тұрасынан” деген әңгімеде Ескендірді дүниекор, мансапқұмар, қанағатсыз, қанішер бейнесінде суреттеген.

Әңгіме басталғаннан-ақ Ескендірдің кім екені белгілі болып калады: “Бұрынғы заманда Македонияда Ескендір патша болыпты. Мәртебені бұл жақсы көреді екен”, десе, енді бір жерінде оның жаугер, тәкаппар екенін: “...Ескендірдің көnlі тасып тәкәппарлық кіріпті. Бұл соғысып қараткан жайлары таты да аз болып көрініп дүниенін баршасын қаратпакқа ойланыпты”, – дейді.

Мұнан әрі қарай уақыға дәлме-дәл Абай жазған “Ескендір” поэмасындағы өрбиді. Бұл екі нұсқаның сюжеті бір-біріне өте ұқсас болумен қатар, екеуінде көптеген сөздер тібері де қайталаңып отырады.

Шығыс поэзиясындағы Ескендір патша білгіштің білгіші дана дәрежесінде суреттеліп, титтей тастың барша асыл тас, қымбат мүліктен ауыр болып, бір уыс топыракты үстіне тастагандаған женилейіп аспанға көтерілгеніне жүрттан бұрын Ескендірдің өзі ойшылдық танытып байлау айтады.

Ал газет бетіндегі әңгімеге кішкентай сүйектің жарықшагын таразыға салғанда оны толып жатқан қымбат дүние, асыл тастар және Ескендірдің айбалтасы да баса алмайды. Сонда әскер ішінен бір данышпан жаңағы сүйектің үстінс бір уыс топырак салып сүйек жағын жоғары шығарады да, ол сүйектің көз сүйегі екенін, тіршілікте көздің тойымсыз, қанағатсыз екендігін, өлген соң бір уыс топырак басқанда бәрі тамам болатынына философиялық шешім айтады. Абай поэмасын білетіндерге мәлім, онда да Аристотель осы шешімге келіп Ескендірдің көзін ашады. “Дала уалаятының газетінде” басылған “Тәкаппар әскер басы тұрасынан” атты әңгіменің сюжеті ұқсастығын айтып отырмыз. Сюжетіғанда ұқсас емес, тарихи адам туралы жалпы

поэмалың мазмұны туралы белгілі бір идеялық принциптің ұқсастығын да көріп отырмыз.

Македония патшасы Александр Македонскийдің дүние жүзін шауып алуына арналған, оның шапқыншылық максаттарын мадактаған дастандардың ішіндегі көрнектілері – Эзербайжан халқының ұлы классигі Низамидің “Искандарнаме” поэмасы, өзбек классигі Науайдің “Садди Искандерий” поэмасы, тәжіктің ұлы ақыны Фердоусидің “Шахнама” эпопеясының бір бөлімін арнаганын білеміз.

Бұлар туралы академик М.О.Әуезов: “Бұлайша бір тақырыптың әр ақында кайталауы ешуақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңдан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жырлау есепті бір салт” деген сөздерін еске ала отырып, шығыс әдебиетінен алынған бұл нұскаларды аударма ретінде қарамай, казак әдебиетіндегі шығыстан келген нұскалар, не олардың варианитары ретінде қараймыз.

Бұл газет-журналға озек болған шығармалардың бір тобы шығыс әдебиетінен аударылған болса, екінші тобы жана бағытта туа бастаған казактың өзіндік жана жазба әдебиеті болды.

Ұлттық әдебиет алдында қазак жазба әдебиетіміздің негізін салған, ұлы ақын Абай Құнанбаев қалдырып кеткен әдебиетпен бірге, казактың мерзімді баспасөзінде басылған әдеби мұралары да барды. Бұл мұра халық творчествосымен тығыз байланысты болумен бірге, алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінен өнеге алып, бұрын казак әдебиетінде болмаган жанрлардың үлгісін бастады.

Әрине, бұл мұраның көп шығармалары Абай шығармасындағы биік өрелі болмаса да, сол дәүіріндегі алеуметтік жайларды аша түсуге, феодалдық-патриархалдық есکі шірік салт-сананы сынауға, әйел тендігі мәселесін көтеруге, өнер-білімге ұмтылуға арналған нұскалар. Бұл шығармалардың бәрінде дерлік омір шындығы, сол уақыттағы заман жайы, мәдениеттен, оку, өнер-ғылымнан кеңже калған қазак халқының ауыр да азапты түрмисы суреттеледі. Бұл шығармалардың стилін, көркемдігін қазіргі өскелен әдебиетпен салыстыруға келмейді, сонда озық идеялы, іргелі әдебиеттің алғашқы кірпішін қаласкан, оның түп-төркіні болған осы нұскалар екенін естен шығаруға болмайды.

Ертегілер, мысал ертегілер. Казак ертегісін зерттеу жұмысының басы сол ертегілерді жинап жариялаудан басталады десек, газет, журнал бетінде ертегілердің алғашкы жазылып алынған нұскалары басылған. Олардың қазак тіліндегі нұсқасы мен аудармасы орыс тілінде де беріліп отырған. Бұл ертегілерді жинап бастыруши орыс ғалымдары А.Е.Алекторов, А.А. Ивановский, М. Бельский,

М.Миропиев т.б. болса, сол кездегі қазақ оқығандары, Бекен Адықов, Жагыпар Айманов, Мәшһүр-Жұсіп Көпееев, Корабай Жапанов, Бодаубек Райымбеков, Ташмұхамет Сейфуллин, Рақымжан Дүйсембаев т.б. болды. Бұлардың кейбірі жазып алған ертегілерін халықтық аузыша шығарма деп қарап, өзінің атымен бастырган. Ал кейбіреулері кімнен, қай жерден жазып алғаны туралы деректер беріп, өздерін хабарлаушы ретінде көрсеткен. Біз ертегілердің сонынан қол койылған авторы болса да, оларды жинаушы, зерттеуші ретінде қараймыз. Сонымен бұл газет-журналдар бетінде қазактың ауыз әдебиетінің нұскалары алғаш басылып, оның алғашқы зерттеуші, жинаушылары да көріне бастайты.

Әр алуан сюжетке негізделген бұл ертегілерде қаһарлы хан, қу уәзір, ақылды, тапкыш, енбеккер кедей шаруа образдары дараланып суреттелген.

Ертегілермен катар, мысалға жуық ертегілер де көп басылған. Жоғарыда айтылып кеткендей, қазақ әдебиетінде аударма мысалдармен бірге қазактың өз мысалдары да осы газет-журнал бетінде жарияланды. Ол мысалдар қазактың ауыз әдебиетіндегі ұсак ертегілердің желісінде, мысал жанрына тән қасиеті бар нұскалар бола тұрып, сол ертегі не ұсақ әңгіме, елемнің ішінде тибрат беріп түйн жасайды.

Ертегілер және мысал-ертегілермен бірге газет-журналдардың бетінде эпостық жырлар, аныз әңгімелер де көп басылған. Лиро-эпос жырларынан “Козы-Көрпеш – Баян сұлу” жырының мазмұнын Н.Пантусов “Баян сұлу менен Қозы Көрпештің мolasы тұрасынан қазақ арасындағы сез” деп бастырган. Батырлар жырынан А.Е. Алекторов “Нәрік батыр” жырын жариялаған. Бұлар ел ауызында ғасырлар бойы сакталып келіп баспа беттеріне түсken, ендігі жерде казіргі окушы қауымға қазақ халқының мәдени өмірі мен тарихынан көптеген күнды мәлімет беретін нұскалар.

Бұлардан басқа тарихи аныз-әңгімелерден қазақ елінің калмак-монгол басқыншыларының шабуылына карсы құресінен деректер беретін шығармалар да мол. “Қалмақтолағай яғни қалмактың басы” деген аныз әңгімede қазақ пен қалмак арасындағы жауынгершілік кезең суреттеледі. Халық арасына кен тараган “Ақсак құлан, Жошы хан” аныз әңгімесінің екі варианты “Дала уалаятының газетінде” жарияланған.

Қазақ елінің болмысынан, өмірінде болған шындықтан алынған, кейін ел ауызында аныз әңгімеге айналып кеткен әңгімелердің ішінде газет бетінде басылған “Еңлік – Кебек” әңгімесінің орны ерекше.

“Еңлік–Кебек” аныз әңгімесі қазақ даласында үстем тап өкілдерінің билеп-төстеп тұрған кездегі ескі салт-сана, әдет-ғұрыптың каймагы бұзылмаган кезінде, шын сүйіскең жастардың бакыт тілеуі

“басбұзарлық” болып көрінген кезде болған шындық. Әңгіменің бір варианты “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” деп басылса, екінші варианты “Қазақ тұрасынан хикая” деп басылған. Бұл вариантағы кісі аттары батыр – Сергелі, абыз – Келдей, қыз – Қанлық т.б. өзгертуліп алынған. Жалпы бұл аңыздардың сюжеті біреу, бәрінде де абыз болжап батырдың болашағын айтады, бірін бірі сүйген екі жас атқұрының байланып азаппен етпірлеңді, артында жас нәресте қалады.

1892 жылы басылған “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” аныз әңгіменің кіріспесі ретінде қазак халқының тарихына, этнографиясына, географиясына, әдет-ғұрып, салт-санасына да жаңасты мәліметтер берілген. Осындай аныз әңгімелердің тек қана әдебиетке катысты емес, тарихқа, экономикага, философия, занфа жаңасты дерекгер де ете көп екендігін далелдей түсетін осы “Еңлік-Кебек” әңгімесінде Шыңғыс ханның қазак даласын бағындыруы кезеңін аныз да берілген. Шыңғыстау маңындағы жер аттары мен тау аттары жайында аныз-әңгімелер көлтірлген. Қазактың тұрмыс салты бойынша құда тұсу, үйлену салты жайында айтылып, атадан балаға мирас болған бұл салтқа мойынсұнбагандарды байырғы әдет-ғұрып бойынша өлім жазасына бұйыратыны, бұл әдет-ғұрыптан ілу-де біреу ғана аттай алатыны да баса айтылған. Әңгімеде әйелдің тенсіздігі, тіпті әйелді сүйодің озі ерлер үшін нағыс болғаны жайында мәлімет бар.

Бұл нұскалар қазак әдебиетін зерттеушілерге де, этнографтарға да құнды материал береді. Карапқы халықты үысында ұстасу үшін дін иелері мен үстем таптың ғасырлар бойы жасаған зиянды әрекеттерінің айғағы ретінде қалған осы шығармалар діни әдет-салтты зерттеуде, үстем таптың құралы болған дін мен әдет-ғұрыптың халықты қанауда қаңдай көзмет атқарғанын кейінгі зерттеушісіне ашыл береді. Кейінірек бұл оқиғаны Абайдың тақырып етіп беруі бойынша баласы Мағаяния жырлаған. Ол поэма тіліне жетіп шеберленбеген болса да мазмұны идея жағынан – есکі би мен билікті әшкерелеп, Еңлік пен Кебектің өліміне себеп болған Қенгірбайдың пара алған билігінін бетін ашқан.

М. Әуезов халық аудында ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан осы аныз әңгіменің негізін алып, өзінің алғашқы шығармаларының бірі “Еңлік – Кебек” пьесасын 1917 жылы жазды. Қазактың драма театрының сахнасы осы пьесамен ашылды, ал арада 40 жыл өткен соң пьеса 1956 жылы өңделіп бүгінгі Академиялық театрдың торінен орын алып отыр.

Газет беттерінде Жиренше шешен, Алдаркөсе, Асан қайғы, Қожанәсір туралы аныз әңгімелер де көп басылған.

Асан қайғы халықтың қайғылы тағдырын, мүшкіл тұрмысын көріп, құлазып жатқан сар даланы көріп, елге жақсы қоныс, жайлы

жер іздейді. Міне, сол Асан қайғының хан үшін емес, халық үшін еңбек етуі, дәріптелген аныз әнгіме және Асан қайғының қазақ елі орыс халқының көмегімен жақсылыққа, бақытқа жететіндігін болжау туралы аныз “Дала уалаятының газетінде” басылған.

Мақал-мәтел, жұмбактар. Қай халыкта болмасын, ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі – мақал, мәтел, жұмбактар. Бұлар бір ғасырдың жемісі емес, тіпті ертеден келе жатқан көне түр. Міне, әдебиеттің осы бір құнды, көркем түрі – мақал-мәтелдің қазақ әдебиетінде баспа бетінен орын алуды XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мақал-мәтелдерді алғаш ел арасынан жинап бастыру ісіне үлес қосқандар: В. Радлов, Ш. Ибрагимов, Ш. Уәлиханов, А. Васильев, П. Мелиоранский, В. Катаринский, Ә. Диваев болса, қазақ тілінде шыга бастаған газет-журналдарда халықтың үшқыр ойынан туған шын халықтық шыгарма – мақал-мәтел, жұмбакты бастыру ісіне сол кезде-ақ көніл белінгені байқалады. “Түркістан уалаятының газетінің” 1875 жылғы 6 санында қазақ жұмбактары мен макалдары берілсе, Бабажанов Қожасалық қазактың макал-мәтелдерін сол газеттің 1876–1877 жылғы сандарында бастырған. Торғай облысынан жиналған қазақ макалдары “Дала уалаятының газетінде”, “Қазақ карияларының макал сөздері” “Айқап” журналында, Б. Дауылбаев Торғай елдерінен жинап “Казактың макалдарын”, М. Ешмұхаметов халық аузынан жазып алған 258 макалын бастырған. Газет-журнал бетінде қазақтың төл мақал-мәтелдері көнтеп басылуымен катар, басқа елдердің де макал-мәтелінен аудармалар орыс тілінде, одан қазақ тілінде аударылып беріліп отырган.

Ауыз әдебиетіндегі қызық жанрдың бірі – айтыс. Ақындар айтысынан басылған нұскалардың ішінде Әжнияз ақын мен Менеш қыздың айтысы “Түркістан уалаятының газетінде” жарияланды. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі айтыс өнерінде қыздар айтысы өте мол екенін білеміз. Солардың бірі осы Менеш қызы бен Әжнияз ақынның айтысы баспасөз бетіне түсken алғашқы үлгілердің катарына жататын нұска.

Бұнда ескінің бұлжымас заңы бойынша қыздан ерек жартық деген ұғымды пайдаланып, Әжнияз ақын бірден Менеш қызды “Байтал шауып бәйге алмас” дегендегі кемітеді.

Бұл айтыста да жапты қазақ әйеліне арылмас азап болып жабысқан еріксіздік, ескі әден-ұрып бойынша мал бергенін қанжығасында кете баратын мүшкіл халі суреттегеледі. Өз басынан мін таба алмаган Әжнияз ақын Менештің шаләмендерін бетіне басып, кемітіп келемеж етеді.

Белгілі “Қожақмет пен Әубәкірдің жұмбақпен айтысын” А.В. Васильев “Дала уалаятының газетінде” бастырған.

Әңгіме, очерктер, әдеби публицистикалық мақалалар. Қазақтың төңкерістен бұрынғы мерзімді баспасөзінде басылған шығармалар алуан түрлі. Оларды XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басындағы казак әдебиетінің тарихында идеялық мотивтері, тақырыптары, көркемдік ерекшеліктері және орыс әдебиетінің иглікіті әсері жөнінен алып жақты зерттеуге болады.

Абай дамытқан орыс әдебиетінен үйрену дәстүрі де алғаш осы газет-журналдардан көрініс тапты. Сол сиякты төңкеріс алдындағы казак әдебиетінің көрнекті өкілдерінің орыстың классикалық реалистік әдебиетінен үйренуі де осы газет-журнал бетінде басылған шығармалардан көрінеді.

Қазақ тілінде кітап шығару ісі әлі дами коймаган кезде, төңкерістен бұрынғы қазак тілінде шыққан газет-журналдарда жалпы саны 7000-дай макала, хабар, әңгіме, өлең, публицистикалық макала, очерк, мысал, ертегі, аңыз т.б. басылғаны туралы дерек жинадык. Бұлардың бір тобы қазак даласын зерттеу, білу тұрғысынан жазылса, енді бір тобы сол қазак даласында тұратын көзі ашық оқығандардың өмірде болып жаткан өзгерістер мен жаңалықтарға қатанасын білдіретін шығармалар. Негізінде төңкерістен бұрын газет-журнал бетінде басылған ауыз әдебиетінің нұсқаларыда, көркем шығармаларда казак елінің жайсыз күйі, сол кездің өзінде басталған ескі мен жаңаның арасындағы тартыс бейнесі, әдет-ғұрып, салт-санасы, ескі нағым, мағынасын жоя бастаған шаригат заңы сиякты, қазак өміріндегі әр қылы құбылыстар қамтылған.

Бұл туындылардың саяси сипаты жағынан әр түрлі бағытта болғаны да көрінеді: бірі халықтың тілек, арманына жақын демократияшыл интеллигенттер, мұғалімдер, оқығандар жазған шығармалар болса, бай феодалдардың тұрғысында жазылған шығармалар да басылды. Жалпы 1905 жылғы бірінші орыс төңкерісінің шет аймактағы езілген елдердің оянуына үлкен маңызы болды. Бұл жайды “Дала уалаятының газеті”, “Түркістан уалаятының газеттерімен” салыстырганда 1905 жылдан кейін шыққан газет-журналдардан анық көруге болады. “Дала уалаятының газеті”, “Түркістан уалаятының газеттерінде” жаңаның нышанасы, оқуға өнер-білімге талпыну, еңбек дәріптеліп, жалпы оку-агарту мәселесі, мектеп-медресе ашу ісі көтерілсе, “Айқап”, “Қазақстан” т.б. мерзімді баспасөздерде осы тұған жаңаның өсө-өсейе келе ескімен күресі, оқыған жастар мен өткенді көксеуші феодалшыл, байшыл элементтердің айқасы суреттеле бастайды. Бұл тұста қазақтың тұнғыш журналы “Айқап” пен “Қазақстан” газетінде басылған таңдамалы

шығармалардың толық жинағын бастирып шығару жұмысы алда тұрған міндеттердің бірі екендігін атап өтеміз.

Казактың жазба әдебиетінде алғаш көріне бастаған ақын, жазушылардың тол шығармаларының көбі проза жанрында жазылып, бірінде әнгіме, бірінде очерк, бірінде публицистикалық, бірінде драматургиялық элементтер болса да авторлары оларды “әнгіме, очерк, пьеса, мысал” деп араларына шек қоймаған.

Кейбір зерттеушілер қазак әдебиетіндегі проза жанрын сөз еткенде төңкерістен бұрынғы проза Ы. Алтынсариннің дидактикалық әңгімелері, Абай Құнанбаевтың “Қара сөздері”, С. Торайғыровтың “Қамар сұлу”, С.Көбеевтің “Қалың мал” сияқты шығармаларын ғана атап, төңкерістен бұрынғы қазак әдебиетінде прозалық шығармалар өте аз деген пікір айтады. Шындығында, осы төңкерістен бұрын шыққан қазактың газет-журналдарының бетінде басылған, бастанғы үлгі ретінде жарық көрген прозалық шығармалар аз емес. Олар казак прозасының өткен шағы болумен катар, жалпы кеңес тұсында өсіп-өркендеген, кемеліне келіп қазак прозасының өсіп-өрбу, қалыптасу кезеңдерінен мәлімет беретін нұскалар. Олардың кейбірі өзінің даму жолында болашак әдеби шығармалардың жарық көруіне себеп болды. Бұл шығармалардың көтерген тақырыптары сол заманына лайық төңкерістен бұрынғы өмір, әлеуметтік қайшылық, халықтың ауыр тұрмысы; оку-ағарту, өнер-білімге, жақсылыққа, адамгершілікке, игілікке үндеу; әйел тәндігі; әдеп-тұрып, салт-санал мәселесі болып келеді.

Әйел мәселесі төңкерістен бұрынғы әдебиеттің ең бір өзекті мәселесі екенин білеміз. Әйел мәселесі көтерілген XIX ғасырдың аяғындағы әнгіме, өлең, жырларда әйелдің тенсіздігі, есқі әдеп-тұрыптың құрбаны екендігі факті ретінде суреттелсе, XX ғасырдың басындағы шығармаларда әйелдің қоғамдағы орны баса айтылып, таза жанды, еңбеккөр қазак қызының еңбектегі, бала тәрбиелеудегі, болашак буынды өсірудегі ролі көрсетілүмен катар әйелдің бас бостандығын коргау мәселесі көтеріле бастайды. Қазақ қызының жағымды образын жасаған С. Торайғыров, С. Көбеев, М. Сералин сияқты демократ жазушылардың алғашқы әйел мәселесіне арналған макала, әнгіме, очерктері де осы газет-журнал бетінде басылды. Бұл жазушылар өз шығармаларында әйелді корлайтын есқі әдеп-тұрыпқа қарсы күрес ашып, катты сынға алды. Бұл тақырып кейінгі жазушыларға негізгі тақырыптың бірі болғанын қазак әдебиетінің тарихынан жақсы білеміз. Осы тақырыпты XX ғасырдың басында роман, поэма, очерк жазған ақын-жазушылар дамыта отырып “Қалың мал”, “Қамар сұлу” сияқты кесек шығармаларын берді. XX ғасырдың басында әйел мәселесін көтерген шығармалардың алғашқы аринасы

сонау “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаяты газетінің” беттерінде басылған әңгімелерден басталды деп айта аламыз. Себебі, халықтың әлі қаймағы бұзылмай тұрған діни ұғым мен ескі салт-сананың шырмауында жүрген кезінде, әдебиетте “Бәти” тәрізді реалистік шығарманың тууының өзі сол заман шеңберінде алтын карағанда бір адым ілгері басқандық еді.

“Бәти” әңгімесінде тоңкерістен бұрынғы қазақ тұрмысы бірсыныра тәуір суреттелген. Әңгіме басталғаннан-ақ айтқалы отырған оқиғаға бірден көшкен: “Бір күні кешке таман Бәтидің күйеуі келді деген хабар дүнк ете түсті. Жазды күнгі елдің жайлаудағы, бисенің байлаудағы уакыты...” деп басталып, уакиға қауырт өрбі береді. Үл сол кездегі қазақ әдебиетіндегі бір жаңағы есепті, себебі ол кездегі шығармалардың көбінде ақын жазушылардың қосалқы арнау сияқты кіріспе сөзі, өлеңдері айтылып барып, негізгі уакиғага сонаң кейін барып кірсетін. Үл ауыз әдебиетінің, онан кейін кисса жазған ақын-жазушылардың дәстүрі еді.

Әңгіме негізінен төрт бөлімге (әңгімеде “баб” деп алған) бөлінген. Бірінші бөлімде ескі әдет бойынша атастырған күйесі өлген соң Бәтиді алу үшін, бала күйеудің Бәти аулына келгені суреттеледі. Екінші бөлім сол ескі әдетті коргаушы ақсақалдар әңгімесіне арналып, үшінші бөлімде Бәтидің қайын-жұрттының ауылындағы аянышты тұрмысы суреттелген. Төртінші бөлімде елден кеткен Бәтидің айдалада, боранда үсіп өлі, елер алдындағы касіреті мен қарғысы беріледі.

Осы бір тақырыптың дамуы ретінде кейін демократ жазушылар С.Торайғыров, С. Көбеевтің романдары “Қалың мал”, “Қамар сұлу”, “Кім жазықты” шықты. Олардың басты кейіпкерлері – Қамар, Файша, Аппақай. Үл шығармалардың тақырыбы бір болғанмен, басты кейіпкерлері – әйелдердің тағдыры әр түрлі. “Бәти” әңгімесі жазылған сонау қытымыр заманда әйелдің бас бостандығын коргауы, дегеніне жетуі мүмкін де емес еді. Бәти, өзін өзі қоргаудың керектігіне енді түсіне бастаған қазақ әйелінің жаңа бейнесі ретінде берілген. Ол ескі әдет-ғұрыпқа қарсы тұрмай, өз еркімен сүймеген адамға күйеуге барып, кеш түсініп қапыда калса, “Қалың малдағы” Файша мұратына жетеді. Ал “Қамар сұлуда” Қамар жалпы өмірі өткен әдет-ғұрыпқа, сүйегі салдыраған діни занға қарсы күреседі. Дегеніне жетпесе де күрескер бейнесінде, қазақ әйелінің бір адым алға басқаны байқалады. Өлеңмен жазылған “Кім жазықты” романындағы Аппақай оқыған, алдыңғы қатардағы мақсаты биік, жаңа жолдағы қазақ қызы. Ол ескі әдет-ғұрыпқа бойсұнбағаны былай тұрсын, сол ескінің бір күшті өкілі Әжібайды әжуалап, өз келешегі үшін ашық күреске шығып, мақсатына жетеді. Фасырлар бойы қалыптасқан, әйелдің үндемейтін,

әдеп-ғұрыпқа мойын ұсынатын бүлжымас заңы “Бәтиде” оның далада үсіп өлгелі жатқанда айтқан қарғысымен шайқалса, Қамардың ауырып жатқан аянышты халін суреттеу арқылы шарықтау шегіне жеткен. Бәти сол өмірге деген бар лагнетін айдалада үсіп өлейін деп жатқанда өзіне өзі айтса, Қамар өзінің еткір сөзімен ғасырлар бойы әйелдің аянышты халіне құлақ аспай келе жатқан дін иесі – молданы тоқтатады, оны шының айтқызыуга мәжбүр етеді.

Әрине, “Бәти” әңгімесімен салыстырғанда С. Торайғыровтың “Қамар сұлуында” ескі діни салт-сананы әшкерелеу, әйелдің корлықта жүрген өмірін суреттеу әлдекайда басым. Мұның өзі жалпы қазақ әдебиетінің өсуімен, дамуымен байланысты, бір тақырыптың даму процесін анықтай түседі.

“Бәти” бейнесі, оның толку-толғаныстарымен табиги қалпында берілген. Сол кездегі қазак қыздарының типтік дәрежедегі бейнесі, көп әйелдің басында болған құбылыс осы Бәти бойына жинақталғандай. Ескі қазақ аулының дәстүрін, әйелдің тенсіздік жайын өз бойына берік түйген Бәти өмірі үмітсіздікке барып тіреледі.

Казақ газет-журналдарында әйел мәселелеріне арналған әңгіме, очерк, публицистикалық мақалалардың ұзын ырғасынан ғасырлар бойы әйелдің корлық пен құңдықтегі ұстайтын нағандық салтқа наразылық, сол салттың бұзудың анық жолы алғы көрсетілмесе де, әйелдің қоғамда алатын орын айрықша екендігін дәріптейтін прогрестік көзқарастар анық байқалады.

Бұларда ескі әдеп-ғұрып, салт-санадан туған қасіретті, тенсіздікті суреттеу бар, кейбірінде үлкен сыйнышылдық та бар, бірақ осы кері кеткен өмір зұлматынан күтылу, оған қарсы ашық күрес әлі көріне қоймайды. Шығармалардың көбінде ең асканда сүйіскең екі жастың өлімімен бітіп отырады. Ол, әрине, сол кезеңдің өмір шындығы еді.

Зерттеушілер үшін бұл шығармалардың қазақтың тәңкеріске дейінгі және кенес дәуіріндегі әдебиеттің дамуын, орыс әдебиетінің ігі әсері мен оның реалистік дәстүрлеріне тығыз байланысты алып көрсетуге және казақ әдебиетінің тол қасиеттерін, ұлттық ерекшеліктерін айқындауға бұлармен бірге өзінің сонғы әдебиетке тиғізген әсерін білуде мәні зор.

Өлең-жырлар. Атапан газет-журнал бетінде казақтың алғашқы өзіндік әңгіме, очерк, публицистикалық мақалалар, мысалдарымен бірге поэзия жанрындағы шығармалар да басылған. Бір айта кетептің жай, жалпы “Түркістан уалаятының газет” мен “Дала уалаятының газетінің” бетінде “Айқап” журналы “Қазақстан” газетімен салыстырғанда өлең, жыр аз кездеседі.

Бұл өлеңдердің де негізгі тақырыптары газет-журнал бетінде басылған ауыз әдебиетінің нұсқалары мен әңгіме, очерк, мысал, публицистикалық мақалалар сияқты қазақ халқының жан дүниесінің

тазалығын, күйініш-сүйінішін, таза махаббатын суреттеп, енбекке, өнер-білімге адамгершілік ізгілікке үндеумен қатар кері кеткен ескі әдет, өмірі өткен салт-сана, еңбексіздікті, жатып ішерлікті сынай, шеней жазылған. Басылған өлеңдердің кейбіреулеріне ғана тоқтап, шолу жасасақ: Абайдың “Болыс болды мінекей” деген өлеңін “Болыс болды кей кісі” деп біраз өзгерістермен, “1888 жылда май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда, бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі” деп басқан. Өлең соынан авторы көрсетілмеген. Абайдың “Жазды күн шілде болғанда” деген өлеңі біраз өзгерістермен басылып, соынан “Кісіден үйреніп жаздым: Қекпай Жанатайұлы” делинген. Қазақтың аса көрнекті педагог ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің өлеңі “Нұржан бидің окудағы баласына жазған хаты” деген тақырыплен, Әбдірахман Қылышбаевтың қолы қойылып басылған.

Қазак әйелінің аянышты халі суреттелген “Әйел халі” деген өлеңде әлеуметтік шындық – қазак әйелінің басындағы құндік өмір бір сыйдырғы көркем суреттелген. Өлеңде ең алдымен қазақ қызын да ер баладай қүтегінін, “жат жұрттық” деп сыйлайтынын, оның он жакта бұлғактап өсетінін суреттей келіп, ескі әдет бойынша қызды айттыру, күйеу келуі, қыздың ел-жұрттымен қоштасу салты көркем берілген. Автор қазақ әйелінің әйел болып басына жаулық салғаннан бастап бас бостандығы кететінін, өмірдің өзі итермелуеуімен-ақ салпынетектікке икемделе беретінін суреттеген.

“Айқап” журнальның берінде С.Торайғыровтың, қазак кенес поэзиясының альбомы – Сәкен Сейфуллиннің алғашқы өлеңдері, Бейімбет Майлиниң тұнғыш макала, хабарлары басылды. Сабит Дөнентәевтың да бірнеше өлеңі жарияланған. Олардың кейбірін соынан “Жаналин С.Д.” деген псевдонимі қойылған. Бұлармен қатар, алғашқы қазақ әйелдерінен тартылған тілшілер ретінде Тілеубай қызы Сакылжамал, Сейдалинова Мәриям мен Өтеген қызы Күләйімнің макала өлеңдері “Айқап” журналының берінде басылды.

Бұл авторлар жалпы қазақ тілінде төңкерістен бұрын шықкан газет-журнал беріндеңегі тұнғыш қазак қыздары. Газет-журнал берінде әйел мәселесі кен көтеріліп, жүйелі пікірлер де айтылғанмен сол әйелдің өзі жазған макаланы не өлеңді бұларға дейін кездестірмедік. Бұл жай да қазақ газеттерінде басылған әйел теңдігі мәселесінің дамуы ретінде кейінірек шықкан “Айқап” журналының берінен орын алды. Ендігі жерде қазақ қыздары да өздерінің аянышты өміріне санаалы түрде қарал, ғасырлар бойы тұншықтан үнін шығара бастағанын байқаймыз.

Газет-журнал берінде қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалары мен жана туып келе жатқан жазба әдебиетінің алғашқы нұсқалары басылды. Ол нұсқаларда жаңадан туып келе жатқан мәдениет нышаны

– оку-ағарту мәселесі, жана өмірге ұмтылу, әйелдің бас бостандығын қорғау, ескі әдет-тұрыпты сынау мәселелері көтерілген. Бұл көтерілген мәселелер кейінгі демократиялық бағыттағы жазушылардың негізгі тақырыбына айналып, онан әрі қарай өріс алғып дамығанын XX ғасыр басындағы әдебиеттен жақсы білеміз.

Әрине, жаңа туып келе жатқан жағба әдебиетінің алғашқы кезеңіндегі, яғни XIX ғасырдың соны мен XX ғасыр басындағы әдебиет арасында үлкен айырмашылық бар. Ол айырмашылық біріншіден – жаңа туып қалыптасып келе жатқан әдебиетте халық наразылығы, тап күресі аз суреттелсе, XX ғасырдың басындағы әдебиетте, есіреке 1905–1907 жылдар төңкерістен кейінгі кезде туған шығармаларда тап куресі мен халық наразылығы күшті де айқын көріне бастайды.

Осылан орай дінге, ескілікке қарсы шығармалар бастапқыда жеңіл юмор ретінде не ұсақ айып ретінде суреттелсе, кейінгі кездегі әдебиетте, яғни XX ғасыр басында дінге жағымсыз әдет-тұрыпка қарсы шығармалар, ескіні әшкерелейтін, сол қоғамға қарсы құрал есебінде қойылған.

Бұрынғы ауыз әдебиетінің нұсқаларымен өзектес туып келе жатқан, көптеген жанрларда жазылған, алуан тақырыптарды арқау еткен бұл шығармалардың казак әдебиетінен де, әдебиеттануғынын да алдын орны ерекше.

* * *

Қазак халқының жарты ғасырға таяу мәдени өмірін қамтитын бұл газет-журналдарды ғылыми тұрғыдан игеру жұмысы әдебиетіміздің дамуына, проблемалық, теориялық мәселелерді кеңінен көтеруге, оны терең жан-жақты зерттеу ісіне көп себін тигізетін саласы болып табылады.

Қазақтың әдебиеттану, тіл ғылымдарының кеңік кезінің өзінде, бай ауыз әдебиетінің нұсқалары және алғашқы оқыған интелигенттер мен ақын-жазушыларының шығармалары баспа бетіне түскендігін, олар туралы азын-аулак пікірлер мен түсінкітер де болғанын, ал XIX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай қазақтың әдебиеті, мәдениеті жайындағы ғылыми макалалар да басыла бастаганын, ол макалаларда қазак әдебиетіне жаңасты материалдар этнография, тарих, экономикаға байланысы зерттеле бастаганын билеміз. Бұл илілікті бастамаға алғаш ат салысқан орыс ғалымдары, саяжатшыларымен бірге, қазақтың өз арасынан шықкан бірен-сарап болсын ақын-жазушылары мен оқығандарын еске алсак, қазақтың төңкеріске дейінгі әдебиет мен тіл саласында зерттейтін фактінің де молая түскенін байқаймыз.

Төңкерістен бұрын қазақ тілінде шығып тұрган газет-журналдардың бетінде жарияланған қазақ елінің тарихынан, әдебиетінен, мәдениетінен, саяси өмірінен, ғылымынан дерек беретін сан алуан әр түрлі материалдарды

бір жүйеге келтіріп, оларға жана көзқараспен дұрыс баға берे отырып, ең күндыларын қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ігілігіне жарату – казақ филологияның басты міндеттерінің бірі. Газет-журнал бетіндегі материалдарды талдау үстінде, казақ әдебиетіне байланысты ең келелі мәселелерге ғана токтаптық. Жалпы, 1870–1917 жылдар арасындағы газет-журналдар бетінде басылған шығармалардың бәрін түтедей қамту мүмкін емес, сондыктан да біз бұл жолы алдымызға мұндан мақсат қойған жоктыз.

Жинақта “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаятының газеті”, “Айқап” журналы беттерінде жарияланған әдеби публицистикалық материалдардың үлгілері берілді. Бұл күнде өте аз сакталып, сирек кездесетін осы екі газеттің микрофильмдерінен және “Айқап” журналынан көшірілген үлгілерге әнгімелер, аңыздар, өртегілер, мысал-накылдар, аударма өртегілер, Л.Н.Толстойның казақ тіліне алғашкы аударылған шағын әнгімелері мен нақылдары, И.А.Крыловтың казақ тіліне аударылған мысалдары, А.С.Пушкиннен, М.Ю. Лермонтовтан және “Шахнама” дастанынан аудармалар Абай Құнабаевтың өлеңдері, Ұбырай Алтынсариннің шығармалары мен өлең-жырлар, айттыс, макал-мәтел, жұмбактар, әдеби публицистикалық макалалардың ішіндегі тандаулылары берілп отыр. Нұскалардың көпшілігі бұрын-сонды еш жерде жарияланбағанын еске алып, зерттеушілерге салыстыра пайдалану үшін әр салада, әр жанрда жазылған материалдарды газеттерде қалай жазылса сол қалпында беруге тырыстық.

Нұскаларды көшіру үстінде: керекті деген жерлерде тыныс белгілерін шартты түрде қойып отырдык.

Казақ әдеби тілінің осы күнгі грамматикалық және лексикалық нормаларына сай келмейтін сөздер мен сөйлемдерді газеттерде қалай жазылса, сол күйінде бердік. Ал шағатай, татар жазуларына ұксас есқі орфография түрлері бүгінгі қазақ жазуымен берілді.

Микрофильмнен оку мүмкін болмagan кейбір нұскалар қысқартып берілді.

Нұскалардың әркайсына түсініктер жазылды.

1970 жыл.

ҚАЗАН УНИВЕРСИТЕТИНІҢ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

1912 жылға дейін Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде ана тілінде кітап шығаратын бірде-бір баспахрана болмagan. Төңкерістен бұрынғы қазақтың азды-көпті газет-журналы мен кітаптары: Қазан, Уфа, Омбы, Томск, Троицк, Ташкент, Орынбор, Санкт-Петербург калаларында басылған. Сондықтан да казак әдебиетінің көне қолжазба үлгілері негізінен осы калалардағы кітапхана қорлары мен мұрагаттарында сакталған.

Солардың бірі В.И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан Мемлекеттік университетінің, Н.И.Лобачевский атындағы Ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар және қолжазба бөлімінде сактаулы тұрған қазақ қолжазбаларының 100-ден аса нұсқасының микрофильмдерін түсіртіп, институттың қолжазба корына алып отырмыз.

Бұл қолжазбалардың арасында қазақ халқының алтын қоры – ауыз әдебиетінің нұсқаларынан, батырлар жыры, ертегілер, мақал-мәтел, жұмбактар, шешендік сөздер және кейбір ақындардың жеке шығармалары сакталған.

Қолжазбалардың көлшілігі дерлік ескі, төңкерістен бұрын жазылған түпнұсқалар. Осы қолжазбалардың кейбір құнды нұсқалары туралы мәліметтермен таныстырып етейік:

XIX ғасырдың аяғында жазылып алынған “Қозы Қөрпеш – Баян сұлудың моласы” жайындағы аныз Қазан университетінің қолжазба корында сактаулы шифрі (1375). Бұл сол кездегі Сергеенполь уезінен 98 шақырым жердегі Тоғызкен қыстағындағы бейіт туралы ел арасында тараган аңыздың бір нұсқасы. Қолжазбаларды деректерге қарағанда “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” уақиғасы Шыңғыс хан дәуірінде болғанға ұксайды. Бірақ, қолжазбада аңызды айтушы, не жазып алушы туралы мәлімет берілмеген.

Қозы мен Баянның моласы ғалымдардың назарын бұрыннан-ақ аударып келе жатқан ескерткіш. Оны алғаш зерттегендер: Фальк, В.Б.Броневский, А.Ч.Шренк, П.П.Семенов-Тянь-Шаньский, В.Радлов, Г.Н.Потанин, И.А.Кастанье, Н.Абрамов, Е.Баранов, Н.Пантусов т.б.

Қазақ ғалымы Шоқан да бұл ескерткіштің тарихи маңызын жақсы түсінген, моланы өзі арнайы зерттеп, оның суретін салып алған. Қозы мен Баян туралы қолжазбаларды жинау ісімен шұғылданған. Кейін Г.Н.Потаниннің айтуымен моланы зерттеген Семейлік ғалым А.Н.Белюстюдов.

Жалпы “Қозы Қөрпеш–Баян сұлу” жыры туралы 1800 жылдардан бастап қазіргі әдебиеттану ғылымында макала-хабарлар, зерттеу еңбектер, монографиялар, диссертациялар барышының. Солай бола тұрса да, бұл дастанның қолжазбалары, әсіресе Қозы мен

Баяинның бейітіне байланысты қолжазбалар әлі түгелдей жиналып алынған жоқ.

“Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының қолжазбалары туралы тағы бір ескеретін жай – Шоқаның экесі Шыңғыста бұл дастанның бірнеше варианты болған. Шоқан осы аса құнды материалдарды ақын, ері публицист досы Н.М.Ядринцевке сыйға тартқан. Казак тілін еркін білетін ақын Г.Н.Тверитин осы материалдарды өзінің белгілі “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының орыс тіліндегі ең толық, ең әсем аудармасын жасауда пайдаланған болатын. Міне бұл қолжазбалар да әр жердегі мұрагаттарда, кітапхана қорларында шашырап кеткендігі байқалады.

1912 жылы Т.Беляевтің аударуымен орыс тілінде басылып шыққан “Қозы Қөрпеш” жырының башқұрт тіліндегі нұсқасы және оның орыс тіліндегі аудармасының қолжазбалары Қазан университетінің цензуралық комитет корында сактаулы (шифрі 4135). Бұл дастанның ең коне, ең толық және тұнғыш баспа жүзін көрген нұсқасы екендігі әдебиетші фалым Ы.Т.Дүйсенбаевтың зерттеу енбекінде атальпайтылған [1].

Цензураның комитет материалдарының ішінде осы аударманың 1919 жылы П.С.Кондыревтің өндеуімен екінші рет басылғаны туралы мәліметтер бар.

Ал, Татар АССР-ның Мемлекеттік оргалық мұрағатында қолжазбалардың арасында С. Петербург университетінің профессоры фалым түрколог И. Березиннің 1876 жылы басылып шыққан “Турецкая хрестоматия” кітабынан көшірілген “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының өлеңмен жазылған варианты кездеседі. Қолжазбаның мәтіні толық, бұрынғы жазылып алынған күйінде сакталған. Бұл “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” дастаның зерттеу үшін құнды деректер беретін нұска. Себебі, Ы.Т.Дүйсенбаевтың айтуынша, И. Березин нұсқасы мен Жанақ ақыннан Шоқан Уәлиханов жазып алған “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының қолжазбасының сакталған жері де белгісіз болып отыр [2].

Осы қолжазбаның ішінде И. Березиннің 1890 жылы басылған “Турецкая хрестоматия” кітабының III том, II бөлімінде басылған “Қозы Қөрпеш” жырынан алынған үзінді нұсқаның да қолжазбасы сакталған. Қолжазба араб әрпімен казак тілінде жазылған, сонынан орыс тілінде “Переписка кончена 27 ноября 1895 года в г. Казани...” деп Н. Катановтың колы қойылған. СССР Ғылым академиясының Қазандығы Тұл, әдебиет және Тарих институтының ғылыми мұрағатында А.В. Васильевтің корында “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының екі нұсқасы, “Кыз Жібек”, “Ер Тарғын” жырларының орыс тіліндегі аудармалары және мақал-мәтел жұмбактардың қолжазбалары сакталған (фонд А.В. Васильев, №32, опись №1, едхранения: 5859,61,64,65,72,75,76,77).

Университет кітапханасының қолжазба қорында казак арасында тараған “Аламан – Жоламан”, “Құламерген”, ертегілер сюжетіне құрылған “Құламерген” жырының 1915 жылы Илияс Молдажанов өлеңге аударып Қазан баспасына ұсынған, бірақ жарияланбай қалған нұсқасын қолжазбасы сактаулы (шифрі 1295), 1901 жылы Бәйкіев Шаһмардан “Айқын қызы мен Жарылқасын қожаның айттысын” Ақмола облысы Көкшетау оязынан жазып жіберген (шифрі 1548). Бұл кейін Қазан қаласында 1908, 1911, 1913 жылдары жеке кітап болып басылып шыкты.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан көне жанры мақал-мәтелдердің Қазан қаласында төнкөрістен бұрын да басылып шыққанын білеміз. Міне, сол мақал-мәтелдердің ертедегі қолжазбалары сакталған: Якупбай Болатовтың бірнеше мақал-мәтелдері және 82 мақал мен 10 жүмбактың қолжазбалары сактаулы.

Сондай-ақ 1886 жылы жазылған “Қобыланды батыр” жырының, 1915 жылы жазылған “Алдар көсем мен Жиренше шешен” әңгімелерін “Сағит батыр” жырының қолжазбасы, 1895 жылы жазылған “Айман–Шолпан” жырының қолжазбасы, ақын-жазушылардың өз қолжазбасынан Таһир Жомартбаевтың “Алтын сақина” пьесасының, Мақыш Қалтаевтың қолжазбалары сакталып қалған.

Қазан университетіндегі қолжазбалардың арасында казак әдебиетінің көршілес шығыс халықтары әдебиетімен байланыс, жақындығын аша түсетін, казақ арасына кеңінен тараған шығыс сюжетіне құрылған нұскалардан “Сәйфулмәлік”, “Көрүғұлы”, “Шәкір–Шәкірәт”, “Шах Мұрған” жырларының қолжазбалары сакталған.

Қазақ әдебиетіне ертеден белгілі “Сәйфулмәлік” дастаны араб ертегісі “Мын бір тұннен” аударылған. Бұл жыр әлі жөнді зерттелмей келе жатқан нұскалардың бірі.

“Сәйфулмәлік” жырының 1807 жылы басылып шықкан Сеит Герей жазған нұсқасы туралы А.Е.Алекторовтың библиографиялық көрсеткішінде берілген деректерге қарағанда, қазактың бұл хикаясы қазактар сияқты Қазан татарларының арасында кең тарағандығы айтылады.

Ал Қазан университетінің цензуралық комитет қорында 1807 жылы басылып шықкан “Сәйфулмәлік” жырын қайта бастыру туралы материалдар сақталған (шифрі 4179), Дастанның бұл нұсқасы 1807 жылдан кейін, 1895, 1897, 1909, 1914 жылдары Қазан қаласында басылған. 1870 жылы атақты ғалым түрколог, академик В.В. Радлов мазмұны Орта Азия елдеріне ортақ ел арасына көп тараған бұл жырды “Халық рухына бейімделіп” қайта жасалған кисса деп қарағ жинағының “китаб өлең” бөлімінде қыскартып, өндеп жарияланған [3].

Жұсіпбек Шайхулисламов бұл дастанды өзінше өндеп қайта жырлаған. Жұсіпбек нұсқасы 1903, 1908 жылдары Қазан қаласында басылды. Онда берілген деректерде дастанның 1876 жылы жазылғаны айтылады. Ал, Қазан университетінде осы нұсқаның 1902 жылы жазылған колжазбасы сактаулы, көлемі 46 бет (шифри 1329). Қазак арасына кең тараған, шығыс әдебиетінен келген жырлардың бірі “Шәкір – Шәкірәт” киссасының екі нұсқасы Қазан университетінің колжазба қорында сактаулы. Бірі – Тәуекеұғлы Байжұма жазған колжазба, көлемі 144 бет (шифри 1278), екіншісі – 1872 жылы жазылған “Кисса-и Шакир вә Шәкірәт падшаш-ашим балалары” деген колжазба, көлемі 49 бет (шифри 1559). М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының колжазба қорында және КР Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының колжазба қорында бұл киссаның бес нұсқасы сактаулы. Бұлардың бәрі де кейінні түнгілар, олардың біреулері ел арасына тараған “Шәкір – Шәкірәттің” белгілі сюжетіне құрылыш, жаңадан елеңмен қайта жырлаған нұскалар болса, кейбіреуі бұрынғы белгілі сюжетке ұқсас нұскалар. Ал, Қазаннан алынған колжазбалардың екеуі де көне түпнұскалар.

Шығыс елдерінің көбіне ортақ дастандар мен хикаялардан “Көрүғының” дастанының колжазбасының бір нұсқасы Қазан университетінің колжазба қорында сактаулы. Нұсқаның тақырыбы орыс тілінде: “Легенда о храбром Коруглы” деген, ал мәтіннің өзі қазақ тілінде араб әрпімен жазылған (шифри 1379).

Көрүғының атына байланысты эпостар түркпен, тәжік, өзбек, әзербайжан, курд, карақалпақ халықтарында кездеседі. Ал қазақ арасында “Көрүғының” жыры ертеден сіңіп кепкен, оның бірнеше варианты, нұскалары бар. Қазір жырдың 30-дан аса нұсқасы белгілі болып отыр.

“Шаһ Мұрат” киссасының 1884 жазылған колжазбасы сакталған (шифри 1414). Бұл жыр Қазан қаласында 1890, 1892, 1896, 1909, 1912 жылдары басылған.

1875, 1880, 1891 жылдары Қазан қаласында басылып шықкан “Қожа Даған” киссасының колжазбасы да осы қорда сактаулы (шифри 1282). Колжазба 1878 жылы жазылған, жызып жіберген Тәуекеұғылы Байжұма. Бізге белгілі кейір деректерде бұл киссаны жазған казактың ақыны – Әріп Тәңірбергенов [4].

Бұл колжазбалардың көпшілігі ертеде жазылып қалған көне түпнұскалар, сондықтан олар әдебиеттану ғылымының бір саласы текстологиялық зерттеу жұмыстарында құнды деректер беретін материалдар болып саналады.

Қазір, қазақ ғалымдары өткендегі әдеби мұраны сақтап, құндыларын бастыру мәселесіне зор мән беріп отырған дәүірде, оларды ғылыми

түрғыдан зерттеу жалпы халықтың, мемлекеттік жұмысқа айналған шақта қазақ қолжазбаларын жинау, зерттеу мәселесі бүгінгі қазақ әдебиеттануғының практикалық және теориялық маңызы зор мәселенің бірі болып қаралуда. Осыған орай, қазақ қолжазбаларының ертеде жазылған тұпнұсқаларын жинау жұмысын бұрынғыдан да жаңдандыру керектігін байқаймыз. Қолымыздары бай қолжазба қазынасымен бірге әлі де жиналмай келген қазақ қолжазбаларының көп екендігін білеміз. Мысалы: XIX ғасырдың 40-жылдарында Бөкей ордасының ханы Жәнгір қазақ қолжазбаларының көне нұскаларын Қазан университетіне тапсырған, кәзір сол қолжазбалардың кейбіреулері Санкт-Петербург университетінің қолжазба қорынан табылып отыр. Сондай-ақ “Бозжіт” поэмасының тым ертедегі ескі варианты Британия мұражайында “Махаббатнама” деген атпен сактаулы түр. Қыпшак поэмасы деп “Хосрау Шырын” жырының XIУ ғасырда үйгір тілінде жазылған нұскасы да сол Британия мұражайында сактаулы [5]. Ал қыпшактардың Қазакстан жерінде VI–XV ғасырларда мекендереген тайпалар екендігі тарихтан белгілі.

1920 жылы РСФСР Халық Комисариатының қаулысы бойынша, Қазақстаниң Оку халық комисариаты, Орталық аймақтану қоғамы сияқты мекемелер қазақтың ел арасында ғасырлар бойы сакталып келген ауыз әдебиетінің нұскаларын, түрлі қолжазбаларын әдебиет мұраларын, тарихи этнографиялық материалдарын жинау ісімен шұғылданады. Атапған мекемелер 1920 жылдары Жетісу өлкесіне, Сырдария маңына экспедициялар шығарып, қазақтың көптеген әдебиет нұскалары мен қолжазбаларын жинадды. Бұлардың арасында Жетісу облысынан 461 қолжазба материал 68 дәптердің 2500 бетіне, ал Сырдария облысынан жиналған 515 қолжазба материал 72 дәптердің 3000 бетіне жазылған. Бұл қолжазбалар сол уақытта Қазақ ССР Оку комисариатының Ғылыми көнсөнің корына сактауға алынған болатын [6]. Атапған қолжазбалардың ішінде қазақтың батырлар жырынан “Қамбар батыр”, “Ер Тарғын”, “Қобыланды батыр”, “Шора батыр”, “Алпамыс”, “Едіге”, лиро-эпостық жырлар, тұрмыс-салт өлеңдері, тарихи жырлар, ақындар айтысы, ертегілер, шешендік сөздер, мақал-мәтел, жұмбактар, өлең, тақпактар, мысал сөздер, әңгімелер сияқты көптеген нұскалар бар еді.

Осы Жетісу, Сырдария экспедициялары жинаған материалдар мұрагаттар мен корларда шашырап кеткен. Жоғарыда атаптың еткен “Қозы Қорпеш – Баян сұлу” жырының қолжазбалары Шоқан Уәлихановтың экесі Шыңғыста болған. Бұл қолжазбалар да әзіреле түгел жиналып алынған жоқ. Осылар сияқты қазақ қолжазбалары Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Томск, Семей, Ташкент т.б. калалардың мұрагаттары мен кітапхана корларында сактаулы түр.

Халқымыздың тарихын, әдебиетін, мәдениетін жан-жақты
терен зерттеу үшін, мәдени мұраларымыздың бірі – қазақ
қолжазбаларын жинау, сактау, ғылыми сиппатамасын жасау, оларды
бастырып шығару, “болашақ деген – сыры ашылмаған откен шақ”
дегенге құлақ аса отырып, қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін
зерттеу жұмысын терендете түсетін саласы болып табылады.

* * *

1. Қозы Көрпеш-Баян сұлу /Кұрастыруышы Ы.Дүйсебаев.– Алматы,–
1959.–6 б.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.3. Алма-
Ата: Наука, 1964. – С.555.
3. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен,
живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. Ч.3. Киргизское
наречие. Спб, 1870. – С.521–634.
4. XX ғасыр басындағы казақ ақындарының шығармалар жинағы.
Алматы, 1963.–341 б.
5. Маргулан А. О характере и исторической обусловленности
казахского эпоса // Известия казахского филиала АН СССР. Сер.
историч. – 1946. – №2. – С.76–81.
6. Диваев А.А. Материалы по казаховедению: Опись
этнографических материалов, собранных в Сыр-Дарынской области в
1920 году, особо командированной Турнаркомпросом комиссией //
Год работы казахского высшего педагогического института. –
Казпедвуз, 1928. – С.89–99.

ЖҰЛДАС

*“Өз еліміздің өткен-кеткені туралы,
басынан кешкен дәуірлері туралы,
бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы
қолдан келгеше толық маглұмат беру,
ата-бабаларымыздың істерімен танысып,
еткен жаңылықтарына қуйініп,
жақсылықтарына сүйініп,
гибрат алмақ адамга сана береді”*

Халел ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ

*АРЫСТАР
КАЛДЫРГАН
АМАНАТ*

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫНАН

*Бір кезде қалың қазақ еліне шамширақ, білім
мен жаңалықтың көзі болған Ахмет Байтұрсынов
нен Міржасып Дулатовтың газеті “Қазақ”
өздерімен бірге қайта оралды.*

1956 жылы “Айқап” журналы мен “Дала уалаятының газеті”, “Түркістан уалаятының газеті”, “Қазақстан” газеттерінің бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиясына [1] материал жинап жүргенімде “Қазақ” газетінің бетінде басылған материалдарды да жинаған едім. Әрине, ол кезде “Қазақ” газетінің бағы ашылады деп ойлаған емеспін. Тек, көмескі сезім “Қазақ” газетінің де материалын қалдырма дегендегі үміт артты ма? Әлде, жазықсыз жазада болған азаматтардың бірі әкем Субханбердінің перзенті болғаным себеп болды ма, әйтеуір, газет бетіндегі жарық көрген қазақ елінің әдебиеті, мәдениеті, тарихы, тілі, саяси жағдайы, шаруашылығы, басқа елдермен қарым-қатынасы туралы материалдарды Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханасында отырып карточкага түсіре бердім. Жалғыз “Қазақ” емес, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы” газеттерінен де материал жиналды. Екі мыңдан артық карточкадан тұратын осы картотека жұмыс столының тартпасында жататын. Сұрағандарға материал беретінмін. Біреулері ризалық сезіммен айтып жүрсе, біреулер материалдың ішінен аларын алып, ештеме көрмегендей пайдаланып кете беретін.

Бір күні халық жазушысы Өбділда Тәжібаев келіп Мағжан Жұмабаев туралы материалдарды қарап отырып: “Сен мына картотеканың қымбат казына екенін білесің бе, неге үстеліңнің тартпасында сактайсың! Есінде болсын, айтып алғанның айыбы жоқ дейді қазақ, алып кетсем ренжіме. Әйтпесе үйіне апарып тығып кой, келешекке керегі болар” деген сөзі камшы болып, үйге әкеліп, кағазбен орап, жіппен байлап жоғарыдағы күйстың ең түкпіріне тығып таstadtым. Және немерем Арманға: “Балапаным, мына материалды мен олай-бұлай болып кетсем мұрагатқа өткізерсің, бұл ата-бабаларының еш болған енбегі. Ең болмаса, бұл өмірде олардан бір із қалсын, кім біледі, мүмкін келешек буынның керегіне жарап...” дедім.

Жазықсыз жазалы болған азаматтарымыз ақталып, енбектері халқына қайтарыла бастаған соң-ақ “Қазақ”, “Алаш”, “Сарыарқа” газеттерінің библиографиясын жариялауды қолға алдым. Талай баспагердің алдына барып, салым суга кеткендей жігерім құм болып ренжіп қайтқан күндерім болды. Өсіреке жас баспагердің дауысы

дірілдеп, тебірене: “Апай-ай, күнде өзгеріп жатқан заман, енді өзгерсе, алдымен сіз кетесіз фой, қайтесіз, осы кітапты шығармай-ак қойсанызышы, басынан аяғына дейін авторлары “Алашорда” қайраткерлері екен дегені. Маган жаны ашып айтып отырганын сеземін. “Кетсем кетейін, кітап шықса болды” деп жалынамын. Ақыры кітапты шығара алмайтынын ашық айткан соң, колжазбамды құшқатап, кошеге шыққан соң ал жыла, өзіме ие бола алмай, ешкімді байқамай, ағыл-тегіл жылап келемін. Айналайын балам-ай, білсек кеткеннің не екені!..

Ойламаған жерде, көшеде Сәрсенбі Дәуітұлының кездесе кеткені!!! “Апай, неге ренжіп келесіз? – деп бір түрлі ізетпен қолтығымнан демеп жаны ашығанын айтпай-ак сездім. “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа” библиографиясын шығара алмай жүргенімді айттым.

“Жыламаңыз, ренжіменіз кітаптарының шығады” деп үйге алып келді.

Айтқаны келгендей:

40 жылдай қапаста жаткан “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа” газеттерінің библиографиясын 1993 жылы “Ғылым” баспасы жарықта шығарды. Жауапты редакторы С.С. Қирабаев. Сол кездегі “Ғылым” баспасын басқарып отырған С.З. Байменов пен М.Айымбетовтың білімділігі, парасаттылығы арқасында дүниеге келді! Шыға салысымен сирек кездесетін кітапқа айналды...

1995 жылы “Қазак әнциклопедиясының” Бас редакциясы “Айқап” журналының жинағын басып шығарды. Құрастыруышылар: Ү.Сұханбердина, С.Дәуітов. “Айқап” жинағының дүниеге келуіне сол кездегі “Қазак әнциклопедиясының” бас редакторы Рымғали Нұрғалиевтің еңбегі ерен!

Жинақ 1961 жылы жарық көрген тұңғыш еңбегім “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” атты библиографиялық көрсеткіш туралы мақала жарияладап саяси айыптаудан арашалған профессор Бейсенбай Кенжебаевтың рухына бағышталды.

1998 жылы “Қазак әнциклопедиясының” Бас редакциясы “Қазак” газетінің жинағын басып шығарды. “Алаш азаматтарының рухына бағышталған кітап “Қазак” газетін ұйымдастыруыш һәм тұңғыш редакторы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл tolу қарсаңында жарыққа шығарылды.

Қазақ халқының жиырмасынышы ғасырдың басындағы қоғамдық саяси ойының көшбасшысы болған “Қазак” газеті: арада сексен жылға жуық уақыт өткен соң, екінің бірінің қолы жете бермейтін архив қапасынан жарыққа шығып, жеке жинақ түрінде қалың оқырман

қауыммен кайта қауышты. Жинакта “Қазак” газетінің тарихы және танымдық құндылығын әлі қүнге дейін жоғалтпаган мақалалары сол калпы тұтас жарияланған.

Кітап сонында “Қазак” газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газette жарияланған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндап болған библиографиялық көрсеткіш берілді. Авторлардың, аты жөні аталған қазақ зиялыштарының суреттері берілді.

“Қазак” газеті қазақ халқының кіші тарихы, қазақ халқының кіші энциклопедиясы, әрбір казақты ойлантатын, өз тарихы үшін мақтаныш сезіміне белейтін, елі үшін әрбір адамның жауапты екенін еске салатын, намысын кайраттын газет еди.

“Қазак” газетінің жинағын шығаруға атсалыскан ғалымдар: “Қазақ энциклопедиясының” бас редакторы Әbdімәлік Нысанбаев, бас редактордың орынбасары Тілеухан Жұмаханов. Құрастырушылар: Ушқөлтай Сұбханбердина, Сәрсенбі Дәуітов, Қайрат Саков.

Ұлы ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдығына арналған “Фәниден өзі кетіп сөзі қалған” атты жинақ 1997 жылы жарық көрді. Белгілі ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз, өнер қайраткерлерінің өз аузынан немесе орындаудында үнтаспага жазып алынған нұсқалар келешек үшін баға жетпес асыл мұра, алтын қазына болып калмақ!

Құрастырушылар: Ушқөлтай Сұбханбердина, Флора Оразаева. Жауапты редакторы Тіней Оразайдың Мұртазасының Файзолласы жарыққа шығарған: ҚР Гуманитарлық Ғылымдар академиясы. “Рауан” баспасы. Алматы, 1997.

1946 жылы КСРО-дағы Ғылым академиясының Қазақ филиалының негізінде Қазақ ССР Ғылым академиясын Қ.И.Сәтбаев үйімдастырган болатын. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге аса қажетті Орталық ғылыми кітапхананы да сол жылы үйімдастырган болатын. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қолхатымен Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Таңкент, Уфа, Бішкек, Балтық жағалаудындағы елдердің кітапханаларын, архивтерін арапап қазактың Қазан төңкөрісінен бүрін жарық көрген қазақ газет-журналдарының, кітаптарының тұлніккасын, фото, ксеро, микрокөшірмелерін жинады.

Қаныш ағаның ғалым ретіндегі беделі, абыройы оте жоғары болатын. Қайда барсам да маған көмектесуге тырысатын.

Қатерлі заманда өлшеусіз тер төгіліп жиналған материалдар “Қазақ халқының атамұралары” мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш тұнғыш академик, бірінші президент Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың руҳына бағышталды. Жауапты редакторы Күлжиһан

Құлшәріпкызы Әбуғалиева. Құрастырған Үшкөлтай Субханбердина. Редакция алқасы: Ш.Ибраев, Ф.Оразаев, Ш.Қ.Сәтбаева, А.Сейдімбеков, Ү.Субханбердина. Пікір жазгандар: Р.К. Қайшыбаева, Ж.Ісмагұлов. Редакторы Ж.М. Нұргожина. Көркемдеуші редактор В.В. Пак. Библиографиялық редакциясын дайындаған Л.Д. Әбенова. Орталық ғылыми кітапхана, 1998.

“ҚАЗАҚ”

“Қазақ” қоғамдық-сағаси және әдеби газет, 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аттасына бір рет шығып тұрған. 1915 жылы аттасына 2 рет шығып тұрған. Тарапымы 3000, кейбір маглұматтарда 8000-га жеткен, Бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы, жазушы Міржакып Дулатов, бастырушы “Азамат” серікті. Ҳусаинов-Каримов баспаханасының басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзак Жәнібеков. Барлығы 265 номері жарық көрді. Газеттің шығуы, редакторлары жайында Петербордағы Мемлекеттік Орталық мұрағатта сакталған Орынбор губерниясының 1913 жылы 5 қантардағы Жогарғы баспасөз басқармасына берілген бүйрекінде Торғай облысы Қызылшөңгел болысы 8 ауылдың казагы Мұстафа Ахметұлы Оразаевқа және Торғай уезі Түсіп болысы 5 ауылдың казагы Ахмет Байтұрсыновка Орынбор қаласында казақ тілінде аттасына бір рет шығатын “Қазақ” газетін төмендегі бағдарламамен шығарып тұруға рұхсат берілгендің жазылған.

1. Үкімет тараپынан бүйрек-жарлықтар.
2. Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы.
3. Ішкі және сыртқы хабарлар
4. Қазақтың тарихы мен тұрмыс жайы.
5. Этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелері.
6. Экономика, сауда, кәсіп, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы.
7. Халық агарту, мектеп, медресе, тіл және әдебиет мәселелері.
8. Тазалық, денсаулық және малдәрігерлік жайлар.
9. Фельетондар.
10. Корреспонденциялар мен жедел хаттар.
11. Жергілікті хроника.
12. Суреттер.
13. Почталар (хаттар).
14. Құлактандырулар [2].

Газеттің екінші редакторы қызметіне Міржакып Дулатовты тағайындау туралы 1914 жылы 19 мамырдағы Жоғары баспасөз басқармасының Орынбор губернаторына берген бүйрекінде былай

дейді: “Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған “Қазак” газетінің екінші жауапты редакторы қызметін атқаруға Торғай облысы Сарықопа болысы №1 ауылдың қазагы Мир – Якуб Дулатович Дулатовқа рұқсат беріледі”[3].

“ҚАЗАК” газетінің шығарушылар алқасы атынан берілген 1913 жылғы I санындағы құлактандыруда: “Газеғіміздің көп мақсатының бірі – басқадан да ашып, өзімізде барын жиып, қазақ тілінің бетін жөндеп, жолын ашпақ, соңдықтан қазақтың макалалары, такпак сөздері, билердің, шешендердің айтқан сөздері, басылған өлеңдер, киссалар бәрі де кабыл альнады, басылмай калған сөздер кайтарылады” депінген.

Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен карым-катаңасына оқу-агарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-тұрып, салт-санага, тарих пен шекіреке арналған макалалар жарияланды. Абайдың өмірі мен ақындығы туралы алғашқы ғылыми макала Шоқан Уалиханов, Г.Потанин, Семенов-Тяньшанскийге, қазақ әдебиетінің тарихына, кезендеріне, қазақ тіліне арналған А. Байтұрсынов, Э. Бекейхановтың, М. Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің макалалары да бар. Газетте М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С. Дөнентаев, Б. Майлин, С.Торайғыров, Ф. Карапашев, А.Мәметов, Б. Серкебаев, Р. Малабаев, Қ. Қоңыратбаев, т.б. макала, әншіме, өлеңдері жарияланған. Аудармалар туралы сын макалалармен қатар Л.Н.Толстойдан, А.Чеховтан, М. Лермонтовтан, В. Короленкодан, И. Крыловтан аудармалар басылған.

Окінішке қарай, “Қазак” газет ұлттың, буржуазияның, либералшыл органдар алашордашылардың рупоры болды, оның редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов алашордашыл “халық жауы” деп, халқымыздың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, экономикалық-саяси өмірінен, әдет-тұрып, заңынан бай мағлұматтар беретін материалдардың бетін жылды жауаптап койған едік.

Жазықсыз жазага ұшыраған асыл азаматтарымыздың ішінде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың есімдерін төбіренбей аттай алмаймыз. Олар ағартушы, ғалым, әдебиет зерттеуші, дарынды аудармашы, оқу күрағашы мен әдеби шығармалардың авторы болумен қатар, ірі журналистер де еді. Қазақтың тұнғыш журналы “Айқап” пен “Қазак” газетінің беттерінде жарияланған макалаларын оқығанда, олардың сан қырлы еңбектерінің күесі боламыз. Ал “Қазак” газетінің редакторлық қызметін атқарудағы ерліктерін, газетті үзбей шығару жолында бес жыл бойы көрген күгін-сүргіндерін, патша цензурасының оларға жасаған шекісіз қиянатын, зұлымдығын мұрагат материалдарынан оқимыз. Солардың бірінде патша үкіметінің отаршыл саясатының тым өрескел көріністерін аша түсетін Баспасөз

ісінің бас басқармасы граф Татищевтің Орал губернаторына жазған құпия бұйрығы сақталған. Онда “Қазак” газетіндегі басылған әрбір мақала-хабарды барынша мүқият бақылап, тексеріп отыруды, баспасөз заңын бұзса, редакторларын аямай жауапқа тартуды, сотқа беруді бұйырады. “Қазак” газетін тексеру-бақылау жұмысын Торғай облыстық басқармасының тілмашы, татар тіліндегі мерзімді баспасөздерді бақылаушы Тунгандинге тапсыру қажеттігі жайында Орынбор губернаторы, генерал-лейтенант Сухомлиновтың бұйрығы да бар.

Мұрагат материалдарымен танысып отырганда газеттің әр мақаласы қандай қындықтармен жарыққа шыққанының күесі боламыз. “Қазак” газетінің 1914 жылғы 78-санында басылған “Алашқа”, 79 –санында басылған “Россиядағы ұйымшылдық” деген мақалада патша үкіметіне карсы үгіт-насихат бар; отарышыл саясатқа қарсылық білдірген деген редакторы Ахмет Байтұрсыновқа екі жылға жер аудару үкімі шығарылған. Газеттің 1914 жылғы 91-санында басылған “Бұ қалай?” деген мақала үшін (орыс тіліне аударған Тунгандин) 50 сом айып, немесе 2 ай түрме кесілген.

Газеттің 1914 жылғы 80-санында басылған “Закон жобасының баяндамасы” деген мақала үшін (орыс тіліне аударған Тунгандин) Орынбор генерал-губернаторы Ахмет Байтұрсыновка 1500 сом айып салуга немесе үш ай түрмеге жабуга үкім еткен. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсыновтың Ішкі істер министріне жазған жеделхатын сол қалпына келтірейік:

“Телеграмма 22 октября 1914 г. За статью не военного характера помещенную киргизской газете “Казах” издающейся в Оренбурге, переведенную на русский язык искаженнем виде редактор оштрафован постановлением главначальствующего Оренбургской губернии от 11 октября он 1500 рублей или арест 3 месяца. Постановление нахожу не правильным сегодня подана мною жалоба правительствующей сенат копия жалобы посыпается почтой вашему высокопревосходительству. Не имея средств уплатить штраф почтительно прошу сделать распоряжение приостановить приведение постановления исполнение до разрешения жалобы Сенатом. Редактор газеты “Казах” Ахмет Байтұрсынов”.

Ахмет Байтұрсыновтың Орынбор губернаторына, Ішкі істер министріне, Сенатқа жазған арыздары да мұрагат құжатында сактаулы тұр. Бұл арыз-өтініштерін тебіренбей оку мүмкін емес. Меруерттей әдемі жазумен, орыс тілінде бір қатесіз, ері дәлелді жазылған арыздан елім деген енірекен аяулы азаматтың жан дауысы естіледі!

Ақыры Сенат Орынбор губернаторының үкімін бұзуға мәжбүр болады. “Қазак” газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов 1500 сом

айып төлеуден босатылады. “Білегі мықты бірді жығады, білімі мықты мынды жығады” деген сөз осындайдан қалған болар.

Бірак амал не, Ресейдің ең жоғарғы экімшілік орны Сенат пен Ішкі істер министрлігінің чиновниктерімен куресе білген ұлтжанды азаматтар Кенес үкіметі тұсында айдалып, атылып, құртылып, жойылды емес пе?!

Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ – қоғам қайраткері, акын, публицист, аудармашы, журналист, қазақ тіл білімінің іргесін қалаушы, лингвист ғалым. “Қазак” газетінің редакторы болумен бірге, оның бетінде үзбей мақалаларын жариялада отырған. Ол мақалаларда қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, коныс аударғандарды орналастыру тәртібі, қазақ шаруаларының мұн-мұқтажы, тыл жұмысында жүрген казак жастарының хал-жайы, оқу-агарту мәселесі, әдебиет, мәдениет туралы ой пікірлерін ортаға салады. Бұл мақалалар – мешел қалған халқының шаруашылығын, мәдениетін ілгері сүйреуді мақсат етіп койған, халқының қамын ойладап, тұн ұйқысын төрт бөлген от жалынды қоғам қайраткерінің, білікті ғалымның келешек буынга қалдырып кеткен баға жетпес мұрасы.

Ахмет Байтұрсынов “Қазақтың бас ақыны” деген мақаласында Абай өлеңдері кітап болып басылып таралмау себебінен қазақ арасынан кең жайылмағанын айта келіп, өзінің Абай сөздері жазылған дәптерді тек 1903 жылы ғана оқығанын, Абай өлеңдері аз сөзді, терең магыналы екендігін, қазақ әдебиетінде бұрын болмаган жаңа күбылыс деп ете жоғары бағалайды. “Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, үздік артық” дейді. Абайдың шыққан ортасы, экесі Құнанбай, атасы Өскенбай, ұлы атасы Үргызбай, шешесі Ұлжан туралы деректер келтірген. Абайдың 80-ші жылдары Семейге жер аударылып келген Михаэлиспен, қазақ елінің әдет-тұрпы, салт-санасы туралы материал жинауга келген Гроссспен танысызы, олардың Абайға тиғізген әсері, орыстың ұлы ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов, жазушылар Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, сыншылар Белинский, Добролюбов, Писарев енбектерімен таныстырылғаны, қазақ халқының бағына Абай мансап қумай, ақындық жолға түскені туралы, Абай өлеңдерінің әрі сыншыл, әрі шебер екенін жазады. (1913. №№39,40,43). “Қазак” газеті мен Ахмет Байтұрсынов туралы ұлы Мұхтар Әуезовтің “Ақаңын елу жылдық тойында” сөйлемеген сөзінен үзінді беруді мақұл көрдік. “Қазак” газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Акан ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын-ырга

тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш.

Ақан сөйлегендеге менің есіме “Қазак” газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазак жұртын әлсіретіп, “Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызыға мас қылып” елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестейтіндей еді”, (Ақжол, 1923, 4 ақпан).

Қазақ халқын оятуды мақсат еткен Міржақып ДУЛАТОВТЫҢ азаматтық ерлігі сонау Санкт-Петербургда 1907 жылы шыққан “Серке” газетінде басталған болатын. Қазақ зиялышарының күшімен дүниеге келген алғаштық қазақ газеті “Серке” өз алдына жеке газет болып шыға алмай, татар газеті “Улфатқа” қосымша ретінде Әбдірашит Өмерович Ибрағимовтың редакторлығымен, Шәймерден Косынғұловтың басқаруымен шыққан. “Серке” газетінен бүрін ұзақ жылдар шығып тұрған “Түркістан уалаятының газеті” (1870-1882) мен “Дала уалаятының газеті” (1888—1902) патша үкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының тілі болыптын. “Серке” газетінде 1907 жылы жарияланған “Біздің мақсатымыз” деген мақалага Петербордың Ішкі істер министрлігінің баспасағы басқармасының бас кеңесшісі В.Д. Смирнов қатты шүйіледі. Мақаланың сонынан “Арғын” деп кол койылған. Бұл бізге белгілі Міржақып Дулатовтың буркеншік аты. Осы мақала үшін газеттің редакторын сотка тартып, баспаханадағы сандарын түгел тінтіп алғып, патша жарлығымен сот палатасы газетті жою туралы бұйрық шығарады. Дүниеге келмей жатып жөргегінде тұншықтырғандай бұл газеттің не жазығы бар еді? 1907 жылдан бастап 1913 жылға дейін неге сонынан шырақ алып күғынға ұшыратты? Бар гәп Міржақып Дулатовтың “Біздің мақсатымыз” деген мақаласында еken. Смирнов доносында мақаланың орыс тіліндегі аудармасын беріпті”[4].

Газеттің түп нұсқасын еш жерден тауып оки алмадык. Петербор мұрагатында сақтаулы тұрған мақаланың аудармасын оқығанымызда, патша үкіметінің отаршыл саясатының көріністерін, қазақ еліне жасалып отырған зорлық-зомбылық, әділетсіздіктер, қазақ халқының басына төнген қара түнектен күтылуын жолын іздеген, елім деп еңіреген қазақ зиялышының серкесі – Міржақып Дулатовтың тағдыр талқысымен күресінің басталу кезеңін сезгендей боламыз.

М.Дулатов “Қазак” газетін шығару жолында Ахмет Байтұрсыновпен бірге барлық киындықты бөлісумен қатар, газет бетінде макала,сын, әңгіме, өлеңдерді молынан жариялаған. Ол мақалалардың бірінде патша үкіметінің отаршыл саясатын шенесе, бірінде халыкты оқытудың жолын іздейді. Озық мәдениетті слідерден үлгі-онеге

ұйренуді ұсынады. Қазақ халқының тарихынан, өткенінен деректер береді. Ел арасындағы кері кеткен мінездерді, әдет-ғұрыпты әжуалайды. “Тарихи жыл” деген макаласында қазақ елінің тарихынан деректер беріп, қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік кезеңнен “Ақтабан шұбырынды” туралы, Қазақстанның Ресейге бағынуы, 1868 жылғы “Уақытша ереже”, 1916 жылы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің басталуы, т.б. мәселелер туралы тарихи құнды деректер жариялады. Қазақтың ағартушы ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі, ғылыми еңбектері туралы көлемді мақала жазады. М. Дулатов Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуынан арналған макаласында Абайды қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ тілін қалыптастыруши деп Ломоносовпен салыстырган. Басылып шыққан кітаптар туралы да пікір білдірген; А. Байтұрсыновтың оқулығына сын жазған; “Айқап” журналында жарияланған И. Лихановтың “Манап” драмасы туралы макаласын қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын білмейтін сауатсыз шығарма деп қатты сынға алады. Аударманың тілі туралы накты мысалдар келтіреді.

М.Дулатовтың “Қазақ” газетінде жариялаган макалалары мен очерк, әңгіме, өлөндөрі – зерттеушісін күтіп тұрған құнды материалдардың кайнар козі.

Халқымыздың үш алғыбының бірі – Әлихан БӘКЕЙХАНОВТЫҢ “Қазақ” газетінен бұрын шықкан “Дала уалаятының газетінде” жарияланған макалаларында (1898 жылғы 7-санында) қазақ елінің шаруашылығы, патша үкіметінің алым-салық алуы, 1900 жылғы 7,8,9,16 сандарында әдет-ғұрпы, салт-санасы, елімге ас беру салты, қазақ шаруашылығында артель үйимдастыру ісі туралы деректер келтіреді. 1900 жылғы 10,11-сандарында Л.Н. Толстойшың “Суратская кофейня” әңгімесін аударып жариялады. Әлихан Бекейхановтың мол енбегінің бір саласы – “Қазақ” газетінде жарияланған макалалары. Газетте басылған екі жүзге жуық мақала мен аудармада қазақ елінің ең түйінді деген мәселелеріне тоқталған. Қазақ елінің жер мәселесі, отырыкшы болуы, нағиға үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған аграрлық саясаты туралы пікірлерін жазады. Том губерниясы Алтай округінде тұратын қазақтардың тарихынан деректер; Семей, Ақмола, Торғай, Закаспий, Сырдария, Жетісу, Фергана, Самарқанд облыстарында тұратын халықтардың шаруашылығы, халқы, тарихы, сот. әкімшілік мәселелері жайынан бай маглұмат береді.

Ә.Бекейхановтың қазақ елінің тарихына арналған макалаларында Шоқан Уәлиханов, П.П. Семенов-Тяншанский, Г.Н. Потанин туралы да құнды маглұматтар бар. Француз социалистік партиясының басшысы, “Юманите” газетін үйимдастыруши Жан Жорес (1859—1914) туралы

Герман социал-демократиялық партиясының және II Интернационалдың көрнекті қайраткері Август Бебель туралы макалаларын жариялады.

Әлихан Бекейханов “Қазақ” газетінің 1915 жылғы 112 санында “Жаңа кітаптар” деген тақырыппен жазған мақаласында “Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества” деп аталатын кітаптың 1914 жылғы VIII басылымында Абай мен Е.П. Михаэлис туралы мәліметтер берілгенін, қазақ елінің шаруашылығы, әдет-ғұрпы туралы құнды деректер басылғанын хабарлай отырып, тарихи құнды деректер көлтіреді. Әлихан Бекейхановтың “Қазақ” газетінде басылған сын мақалаларында мол тарихи-этнографиялық мәліметтер бар. Шәкәрім Құдайбердиевтің 1912 жылы жарық көрген кітабы “Қалқаман – Мамыр” туралы сын мақаласы газеттің 1915 жылғы 121-санында жарияланған. Сондай-ақ Шәкәрім Құдайбердиевтің “Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі” атты кітабына газеттің 1913 жылғы 12-санында мақала арнайды. Бұл мақалада қазақ елінің тарихы, шыққан тегі туралы құнды деректер мөшіншілдік 1914 жылы Орынборда “Үміт” баспасынан жарық көрген “Қарақыпшақ Қобыланды батыр” кітабына сын мақаласын газеттің 1915 жылғы 126-129 сандарында жариялады. Жырды Қостанай уезі Қарабалық болысында тұратын жырау Біржан Толымбаевтың айтуынан жазып алғып, баспаға ұсынған Махмұтсұлтан Тұяқбаев болатын. Осы макалада Әлихан Бекейханов Абай елеңдеріне, Шәкәрім Құдайбердиевтің “Шежіресіне”, Шокан Уәлихановтың ғылыми енбектеріне сілтеме жасай отырып, жырдың көркемдігі туралы, тарихы туралы көптеген құнды мәліметтер көлтіреді. Сын мақалалары казіргі әдебиет зерттеушілері үшін құнды нұсқа екендейгінде сөзжок. Ә.Бекейханов газет бетіндегі Н. Маркестін “Қырым сөзі” аның әңгімелерін, Л.Толстойдың “Жұмыртқадай бидай” әңгімесін, А.Чеховтың “Хамелеон” әңгімелерін аударып жариялаған. “Роман бәйгесі” деген мақаласында Ресейде, шет елдерде әдебиет, мәдениет саласында үздік шығармаларға сыйлық берілетінін мысалға келтіріп, қазақта роман жазушыларға сыйлық жарияланғаны айттылған.

Газет оқу-ағарту ісіне байланысты бала тәрбиесіне де тоқталған: Мәселен, “Бала тәрбиесі” деген макалада (1915 №119) жалпы адам баласын жан-жангуармен салыстыра отырып, адам баласына тән тәрбиесі де керек деген. Ескі Римде, Грекияда бала тәрбиелеу ерекшеліктеріне тоқталған. Қазақта бала тәрбиелеудің негізі: “Бетегелен биік, жусанин аласа бол”, “Көм бойынды, жасыр ойынды” болғандығын айта келіп, үру, соғу, жолымен тәрбиелеудің дұрыс еместігін жазған. “Әзір білімді баланың кішкентай басына тыға бермей, жетелен, өзіне іздетіп, ақылын көмілдеп, ізгілікке баулып, жүргегін адалдан, жақсына

қызығатын, жаманнан жиіркенетін етіп, табиғатын жіңішкеертіп тәрбиелеген мақсат” деген.

“Қазақ” газетінің авторларының көпшілігі –ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бір тұма білгілері, зиялы азаматтары көп жылдар бойы “Халық жауы” деген айдармен арамыздан аластатылып келді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жусіпбек Аймауитов, Мағжан Жұмабаев сынды ақын, жазушыларымыз бар. Шәкірім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қараашев, Халел Досмұхамедов, Жаһанше Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жаһанше, Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Ғабдолғазиз Мусин, Таһир Жомартбаев т.б. сиякты ғалым, қоғам қайраткерлері бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин – “Қазақ” газетінің тұракты авторлары.

Бір кезде қалың қазақ еліне шамшырақ, білім мен жаңалықтың жаршысы болған “Қазақ” газетінің бетінде басылып тұрған халқымыздың саяси өмірінен, мәдениетінен, әдебиетінен, оку ағарту мәселелерінен дерек беретін сан алуан, әр түрлі бай материалдарды бір жүйеге келтіріп, дұрыс баға бере отырып, ен құндыларын қазіргі ғылымымыздың игілігіне жарату – алда тұрған саналы міндеттеріміздің бірі болмак.

“АЛАШ”

“Алаш” 1916 жылы 26 қарашадан бастап 1917 жылдың ортасына шейін, Ташкент қаласында алтасына бір рет шықкан. Редакторы Көлбай Тогусов, шығарушысы Мәриям Тогусова. “Туркестанский курьер” баспаханасында басылып тұрған. Газеттің шығуы жайында “Алаш” газетінің алғашқы санында: “Ресей қарамагындағы елдердің бірі болу үшін казақ халқының шешетін мәселелері көшпелілік пен отырықшылық. Оку-ағарту ісін жөнге қою, Мемлекеттік Думаға қатысу, сот ісін жөндеу, әйел мәселесін көтеру, елдің тұрмыс халін түзету” деген. Міне, газеттің негізінен осы мәселелерді көтергенін ондағы басылған макалалардан байкауға болады: К.Тогусов “Жогалсын Романовтар” деген макаласында 300 жыл Ресейді билеген Романовтар туралы айта келіп, әр халық өз алдына егеменді ел, демократиялық республика болуы керек деген.

Газетте Т. Жанбаевтың “Бізге нелер керек?” деген макаласында казақ жастарын окуға, мәдениетке, қазақ елін мәдениетті ел қатарына жеткізу үшін еңбек стүге шақырған. Т. Жомартбаевтың “Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол” деген макаласында елді мәдениетті болуға, ол үшін оку-білімге шақырған. Абайдың нақыл

сөздерін келтірген. “Ояну керек” деген мақалада артта қалған қазақ елінің окуға, өнер-білімге жетілуі үшін жастарды оқыту, қала болып отырықшылыққа көшу, Мемлекеттік Думаға депутат сайлау керектігін жазған. “Гұл ашамызы” деген мақалада Ұакытша үкіметті елге бостандық әкеледі деп түсіндіріп, елді бостандықты қоргауға шақырған. “Көкшетауда бостандық тууы” деген мақалада қазақ елінің Ресейге бағынғаннан бергі жағдайына токтала отырып, патша үкіметті құлады деп, енді окуға, өнер-білімге ұмтылуға, жабылып қалған мектептерді қайтадан ашуға үндеді. С. Дөнентаевтың “Азаттық күні” деген өлеңі қазақ халқының патша құлдығынан босағанына арналған.

Газет бетінде әйел тенденция жайында көптеген мақала, өлеңдер бар: А.Баржақсан “Жанды мәселе” деген мақаласында әйел мәселесіне токтала отырып, әйелдің қиналғанда жолдас екендігін, Адам – ата, Һая – ана туралы аныз әңгіме келтіреді. “Жібекті түтпесе жұн болады, қызды тәрбиелемесе күн болады” деп, әйелді тәрбиелеу ісіне зор маныз береді. “Қайғылы қыздың зары” деген өлеңде бас бостандығын ансаған қыздың аянышты халі суреттеген. Б. Майлин “Не қымбат” деген өлеңінде әйел тенденция туралы айта келіп, “қыздың кедейге – мал, байға – қызық” екендігін әшкерлекен. “Алаш” газетін бастыруышы Мариям Тогусова болуы сол кездегі қазақ әйелдерінің ояна бастауының бір белгісі болса, газет бетінде бірнеше әйел қалам терберегенін де байқаймыз: Сәбира Әбдіқалық қызы “Қыз баланың зары” деген өлеңінде жас буынға білім, тәрбие беру үшін аданың өзі білімді, тәрбиелі болуы керектігін жазған. Газет бетінде белгілі ақын-жазушылардың алғашқы өлеңдері мен әңгімелері басылған Б.Майлиниң, Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің студент кездерінде жазған мақаласы кездеседі.

1917 жылғы 22-санынан бастап “Алаш” газетінің редакторы Тұзел Жанбаев болғаны туралы, “Алаш” газетіндегі Жанбаевтың “Окушыларға етініш” деген мақаласында К.Тогусовтың халық мәжілісіне, Петербордағы шаруалар съезіне уәкіл болып сайланғаны, газет шығару жұмысы Тұзел Жанбаевқа тапсырылғаны хабарланған. Петербордағы Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада газеттің 22-санына дейін сакталған.

“САРЫАРҚА”

“Сарыарқа” газеті 1917 жылдың маусым айынан бастап Семей қаласында қазақ тілінде аттасына бір рет шыға бастаған. Редакторлары Райымжан Мәрсеков пен Халел Фаббасов, бастыруышы “Тенденция” серіктігі.

Газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зиянын, “Алаш” партиясының бағдарламасы, қазақ елінің

саяси-экономикалық жағдайы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары мен қазактар арасындағы қарым-қатынас, Құрылтай жиналысы, қазақ елінің мәдениеті, оқу-агарту ісі туралы Әлихан Бекейхановтың, Міржақып Дулатовтың, Райымжан Мәрсековтың, Халел Габбасовтың, Әлімхан Ермековтың, Мұстақым Малдыбаевтың, Жақып Ақлаевтың, Мәннан Тұрганбаевтың т.б. макалалары жарияланған.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Алаштың әнұраны” “Сарыарқаның жаңбыры”, “Шәкірт ойы”, “Жас жүрек”, “Е, дүнис” өлеңдері, Әлихан Бекейхановты Семей халқының қарсы алуы суреттеген әнгіме басылған.

Жүсіпбек Аймауытов газеттің 2 санында “Мезгіл жетті, кара бұжарға: Аш көзінді, кедейлер, күнің туды! Байға жағынып, малға бағынып, тамаққа сатылатын заманың емес. Альсаң тенденсіп, тізелесіп отырып ал сыйбағанды. Тенденсіл алатын кезінде, құлқыныңың құлды болып кетпе!” дейді. “Партия” деген макаласында: “Ас бергенде – мырза деп, ел жегенді – ер деп, аузымен орақ органды білгіш деп, мал шашқанның сонынан надан ел ере беретін еді” деген.

Мұхтар Эуезов семинарияда оқып жүргендеге жазған “Адамның негізі – әйел”, “Оқудағы құрбышарым” деген макалаларын жариялаган.

Сәбит Дөнентаевтың “Жәмила қызы”, “Сарыарқа анамызға”, “Той”, “Қаулы” деген өлеңдері басылған. Ғұмар Қараашевтің “Алаштың азаматтарына” деген өлеңі, Илияс Жансүгіровтың “Жуан білектік”, “Тілек” деген өлеңдері, Бейімбет Майліннің “Адаспастың”, “Тұяқ елі кісі” деген өлеңдері жарияланған.

Газетте Абылай хан туралы аныз әнгіме, Потанин туралы деректер берілген.

Әрбір жаңалықтың ескіден туатынын еске ұстасақ, “Сарыарқа” газетінде жарық көрген нұскалардың да қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетімізді зерттеуде құнды деректер екені даусыз.

“СЕРКЕ”

“Серке” газеті 1905—1907 жылдарда Ресейде болған бірінші революция екпінімен шыққан баспасөз түрінің бірі. Бұл газет жайында Б.Кенжебаевтың “Қазақ баспасөзінің мәліметтері” деген кітабында біраз мағлұммattар берілген.

“Серке” газеті 1907 жылы қазақ оқушыларына арналып, Петербургте шығып тұрған “Үлфаг” газетіне қосымша ретінде Шәймерден Қосшығұловтың басқаруымен, Хажы Ибрагимовтың редакторлығымен шықкан. Патша орындарының рұқсаты бойынша алғашқыда екі жетіде бір шығатын болып анықталса да, бірак “Серкенің” бір-екі номері ғана шығып, тоқтал қалған.

“Серке” газетінің шығуы туралы 1911 жылы Мұхаметжан Сералиннің окушыларға арнап жазған бас макаласында : “1907 жылы II Мемлекеттік Думаның мүшесі Шаһмардан Қосшығұловтың іжтиһаты менен Петербурда “Серке” ісімлі журнал шыға бастап еді, ұзакқа бармай, үкімет тараپынан тоқталды”, – (Айқап”.1911.№1) деп жазған. Газеттің шығуы жайында Қазақ FA Орталық ғылыми кітапханада Ш.Қосшығұловтың айтуымен жазылған колжазба да бар. Ол жазбада “Серке” газетінің 3-4 номері шығып тоқтағанын, “Серке” деген не сөз, ол боранда кой бастайтын кесем мағынасында колданатын ұғым деп түсінік берген. “Нәжет” Азаттық деген жинақта “Үлфат” газетінің редакторының бірі деп кол койған хабарда” 1906 жылдың ақырда “Үлфаттың” казақ окушыларына, казақ тілінде “Серке” атты екі жетілік газет шығаруға қарап болды. Келесі жылғы март айының басында сол газеттің жариялауы шықты. Артынша, 28 марта бірінші саны шықты. Ол “Үлфат газетінің 67 санына қосымша болып шықты. Газет шыққан соң бірер күннен кейін полиция келіп, қала начальнигінің “Серке”, “Үлфат” газеттерінің ұсталғаны туралы әмірін оқып, басқармадағы бар даналарын жинап, құлыштап кетті. Екінші күні тиісті орындардан сұрағанымызда, олар: “Серке” газетіндегі кейір макалаларда қазақ халқын үкіметке қарсы үгіттеу бар, содан ұсталды деп жауап берді”[5], – делінген.

“ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ”

“Қазақ газеті” 1907 жылы, март айында, Троицк қаласында шықты. Бір саны шығып тоқтап қалған. Шығарушысы Хaim Шумлов Сосновский, бастырушылар: Жетпісбай Андреев, Ешмұхамед Иманбаев деген кіслер. Газеттің шығуы, қай калада шығару керектігі, редакторы жайында көп дау болып, соның салдарынан газеттегі шығару ісі мүлде тоқталған. Бұл газетті де әзірге тауып оқи алмадық. Рәмиевтің “Уақытылы татар матбұғаты” [6] деген альбомында “Қазақ газеті” 1907 жылы март айында қазақ тілінде, Троицкі қаласында Хaim Шумлов Сосновскийдің басқаруымен шығып тұрғаны жөнінде мәлімет берілген.

“ДАЛА”

“Дала” газеті. Газеттің өзін тауып оқи алмадық. Рәмиевтің альбомында 1907 жыл мен 1911 жылдар арасында, қай жылы шығып, қай жылы тоқталғаны белгісіз. “Дала” газеті Томскіде қазақ тілінде “миссионерлер серіктігінің” басқаруымен шыққандығы туралы деректер бар.

“ҚАЗАҚСТАН”

“Қазақстан” газеті 1911 жылы 16 наурыздан бастап, алғашқы номерлері Ордада, кейінгі номерлері Оралда, бұрынғы Теке қаласында шыққан. Газеттің әр номерінің сонында қазақша жазылған мақалалардың тек үзын-ырға мазмұны орыс тілінде де беріліп отырған. Газеттің көлемі шағын 6 беттік, барлығы 15 номер, оның 5 номері 1911 жылы, қалғаны 1912-1913 жылдары жарық көрген.

1911 №№ 1-2, наурыз – мамыр (март-май).

№№3-5, қараша – желтоқсан (ноябрь-декабрь).

1912 №№ 4-12, қантар – мамыр (январь-май).

1913 №№ 1-2, қантар – акпан (январь-февраль).

Газеттің редакторы – Елеусін Бүйрин, А.А. Щелкованың меншікті баспаханасында басылып тұрған. Газеттің мақсаты жайында әр номердің басында эпиграф бар. Оnda “Газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрену турасында” дедінген. Газете басылған мақалалардың көшілігінде тәрбие, адамгершілік туралы сөз етіліп, қазақ бұкарасын өнер-білімге талпынуға шакырған 1911, №1, 15 қараша. Рәмиевтің “Уақытша татар матбұғаты” деген альбомында “Қазақстан” газеті 1911 жылы наурыздан бастап Орал қаласында қазақ тілінде шыға бастаганын айтып, газет қазақ оқығандарының бір-бірімен тартысынан соң, көп қайшылтықтармен шығарғандығы туралы сөз етеді.

“Қазақстан” газетінің бетіндегі макалалардың жалпы сарыны – орыс мәдениетінің, әдебиетінен үйренуге, үлгі алуға шакыру; Кольцовтың “Что ты спишиш мужичок?” (1911.№1.16 наурыз) деген өлеңінен қазақ тілінде: “Уа, ұйықтап жатамысың, кара шекпен?” деген аударып жалқаулықты, кері кеткендікті әшкерелеп, талапкерлікке енбекке шакырған, Архангельскийдің “Қазақтың мал шаруашылығына көмек жайында” (1913. №1.27 қантар) деген мақаласын қазақ тіліне аударып, мал шаруашылығы жайында құнды кеңестер берген.

Газет бетіндегі мәдени жаңалықтармен бірге, ғылым жетістіктері де хабарланып тұрған; Нефть. Лампымай (1911.№2.1 желтоқсан) деген хабарда Үйшік Гурьев уезінде 8000 км көлемін алғып жатқан бай мұнай табылғандығы жазылған. Газет жалпы қазақ бұкарасының халжайына, шаруашылығына тоқтала отырып, елді өнер-білімге, орыс мәдениетінен, әдебиетінен үлгі алуға, қай тілде болса да ғылым үйренуге шакырған, прогресшіл демократиялық бағыттағы газет деуге болады; бірақ газет үртіс шығып тұрмаған, кейде айып төлеп, кейде жабылып отырған.

* * *

1. Субханбердина Ү. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 1 бөлім. Алматы: Қазмембас, 1961.-156 б.; Субханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім. Алматы: Қазмембас, 1963.-292 б.

2. Санкт-Петербург қаласының Орталық Мемлекеттік мұрагаты. 776 қор. №21 тізбе.

3. Сонда. 776 қор, 21 тізбе.

4. Санкт-Петербург қалалық Орталық Мемлекеттік мұрагаты. 776-777 қор. 7,9 тізбе. №58, 197 -іс.

5. Нәжет. Спб., 1907. 6-7 6.

6. Рамиев С. Уақтылы татар матбұғаты. Қазан, “Гәжур” баспаханасы, 1926.-226 б.

СОЛДАТЫНЫҢ

“ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫң ГАЗЕТИ”

Қазақ мәдениетінің тарихында өзіндік орны бар, халықтың саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени және эстетикалық ой-пікірін оятуға септігін тигізген қазақ баспасөзінің тұнғышы – “Түркістан уалаятының газеті”.

“Түркістан уалаятының газеті” (1870–1882) ең алғаш “Түркестанские ведомости” газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында шыға бастаған. Бұл газет жалпы Орта Азия халықтарының тұнғыш баспасөзі болып саналады. Алғашқыда ол айна төрт рет, оның екі нөмері, өзбекше және екі нөмері қазакша шығатын болды. “Түркестанские ведомости” газетінен бөлініп қазақша, өзбекше шыққан “Түркістан уалаятының газеті” бетінде қазақ елінің түрмисы, тарихы туралы мағлұматтар көп басылған, оның ішінде қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазакстан, Жамбыл және Алматы облыстарын қоныстаған қазактардың сол кездегі тіршілігі көнірек орын алған.

Газеттің редакторы – Ш.М. Ибрагимов, Ш. Уәлихановтың көп танысының бірі, ол бұрын Омбы кадет корпусында оқып, Көкшетау дуанының хатшысы болған кісі. 1865 жылы Оңтүстік Қазакстан мен Орта Азия Ресейге қосылғаннан кейін Ш. Ибрагимов пен І. Ибрагимовты Ташкентке генерал-губернатордың қарамағына жібереді. Ш. Ибрагимов бір жағынан генерал-губернатордың тілмашы, екінші жағынан өзбекше-қазақша шығатын “Түркістан уалаятының газетінің” редакторы болған; газетке редактор кейінірек Х. Чанышев болды. Газеттің бас редакторы Н.П. Остроумов, кейін Н.Г. Малицкий болды.

Ішкі істер министрлігі газеттің шығуына рұқсат беріп, оның бағдарламасын тек қана патша үкіметінің жарлықтары, салтанатты жиылдыстары тәнірегінде ғана лайыктап, көбінесе реєсми хабарларды басуға үйірган еді. Реєсми хабарлардың ішінде “жергілікті халықтарға қатысты Түркістан генерал-губернаторы мен әскери губернаторлардың бұйрықтары, сот орындарының үкімдері, Түркістан өлкесінде жарияланатын жалпы үкімет бұйрықтары, ғылым-білімнен косканы, орыс патшаларының өмірінен қысқаша әнгіме. Жергілікті халықты қызықтыратын орыс халқының өмірінде және басқа мемлекеттердің өміріне кездесетін қызықты оқиғалар. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына байланысты жергілікті хабарлар, әр түрлі мәліметтер” [1].

Бірақ, “Түркістан уалаятының газетінің” бас редакторы Н.П.Остроумов ғылыми-зерттеу ісімен шұғылданған кісі болғандыктан, бұл бағдарламаны кенейтіп, газеттің реңсі емес белімінде жергілікті халықтардың тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне жаңасты материалдарды көп бастырган. Онымен қатар А.С. Пушкиннің, Л.Н. Толстойдың, И.А.Крыловтың аудармаларын өзбек және қазақ тіліндегі номерлерінде жариялады.

1883 жылы Түркістан генерал-губернаторының бұйрығы бойынша газетті қазақ тілінде шығару тоқтатылып, тәулікте бір шығатын өзбек газетіне айналды. Біраз уақыттан кейін, 1885 жылдан бастап газет өзбек және орыс тілдерінде шықты. Жалпы бұл газет 47 жыл бойы, 1918 жылға дейін шығып тұрган. Дегенмен, осы 1883 жылдан кейін де, газет негізінде өзбек тілінде шыққанмен, қазақ тіліндегі мақалалар және казақ елі жайындағы мағлұматтар жиі жарияланып тұрган. Мақала беруші сол кездегі оқыған қазақ интеллигенттері, оның ішінде Сібір мен Орынбор кадет корпусын бітіргендер. Сондыктан да жалпы баспасөз тарихын зерттегендеге “Түркістан уалаятының газетінің” маңызына ерекше тоқталу қажет. Себебі Орта Азиядағы мәдениет тарихын бір-бірінен беліп алғып карауға болмайды. Бұл келешекте айрықша тексеруді, зерттеуді күтіп тұрган мәселе.

1870—1882 жылдарда қазақ тілінде шықкан “Түркістан уалаятының газетінде” жарияланған материалдарға қысқаша тоқталсақ онда мынадай жайларға көніл бөлгенін ангарамыз.

XIX ғасырдың 60-жылдарының орта кезінде Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталумен байланысты, газет бетінде қазақ елінің экономикасындағы прогрестік өзгерістер, егіншілік пен отырышылықтың бұрынғыдан гөрі дами бастауы жайындағы мағлұматтар көбірек орын алған. Солардың бірінде егін шаруашылығының пайдалы жөнінде айттылып, Жетісу облысына қараган таулы жерлерде егін еккен Ларионов дегеннің тәжірибесі жергілікті халықта үлгі ретінде жазылған (1882 №8). Егін шаруашылығына зиянды жәндіктерді құрту туралы кенестердің газеттің әр санынан кездестіруге болады.

Орта Азия жерлерінде күріш, макта егу жайындағы мағлұматтарға француз күрішінің тұқымын Түркістан аймағында егу тәжірибелері айттылған (1879. №12; 1880. №21; 1882. №13).

Мал шаруашылығы жайында мәселе көтерілген мақалаларда малдың тұқымын асылдандыру керектігі сөз етілген (1881. №24).

Газет бетінде қазақ елінің басқа елдермен қарым-қатынасы, оның экономикасын өркендетуге темір жолдың ролі айтылған мақалалар да бар (1877. №19,28; 1880. №24).

Қазак жеріндегі алғашқы телеграф сымын жүргізу ісі, пошта катынастарын дұрыстау жайындағы мағлұматтар да аз емес.

Сол кездегі кен қазу кәсіптері жайындағы материалдарды да осы газет бетінен окуға болады. “Алтын менен күміс және мыс пенен тасқемір кен тақырыпты” деген мақалада 1871 жылғы металл және көмір өндіру туралы цифрлар берілген “Түркістан уалаятының газеті” (1871.№2). Торғай облысының табылған мұнай туралы 1882 жылғы 23 номерде айтылған.

Газет халықаралық жағдайларға көніл бөліп, өзінің бетінде көлемді мақалалар беріп отырган. Соның бірі Күнбатыс Қытайда болған үйгыр мен дүнгандар көтерілісі, олардың феодалдық және ұлттық езуге шыдамай, отанынан қоныс аударып Жетісу бойынан қоныс алғаны хабарланады. 1870 жылы болған Манғыстау көтерілісі жайында да деректер бар. 1871–1881 жылдары патша әскерінің Күлжекесін басуы, 1881 жылы Петербург трактаты бойынша Күлжаның Қытайға қайтарылуы жайындағы мақала, хабарлар да газет бетінде көп басылған.

Газет бетінен көп орын алған мақалалардың бір тобы қазак слінің тарихына, оның шыққан тегін ашуға арналған. “Қазак ұдсында” (1876. №16,17) деген мақалада үш жұзге кіретін тайпалар жайында айтылып, қазақ елінің шыққан тегі туралы халық аузында айтылатын аныз-әңгімелерді көлтірген. 1875 жылы 16 номерде жазылған мақалада қазақ пен қыргыз елдерінің айырмашылықтары туралы мағлұмат берілген. Қазақ елінің әдет-тұрпы, салт-санасы туралы жазылған мақалаларда (1876.№20,25) қызды қалың мағла жас кезінен айттыру әдеттінің зияны айтылған. Қазактың әдет-заны бойынша әйелдің правосыз екендігі айтылған мақала да кездеседі (1881.№24).

“Түркістан уалаятының газеті” қазақ даласын ең алғашқы рет сол кездегі ғылым жаңалықтарымен, орыстың бай әдебиет өнершілдік дүниесімен таныстырыды. “Орыс газетінде жазыпты біздің орыс жұртының өнермен адамдары” деген мақалада (1875. №3). 1870–1874 жылдары орыс кемесінің жер шарын айналып шығуы туралы айтылған. Жер шары, ай мен күн, жұлдыздар, күн мен түн, жылдың төрт мезгілі туралы сол кездегі ғылыми түсініктер осы газет бетінде көп басылған (1875. №№ 15,16,18,20,28,29; 1876. №№13,14; 1878. №№ 3,4,6,7).

“Түркістан уалаятының газеті” Түркістан генерал губернаторының ресми органы болғанына қарамастан, қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби

түсінігінің молая тұсуіне әсер етті. Оның бетінде саяси-экономикалық мәселелермен бірге оқу-агарту ісінің жай-күйі, өнер-білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазақ әдебиеті туралы алғашқы сын, зерттеу мақалалар, қазақ оқығандары мен ғалымдарының өмірі мен еңбектері жайынан алғашқы мақала-хабарлар жарияланды. Қазақ халқының тарихы, басқа елдермен саяси, әдеби, мәдени карым-қатынасы туралы да қазақ тіліндегі алғашқы мақала, хабарларды осы газет бетінен оқымыз.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы – Шоқан Шыңғыс ұлы Уәлиханов туралы, қазақ тіліндегі алғашқы мақала газеттің 1870 жылғы 3-санында, 1872 жылғы 1-санында басылды.

1870 жылы Түркістан генерал-губернаторы Жетісу өлкесіне келгенде Шоқанның қабіріне барып, басына құлпытас орнатуға бұйрық бергенін айта келіп: “Шоқан Шыңғыс сұлтан баласы Уәлихановтың мolasына барды... Моласы күйдірген кірпіштен салыныпты. Сүйтсе де жаман екен, бес-алты жылда бұзылып қалатұғын. Дүниеден көшкен Уәлихановтың сүйегін қадірлеп, сыйламақ үшін және орыс-қазақтың есінен шықпастығы үшін генерал-губернатор, генерал-адъютант фон Кауфман құлпытас даярламаққа бұйрық қылды. Ол таста молага кім қойылғаны, неге мұнша қадірлі, сыйлы болғандығы жазылады. Ол тасты Алматыдағы аскан ұстаға тез уақытта даяр қылып жеткізіп бермекке бұйрық қылды” – деп жазды газетте. Шоқанның ғалымдығын, өнерлі, еліне қадірлі, сыйлы екендігін атап көрсеткен бұл макаланың авторы газеттің редакторы Ш.М. Ибрағимов болуға тиіс. Себебі макаладан автордың Шоканмен таныс екендігі, оның еңбектерін жаксы білетіндігі белгілі болып калады.

Оқу-агарту мәселесін тұрақты қозғап отырған газет орыс тілінде оқытудың пайдасын жазды. “Кекшетау қаласынан келген хабар” деген макалада (1875. №20) қазақ арасындағы оқу-агарту ісі, Петербург қаласында оқып жүрген қазақ балалары жайында айтылған. “Оқу-жазу адамға көп пайдалы” деген Хасановтың макаласында (1876. №3) оқудың өмірде алатын орнына, бастауыш мектепте ана тілінде оқытып, ғылым үйрену үшін басқа тілдерде оқытудың пайдасын айтқан. Оқыту ісінде орыс мектептерінің әдістемесін пайдалану жайымен таныстырған. Оқу-агарту мәселесімен байланысты тәрbie мәселесінде баланы ұрып-соғып тәрбиелеудің дұрыс еместігін жазған (1878. №6). “Түркістан уалаятының газетінің” 1876 жылғы 16,17 сандарда басылған, сонынан “Жазушы “И” деп кол койған “Қазақ хусусында 18-ғұмырда Қарқаралыдан жазылып келген сөз” деген макала аса назар аудараптытай. Бұл мақала сол кездегі ғылыми

жұртшылық жақсы білетін Орта Азия халықтарының тарихын зерттеген, түркі халықтарының тегі туралы енбекі 1852 жылы орыс тіліне, шет тілдерге де аударылған Әбілгазы ханының (1600—1663 жылдар шамасында өмір сүрген) еңбектеріне және Қазақстан жайында бағалы тарихи географиялық деректемелермен қатар Кіші жүздің Ресейде бағыну тарихын баяндайтын П.И. Рычковтың (1719—1777) еңбектеріне сүйеніп жазылған. Мақалада XV ғасырдың орта кезінде Алтынорда ыдыраған, Орта Азия құлаған соң қазақ руладының басын құраған, оның алғашқы ханының бірі болған Барак ханының баласы Жәнібек (Әз-Жәнібек) туралы, 1511—1518 жылдары қазақ ханы болған Жәнібектің баласы Касым хан туралы, сондай-ақ шежірелерде көп айтылатын, ескі аныздар бойынша қазактың тегі, үш жүздің аргы түп атасы туралы деректер берілген. Қазак елінің этногенезі, тарихы туралы сол кездегі ғылыми деректер мен аныздар көлтірілген. Қазак тілінде басылған алғашқы тарихи мақаланың бірі ретінде де, қазіргі зерттеушілерге құнды мәлімет беретін нұсқа ретінде де бұл мақаланың орны ерекше. Газеттің 1876 жылғы 29-санында жарияланған “Былтыр Қазан қаласында” деген кіріспе сөзбен басталатын сын мақалада “Қисса и Қожа Гаффан вә Қем Сәдуақас” деген кітап қазак тілінде басылып шыққаны хабарланады. Автор оны Мұхамеджан Мұфтахаддин өз қараждатына бастырып шығарғанын айта келіп, “қазак тілінде басылып шыққан болса да, тілінің көбі ногайша, кейбір жерінің сөзіне түсініп болмайды. Қазак тілін бұзып басып шығарыпты. Енді оқыған адам қазак тілі осы деп ойласа керек. Қазак тілі қандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрғанын білгіз келсе, біз бір-екі ауыз сөз жазалық” деп, Орынбай ақын өлеңдерінен екі шумақ өлең мысалға келтіреді. Мақалада қазак тілінің тазалығын сактау, түсініксіз сөздермен шұбарламау туралы пікір айтылады. Осылар сияқты қазак кітабына берілген алғашқы сын мақалалар туа бастаған сыншылдық ой-пікірдің бастамасы болды. Бұл дастан кейін 1880 жылы қайта басылып шыққан. Оны қайта жырлаган ақын Әріп Тәнірбергенов туралы мәлімет XX ғасыр басындағы қазак ақындарының шығармаларына арналған еңбекте [1] көрсетілген. Газет бетінде халық ауыз әдебиеті нұскалары, олардың ішінде мақал-мәтелдер молынан басылып тұрған. Ол мақал-мәтелдер халықтың ақыл-ойына әсер ететін, ғибраты айқын, насиҳаттары мәнді, өнегесі ашық нұскалар екенін байқаймыз. Мысалы “Ашу дұшпан, ақыл дос”, “Көп сөздің азы жақсы, аз сөздің өзі жақсы”, “Ай ортак, күн ортак, жақсы ортак”, “Жаманга жалынғанша, жат та жанынды қарман” сияқты болып келеді. Бұл мақал-мәтелдерді жинап бастырган адамның іріктең, саралап басқанын анғарамыз. “Түркістан

уалаятының газетінің” 1876 жылғы 28-33, 1877 жылғы 10-12 сандарында жарияланған 300 шамалы қазақ мақалдарын жинап бастырган Бабажанов туралы сол газеттің өзінен мынадай мәліметтер аламыз: “Ташкент қаласында қызмет қызып тұруши Қожа Салық Бабажанов біздің газетке басып шығаруга Орта жүздін Бекей ордасында жиган қазактың макал сөздерін берді”. Бұл макал-мәтелдер 1876 жылғы газет сандарында жоғары кіріспе сөзben басталса, 1877 жылғы сандарда “Біз былтыры газетімізге Бабажановтың біздің газетке басуға берген макал сөздерін...” деген кіріспе сөзben берілген. Газеттің 1876 жылғы 314 санында макал-мәтеллердің жинап, газетке бастыруши Халел Бабажанов екендігі, Ал Қожа Салық Қарауыл баласы Бабажановтың қайтыс болғаны туралы деректер берілген. Алғаш қазақ макал-мәтелдерін жинап бастырган Бабажанов кім?

Бабажанов Мұхаммед-Салық Қарауыл баласы (Қожа Салық) – 1830 жылы туып, 1876 жылдар шамасында қайтыс болған қазақ этнографы. Туган жері – Ішкі Бекей ордасы. Ол Орынбор кадет корпусының Азиялық белімін бітірген, Орыс географиялық қоғамының қызметкер-мүшесі, осы қоғамның жұмысына елеулі үлес косқаны үшін 1862 жылы Үлкен күміс медальмен марапатталған. Ғылым саласындағы еңбектері үшін марапатталған тұнғыш қазақ Бабажанов еді. Ол этнография, археология туралы мақалаларында қазақ халқының діни нанымы, аңшылық қасібі, жылқы есіру, қымыздың шипалық қасиеті жайында жазған. Бабажанов этнографиялық әр түрлі материалдар тауып берумен қатар, қазақтың макал-мәтелдерін зерттеуде елеулі еңбек сінірген. “Түркістан уалаятының газетінде” жарияланған макал-мәтелдер ауыз әдебиеті нұсқаларын жариялаудың игі бастамасы болумен қатар, макал-мәтелдердің зерттелуінің де бастамасы деп қараймыз. Себебі баспа бетіне түскен бұл нұсқалардың қазіргі зерттеушілер үшін маңызы өте зор. Бабажановтың прогресшіл ой-пікірдегі адам болғаны, оның ғылымға сінірген еңбектері туралы алғаш пікір айткан қазақ этнографы Едіғе Масанов болатын [3]. Ол Бабажановтың алғашқы ғылыми еңбектері орыстың белгілі этнографы П.И. Небольсинге жазған хаттарында көрсетілгені, оларды орыс ғалымы сол кезде-ак орталық газеттерде жариялаганы туралы айтады. Шоқан сиякты өзінің ғылыми еңбектерін орыс тілінде жазған Бабажановты белгілі ғалым В.В. Григорьев “қабілетті, тамаша білімпаз адам” деп бағалағаны, қазақ арасындағы өнер білім, оқу жұмысы, мәдениет мәселелеріне де байланысты Бабажановтың орыс халқының алдыңғы қатарлы әдебиетінің, мәдениетінің қазақ еліне игі әсері тиетіні жайындағы пікірлері жазылған.

Сонымен, газет бетінде әдебиетке, оның ішінде ауыз әдебиетке, тілге жаңасты материалдар да көп басылып тұрган. 1873 жылғы 3 номерде басылған макалада автор казақ ақындарының олендері өзбек, татар, араб сөздерімен шұбарланатындығын сынаган. Қазақ өлеңінен мысал келтіріп көркемдігін сөз еткен. Газетте Орынбай, Досанбай ақынның өлендері (1878.№12), ақындар айтысы, казактың макалмәтел, жұмбақтары беріліп отырган. “Мың бір түн” өртегісінің қазак тіліндегі алғашкы аудармасы да осы газетте басылған (1872.№№ 22-24; 1873.№№2,7-8,11,17). Сібірді бағындырыған Т. Ермак “батыр” анызының аудармасы 1872 жылғы 10-17 номерлерде жазылған.

“Түркістан уалаятының газетінің” 1878 жылғы 11,12-сандарында Әжнияз ақын мен Менеш қыздың айтысы басылған. “Шымкент қаласынан бір адам біздін газетке басып шыгармақ үшін өлең жазып жіберген екен... Каракалпактың қожасы Әжнияз ақын мен Торғай облысындағы Кіші жұ Тама руының Менеш атты қызының айтыскан өлеңі” деген кіріспе сөзбен басталады. Қазактың ауыз әдебиетіндегі айтыс өнерінде кызлар айтысы ете мол екенін білеміз. Солардың бірі – осы Менеш кыз бер Әжнияз ақынның айтысы баспасөз бетіне түскен алғашкы үлгілердің катарына жататын нұска.

Мұнда ескінің бұлжымас заны бойынша әйелден еркек артық деген ұғымды пайдаланып, Әжнияз ақын бірден Менеш қызды “Байтал шауып бәйге алмас” дегендегі кемітеді. Бұл айтыста да жалпы қазак әйеліне арылмас азап болып жабысқан еріксіздік, ескі әдет-ғұрып бойынша мал бергенниң канжығасында кете баратын мүшкіл халі суреттегеді. Өзі басынан мін таба алмаған Әжнияз ақын Менештің айттырып қойған күйеуі өлген соң, оны 60 жастағы ағасы Бекешке қосқанын, шал әменгерін бетіне басып, кемітіп, келемеж етеді. Әжнияз Қосыбайұлы (1824—1878) — қаракалпақ әдебиетінің классигі, казак жерінде көп болып, казак өмірін жырлаған ақын. Осы айтыстың қаракалпақ тіліндегі нұсқасы 1960 жылы Нұкіс қаласында “Әжнияз ақынның таңдамалы шыгармаларында” жарық қөрді. 1962 жылғы Қаракалпақ экспедициясының материалдарынан алынып қазак тіліндегі нұсқасы да басылды (Айтыс. Алматы: Жазушы, 1965).

Осы айтыстың тағы бір нұсқасы Қазақстан Республикасы Үлттых ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сактаулы тұр.

“Түркістан уалаятының газетінің” 1878 жылғы санында Мәделі қожа ақынның ел арасындағы болыстықта таласуды сынаган өлеңі берілген. Мәделі қожа (1816—1888) казіргі Түркістан ауданының Бадам ауылдық кенесіне карасты Ақбұлак өзенінің бойында туып-ескен. 1858 жылғы казактардың Қокан хандығының езгісіне қарсы

көтерілісіне қатысқан. Белгілі өлеңдері: “Бір жан жок болыстыққа талас емес”, “Арыстанбайға”, “Қанай датқаға”. Олардың қолжазбалары Қазакстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сактаулы. Газетте басылған Мәделі қожа өлеңінің алдында “Бір өлеңші адам елде үлкен жиылыс болғанда бір болыс сайлағанда өлең шығарған екен...” деген кіріспе сөзben басталатын мақала берілген. Ол мақалада Кертағыұлы Орынбай ақын (1813—1891) жайында деректер келтіріліп, қазақ ақындарының өлеңдерін араб, парсы, татар тілдерінен кірген сөздермен шұбарлауға қарсы пікір жазылған. Автор қазақ тіліндегі өлеңдердің көркем екендігін айтга келіп, газетте қазақ өлеңдерін басу керектігін мәселе етіп көтерген. Осы мақалада сөз болып отырган казақтың белгілі ақындарының бірі Орынбай ақынның өз экесі Байқожа, аргы атасы Кертағы жырау болған. Орынбайдың ақындық өнері туралы “Түркістан уалаятының газетінен” бастап, төңкерістен бұрын да, кейін де А. Янушкевич, Ш.Уәлиханов, В. Радлов, Ы. Алтынсарин, С.Сейфуллин, С. Мұқанов, Е.Ысмайлов, т.б. зерттеушілер зерттеген. Оның өлеңдері, айтыстары ел аудында сакталумен қатар, газет-журналдарда, жинақтарда басылып келеді.

Қазақтың оқыған интелигенциясы қазақ елінің шаруашылық жайларымен, сол кездегі ғылым табыстарымен, әдебиет-мәдениет саласындағы жаңаңылтармен казақ тілінде алғаш рет осы газет арқылы танысты деуге болады, 1877 жылғы З-санында Семей қаласынан жазылған хатта “Түркістан уалаятының газетінің” қазақ оқығандары мен оқытушыларының білімін көтерудегі манызы сөз етілген. Осы газеттің редакторы Н.П. Остроумов “Түркістан уалаятының газетінің” Орта Азия халықтарының мәдени өміріндегі ролі, Ресей үшін Петр біріншінің “Ведомостісімен” бірдей деген пікірді айткан.

“Түркістан уалаятының газеті” патша үкіметінің Ресей заңдарын, жарлықтарын жариялайтын ресми орган бола тұрса да, оның бетінде жоғарыда көрсеткен манызды мәселелер қойылып, оның ішінде өнеркәсіп орындары, телеграф сымын жүргізу, темір жол салу; жаратылыс байлықтары, оны өндіру мәселесі; егін шаруашылығы, жер өндіреу, күріш, макта егу ісі; мал шаруашылығы, қазақ малының тұқымын асылдандыру мәселесі көтерілді. Сонымен қатар газет бетінде қазақ халқының мәдени өміріне, тарихына, этнографиясына, ауыз әдебиетіне жаңасты материалдар басылып тұрды. Оларда қазақ елінің басқа елдермен қарым-қатынасы, қазақ пен қырғыздардың айырмашылықтары, қазақ халқының шықкан тегі, әдет-ғұрпы, салт-санасы; орыс тілінде ашыла бастаған мектептердегі оқу-ағарту ісі, есқі

діни мектептер туралы; тәрбие мәселесі; тіл мен әдебиетке, ауыз әдебиетіне жаңасты материалдар басылып тұрды. Демек, Қазақстанның Ресейге қосылуының қазақ халқының экономикасы мен мәдени өмірі үшін зор маңызы болғандығын газет бетіндегі макала-хабарлардан анық көруге болады.

“Түркістан уалаятының газетінің” соңын ала Орта Азия халықтарының тілдерінде газет-журналдар шыға бастады. Патша үкіметінің отаршылдық ниетіне қарамастан, бұл газеттер қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының орыс халқының мәдениетіне тарту ісінде прогрестік роль атқарды.

* * *

1. Остроумов Н.П. Сведения о Туркестанской туземной газете // Труды Сырдарьинского Областного Статистического Комитета в 1887–1888 гг.– Ташкент, 1888.
2. XX ғасыр басындағы казак ақындарының шығармалары. – Алматы, 1963. – 341 б.
3. Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата, 1966. – С.196–170.

СЫРДАРЬЯ

“ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТИ”

Тарихымызды танып, түсінуге себін тигізетін түпнұсқа еңбектердің ішінде “Дала уалаяты газетінің” орны ерекше. Газет үкімет тарарапынан шыққан ресми газет болса да, көп уақыт Сібірге айдалып келген, бостандықты көксеген адамдардың ықпалында болып, олар мұны халық газеті етуге тырысты. Газетке дұрыс бағыт берген сондай жандардың қатарында Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, Л.К. Чермак тб. бар.

Ұлттық баспасөзіміздің төлбасы “Түркістан уалаятының газетінің” соын ала Орта Азия халықтарының тілдерінде газет-журналдар шыға бастады. Патша үкіметінің отаршылдық ииетіне қарамастан, бұл газеттер қазақ халқы мен Орта Азия халықтарын орыс халқының мәдениетіне тарту ісінде, сондай-ак қазақ халқының рухани өміріндегі аса маңызды оқиға болды.

Халкымыздың әдеби мұраларының ішінде “Дала уалаятының газетінің” орны ерекше. “Дала уалаятының газеті” 1888 жылдан 1890 жылға дейін Омбыда шығып тұрған “Акмолинские областные ведомости” газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған. Газеттің орыс тіліндегі сандары “Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям” деген атпен шыққан. 1894 жылы “Особое прибавлениенің” орнына екі тілде шығатын газет ұйымдастырылып, оның орыс тіліндегі “Киргизская степная газета” деп аталса, қазақ тіліндегі серігі сол “Дала уалаятының газеті” деген атпен шыға берді. Жалпы бұл газет 1888 жылдан 1902 жылдар арасында аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің акырғы саны 1902 жылы наурыз айында шығып, содан кейін “Сельскохозяйственный листокке” айналды. Газетте әр жылдары редактор болғандар: И. Козлов, К. Михайлов, Г. Абаза, А.Попов, Д.Лавров. Қазақ тіліндегі номерлерін шығару ісін басқарушылар Ешмұхамед Абылайханов, Дінмұхамет (Дінше) Сұлтанғазин, Рахымжан Дүйсембаев.

Газет езінің бағдарламасы бойынша патша үкіметінің бұйрық-жарлықтарын, зан-закондарын, әкімшілік басқару істерін жариялайтын ресми тілі ретінде шықты. Сол кездегі басқа газеттер сияқты “Дала уалаятының газетінің” екі бөлімі болды: ресми бөлім, ресми емес бөлім. Соның бөлімде көбінесе көпшілікке пайдалы, ғылым-білімге катынасы бар мақалалар басылып тұрды. Бұл үкімет тарарапынан шыққан ресми газет болса да көп уақыт Сібірге айдалып келген, бостандықты көксеген адамдардың ықпалында болыш, олар оны халық газеті етуге тырысты. Осы ретте газетке дұрыс бағыт

берген Г.Н. Потаниннің, Н.М.Ядринцевтің, Л.К.Чермактің рөлі аса зор. Сол сияқты прогрессіл интернационалист адамдардың қатысуымен газет әр уақыт шаруашылық, мәдениет, әдебиет жайынан, Орталық Ресейде не болып жатқаны туралы аса құнды бай материалдар жариялад отырды. “Дала уалаятының газеті” жергілікті басқа газеттен ғөрі қазақ бұкарасының тұрмысын, оның шаруашылық жағдайларын, мәдени тіршілігін толығырақ жарыққа шығарған газет. Бұрынғы Сібір әкімшілігінде болған Семей, Ақмола, Тобыл, Жетісүйе казақтары білім жаңалығын алғаш осы газеттен оқып, танысып, сол арқылы көзін ашып, көкірегін сана сәулесімен толтырды. Газет қазақ бұкарасын орыс халқының бай әдебиетімен, мәдениетімен таныстырып, оның кең сарайының есігін ашты. Оның бетінде А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой, М.Ю. Лермонтов, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Г.И.Успенский шығармашылығының, И.А.Крыловтың мысалдарының қазақ тіліндегі алғашқы аудармалары басылып тұрған. Сондай-ақ газетте қазақ елінің тұрмысын, әдебиетін, мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдары өздерінің мақала-хабарларын жиі бастырып тұрған. Г.Потанин, А.Алекторов, А.Ивановский, А.Добромыслов, В.Обручев, Н. Пантусов, т.б. қазақ елінің тарихына, этнографиясына жаңасты материадармен қатар қазақ халқының ауыз әдебиеті нұскаларын жинап бастыруда көптеген пайдалы жұмыстар істеді.

Газет, негізінде, жергілікті отаршылық-әкімшілік орындарының ресми үйімі бола тұрса да, халықты отырықшылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақыруда едәуір роль атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады. Оның бетінде қазақ тілінде бұрын болмаган қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздары стильдері қалыптасты, ғылыми стильдің негізі каланды, аударма тәжірибесінің алғашқы кадамы жасалынды, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында бірінші рет тыныс белгілері қолданылды.

Газет қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени әдеби түсінігінің молая беруіне едәуір әсер етті. Саяси-экономикалық мәселелермен қатар оқу-агарту ісінің жәй-күйі, өнер-білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазақ әдебиетінің хал-қадыры, қазақ зиялыштары мен ғалымдарының өмірі жайында бір қыдыру тарихи құнды мақалалар, хабарлар жариялады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ еліне игілікті әсерін тигізе бастаған орыс әдебиетінің, мәдениетінің, шаруашылығының үлкен нәтижесі – қазақтың тұнғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың, классик ақыны Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы дейміз.

Халқымыздың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы қазак тілінде басылған алғашқы мақалалардың бірін осы газет бетінен оқимыз.

Шоқан Уәлихановтың тұғанына 60 жыл толуына арналып берілген мақалада оның жан-жакты білімді, адамгершілігі мол, ғылым жолындағы еңбектері сөз болумен бірге, оның қазақ халқының болашағы үшін орыс халқының алатын орны туралы пікірі айтылады: “...Шоқан Уәлиханов ғылым, өнер иесі халықтың ғадет заңын біліп даңғыл, биік жолға шықса да өзінің тұған жайын жатырқамай һәм ұмытпады... Тағы да ғалым өнерінің қымбат екенін біліп, құрмет тұтып өзінің халқын бек жақсы көрер еді. Ләкин Россия халқын қорғап, қоршап болысқаныменен Азия халықтары ілгері басып һәм надандықпен құтылар ма деп ойлар еді” – дейді, газеттің 1894 жылғы 18 – санында жарияланған мақалада.

Халық үшін аянбай еңбек еткен дарындардың бірі – қазақ халқының тұнғыш ағартушысы, жазушы, жаңашыл педагог Ұбырай Алтынсарин туралы да газет бетінде макала хабарлар жарияланып, оның өзі жазған өлеңдері де басылып шықкан. Ұ. Алтынсарин кайтыс болғаны туралы дерек берілген некролог мақалада “артықша тұған қырдың кен даласының баласы” Ұбырайдың ерекше дарындылығын, білім құмарлығын, өздігінен ізденіп білім иесі болғанын, өзінің тұған халқы үшін пайдалы аса көрнекті қайраткер екендігін жазады. Газет бетінде Ұбырайдың “Киргизская хрестоматия” окулығына кірген бірнеше әңгіме, өлеңі жарияланған. “Балғожа бидің баласына жазған хаты” деген өлеңі газетте “Нұржан бидің окудагы баласына жазған хаты” деген атпен осы газеттің қызметкері Қылышбаев Әбдірахманның қолы қойылып берілген, “Ізбасты би”, “Сәтемір хан” сияқты аңыз әнгімелер газет бетінде молынан басылған.

Үлттық баспасөзіміздің алғашкы қарлығаштарының бірі – “Дала уалаятының газеті” қазіргі Қазақстан Республикасының кітапхана корлары мен мұрагат қазыналарында сақталмаган өте сирек кездесетін нұсқаға айналып отыр. Санкт-Петербургтегі М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана қорында “Дала уалаятының газеті” сақтаулы тұр.

“Дала уалаятының газетіндегі” қазақ елінің қоғамдық саяси мәселелері

Газет қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени, әдеби түсінігінің молая беруіне едәуір әсер етті. Саяси экономикалық мәселелермен қатар оқу-ағарту ісінің жай-куйі, өнер-білімнің пайдасы, қазақ әдебиетінің хал-қадір, қазақ оқығандары мен

ғалымдарының өмірі жайында бірқыдыру құнды макалалар, хабарлар жариялады.

Қазактың тұнғыш ғалымы Шокан Уәлихановтың, классик ақыны Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ыбырай Алтынсариннің ғалым, тарихшы жазушылары Мәшиүр-Жүсіп Кепеев пен Шекарім Құдайбердиевтің, коғам кайраткері, ғалым Әлихан Бекейхановтың макала-хабарларымен қатар олар туралы казак тілінде басылған мақалаларды да осы газет бетінен оқымыз.

Тарихи, мәдени тұрғыдан келгенде де “Дала уалаятынын газетіндегі” мұраларымыздың кайта жаңғыртудың, жариялаудың ғылым корын байыту үшін де маңызы зор. Материалдардың көшілігі ғылыми айналымға түсепеген соны дәректер. Сондай-ақ ол материалдар ғылыми маңыздылығы жағынан тек кана мұрағат казынасымен салыстыруға болатын зерттеудің күрделі қайнар көзі болмак.

Олардың ішінде кезінде халқымыздың тарихында елеулі орны болған казак оқығандарының казіргі замандастарымызға аты белгісіз болып келген қашшама азаматтарымыздың атын жаңғыртуға болады. Дінмұхамет Сұлтанғазин, Ешмұхамет Абыстайханов, Рахымжан Дүйсембасев, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Садуақас Мұсаұлы Шорманов, Мейірам Жанайдаров, Корабай Жапанов, Барлыбек Сыртанов, Жақып Ақпаев, Зұлкарнайын Шекеүлі Нұралыханов, Жағынаптар Айманов, Әміре Негербеков, Бодабек Райымбеков, Дүйсембай Тұранов, Жәке Сакетайұлы Тұранов т.б.

Бір кезде казак елінің дарынды ғалымы Ермұхан Бекмахановты Кенесары бастаған қозғалысты ұлтшылдық тұрғыдан зерттеді деп айналтап жер айдаса, бұл күнде Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс — казак елінің кешіп-көнуына қажетті жерлерге бескіністер салынып, казак жерінің ең құнартысын берсе көпінан, бермесе жолынан тартып алынып, халқына колданылған қысастық иені зорлық-зомбылыққа карсы күрес екендігі дәлелденіп отыр.

Негізгі Ресейдің отаршыл саясатының бетін аша түсітін сибектің бірі еткен ғасырдың 1880 жылы жырық көргөн Ахмет Кенесарин жазған “Сұлтан Кенесары и Сызық” (кітапта Салық деп жазылған) атты кітап, Гашкент каласында С.П.Лехнин бестекшаныңда басылған шыққан осы кітап туралы газеттің 1889 жылдың 34-санында “Жаңа кітап” деген тақырыптаған макала жарияланған.

Кенесарының баласы ата жолын күткөн Сызықтың сүттіліккін етегінде негізге атын жазған Сызықтың бауыры Ахмет Кенесарин Кітапты орыс тіліне аударып, косымша түсіністері мен әттыюесін жазған Сырдария облыстық есеп-кисеп (статистический) комитеттің толық мүшесі Е.Г.Смирнов өзінде жазылған. Газеттегі макалада

Е.Т.Смирновтың кітапқа жазған алғысөзі толық пайдаланылған. Тарихи шындық ешбір қоспасыз берілген макалада барлық саналы гұмырын патша өкіметінің отарлау саясатына карсы күреске бағыштаған Сыздық сұлтанның ерлік тұлғасы, адамдық бейнесі ашила түсін.

Макалада “ұсынған басты қылыш кеспес” деген макалды келтіре отырып, Сыздық сұлтанның “құнәсін” кешірген патша ағзамы мен генерал Кауфманның “кенпейілділігі” дәріптеледі. Макаладағы кітаптың мазмұны: Сұлтан Кенесары Қасымұлының күрес жолындағы алғашқы әрекеттері; Жантай, Орман манаптармен соғысы, Кенесарының жолдастарымен қаза табуы; Кенеханның әuletі, жұрагаттары; Кенесарының балаларының Сыр бойына коныс аудару себептері; Тәшкентті патша әскері жауап алғанға шейінгі Сыздық сұлтанның Бұхар соғысына қатысқаны; Сыздық сұлтанның Абдул Мәлік (Кәтта төрөнің) соғысына қатысқаны; Орыстардың Хиуаны жауап алуы; Сыздық сұлтанның түркімендерге барғаны; Қашгарда болғаны; Кітап Сыздық сұлтанның суретімен безендірілгені де макалада сез болады. Бұл деректердің қазак халқының тәуелсіздігі үшін күрескен “соңғы жауынгердің” өмір жолын зерттеушілері үшін құнды деректер екені сезсіз.

Қазак халқының азаттығы үшін басын бәйгеге тіккен Кенесары Қасымұлын құртып-жою мақсатымен патша өкіметі казак даласына арийи жазалаушы отрядтар жіберген болатын. Сол отрядтың құрамында болған орыс солдатының әңгімесін газеттің 1888 жылғы 19-санында “Тұтқын болмыш Бибидің бақытты болған хисасында” (Кенесарының турасынан жазылмыш нәрседен альғандар) деген тақырыппен жарияладп, сонынан белгісіз автордың “И.Б.” деген инициалы қойылған. Әңгіме женіске жеткен өктем ұлттың атынан беріліп отыrsa да қазіргі оқырманға талай ой салғандай. Сонынан түсken жазалаушы отрядтың Кенесарының туған-туыстарының ауылдарын шауып алғып, малмұлкін талан-таражға түсіргені, бала-шагаларын олжалап боліп алғаны суреттеледі. Ауылдың сыртында өліп қалған түйсінін жанында жылап қалған екі жасар кішкене қыздың отрядтағы казак-орыс солдатына олжаға берілгені, қыздың солдатты “әке” деп еркелейтіні де нағымды суреттеледі. Тұтқын әйелдердің жас қызды “Биби шырағым” деп Көшек сұлтанның перзенті деп аяп, сыйлайтыны да сез болады. Көшек кім еді? Қасым ханның бәйбішесінен туған — Есенгелді, Саржан, Көшек, Үсен, Кенесары, токалынан туған жалпыз — Наурызбай болатын. Әңгімегегі Көшек — Кенесарымен бірге туған бауыры Көшек сұлтан еді. Әңгіме сонында Бибидің ержестіп орыс офицеріне тұрмысқа шығып, бала-шагалы болғаны, бакытты ғұмыр сүргені дәріптеледі.

Эрине, екі жаста жетім қалған Бибидің ата-бабаларын білмеуі де мүмкін. Білсе, өмірі өкінішпен, өксумен өтүі де мүмкін. Ол жагы бізге беймәлім...

Газеттің 1892 жылы 1—7 сандарында басылған көлемді мақалаларда патша мұрагері Николай Александрович Романовтың Омбы қаласына келу құрметтіне үйымдастырылған көрмеде казақ елінің қолөнер түрлерінен, этнографиялық материалдарынан мол мәліметтер берілген. Әр облыстар үйымдастырылған алғашкы көрмеде киіз үй, оның ішіндегі жасаулары, казақ әйелінің киім-кешегі, көш көріністері суреттелген. Омбы қаласындағы өткен ат жарысында бірінші байғені женіп алған Мейрам Жанайдарұлы туралы деректер көлтірілген. Газеттің 1895 жылғы 41—49 сандарында араб ертегісі “Мың бір тұннен” тұнғыш рет қазақ тілінде аудармалар жарияланған, халқымыздың әдеби, мәдени, саяси өмірінде өзіндік орны болған азаматтарымыздың бірі — Мейрам Жанайдарұлы.

“Дала уалаятының газетінде” казактың ауыз әдебиеті, нұскалары мен азыз әңгімелерін Отыншы Әлжанов “Орта жұз”, “Бабайбұркіт” деген бүркеншік атпен молынан жарияладап тұрган. Алғаш баспа бетіне түсken бұл нұскалар кейін халықтық казынага айналып, қоғтеген жинақтарға басылса да тұнғыш жарияланған Отыншы Әлжановтың аты-жөні көрсетілмей келген болатын.

Жеті жыл Ресейдің елшілік кенесінде жұмыс істеген француз жазушысы, әдебиет зерттеуші, 1888 жылдан Франция академиясының мүшесі Вогюэ Эжен Мелькиор де (1848—1910) Ресейдің Орта Азияны отарлау саясаты туралы жасаган баяндамасын “Дала уалаятының газетінде” “Француз жұртының қісісі де Вогюэ дегеннін Орта Азиядағы орыстар турасында айтқаны” деп 1888 жылғы 52-санында жариялаган. Мақала “Русские Ведомости” газетінің арнаулы тілшісінен алынған.

XIX ғасырдың орта кезіндегі казақ жерін тонау, казақ халқын құрттып-жою күшіне түсken еді. Газет бетіндегі 1868 жылы шыққан “Ереже” туралы түсінік мақалаларда халықты аяусыз езіп-жаншуды заңдастырған “Ережемен” халықты таныстырған. Бұл мақалада казақ даласына жана әкімшілік саясат енгізіліп, елдің көшіп-қонуына кажетті жаз жайлауы, қыс қыстауы болған ата конысынан айырыла бастаған ел сүрені анық байқалады.

“Артық жерге” коныстанушылар қазақ тұрмысына, оның шаруашылық тәсіліне елеулі нұқсан келтіргені, жергілікті халықтың жерді пайдалану құқы бұзыла бастағанын қоғтеген мақала-хабарлардан оқуға болады.

Солардың бірі – “Қазақтардың жерін қалайша билеп пайдаланып тұрганның баяны” деген макалада “Уақытша ереже” бойынша қазак жеріндегі қыстау, жайлау, күзеу және бай, кедей, жатак, кірме туралы мәліметтер береді. “Керекуден келген хат” деген газет корреспондентінің хабарында ауа райының қуандығынан болған Керекудегі жұт туралы айта келіп, “Жұт жеті ағайынды” деген қазақ мақалын көлтіріп “Сегізінші жұт” деп келімсек казак-орыстардың казақтарға жасап отырған озбырлығынан мәлімет береді. Ұзінді келтірейік: “...Біздің қазақтар айтушы еді, “жұт жеті ағайынды” деп, енді жұт сегіз ағайынды болды. Қалай қазақ малы тебінде жүріп, казак-орыс жеріне аттап кетсе, казак-орыстар қазір қызып әкетеді. Артынан сатып аламыз. Қазақ қысылып тұрганда құры қарап жатқан жерді беріп, жақсылық қылса, ештемесі кетпес еді, тату көрші болып тұрап едік, бір-біріміздің бар-жоғымызға қарап”, – деген.

Анқау елдің билігін, қазак жерінің иелігін қолына алған патша әкімдерінің зымиян саясатымен келімсектердің қас-қабағына карауды, орыс әкімдеріне жалтаңдауды, жағымпаздықты үйреніп, мұсөпір халге түсे бастаған қазақ елінің бейнесін осы бір хабардан-ақ аңғарғандай боламыз. Патшалы Ресейдің Түркістан аймағын жаулап алғанына 25 жыл толуына арналған “Мейрам болған күн” деген макалада Ресейдің саясатын аша түсегін деректер молынан келтірілген. Орыс әскерінің қару-жарақ күшін, отарлау саясатының күштілігін дәріптеген бұл макалада М.Г.Черняевтің Шымкентті бағындырғаны, В.А.Перовскийдің Ақмешітті жаулап алуы, қазақтың ең шұрайлы жерлеріне Қапал, Ақтау, Ұлытау бекеттерінің салынғаны, Орал, Орынбор, Форт Александровский, Раимский, Қарабұтак бекеттері салынғаны және Ташкент қаласы жаулап алынғаны туралы мәліметтерді осы макаладан оқымыз.

“Александр екіншінің тұсындағы қазақтар” деген макаланың сонынан автордың инициалы В.Д. беріліп, патша әкіметінің коныстандыру арқылы жүргізген отарлау саясатынан мол маглұмат келтірілген. 1734 жылдардан бастап, патша әкіметінің шығарған зандастынан кейін, қазақ жері болыстарға бөлініп, болыс уезге бағынып, уезді басқаратын ояз патша әкіметінің өкілі болған. 1865 жылдан бастап қазақ жеріне зерттеуге ариайы экспедициялар жіберілгені, “Уақытша Ереже” туралы мол деректер берілген. Осылайша елдің еркіндігін алған патша чиновниктері болыстарды бір-біrine айдан салып, оларды ояздарға кіріптар еткен саясаттың қалай жүргізілгені газет материалдарынан анық аңғарылады.

Газеттің қазақ тіліндегі шығарушылары Дінмұхамет Сұлтангазин, Асылқожа Құрманбаев, Рақымжан Дүйсенбаевтың макалаларын

редакциялық мақалалар деп қарауға болады. Үшегі де кезінде казак баспасозінің тарихында елеулі орын алған, білімді, ғалым, аудармашы болумен катар, газет бетінде халқымыздың мәдениеті, әдебиеті, тілі, тарихы, шаруашылық мәселелері жөнінде сауатты да білімдар мақалалар жариялаған. Екі тілде бірдей аударма жасап, қазақ халқының әдет-ғұрып, заңы, дәстүрі туралы көптеген мақала-хабарлардың авторы болған. Бұл мақалалардың қазіргі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихын зерттеушілер үшін құнды, мәнді материалдар екені сезсіз.

Шәкәрім Құдайбердиев қазақ арасында болған уакиғадан алынған, ел аузында аныз-әңгімеге айналып кеткен “Еңлік-Кебек” әңгімесінің сюжетін “Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сез” деген мақаласында түгел береді. Мақаланың кіріспесінде қазақ халқының тарихына, әдет-ғұрпына, салт-санасына, заңына қатысты материалдар көлтіреді. Мақала сонынан “Мұтылған” деп бүркеншік атын қойған. Мақаланың “Сибирский вестник” газетінің 60-санынан алынып басылғаны туралы орыс тіліндегі нұсқаның тақырып сонында берілген.

“Дала уалаятының газетінде” “Редакцияга хат” деп сонынан “Ш.К.” деген Шәкәрім Құдайбердиевтің инициалы қойылған мақаланың да көтеріп тұрған жүргі жеткілікті. Автор газетте басылған мақала-хабарлардың көшілігін тілшілер өз атын шығару максатымен немесе ұлықтардың конілінен шығу үшін жазатынын кattы сынға алды. Орыс авторлары қазактың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білмейтіндікten дұрыс деп жазғандары бұрыс болатынын атап көрсетеді. Газетке ғибратты қысқа әңгімелер мен қисса-дастандарды жеке кітап етіп шығаруды ұсынады. Мақалада автор қазактың макал-мәтеддерін, қанатты сездерін мол пайдаланған.

Халқымыздың үш алыбының бірі Әлихан Бекейханов қазак елінің шаруашылығы, тарихы, тұрмыс-халі туралы жазған қазақ тіліндегі алғашқы мақалаларын “Дала уалаятының газетінде” жариялад тұрған. Иса Бердалин туралы Корабай Жапановтың ашық хатына сын жазған. “Анқау елге арамза молда” деген мақаласында қазақ елінің өлімге ас беру әдет-заңы туралы өз пікірін көлтіріп, А.Нұржановтың мақаласын сынайды. Қазақ арасындағы артель үйымдастыру ісіндегі жетімсіздіктер көрсетіледі. 1900 жылғы 10,11 сандарында Ә.Бекейхановтың аударуымен Л.Н.Толстойдың “Суратская кофейня” әңгімесі басылған.

Қазақ халқынан шықкан ірі заң қызметкері Жақып Ақпаев (1876-1934) Петербург университетінде оқып жүргендеге жазған алғашқы мақаласының бірінде патша чиновниктерінің қазақ

кедейлеріне алым-салық салу жүйесін қатты сынға алады. Халқына жаны аши жазған бұл мақаланың озінен-ак елім деп еніреп өткен азаматтың ашы шындықты ашып жазғанын байқаймыз.

Б.Наурызбайұлы “Қазакка дәрігердің керектігі” деген мақаласында казак арасындағы денсаулық мәселесіне тоқталып, шешек дертіне қарсы егу, ел арасындағы бақсы-балгерлердің зиянды әрекеттерін әшкерелеген.

Газетте “Мемлекеттік тіл” деген мақала да басылыпты. Эр халық алдымен өз ана тілін жақсы білуі керектігін, екінші билеуші үлт тілін, яғни орыс тілін, үшінші сол кездегі ғылым мен әдебиет тілі — француз тілін үйренуді ұсынады.

Байжұмыров Дөкей жазған “Қызылкеніш ордасы” деген мақаласында Қарағанды облысы, Қарқаралыға таяу Кент тауының шығысында архитектуралық ескерткіш Қызылкеніш сарайының III—IV ғасырлардан басталатын тарихынан мол мәлімет берген: сарайдың салынуы туралы аңыз-әнгіме келтірген.

“Жер астындағы қалалар” деген макалада Бойер деген ағылшын лейтенанттың Түркістанның шығысында археологиялық қазба жұмысын жүргізгені, көне Афрасиаб қаласының орнын тапқаны және табылған қазынды заттар туралы мәліметтер берілген.

Газетте басылған “Орда”, “Ақ патша” атты макалаларда қазақ елінің тарихынан мол деректер берілген. Газеттің Ішкі Ордадағы тілшісі Сұлтан Зұлқарнайын Шөкеуғлы Нұралыхановтың бірнеше мақала-хабарлары басылған. Солардың бірі “Бекей халқының соңғы хандары” деген мақаласында 1812—1845 жылдардағы казақ елінің хандық дәуірінен тарихи мәліметтер келтіріліп, Бекей ордасының соңғы ханы Бекей ханның баласы Жәнгір ханының (1801—1848) өмірінен деректер берілген.

Газеттің Баянауылдағы тілшілери Мәшіүр Жұсіп Көпесев пен Сәдуакас Мұсауұлы Шормановтың макала-хабарларында қазақ елінің шаруашылығы, оку-ағарту ісі, мәдени өмірі, әдет-ғұрпты, салт-санасы туралы құнды деректер молшылық. Бұл макалалар қазіргі зерттеушілерге құнды деректердің қайнар көзі болмақ.

“Дала уалаятының газеті” және қазақ әдебиеті мен мәдениеті

Үлттық баспасөзіміздің қарлығаштарының бірі — “Дала уалаятының газетінің” дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. “Дала уалаятының газетінде” басылған шығармаларда қазақ өмірінің барлық құрделі құбылыстары мен оқиғалары толық, тұтас қамтылmasa да, қазақ халқының

тарихында болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш баспасөз бетіне түсіп, ұлт әдебиеті мен мәденистінің негізін қаласуға көмектесті.

Бұл басылған шығармалардың ішінен қазақтың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ауыз әдебиетінің, шығыс әдебиетінің нұсқаларын және озық идеалы орыс әдебиетінің нұсқаларын көреміз.

Бұл шығармалар уақытында өте маңызды болумен қатар, сол кездегі қазақ әдебиетіне жаңа ағым, жаңа түр, жанрлардың бастамасына ала келді. Мұнда қазақ өмірінің әрбір көрініс-кезеңін сол өз заманына сай бейнелеумен қатар, өмірді реалистік түргыдан суреттеп, ескіні сынап, жанага бой ұру талабы да байқалады. Эрине, бұлар қазақ әдебиетіндегі алғашқы қадам болғандықтан, кейбір елеулі кемшілік-олқылыштары барына қарамастан, кейінгі әдебиетімізге иғі әсерін тигізді.

“Дала уалаятының газетінде” басылған көркем шығармалардың бір тобы қазақтың өз төл әдебиеті болса, енді бір тобы орыс тілінен аударылған не шығыс әдебиетінен ауысқан әдебиет ұлгілері. Бұлардың бәрі мазмұн, көркемдік жағынан әр түрлі деңгейде болса да, қазақтың жалпы жазба әдебиетінің дамуына жағдай жасады.

Бұл газет бетінде басылған әдеби нұсқалардың көбі халқымыздың бір кездегі әдеби мұраларының бізге жеткен аз ғана нұсқалары болумен қатар, жазба әдебиетіміздің алғашқы қарлығаштары еді. Бұлар қазақтың болашақ әдебиетіне әзірлік болды, ірілі-ұсақты табыстары қазақтың болашақ жазба әдебиетінің тууын жеделдете түсті.

Шығыстың классикалық әдебиетінен келген аңыз-әңгімелерден кейбір үзінділерін, не халық арасына кең тараган нұсқаларының әр түрлі варианиттарын газет бетінен көп кездестіреміз. Бұл аңыз-әртегілердің сюжеті араб аңыздарынан болса да, оларда жалпы адамгершілік, сүйіспеншілік мәселелерін қазақ топырағына лайықтап, жаңа арнамен қайта суреттеп жазу тәсілі де көптеп кездеседі.

Казакстанның Тарбагатай тауларынан Іле өзеніне дейін казылған ор, тек ан аулау максатымен ғана емес, шөл даланы суландыру үшін казылғаны жайында пікір Ш.Уәлихановтың еңбектерінде айтылған [1].

Абай ламытқан орыс әдебиетінен үйрену дәстүрі де алғаш осы газет бетінен көрініс тапты. Сол сияқты Ұлы Қазан төңкерісі алдындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің орыстың классикалық, реалистік әдебиеті шығармаларын аудару ұлгілері де осы газеттен басталады деуге болады.

Орыс классикасын аудару, одан үйрену дәстүрі XIX ғасырдың аяғында одан әрі дами, еркендей келе, қазақ әдебиетіндегі аударма мысалдармен бірге төл қазак мысалының тууына себеп болды. С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев сиякты ақын-жазушылар казактың ауыз әдебиетінен ұсақ ертегілердің сюжеттерін пайдаланып, оларға жаңа мазмұн беріп мысалға айналдыրғанын қазақ әдебиетінің тарихынан білеміз. Сондай-ақ осы газет-журналдардың бетінде казактың өз мысалдары, мысал жанрына тән ауыз әдебиетінің нұсқалары, ұсақ ертегілер, аллегория, өлеңдер де көп жарияланған.

Газетте жергілікті орындардың нұсқаулары, бұйрық, жарлықтары, яғни реєсми материалдар орыс тілінен аударылып жарияланып отырған. Ал, ауыз әдебиет үлгілері, ертегі, аңыз-әңгіме, жергілікті жерден түскен материалдар қазақ тілінде жарияланып, одан кейін оның орыс тіліндегі аудармасы беріледі. Реєсми емес бөлімде бұлардан басқа орыс тілінен аударылған гылыми, әдеби, тарихи-этнографиялық, публицистикалық материалдар молынан жарияланып отырған.

Ол кездегі аудармашылардың білім дәрежесін, қазақ тілінің сөздік құрамының жай-күйін есепке алғанда, газеттегі аударма материалдардың ішінде жатық тілмен аударылған көркем туындылар да барышылық.

Сонымен бірге газетте жарияланған аудармалардың барлығы бірдей көркем болып келе бермейді. Көбіне орыс тілінен сөзбе-сөз аударудың нағайкасында ұғымға ауыр, түсініксіз болып келетін аудармалар да көптеген кездеседі.

Қазактың әдебиеттану, тіл гылымдарының кенже кезінің, бай ауыз әдебиетінің нұсқалары және алғашқы оқыған интеллигенттер мен ақын-жазушыларының шығармалары баспа бетіне түскендігін, олар туралы азын-аулақ пікірлер мен түсініктер де болғанын, ал, XIX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай қазактың әдебиеті мен мәдениеті жайындағы гылыми мақалалар да басыла бастағанда, ол мақалаларда қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, этнография, тарих, экономикаға байланысты мәселелер зерттеле бастағанын білеміз. Бұл иғілікті бастамага алғаш ат салысқан орыс ғалымдары, саяхатшыларымен бірге, казактың өз арасынан шыккан бірен-саран болсын ақын-жазушылары мен оқығандарын еске алсак, қазактың тоңкеріске дейінгі әдебиеті мен тілі саласында зерттейтін фактінің де молая түсікенін байқаймыз.

Төңкерістен бұрын қазақ тілінде шығып тұрған “Дала уалаятының газетінде” жарияланған қазақ елінің тарихынан, әдебиетінен, мәдениетінен, саяси өмірінен, гылымынан дерек беретін

сан алуан әр түрлі материалдарды бір жүйеге келтіріп, оларға қазіргі кездегі көзкараспен дұрыс баға бере отырып, ең құндыларын қазақ ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің игілігіне жарату – қазақ елі филологтарының басты міндегі.

Газет бетіндегі материалдарды талдау үстінде, қазақ әдебиетіне байланысты ең келелі мәселелерге ғана тоқталдық. Жалпы газет бетінде басылған шығармалардың бөрін қамту мүмкін емес.

Ұлттық баспасөзіміздің алғашкы қарлығаштарының бірі – “Дала уалаятының газетін” ғылыми тұрғыдан игеру жұмысы әдебиетіміздің дамуына проблемалық, теориялық мәселелерді көнінен көтеруге, оны төрек жан-жакты зерттеу ісіне көп себін тигізетін саласы.

Окушы назарына ұсынып отырган “Дала уалаятының газетіндегі” әдеби нұскалар атты жинақта 1888–1894 жылдар аралығында шығып тұрған газет беттерінде жарияланған әдеби публицистикалық материалдардың үлгілері беріледі.

“Дала уалаятының газеті” қазіргі Қазақстанның кітапхана корлары мен мұрагат қазыналарында сакталмаған өте сирек кездесетін нұсқаға айналып отыр. Жинақты дайындау үшін Мәскеудегі КСРО-ның В.И.Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхана мен Санкт-Петербургдагы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапхана корында сактаулы тұрған “Дала уалаятының газетінен” түсіріп алынған микрофильмдер мен фотокөшірмелер пайдаланылды. Бұл қунде өте аз сакталып, сирек кездесетін бұл газеттен көшірілген үлгілерде әңгімелер, аныздар, ертегілер, мысалдар, мақал-мәтелдер, аударма ертегілер, қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына, этнографиясына, тіліне қатысты материалдар қамтылды. Сондай-ақ Л.Н.Толстойдан қазақ тіліне алғашкы аударылған шағын әңгімелері мен нақылдары, И.А. Крыловтың қазақ тіліне аударылған мысалдары, Абай Құнанбаевтың өлеңдері, Үбірай Алтынсариннің шығармалары мен өлең-жырлары, айтыс, мақал-мәтел, жұмбактар, әдеби публицистикалық макалалар түгел дерлік беріліп отыр.

Нұсқалардың көпшілігі бұрын-сонды еш жерде жарияланбағанын еске ала отырып, зерттеушілерге салыстыра пайдалану үшін әр салада, әр жанрда жазылған материалдарды газетте қалай жазылған болса сол қалпында беруге тырыстық. Бірақ есте болатын жай – ол кездегі баспасөзде дыбыстардың өзі де бір қалыпқа түслегендіктен әр макалада әр түрде берілген сөздер қазіргі қазақтың қалыптасқан жазуымен берілді.

Газетте 1888–1894 жж. шыққан сандарында ешкандай тыныс белгілері қойылмаған, ал 1894 жылдан бастап тыныс белгілерінің орнына жұлдызша, немесе дөңгелек т.б. белгілер қойылғанын еске ала

отырып, нұсқаларды көшіру үстінде керекті деген жерлерде тыныс белгілерін шартты түрде қойып отырдык.

Сол кезде қолданылған халықтардың аттары, географиялық атаулар газетте қалай жазылса, солай берілді. Мысалы, газет материалында қазақ – қыргыз, өзбек – сарт, ұйғыр – таранышы, татар – ногай деп берілген жерлерде кездескен сайын ескертпе беруді артық көрдік.

Орыс тіліндегі нұсқалар да газетте қалай басылса, ешбір өзгеріссіз, сол қалпында көшіріп берілді.

Микрофильмнен, фотокопиядан оку мүмкін болмаған кейір нұсқалар, не үзінділер қысқартылып берілді.

Нұсқалардың әркайсысына түсініктер жазылды.

“Дала уалаятының газетіндегі” әдебиет нұсқалары

Қазак ертегісін зерттеу жұмысының басы осы ертегілерді жинап жариялаудан басталады десек, газет бетінде ертегілердің алғашқы жазылып алғынған нұсқалары басылған. Олардың қазақ тіліндегі нұсқасымен қатар, аудармасы орыс тілінде беріліп отырған. Бұл ертектерді жинап бастыруши орыс ғалымдары А.Е.Алекторов, А.А. Ивановский, М.Бельский, М. Мирониев т.б. болса, сол кездегі қазақ оқығандары Бекен Адықов, Жағылар Айманов, Отыншы Әлжанов, Мәшіһүр Жүсіп Көпееv, Корабай Жапанов, Бодаубек Райымбеков, Ташмұхамед Сейфуллин, Ракымжан Дүйсембаев т.б. болды. Бұлардың кейбірі жазып алған ертегілерінің халықтық ауызша шығарма деп карал, өзінің атымен бастырған. Ал кейбіреулері кімнен, кай жерден жазып алғаны туралы деректер беріл, өздерін хабарлаушы ретінде көрсеткен. Біз ертегілердің соңынан қол қойылған авторы болса да, соларды жинаушы, зерттеуші ретінде қараймыз, Сонымен бұл газет бетінде қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалары алғаш басылып, оның алғашқы зерттеуші, жинаушылары да көріне бастайды.

Әр алуан сюжетке негізделген бұл ертегілерде қаһарлы хан, күн үәзір, акылды, тапқыш, еңбеккер кедей шаруа образдары дараланып суреттелген. Ертектермен қатар, мысалға жуық ертектер де көп басылды. Газет бетінде аударма мысалдармен бірге қазақтың өз мысалдары алғаш жарияланды. Ол мысалдар қазақтың ауыз әдебиетіндегі ұсак ертектердің желісінде болса да мысал жаңына тән қасиеті бар бола тұрып, сол ертек не ұсак әңгіме, өлеңнің ішінде гибрат беріп, түйін жасайды.

Ертегілер және мысал-ертегілермен бірге газет бетінде эпостық жырлар, аныз әңгімелер де көп басылған. “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” жырының мазмұнын Н. Пантусов “Баян сұлу менен Қозы Қөрпештің

моласы турасынан қазақ арасындағы сөз” деп бастырған. Батырлар жырынан “Нәрік батыр” жырының ертегіге айналдырған нұсқасын А.Е.Алекторов жазып алғаш жариялаған. Бұлар ел аузында ғасырлар бойы сақталып келіп, алғаш басла бетінде түскен, ендігі жерде казіргі окушы қауымға қазақ халқының мәдени өмірі мен тарихынан көптеген құнды мәлімет беретін нұсқалар.

Тарихи аңыз-әңгімелерден қазақ елінің қалмақ-монгол басқыншыларының шабуылына қарсы құресінен деректер беретін шығармалар да мол. “Қалмақтолағай, яғни қалмақтың басы” деген аңыз әңгімеде қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік кезең суреттеледі. Халық арасына кең тараған “Ақсақ құлан”, “Жошы хан” аңыз әңгімесінің екі нұсқасы “Дала уалаятының газетінде” жарияланған. Газеттің 1897 жылғы 13,14,18 сандарында басылған Атбасар уезі, Бағаналы қазактарының аузынан жазылып алынған “Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз” деген тақырыппен жарияланған. 1899 жылғы 50-санында “Темірланның оры” деген тақырыппен Д.Н. Жетпісбаев жазған нұсқасы жарияланған. “Темірланның оры” (“Жәнібектің оры” деп аталады), Қазақстанның Тарбағатай тауларынан Іле өзеніне дейін қазылған ор, тек ан аулау мақсатымен емес, шөл даланы суландыру үшін казылғаны жайында пікір Ш. Үәлихановтың енбектерінде айтылған [2].

Бұл ор туралы қазақ арасында көптеген аңыз-әңгімелер кездеседі. Олардың негізгі сюжеті – хан баласын құлан теуіп өлтіреді. Қаһарлы хан баласының кегін алу үшін халыққа терең ор қаздырып, құландарды оған құлатып құртады. Аңыздың орыс тіліндегі аудармасын А. Мельков жариялаған [3]. Аңыз туралы дерек және бір нұсқасы шығысты зерттеуші ғалым В.Г.Тизенгаузеннің жинап бастырған парсы тіліндегі жинағында кездеседі. “Ақсақ құлан” күйінің нотасы А. Затаевичтың қазақ халқының өлеңдеріне арналған енбесгінде /4/ берілген. “Жошы хан” туралы аңыз әңгіменің колжазба нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сактаулы тұр.

Қазақ елінің болмысынан өмірінде болған шындықтан алынған, кейін ел аузында аңыз әңгімеге айналып кеткен әңгімелердің ішінде газет бастінде басылған “Еңлік — Кебек” әңгімесінің орны ерекше.

“Еңлік—Кебек” аңыз әңгімесі қазақ даласында үстем тап өкілдері билеп-төстеп тұрган уақытта, есқі салт-сана әдет-ғұрыптың каймагы бұзылмаған кезінде, шын сүйіскең жастардың бақыт тілеуі “басбұзарлық” болып көрінген тұста болған шындық. Әңгіменің бір нұсқасы “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” деп басталса,

екінші нұсқасы “Қазак тұрасынан хикәя” деп басталған. Бұл нұсқадағы кісі аттары батыр – Сергелі, абыз–Келдей, қыз – Қанлық т.б. өзгертіліп альинган. Жалпы бұл аңыздардың сюжеті біреу, бәрінде де абыз болжап батырдың болашағын айтады. Бірін-бірі сүйген, екі жас ат құйрығына байланып азаппен өлтіріледі, артында жас нәресте калады.

1892 жылы басылған “Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” атты аңыз әңгімсінің кіріспесі ретінде қазақ халқының тарихына, этнографиясына, географиясына, әдеп-ғұрып, салт-санасына да жаңа насты мәліметтер берілген. Осындай аңыз әңгімелердің тек қана әдебиетке көткесті емес, тарихқа, экономикаға, философия, занға жаңа насты деректері де өте көп екендігін дәлелдей түсетін осы “Еңлік–Кебек” әңгімесінде Шыңғыс ханның қазақ даласын бағындыруы кезеңін аңызға берілген Шыңғыстау маңындағы жер аттары жайында аңыз әңгімелер көлтірілген. Қазактың түрмис салты бойынша құда түсу, үйлену салты мойын сұнбағандарды байырғы әдеп-ғұрып бойынша өлім жазасына бұйыратыны, бұл әдеп-ғұрыптан ілуде біреу ғана аттай алатыны да баса айтылған. Әңгімеде әйелдің теңсіздігі, тіпті әйелді сүюдің өзі ерлер үшін намыс болғаны жайында мәлімет берілген.

Бұл нұсқалар казақ әдебиетін зерттеушілерге де, этнографтарға да құнды материал береді. Кейінірек бұл оқиғаны Абайдың тақырып етіп беруі бойынша баласы Магауия жырлаган. Ол поэма тіліне жетіп шеберленбеген болса да, мазмұны идея жағынан ескі билікті әшкерелеп, Еңлік пен Кебектің өліміне себеп болған Қенгірбайдың билігінің бетін ашқан.

Қазақ халқының ұлы жазушысы М.О.Әуезов ел аузында ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан осы аңыз әңгіменің негізін алғып өзінің алғашқы шығармаларының бірі “Еңлік–Кебек” пьесасын 1917 жылы жазған. Қазактың драма театрының сахнасы осы пьесамен ашылды, арада 40 жыл өткен соң пьеса 1956 жылы өндөліп бүгінгі күнге дейін Академиялық театрдың төрінен орын алғып отыр.

Газет бетінде Жиренше шешен, Алдаркөсе, Асан қайғы, Қожанасыр туралы аңыз әңгімелер де көп басылған. Асанқайғы халықтың қайғылы тағдырын, мүшкіл түрмисын көріп, құлазып жатқан сардаланы коріп, елге жақсы коныс, жайлы жер іздейді. Міне сол Асан қайғының хан үшін емес, халық үшін еңбек етуі дәріптелген аңыз әңгіме және Асан қайғының казақ елі жақсылыққа, бакытқа жететіндігін болжауы туралы аңыздың екі нұсқасы газет бетінде жарық көрген.

Қай халықтың болмасын, ауыз әдебиетінің күрделі бір түрі – мақал, мәтел, жұмбактар. Бұл бір ғасырдың жемісі емес, тіпті ертеден

келе жатқан көне түр. Міне, әдебиеттің осы бір құнды көркем түрі – мақал-мәтелдің қазақ әдебиетінде баспа бетінен орын алғы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мақал-мәтелдерді алғаш ел арасынан жинап бастыру ісіне үлес қосқандар: В.Радлов, А.Васильев, Ш.Ибрагимов, Ш.Уәлиханов, Қ.Бабажанов, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Ә.Диваев болса, бұл газет бетінде басқа авторлардың да халықтың ұшқыр ойынан туған шын халықтың шығарма – мақал-мәтел, жұмбакты бастыру ісіне сол кезде-ак көңіл бөлгени байқалады. Б.Дауылбаев, М.Ешмұхаметов жинаған макалдар газеттің бірнеше санында үзбей жарияланып тұрған. Газет бетінде қазақтың төл мақал-мәтелдері көптеп басылумен катар, басқа халықтардың да, мақал-мәтелдерінен аудармалар орыс тілінде, одан қазақ тілінде аударылып беріліп отырған. Белгілі “Қожахмет пен Әубекірдің жұмбақпен айтысын” А.В. Васильев бастырған.

*“Дала уалаятының газетіндегі”
қазақ тілі, әдебиет салыны турали*

Қазақ халқының көне заманнан бергі сөз байлығы осы газет арқылы қағаз бетіне түсіп, белгілі стильдік өң тапты. Газет қазақтың өз сөз байлығын пайдалана отырып, қажет болған жағдайда басқа тілдерден сөз алушан қашпау керектігін, қазақ тілінде жоқ жаңа ұғым атауларды кіргізу үшін әсіресе орыс сөздерін қолдануды ұсынды. Орыс тілінен кірген сөздерді қалай жазу керектігін газеттің бас аудармашысы Дінмұхамед Сұлтанғазин “Қазақ тілінде жазу туралан” деген макаласында: Қазақ тіліне кірген сөздерді жазғанда сөздердің қазаққа канша ұғымдылығына қарау керек. Егер қазаққа ұғымды болса орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысу керек. Мәселен қазактар “жандарал”, “жанарап” дейді, һәм “генерал” деп жазу керек” дейді (1896, №31,32). Жалпы газет редакциясы сол кездің өзінде-ак қазақ тіліне басқа тілден енген сөздердің транскрипциялануына көңіл аударып, бұл жөнінде дұрыс пікір ұсынды. Яғни басқа тілден енген сөздерді екіге бөліп карау керектігін, ертеректе еніп, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағынып кеткен сөздерді сол калыптасқан қалпында жазу керектігін, кейін келген сөздерді сол тілдегі тұлғасын сақтап жазу қажеттігін ескертеді.

Газет араб әрпімен қазақ тілінде және орыс тілінде катар шығып тұрды. Араб жазуының қолайсыздығы – онда ешқандай тыныс белгілері және бас әріптің жоктығы болатын. “Дала уалаятының газеті” шыға бастаган алғашкы жылдарындағы нөмірлерінде ешбір тыныс белгісі қолданылмаған. Тыныс белгілерінің жоктығы газеттің тілін ауырлатып, түсінігін кемітуге себеп болды. 1894 жылдан бастап

газет редакциясы кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға сыйықша (—), әр түрлі жұлдызшалар (звездочка) сияқты шартты таңбалар колдана бастаған.

Ал 1896 жылғы 31-санынан бастап газетте тыныс белгілерін колдану туралы хабарлама берілген. Оnda осы күнгі қолданылып жүрген тыныс белгілерінің барлығы да көрсетіліп, олардың қолданылатын орындары туралы қысқаша түсінік берілген. Газет осы тыныс белгілерін өз бетінде алғаш пайдалана отырып, кейінгі жылдарда басылған сандарында сауаттылықта қарай бір табан болса да жакындей түскен. Сонымен қатар кейінгі кезде шыға бастаған баспасөзге, басылып шыққан кітаптарға белгілі дәрежеде иғлікті әсері болғанын байқаймыз.

Газетке өзек болған шығармалардың бір тобы – шығыс әдебиетінен келген және орыс әдебиетінен аударылған болса, екінші тобы – жаңа бағытта тұра бастаған қазактың өзіндік жаңа жазба әдебиеті болды.

Казіргі қазак әдебиетінің алдында қазак жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абай Құнанбаев жасаған әдебиетпен бірге қазактың мерзімді баспасөзінде басылған әдеби мұралар да бар. Бұл мұра халық творчествосымен тығыз байланысты болумен бірге, орыс әдебиетінен онеге алып, бұрын қазак әдебиетінде болмаган жанрлардың үлгісін бастады.

Әрине, бұл мұраның көп шығармалары Абай шығармаларындағы биік өрелі болмаса да, сол дауірдегі әлеуметтік жайларды аша түсуге феодалдық-патриархалдық ескі салт-сананы сынауға, әйел теңдігі мәселесін көтеруге, өнер білімге ұмтылуға арналған нұсқалар. Бұл шығармалардың бәрінде дерлік өмір шындығы, сол уақыттағы заман жайы, мәдениеттен, оку, өнер-ғылымнан кейік калған қазак халқының ауыр да азапты тұрмысы суреттеледі. Бұл шығармалардың стилін, көркемдігін қазіргі әдебиетпен салыстыруға келмейді, сонда да озық идеялы, іргелі әдебиеттің алғашқы кірпішін қаласқан, онын түп төркіні болған осы нұсқалар екенін естен шығаруға болмайды.

Қазақ тілінде кітап шығару жұмысы балаң кезде қазақ тілінде басылып тұрған “Дала уалаятының газетіндегі” әдебиетке, мәдениетке жаңасты мақала, хабар, әңгіме, өлең, публицистикалық мақала, очерк, мысал, ертегі, аңыз көп басылған. Бұлардың бір тобы қазақ даласын зерттеу, білу тұрғысынан жазылса, енді бір тобы сол қазақ даласында тұратын көзі ашық оқығандардың өмірде болып жатқан өзгерістер мен жаңаңылтарға катынасын білдіретін шығармалар. Негізінен, ғазет бетінде басылған ауыз әдебиетінің нұсқаларынан да, көркем шығармаларынан да қазақ елінің жайсыз күйі, сол кездің өзінде басталған ескі мен

жаңаңың арасындағы тартыс бейнессі, әдет-ғұрып, салт-сана, ескі наым сияқты қазакемірінегі әр қылыштыстар қамтылған.

Қазактың жазба әдебиетінде алғаш көріне бастаган акын, жазушылардың төл шығармаларының көбі проза жанрында жазылып, бірінде әңгіме, бірінде очерк, бірінде публицистикалық, бірінде драматургиялық элементтер болса да, авторлары оған “әңгіме”, “очерк”, “пьеса”, “мысал” деп араларына шек қоймаған.

Кейбір зерттеушілер қазақ әдебиетіндегі проза жанрын сез еткенде төңкерістен бұрынғы проза Ы. Алтынсариннің дидактикалық әңгімелері, Абай Құнанбаевтың “Қара сездері”, С. Торайғыровтың “Камар сұлу”, С. Қебеевтің “Қалың мал” сияқты шығармаларын ғана атап, төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінде прозалық шығармалар өте аз деген пікір айтады. Шындығында, төңкерістен бұрын шыққан қазақтың газет-журналдарының бетінде басылған, бастапкы үлті ретінде жарық көрген прозалық шығармалар аз емес еді. Ол қазақ прозасының өткен шағы болумен қатар, жалпы қазақ прозасының есіп өрбү, қалыптасу кезеңдерінен мәлімет беретін нұскалар. Олардың кейбірі өзінің даму жолында болашақ әдеби шығармалардың жарық көруіне себеп болды. Бұл шығармалардың көтерген тақырыптары сол заманына лайық төңкерістен бұрынғы өмір, әлеуметтік қайшылық, халықтың ауыр тұрмысы: оку-ағарту, өнер-білімге, жаксылыққа, адамгершілікке, ігілікке үндеу, әйел теңдігі, әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі болып келеді.

Газет бетінде қазақтың алғашкы өзіндік әңгіме, очерк, публицистикалық макала, мысалдармен бірге поэзия жанрындағы шығармалар да басылған. Бір айта кететін жай, жалпы “Түркістан уалаятының газеті” мен “Дала уалаятының газетінің” бетінде “Айқап” журналы, “Қазақстан” газетімен салыстырғанда өлең, жыр аз кездеседі. Газет бетінде басылған ауыз әдебиетінің нұскалары мен әңгіме, очерк, мысал, публицистикалық мақалалар сияқты қазақ халқының жан дүниесінің тазалығын, қүйініш-сүйінішін, таза махаббатын суреттеп, еңбекке, өнер-білімге, адамгершілік ізгілікке үндеумен қатар, кері кеткен ескі әдет, өмірі өткен салт-сана, жалқаулықты, жатып ішерлікті сыйнай, шеней жазылған. Жоғарыда тоқталып өткен Абай Құнанбаевтың екі өлеңі мен Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері жарияланған.

Қазақ әйелінің аянышты халі суреттеген “Әйел халі” деген өлеңде әлеуметтік шындық – қазақ әйелінің басындағы күндік өмір бір сыйыргы көркем суреттеген. Өлеңде ең алдымен қазақ қызын да ер баладай күтетін “жат жұрттық” деп сыйлайтынын, оның он жақта бұлғактап есетінін суреттей келіп, ескі әдет бойынша қызды айттыру,

күйеу келуі, қыздың ел-жұрттымен қоштасу салты көркем берілген. Автор қазак әйелінің әйел болып басына жаулық салғаннан бастап бас бостандығы кететінін, өмірдің өзі итермелуімен-ақ салпынетектікке икемделе беретінін суреттеген.

Газет бетінде казактың ауыз әдебиетінің нұсқалары мен жана туып келе жатқан жазба әдебиетінің алғашқы нұсқалары басылды. Ол нұсқаларда жаңадан туып келе жатқан мәдениет нышаны – оқу-ағарту мәселесі, жаңа өмірге ұмтылу, әйелдің бас бостандығының қорғауы, ескі әдет-ғұрыпты сынау мәселелері көтерілген. Бұл көтерілген мәселелер кейінгі жазушылардың негізгі тақырыбына айналып, онан әрі қарай өріс алып дамығанын XX ғасыр басындағы әдебиеттен жақсы білеміз.

Әрине, жаңа туып келе жатқан қазак әдебиетінің алғашқы кезеңіндегі яғни XIX ғасырдың соны мен XX ғасыр басындағы әдебиет арасында үлкен айырмашылық бар. Ол айырмашылық біріншіден жаңа туып қалыптасып келе жатқан әдебиетте халық наразылығы тап күресі аз суреттелсе, XX ғасырдың басындағы әдебиетте, әсіреке 1905, 1907 жылғы тәңкерістен кейінгі кезде туған шыгармаларда тап күресі мен халық наразылығы күшті де айқын көріне бастайды. Ескілікке карсы шыгармалар бастапқыда женіл юмор ретінде не ұсак айып ретінде суреттелсе, кейінгі кездегі әдебиетте, яғни XX ғасыр басында жағымсыз әдет-ғұрыпқа карсы шыгармалар, ескіні әшкөрелейтін, бүтін сол қоғамға карсы құрал есебінде койылған.

Зерттеушілер үшін бұл шыгармалардың қазактың Қазан тәңкерісіне дейінгі әдебиетінің дамуын, орыс әдебиетінің іті әсерімен оның реалистік дәстүрлерімен тығызы байланыста алып көрсетуде және қазак әдебиетінің төл қасиеттерін, ұлттық ерекшеліктерін айқындауда бұлармен бірге өзінен сонғы әдебиетке тигізген әсерін білуде мәні зор.

Газет бетінде басылған әдебиет мәселесі туралы пікір таласына арналған бірнеше макаланың алатын орны ерекше. Олар қазіргідей әдеби проблемалар көтермегенмен, сол дауір үшін маңызды мәселелердің койып отырды. Мәселен газет бетінде Шортанбай, Шәже, Орынбай сияқты акындардың өлеңдерін басудың қажеттігін айтады. Осы пікірге карсы, акындар өлеңді сый алу үшін айтады деп, онан да газетке ғылым, білім, тарих туралы макалаларды қөбірек басу керек деген пікірді ұсынады. Енді бір макалада алғашқы макаладағы пікірді колдан, газет бетінде әдебиет мәселелері, қазактың ертегі, аныз әңгімелерінің басылуының қажеттігін сөз етеді. Бұл макалалар “Дала уалаятының газетінің” 1889 жылғы 3, 24, 26, 39 сандарында және “Газетшілерден” деген тақырыппен редакциялық макала басылды. Онда редакция макала авторларын күр сөз таластыруға, бірін-бірі айыптауга бармауға

шакырады. Ақындардың тек сый алу үшін өлең шығарады деген пікірдің дұрыс еместігін атай келіп, газет бетінде жалпы халыққа пайдалы мақалалардың басылуын қолдайды.

“Дала уалаятының газетіндегі” әйел тақырыбы

Әйел мәселесі Қазан төңкерісінен бұрынғы әдебиеттің ең бір өзекті мәселесі екенін білеміз. Әйел мәселесі көтерілген XIX ғасырдың аяғындағы әңгіме, өлең, жырларда әйелдің тенсіздігі, ескі әдет-ғұрыптың құрбаны екендігі факті ретінде суреттелсе, XX ғасырдың басындағы шығармаларда әйелдің қоғамдағы орны баса айтылып, таза жанды, еңбеккөр қазақ қызының еңбектегі, бала тәрбиелеудегі болашак буынды өсірудегі ролі көрсетілумен катар, әйелдің бас бостандығын корғау мәселесі көтеріле бастайды. Қазақ қызының жаһымды образын жасаған М.Дулатов, С. Торайғыров, С. Кебебев, М. Сералин сияқты демократ жазушылардың алғашқы әйел мәселесіне арналған макала, әңгіме, очерктері де осы газет-журнал бетінде басылды. Бұл жазушылар өз шығармаларында әйелді корлайтын ескі әдет-ғұрыпка қарсы күрес ашып, қатты сынға алды. Бұл тақырып кейінгі буын жазушыларға негізгі тақырыптың бірі болғанын қазақ әдебиетінің тарихынан жақсы білеміз. Осы тақырыпты XX ғасырдың басында роман, поэма, очерк жазған ақын-жазушылар дамыта отырып “Бақытсыз Жамал”, “Қалың мал”, “Қамар сұлу” сияқты кесек шығармаларын берді. XX ғасырдың басында әйел мәселесін көтерген шығармалардың алғашқы арнасы сонау “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газетінің” беттерінде басылған әңгімелерден басталды деп айта аламыз. Себебі, халықтың әлі қаймағы бұзылмай тұрған ескі салт-сананың шырмауында жүрген кезінде әдебиетте сол заман шеңберінде алып қараганда бір адым ілгері басқандық еді.

“Бәти” әңгімесінде қазақ елінің тұрмысы бірсыныра тәуір суреттелген, Әңгіме басталғаннан-ақ айтқалы отырган оқиғага бірден кошкен: “Бір күні кешке таман Бәтидің күйеуі келді деген хабар дүнк ете түсті. Жазды күні елдің жайлаудағы, биенің байлаудағы уақыты”... деп басталып, уакыға кауырт өрбі берді. Бұл сол кездегі қазақ әдебиетіндегі бір жаңалық есепті. Себебі ол кездегі шығармалардың көбінде ақын- жазушылардың қосалқы арнау сияқты кіріспе сөзі, өлеңдері айтылып барып, негізгі уакиғага сонан кейін барып кірісетін. Бұл ауыз әдебиетінің, онан кейін қисса жазған ақын-жазушылардың дәстүрі еді.

Әңгіме негізінен торт бөлімге (әңгімеде “баб” деп алған) бөлінген. Бірінші бөлімде ескі әдет бойынша атастырған күйеуі өлген

соң Бәтиді алу үшін, бала күйеудің Бәти аулына келгені суреттегеледі. Екінші бөлім сол есکі әдettі корғаушы ақсақалдар әңгімесіне арналып, үшінші бөлімде Бәтидің қайын жұртының аулындағы аянышты тұрмысы суреттелген. Төртінші бөлімде елден кепкен Бәтидің айдалада, боранда үсіп елуі алдындағы қасіреті мен қарғысы беріледі.

Осы бір тақырыптың дамуы ретінде кейін демократ жазушылар М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Көбеевтің романдары “Бақытсыз Жамал”, “Қалың мал”, Қамар сұлу”, “Кім жазықты” жазылды. Олардың басты кейіпкерлері – Жамал, Қамар, Файша, Аппакай. Бұл шығармалардың тақырыбы бір болғанмен, басты кейіпкерлері әйелдердің тағдыры әр түрлі. “Бәти” әңгімесі жазылған сонау қытымыр заманда әйелдің бас бостандығын корғауы, дегеніне жетуі мүмкін емес еді. Бәти өзін-өзі корғаудың керектігіне енді түсіне бастиған казак әйелінің жаңа бейнесі ретінде берілген. Ол есқі әдет гұрыпқа қарсы тұрмай, өз еркімен сүйимеген адамға күйеуге барып, кеш түсініп қапыда қалса, “Қалың маңдағы” Файша мұратына жетеді. Ал “Қамар сұлуда” Қамар жалпы өмірі откен әдет-гұрыпка, занға қарсы күреседі. Дегеніне жетпесе де күрескөр бейнесінде, казак әйелінің бір адым алға басканы байқалады. Өлеңмен жазылған “Кім жазықты” романында Аппакай оқыған, алдыңғы катардағы максаты биік, жаңа жолдағы қазак қызы. Ол есқі әдет-гұрыпқа бой сұнбағаны былай тұрсын, сол ескінің бір күшті өкілі Әжібайды ажуалап, өз келешегі үшін ашық күреске шығып, максатына жетеді. Ғасырлар бойы қалыптасқан, әйелдің үндемейтін, әдет-гұрыпқа мойын ұсыннатын бұлжымас заны “Бәтиде” оның далада үсіп өлгелі жатқанда айтқан қарғысымен шайқалса, Қамардың ауырып жатқан аянышты халін суреттеу арқылы шарықтау шегіне жеткен. Бәти сол өмірге деген бар лағнетін айдалада үсіп елейін деп жатқанда өзіне-озі айтса, Қамар өзінің откір сөзімен ғасырлар бойы әйелдің аянышты халіне құлак аспай келе жатқан молданы тоқтатады, оны шынын айтқызуға мәжбүр етеді.

Әрине, “Бәти” әңгімесімен салыстырғанда С.Торайғыровтың “Қамар сұлуында” есқі салт-сананы әшкерелеуі, әйелдің корлықта жүрген өмірін суреттеу әлдекайда басым. Мұның өзі жалпы қазак әдебиетінің есуімен, дамуымен байланысты, бір тақырыптың даму процесін аныктай түседі.

Бәти бейнесі, оның толқу-толғаныстарымен табиги қалпында берілген. Сол кездегі қазак қыздарының типтік дәрежедегі бейнесі көп әйелдің басында болған құбылыс осы Бәти бойына жинақталғандай. Есқі қазак аулының дәстүрін, әйелдің теңеziдік жайын өз бойына берік түйген Бәти өмірі үмітсіздікке барып тіреледі.

Қазақ газет-журналдарында әйел мәселелеріне арналған әңгіме, очерк, публицистикалық мақалалардың ұзын-ырғасынан ғасырлар бойы әйелді қорлық пен құндіктे ұстайтын надандық салтына наразылық, сол салтты бұзудың анық жолы әлі көрсетілмесе де, әйелдің көғамда алатын орны айырықша екендігін дәріптейтін прогрестік көзқарастар анық байқалады.

Бұларда ескі әдет-ғұрып, салт-санадан туган қайғы-қасіретті, теңсіздікті суреттеу бар, кейбірінде үлкен сыншылдық та бар, бірақ осы кері кеткен өмір зұлматынан құтылу, оған қарсы ашық күрес әлі көріне қоймайды. Шығармалардың көбінде ең асқанда сүйіскең екі жастаны өлімімен бітіп отырады. Ол, әрине, сол кезеңнің өмір шындығы еді.

“Дала уалаятының газетіндегі” аударма иұсқалар

“Дала уалаяты газетінде” басылған шығармалар алуан түрлі. Оларды XIX ғасырдың аяғындағы қазақ әдебиетінің тарихында идеялық мотивтері, такырыптары, көркемлік ерекшеліктері және орыс әдебиетінің игілікті әсері түрғысынан алып жан-жақты зерттеуге болады.

Қазақстаниң мәдениеті мен әдебиетінің дамуына сол кездегі шығып тұрған газет-журналдардың рөлі өте зор болды. Ол газет-журналдардың бетінде мақала, хабар жазған орыстың Қазақстанның зерттеген ғалымдары – Г.Н.Потанин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, А.И.Добромыслов, В.В.Радлов, И.И. Крафт, А.Е. Алекторов т.б. болумен катар, орыс әдебиетінің классик жазушыларының шығармаларының аудармасы алғаш қазақ тілінде басылуының өзі зор жаңалық, игілікті бастама еді. Бұл газет бетінде басылған орыс әдебиетінен аударылған шығармалардың әсерімен қазақ елі орыс мәдениетіне қол созып, одан нәр алып үйрене бастайды. Ал мәдениет қайраткерлері мен ғалым саяхатшылардың енбектерінің газет-журнал бетіне басылуы аркасында орыс халқы да қазақ елінін рухани байлығымен таныса бастайды.

“Дала уалаятының газеті”, негізінде, екі тілде катар басылып тұрды. Осы екі тілде басылған шығармалардың орыс тіліндегілері қазақ тіліне, қазақ тіліндегі төл шығармалар орыс тіліне аударылып отырды. Яғни қазақтың әдебиеті, мәдениеті туралы орыс ғалымдарының макала, хабар, әңгіме, очерк, публицистикалық шығармаларын Е. Абылайханов, Д.Сұлтангазин, Р. Дүйсембаев қазақ тіліне аударып бастырды. Сондай-ак Ы. Алтынсарин, А. Құрманбаев не М.Ж. Қопсевтің қазақ тілінде жазған макала, хабар, әңгімелерін орыс тіліне аударып басып отырды. Сонда аударма жұмысы екі тілде

қатар жүргізілді. Бұл төсөлтөн аудармашылары жоқ кездің үлкен жемісі ретінде зерттеушілердің назарын аударатын жұмысы болмақ. Төңкерістен бұрынғы әдебиетте көркем аударманың шебер үлгілерін қалдырған Абай, Ыбырай болса, сол кезде шығып тұрған “Дала уалаятының газетінде” басылған аудармалардың аударма тарихынан алатын өзіндік орны болғанын, олардың құнды аудармалар тууына себін тигізгенін атап отпеске болмайды.

Солардың ішінде ұлы жазушы Л.Н. Толстойдың шығармалары қазақ даласында өткен гасырдың 70-80 – жылдарынан бастап аударыла бастаған. Л.Н. Толстой Ясная Полянада өзі ашқан мектепте крестьяндардың балаларын оқыту жұмысымен көп жылдар бойына шүғылданған болатын. Соған байланысты педагогика саласында қажырлы еңбек сініре отырып, оку құралы ретінде 1872–1875 жылдары “Новая азбука”, “Русские книги для чтения” кітаптарын бастырып шығарғанын білеміз.

Ұсак әнгіме, мақал-мәтел, ертегі, нақыл сөздер негізінде құралған осы еңбектен “Дала уалаятының газетінде” аударылып жарияланған Л.Н.Толстойдың мысалдары, ұсак әнгіме, ертегілеріне қысқаша шолу жасасак, бұл аудармалар түп нұсқаға өте жакын, көп жері сөзбе-сөз келіп отыратынын байқаймыз.

Бұл жай – балалар әдебиетінің іргесін қалаған қазактын тұнғыш педагогі Ыбырай Алтынсарин “Киргизская хрестоматия”, Спандияр Көбеев “Улгілі бала” окулықтарын жазу үстінде, сонымен катар қазақ балаларын оқылу жұмысында Л.Толстойдың педагогикалық тәжірибесін пайдаланғанын аныктай түсетін бір факт ретінде қаралуымен қатар, газет бетіндегі материалдардың қазақ арасындағы оқу-ағарту, окулықтар дайындау, мектеп-медресе жұмыстарында орыс мектептерінің әдістемесін пайдалануды ұсынғанын көреміз.

“Дала уалаятының газетінде” бұлардан басқа аударылып жарияланған Л.Н. Толстойдың ұсак әнгіме, мысалдары мыналар: 1889 жылғы 52-санында “Дұрыс әзілдескен” – “Старик сажал яблони” деп басталатын әнгіменің аудармасы; 1888 жылғы 37-санындағы “Бақыт пен мұжық” – “Мужик пошел косить луга и заснул...” деп басталатын әнгіменің аудармасы; 1888 жылғы 43-санында “Бұғы мен қарақаттың сабагы” – “Олень и виноградник” мысалының аудармасы; 1890 жылғы 48-санында “Қоян” – “Зайцы и лягушки” мысалының аудармасы. Осы мысалды Спандияр Көбесев аударып, 1912 жылы “Улгілі бала” кітабында “Қоян мен көлбақалар” деген тақырыппен жарияланған. Бұл екі аударма да Л. Толстойдың мысалындағы сюжеттік желі ғана сакталып еркін аударылған. 1888 жылғы 34-санында “Арыстан, қасқыр һәм тұлқінің әнгімесі” – “Лев, волк и лисица” мысалының

аудармасы; 1900 жылғы 10,11 – сандарындағы “Сурат кофейнасы” – “Суратская кофейня” әңгімесінің аудармасы (аударған Элихан Бекейханов).

Кейін, 1915 жылы Л. Толстойдың “Илияс” деген әңгімесі аударылып, “Айқап” журналының 11-санында жарияланды.

Абай дамығқан орыс әдебиетінен үйрену дәстүрі де алғаш осы газет бетінен көрініс тапты. Сол сиякты қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің орыстың классикалық реалистік әдебиетінен аудару үлгісі де осы газет бетінде басылған шығармалардан басталады.

Г.Н. Потаниннің айтуынша Өскенбаев, орыс классиктерінің шығармаларын бірінші рет қазак тіліне аударып таратушы болған. Бұл жөнінде газеттің 1896 жылғы 43-санында басылған “Қазақтың тәуір адамдарының кылар ісі” деген мақаладан “Өскенбайұлы Омбыдағы кадетский корпustan оку бітіріл Семей маңына қырга барып тұрған. Сол күрметті адам, есту бойынша кеш болғанда орыс кіссаларын қазақ тілінс перуаттап қазактарға айтады еken де, естушілердің сұрауы бойынша жазып береді еken. Солайша Тургеневтің, Лермонтовтың, Толстойдың һәм өзгелердің шығарған кітаптарын Өскенбайұлы еркін перуад қылым шығарған” деген жолдарды оқимыз. Мақалада айтылып отырған Халиулла Өскенбаев Абайдың інісі, 1863–1870 жылдары Омбы кадет корпусында оқыған, 1877–1878 жылдары орыс-түрік соғысына қатысқан. Ол қазақ елінің әдебиет мұраларын жазып алған жинаған. Олардың ішінде “Еңлік-Кебек”, “Жиренше шешен” туралы аныз әңгімелер, тұрмыс-салт жырларының үлгілері бар. Өскенбаев жинаған әдебиет нұсқалары шығысты зерттеуіш белгілі ғалым И.Н. Березиннің мұрағатында сақтаулы [5] Х.Өскенбаевтың алғаш рет Абайды орыстың классикалық әдебиетімен таныстырығанын өзінің қазақтың халық аныздарын орыс тіліне аударғанын, сондай-ақ Құнанбай аулында әдеби үйріме ұйымдастырып, оған Абай және оның айналысындағы ақындар қатысқаны туралы деректерді Ш. Ұәлихановтың енбегінен оқимыз [6]. Орыс халқының кеменгер жазушысы И.А. Крыловтың мысалдарын алғаш осы газет бетінде аударып басу арқылы, қазақ әдебиетінде тың жанр – мысал жанры туда бастанды. И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне көтеп аударып, халық арасына ауызша тараптуымен қатар, ол аудармалар бұрынғы баспасөз беттеріндеге де басылған. Кейін Крылов мысалдарының жеке кітап болып шыққанын да білеміз. С. Көбеев 1910 жылды “Үлгілі тәржіме” деген такырыппен Крыловтың 37 мысалын аударып бастираса, Б. Өттілеуов 1914 жылды “Жиган-терген” деген такырыппен 13 мысалын аударып бастирган. Бұлардан бүрін “Дала уалаятының газеті” мен “Айқап” журналында И.А. Крыловтың бірнеше мысалы кездеседі. “Дала уалаятының газетінде” 1892 жылғы

51-санында И.А. Крыловтың “Ворона и лисица” мысалының “Қарға мен түлкі” деген аудармасы Ы.Алтынсариннің “Киргизская хрестоматия” окулығынан алып бастырған.

Бұл мысалдың сюжетіне мысал жазғандар: атакты грек мысалшысы Эзоптан бастап, Рим елінің мысалшысы – Федр, француз мысалшысы – Лафонтен, орыстың нақыл-мысалшылары – В.К.Тредиаковский, А.П.Сумароков, М.М. Херасков, И.А. Крылов.

Қазақ тілінде “Қарға мен түлкі” мысалының төрт түрлі аудармасын кездестіреміз. Ы. Алтынсарин аударған, 1889 жылы “Киргизская хрестоматия” окулығында басылған осы нұсқа 1898 жылы Абай аударған “Жұрт біледі, қуледі” деген кіріспемен басталатын және “Боктыққа талтандап” деген кіріспемен басталатын екі нұсқа. Төртінші – И.А.Крыловтың мысалдарының қазақ тіліндегі жинақтарында беріліп жүрген Ахмет Байтұрсыновтың нұсқасы. Қазақ тіліндегі бұл төрт аударма да Крылов мысалының сюжетіне жазылған, өлеңмен көркем аударылған еркін аудармалар.

“Дала уалаятының газетінің” 1894 жылғы 32-санында басылған И.А.Крыловтың “Стрекоза и муравей” (“Инелік пен құмырса”) мысалын А.Құрманбаев “Құмырса мен шегіртке” деп аударып бастырған. Бұл мысалдың да қазақ тіліндегі төрт түрлі аудармасын кездестіреміз.

“Шырылдаған шегіртке, ыршып жүріп ән салған” деген кіріспемен басталатын Абай аударған нұсқа.

Спандияр Қебеевтің 1910 жылы басылып шыққан “Үлгілі тәржіма” кітабында аударып бастырған нұсқа. 1912 жылы “Айқап” журнальында соынан “Омбыльк” деп қол қойылып басылған Асылжоға Құрманбаев нұсқасы. Бұл төрт нұсқа да өлеңмен еркін аударылған.

“Дала уалаятының газетінде” 1895 жылты 49-санында И.А.Крыловтың “Пустынник и медведь” деген мысалын өлеңмен аударып “Аю мен жапан тұзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі” деген такырыппен жарияланған. Бұл мысалдың сюжеті Индияның атакты “Калила мен Димна” жинағындағы “О садовнике и медведе” деген мысалынан шыққан. Одан француздың мысалшы ақыны Лафтонтен аударған. Ыбырай Алтынсарин Крыловтың бұл мысалының сюжетіне “Ақымақ дос” деген қыска әңгімесін қарасөзben жазып “Киргизская хрестоматия” окулығында жариялаган. Ал Спандияр Қебеев “Аю мен мұсәпір шал” деп өлеңмен аударып, 1910 жылы “Үлгілі тәржіма” кітабында жариялаган. Молда Мұса ақын (Мұсабек Байзакұлы 1849–1932, Қаратау төңірегінде аты шыққан көрнекті ақын) бұл мысалды “Адам мен аюдың достығы” деген такырыппен, өлеңмен аударып “Қызыл Туркістан” газетінде жариялаган. Кейін бұл аударма XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағында басылды.

Мысалдың “Кісі мен аю” деген аудармасы И.А. Крылов мысалдарының 1944 жылғы жинағында басылды. Ал, М.Оразаев “Кезбе мен аю” деп аударып, ол И.А. Крылов мысалдарының 1960 жылы басылған жинағында шықкан.

Қазақ тілінде басылған осы алты аударманың И. Крылов мысалына сюжеті жакыны – “Дала уалаятының газетінде” басылған нұсқа. Ол кездегі аудармашылардың білім дәрежесін, қазақ тілінің сөздік құрамының жай-қүйін есепке алғанда, газеттегі аударма материалдарының ішінде жатық тілмен аударылған көркем туындылар барышылық. Сонымен бірге орыс тілінен сөзбен аударудың нәтижесінде ұғымға ауыр, түсініксіз болып келетін аудармалар да көптеп кездеседі. Газеттегі аудармалардың тіліндегі кемшілік-олқылықтар туралы да газет бетінде басылған. Солардың бірінде газеттің бас аудармашысы Д. Сұлтангазин “...орысшадан перуад қылганда тұп-тура сөз қалдырмай, орысша ретіменен перуад қыламын деп әуре болу жарамайды. Әсіресе ұзак сөздер келген уақытта нағыу қагидасымен қосылған. Сондай болғанда ұзак сөздерді, ретіменен бөліп әр қайсысын бөлек перуаттап, оナン соң жөніменен қосу керек”, – дейді.

“Дала уалаятының газетіндеғі” шығыс сюжеттері

XIX ғасырдың басынан бастап етек жая бастаған татар баспаханаларынан шығып, қазақ арасына кең тараған ислам дінін үағыздаушы кітаптармен бірге шығыстың классик әдебиет нұсқалары да ел ішінсі тараған бастаған.

Бұл шығармалардың көшілігінің сюжеті араб аныздары негізінде болса да, оларда жалпы адамгершілік, сүйіспеншілік мәселелерін қазақ топырагына лайыктап, жаңа арнамен кайта жырлау тәсілі көптеп кездеседі.

Осы шығыстың класикалық әдебиетінен келген аңыз әңгімелерден кейбір үзінділер, не халық арасына кең тараған нұсқаларының әр түрлі варианттары сол кезде шығып тұрған қазақ газет-журналдарының бетінде басылды. “Мың бір тұн”, “Бозжігіт”, “Шахнаме”, “Фархат – Шырын” тағы да басқа шығыс әдебиетінде көп тараған жыр, әңгімелердің әр түрлі варианттарын газет бетінен молынан көреміз.

“Дала уалаятының газетінің” 1895 жылғы 41–50 сандарында басылған “Мың бір тұннің хикаясы” деп өлеңмен басылған нұсқаның орны ерекше. Бұл арабтың “Мың бір тұн” ертеғілерінен тұнғыш рет қазақ тіліне аударып жариялаган – халқымыздың әдеби, мәдени саяси өмірінде өзіндік орны болған азаматтарымыздың бірі Мейрам Жанайдарұлы (1846–1921). Жыр қазақ халқының ауыз әдебиет

нұсқаларымен орайласып, үйлесіп келетін, өмірді киялдан, әсірелей көрсетудің тәсілдерін, тамаша көркем, фантастиканың ұлгілерін танытатын шығармалардың бірі.

О баста Дешті Кыпшақта кең тараған кейін қазақ, башқұрт, татар, өзбек халықтарына мирас болып қалған, сюжеті шығыс халықтарының көбіне ортақ “Бозжігіт” дастаны. Қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын бастыруши, жинаушы, зерттеуші, ғалым А.В. Васильев осы “Бозжігіт” жырының бір нұсқасын “Дала уалаятының газетіне” 1900 жылғы 26-30, 37 сандарында, 1901 жылғы 2, 18, 20, 24-26 сандарында қазақ, орыс тілдерінде қатар жариялаған. Васильев осы нұсқаны 1901 жылы “Тургайская газетада” бастырган, сол жылы Орынбор қаласында жеке кітап болып басладан шыққан “Бозжігіт” дастанының 1870 жылы Радлов жинағында басылған [7] нұсқадан бастап Қазан қаласында он шакты рет жеке кітап болып шыққан нұсқалары және қиссашыл ақын Ақылбек Сабалұлы өндеп қайта жырлаған нұсқасы Қазан қаласында 1911 жылы жарияланған. “Бозжігіт” жырының қай нұсқасын алсақ та, Бозжігіт пен Қарашаш махаббаты қүшті жерлі, аянышты болып жырланған. Әсірессе Қарашаш сұлудың бейнесі ете сәтті шыққан. Шығыс дастандарының көбіне ортақ тәсіл бірін-бірі түсінде көріп ғашық болса да, оқиға желісінде ол ез бақыпты үшін күрсекер ретінде, сүйгені үшін байлықтан да, мансаптан да бас тартқан асыл жар ретінде жырланады. Бозжігіт қазаға ұшыраған шакта оның басына там тұрғызып, ежелден келе жатқан ғашықтар дәстүрін бұзбай, өзін-өзі өлтіріп, сүйгенімен мәңгілік құшагындаған кездеседі.

Газет бетінде діни аныздар да көп кездесетін, Дәүіт патшаның баласы, біздін жыл санауымыздан бұрын 960-935 жылдары көне еврей жұрттының патшасы болған Сүлейменнің (тауратша Соломонның) данышпандығын дәріптейтін аныз әңгімелер молынан басылған. Солардың бірі “Дала уалаятының газетінде” 1888 жылы 17-санында басылған сюжеті батыс, шығыс елдеріне кең тараған Соломонның кедей қызы Суламиске деген махаббаты суреттелген. Сабы патшалығының аты анызға айналған әйел патшасының (Савская царица) Соломонмен білім таластыруы суреттелген аныз әңгіменің бір нұсқасы берілген. Осы аныздың сюжетіне А.И.Куприн “Суламиф” әңгімесін жазған болатын. Газеттегі аныздың сюжеті неміс жазушысы Поль Гейзенің кітабынан алынғаны сөз болады. Поль Гейзе кім десек, ол Хайзе Пауль (1830–1914), кейін Нобель сыйлығының лауреаты болған драматург жазушы. Оның осы күні де маңызын жоймаған әдеби, тарихи пьесалары театр репертуарларында сакталған. 1889 жылты №4 әдеби қосымшада басылған “Соломон патша” деген аныздың сюжеті “Мың бір тұн” ертегісінде де, Фердоусидің “Шаһнаме” эпопеясында да кездеседі. Газеттің осы

жылғы №3 әдеби қосымшасында басылған аныз өртегіде әйелінің сезіне ерін Сүлеймен патша дүниедегі барша құстардың сүйегінен сарай соктырмақшы болғаны, кішкене құс байғыздың ақылы, парасаты арасында ол ниетінен тынышып, өз катесін мойындаганы айттылады.

Бұлардан басқа да Сүлеймен патшаның атына байланысты аныз өртегілер мольянан кездеседі. Осылар сияқты шыныстың классикалық әдебиетінен келген аныз әңгімелерден кейбір үзіншілерін, не халық арасына кен тараған нұскаларының ар түрлі вариантарын газет бетінен көп кездестіреміз. Бұл аныз өртегілердің сюжеті араб аньздары болса да, оларда жалпы адамгершілік мәселелерін қазак топырағына лайықтап, жана арнамен кайта жырлау тәсілі қолданылған.

Абайдың козі тірісінде басылған шыгармалары

Абайтану ғылымиында ұлы ақынның көзі тірі кезінде бірде бір кітабы басылып шықпаганын, сондай-ақ өз қолымен жазған қолжазбалары да сакталмағанын білеміз. “Дала уалаятының газетінің” 1889 жылғы 7санында басылған Абайдың “Жазды күні шілде болғанда” деп басталатын өлеңі “Семей оязы, Шыңғыс елінің қазагы Ибраһим Құнанбай аулының Баканас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандагы түрі” деген такырыппен берілген. Сонынан: “Кісіден үйреніп жаздым, Көкбай Жанатайұлы” деп қол қойылған. Абай бұл өлеңін 1886 жылдары жазған болатын. Абайдың кейінгі басылып шықкан жинактарында өлең Мұрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылы басылып шықкан жинақ бойынша берілген. Абайдың өз нұсқасындағы кедейдің ауыр тұрмысы көрсетілген кейбір жерлер газете біраз өзгертиліп, кейбір жерлері қыскартылып берілген. Абай өлеңінде табигат суреті тамаша берілумен катар, кедейлердің ауыр тұрмысы да сез болған.

Газеттің 1889 жылғы 12-санында Абайдың “Күлембайға” деген өлеңі авторы көрсетілмей, “1888 жылда май айында Ақшатау деген жерде, Семей облысы менен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі” деген кіріспе съезben берілген. Абайда бұл өлеңі “Болыс, болдым мінекей” деп басталатын болса, газетте “Болыс болды кей кісі” деп басталып, автор атынан III жакта келтірілген. Өлеңді Мұрсейіт қолжазбасы және 1909 жылы басылып шықкан жинақпен, сондай-ақ кейінгі жылдарда жарық көрген жинақтармен салыстырғанда, кейбір шумақтар орнын ауыстырып, қыскартылып жарияланған.

Өлең Мұрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақ бойынша 148 жол болса, газет бетіндегі нұсқада 86 жол. Өленде сол кездегі ел басқару жүйесін, болыстың іс-әрекетін әшкерелей әжуа еткен. “Дала уалаятының газетінде” жарияланған Абайдың “Жаз” және “Болыс

болдым” деген екі өлеңі өзінің көзі тірісінде баспасөз бетін көрген құнды нұскалар.

Казан төңкерісінен бұрын шықкан, казір сирек кездесетін қазақ кітаптарын актарып отырып, ішінен Абайдың тағы екі өлеңін кездестірдік. 1897 жылы Казан қаласында Каримовтардың Чиркова мұрагерлері баспасында араб әрпімен шыгарған “Князь бенен Загифа өлеңі” деген 15 беттік кітапшасы Қазан университетінің Ғылыми кітапханасында сактаулы тұр. Жұмбакпен дін, табиғат құбылыстары туралы Загифа қызы мен жілтің айтысы берілген кітаптың фотокөшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кітапханасының қорына алдырдық. Осы кітаптың 12-беттіндегі Абайдың 1886 жылы жазған “Шокпардай кекілі бар камыс құлак” деген өлеңі “Сынағандагы аттың сыны” деген тақырыппен басылған. Ал, 13-беттіндегі Абайдың 1882 жылдары жазған алғашқы өлеңдерінің бірі “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген өлеңі “Бүркіт” деген тақырыппен басылған. Бұл өлеңдерді Абай жинағындағы өлеңдермен салыстыра зерттеген мақала 1971 жылы жарық көрген болатын [8].

Қазактың ұлы ақыны Абай өзінен бұрынғы және сол дәүірдегі халықтың бай әдеби мұраларын, сонымен бірге шығыс елдерінен келген кисса-хикаяттарды немесе газет-журналдарда басылған шыгармаларды жақсы білген, кей сәтте өзінің шығармашылығына пайдаланып отырган. Мысалы, Абай, “Дала уалаятының газетінде” 1895 жылғы 3 санында басылған – “Тәкаппар әскер басы турасында” деген аңыз әңгіменің сюжетін өзінің “Ескендір” поэмасына өзек етіп, дамыта жырлады дей аламыз.

Македония патшасы Александр Македонскийді (Ескендір Зұлқарнайын) шығыс поэзиясында мадақтап, қастерлеп жыр етсе, газет беттіндегі басылған “Тәкаппар әскер басы турасынан” деген әңгімеде оны дүниекор, мансапқор, канагатсыз, қанішер бейнесінде суреттеген. Әңгіме басталғанинан-ак Ескендірдің кім екені белгілі болып қалады: “Бұрынғы заманда Македонияда Ескендір патша болыпты. Мәртебені бұл жақсы көреді екен, һәм қызғаншак екен” – десе, енді бір жерінде оның жаугер тәкаппар екенін “... Ескендірдің көнілі тасыл тәкаппарлық кіріпті. Бұл соңысып қаралған жайлары тағы да аз болып көрініп, дүниенің баршасын қаратпакқа ойланыпты”, дейді.

Мұнан әрі қарай уақыға дәлмे-дәл Абай жазған “Ескендір” поэмасындағыдай өрбиді. Бұл екі нұсканың сюжеті бір-біріне өте ұксас болумен қатар, екеуіндегі көптеген сөздер тізбегі де кайталанып отырады.

Шығыс поэзиясындағы Ескендір патша білгіштің білгіші, дана дәрежесінде суретtelіп, кішкентай тастың барша асыл тас, қымбат мұліктен ауыр болып, бір уыс топыракты үстіне тастағандаған

жөнгөлөйп аспанға көтерілгенде жүрттан бұрын Ескендірдің өзі ойшылық танытып байлау айтады.

Ал газет бетіндегі әнгімеде кішкентай сүйектің жарықшагын таразыга салғанда оны толып жатқан қымбат дүние, асыл тастар және Ескендірдің айбалтасы да баса алмайды. Сонда әскер ішінен бір даныштан жанағы сүйектің үстіне бір уыс топырақ салып сүйек жағын жогары шығарады да, ол сүйектің көз сүйегі екенін, тіршілікте көздің тойымсыз, қанағатсыз екендігін, өлген соң бір уыс топырақ басқанда бәрі тамам болатынына философиялық шешім айтады. Абай поэмасын билетіндерге мәлім, онда да Аристотель осы шешімге келіп Ескендірдің көзін ашады. “Дала уалаятының газетінде” басылған “Тәкаппар әскер басы турасынан” атты аңыз әнгіменің сюжеті ұқсастығын айтып отырмыз. Сюжеті ғана ұқсас емес, тарихи адам туралы жалпы поэмандың мазмұны туралы белгілі бір идеяның, принциптің ұқсастығын да көріп отырмыз. Газет бұл аңыз әнгімені 1895 жылы жарияласа, Абайдың “Ескендір” поэмасы 1900 жылы жазылғаны туралы Абай шығармаларының толық жинағындағы түсініктегі мәлімет берілген. Жоғарыда тоқталған Абайдың бізге белгілі екі өлеңі авторы көрсетілмей газетте басылғанын еске ала отырып, бұл аңыздың да авторы Абай емес пе екен деген пікірді 1964 жылы айтқан болатынбыз [9].

Александр Македонскийдің дүние жүзін шауып алуына арналған, оның шапқыншылық мақсаттарын мадактаған дастандардың ішіндегі көрнектілер – өзірбайжан халқының ұлы классигі Низамидің “Искандирнаме” поэмасы, өзбек классигі Науайдің “Садди Искандрий” поэмасы, тәжіктің ұлы ақыны Фердоусидің “Шаһнаме” – эпопеясының бір бөлімін арнағанын білеміз.

Бұлар туралы академик-жазушы М.О. Әуезов: “Бұлай бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт шалым сыналып, жырмен жырлау есепті бір салт /10/ деген сөздерін еске ала отырып, шығыс әдебиетінен алынған бұл нұсқаларды аударма ретінде қарамай, қазақ әдебиетіндегі шығыстан келген нұсқалар не олардың варианттары ретінде қараймыз.

Ескендірге арналған аңыз әнгіменің басқа бір нұсқасын Д.И.Эварницкий Сырдария маңында тұратын Қолдарбай деген қазақтан жазып газеттің 1895 жылғы 5 санында жариялаган.

* * *

1. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1961. – Т.1.–398–399 б.; Сочинения Чокана Чингизовича Валиханова. Спб., 1904. – С.48–49.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1961. – Т.1.–398–399 б.; Сочинения Чокана Чингизовича Валиханова. Спб., 1904. – С.48–49.
3. Мельков А. Материалы по киргизской этнографии // Труды общества изучения Киргизского края. – Оренбург, 1922. – Вып. III. – С.169.
4. Затаевич А. 1000 песен казахского народа. М., 1963. – С.274, 499–500.
5. Сектор восточных рукописей института востоковедения АН СССР. Ленинград. Фонд 5., оп.5 (257).
6. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1968. – Т.IV. – 710 б.
7. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Спб., 1870. – Часть III. Киргизские наречие. – С.336–443.
8. Субханбердина У. Абайдың өзі тірі кесінде басылған екі өлеңінің текстологиясы // Қазак ССР Фылым академиясының хабарлары. Қоғамдық серия. – 1971. – №3. – 36–44 б.
9. Субханбердине У.Х. Әңгіме авторы Абай емес пе екен? // Қазак әдебиеті. – 1964. – 20 ноябрь.
10. Өуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. – 150 б.

СОЛДАТЫ

АЙКАП

“АЙҚАП”

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде үзбей шығып тұрган “Айқап” журналы қазақ халқының әлеуметтік саяси өміріндегі көрнекті оқиганың бірі болды.

“Айқап” журналы 1911 жылдың қантарынан бастап 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласында шығып, “Энергия” баспаханасында басылып тұрган.

Журнал қазақ тілінде, араб әрпімен теріліп басында айнала бір рет, кейін екі рет шығып тұрды, демек:

1911 жылды №№ 1-12, қантар-желтоқсан (январь-декабрь)

1912 жылды №№ 1-14, қантар-желтоқсан (январь-декабрь)

1913 жылды №№ 1-24, қантар-желтоқсан (январь-декабрь)

1914 жылды №№ 1-24, қантар-желтоқсан (январь-декабрь)

1915 жылды №№ 1-14, қантар-қыркүйек (январь-сентябрь)

Барлығы 88 номер.

Журналдың таралымы туралы Габдолгазиз Мұса “Айқапты” үлкейту хақында” деген мақаласында бұл журналды бір мың (1000) окушы алып тұратынын жазды (1912, №4, 89-90 беттер). Журналға мемлекет тарапынан көмек болмаған, ол окушылардың өз күшімен шығып тұрган, бағасы 3 сом болды. Қаржының жеткіліксіздігінен, журнал бетінде редакция атынан окушыларға арнап көмек беруге шақырған хат, мақала үнемі басылып тұрды. Журналдың шығарушысы да, редакторы да белгілі жазушы Мұхаметжан Сералин болды.

“Айқап” журналы езінің аты, мақсаты туралы (1911, №1, 1-8 беттер) бастыруышылар алқасының атынан былай түсінік береді: “Ай, қап” деген сөз қазақтың төл сөзі, ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен кеңже қалған бүкіл қазақ халқының өкінген бейнесі ретінде алынды. Ай қап! деп санымызды соқтық, енді ел катарына қосылайық деген үнді білдіреді. Мендібеков Бақытжан “Газеталарымыз туралы” деген мақаласында (1913, №6, 126-128 беттер) : “Ай, қап! Әттеген-ай, іс етіп кеткен екен гой, біз ұбықтап жатқанда, басқалар соқкан желден, аққан судан пайдаланып жатқанда, біздің мұндай халде болуымыз деп еткен іске қойған есім боларға керек”, – деп жазды. Габдолжалилов Халиолла “Әйқап мәғыналары” деген мақаласында (1911, №2, 18 бет) “Айқап” деген сөздің үш түрлі мағынасына тоқталған:

1. Ай, қап! – болмай қалған іске өкіну.

2. Қаранды тұнді жарық еткен ай және оның кабы сауыты.

3. Халықты айқап-шайқап аралау.

Бұл соңғы екі ұғым Габдоллалиловтың ой-қияльның жүйріктігінен тұған деуге болады, бірақ нактылы шындықты бермейді. “Айқап” не деген ұғым екенін бұл сөзге бірінші рет ой беліп, оның мәнін жақсы түсінген журналдың редакторы М.Сералин мен Б.Мендібеков айқын, құдіксіз анықтаған.

“Айқап” журналының шығуы, редакторы жайында Санкт-Петербургтегі Оргалық мемлекеттік тарих мұрагатында мынадай деректер бар: Орынбор губерниясының Троицк қаласында шығатын қазак журналы туралы, 1910 жылты 18 қантарда берілген күәлік бойынша, Қостанай облысы, Шұбар болысының №5 ауылының қазагы Мұхаметжан Сералиннің редакторлығы және жауапкершілігімен “Айқап” атты журналды төмөндегі бағдарламамен шығаруға рұқсат берілді:

1.Бас мақала. 2.Шет ел хабарлары. 3.Мұсылман өмірінен мәселелер. 1.Хроника. 5.Фельетондар мен өлеңдер. 6.Библиография және ғылыми мақалалар. 7.Әр түрлі хабарлар мен редакцияға хат [1].

Б. Кенжебаев “Айқап” журналының бетінде шылқан материалдарды тақырып, мазмұн жағынан мынадай белімдерге белгендегі:

1. Саяси-әлеуметтік мақалалар.
2. Әдеби шығармалар, әдебиет мәселелері.
3. Қазак арасындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі және манызды мәселелері.
4. Ана тілі, әліппе, емле мәселелері.
5. Қазак әйелдерінің жайы, бостандық, тендік мәселесі.
6. Дәрігерлік, агротехникалық кеңестер, ғылым табыстары.
7. Ішкі-сиртқы хабарлар.
8. Кітап сындары.
9. Тілші хаттары, жауап хаттар? [2].

Қазак тілінде тұнғыш шығып тұрған “Айқап” журналының бетінде қазақ елінің саяси әлеуметтік, мәдени шаруашылық жайларынан көптеген мақала, хабарлар жазылып тұрды. Журнал сол кездегі қекейкесті деген мәселелерге қолынан келгенше жауап беруге тырысты. Бұл кездегі қазақ елінің ең жанды мәселесі – жер туралы еді. Жер туралы айтқанда, қазақ бұкарасында отырықшы болу керек пе, әлде көшпелі болуы керек пе? деген сұрапқа жауап іздейтін. Жер туралы екі түрлі пікір болды: біреулері қазактарды отырықшы болып, бірін, мал, егін шаруашылығына жеткілікті жер алуына үгіттесе; екіншілері – қазақ елін жаппай отырықшы етуге болмайды деп соқты. Бұл екі пікір журнал бетінде кеңінен талқыланды. Журнаlda қазақ елінің отырықшылдыққа кошіп, егін кәсібімен шұғылданса, өнер білімге тез жетуіне мүмкіндік болар еді деген пікірлер айтылды.

Солардың бірінде: халық бірігіп отырса, бірігіп еңбек етсс, мектеп, медресе салуға, емхана ашуға қолы жетер еді деген. Сол кездін өзінде 20-30 үй бірігіп егіншілікпен айналыса бастағандығы, мұндай ауылдар көбейе бастағандығы журнал бетіндегі қоپтеген мақала-хабарлардан корінеді. “Айқап” мұндай жаппай отырықшы болған ауылдардың көрген пайдасын үзбей жариялад отырды.

Журналда кең орын алған мәселенің бірі – әдет-ғұрып, салтсана мәселесі болды. Журнал қазақ тіршілігіндегі әдет-ғұрыптың кемшилік, кері кеткен жактарын толық көрсетіп, елді жақсылыққа шақырды. “Қазақтың казіргі халі” деген макалада елді кері тартатын дау-жанжал, үрлік, отірік, есек сөз екендігін, бұл кемшиліктердің негізі “қәсіпсіздік, білімсіздік” екендігін жүрт алдына пәш етіп көрсетті. Б.Майлин журналдың 1913 жылғы 15 санындағы 335–336-беттер мақаласында қыз ұзату тойында, елімге ас беру жорасын орындауда елдің үлкен шығынга бататынын айтып, оның орнына халыққа пайдалы іске, оку ағарту, мектеп-медресе салу ісіне қаражат шығару керектігін жазған.

“Айқап” журналы әйел мәселесін сөз еткенде, әйелдің қоғамнан алатын орнына тоқталады: “Адам баласының тәлім-тәрбиесі анадан ауысады, бүкіл адамзатты тәрбиелеуші – ана” деп, ананың үй ішіндегі маңызын өте жогары бағалады. Журнал әйел мәселесін көтере отырып, езілген қазақ әйелдерінен тілшілер тартты. Тілеубай қызы Сақыжамал (1911.№7, 11-12 беттер) қазақтың ер балаларын оқытып, қыз балага қоңіл бөлмейтінін, қалың малға сатылып, сүймеген адамға еріксіз баратынын халық алдына әшкереlep жазған. Сақыжамал “Ұзак күткен үмітім” деген макаласында: (1911. №9, 7-8 бет). “Айқап” журналының әйел мәселесін көтергеніне, олардың мақаласын журнал бетіне басқанына қатты қуаныш білдірген. Сөйтіп, “Айқап” журналының бетінен өздерінің аянышты халін көрген қазақ әйелінің сана-сезімі ашылып, еркіндікке, білім сәулесіне ұмтыла бастады. Қазақ әйелі туралы алғашқы рет әңгіме, поэма жазған көрнекті жазушылар: Сұлтанмахмұт Торайғыров, С.Дөнентаев, С.Көбесек, Ә.Фалимов, М. Сералин т.б. осы журнал маңында болды.

“Айқап” журналының бетінде аса кең қойылған мәселенің бірі – оку-ағарту ісі еді. Ол кездегі қазақтың көбі сауатсыз болуы қөшпелі тұрмыстың нәтижесінен деп айта келіп есқі окудың пайдасыз екендігін жазады, жаңа окудың тәте оку жеңіл екендігін көрсетеді, орыстың мәдениет, әдебиет мұраларын менгеруді, ғылымын үрленуді мәселе етіп койды. Журнал жалпы қазақ бұқарасын білімге, өнерге шақырды, оку саласын көтеруге, белгілі бағдарламамен оқытуға үндеді. “Біздін қазақ баласына не қылса да басқа жұрттарға тенелу

хакында біраз кеңес” деген макалада (1911, №5, 4-6 беттер), қазақ арасында оку, оқыту ісін дұрыс жолға қою туралы, орыс тіліндегі оқытудың пайдалы екендігі және ана тілін жақсы білу керектігі айтылады. Қазақ шәкірттерінің хал-жағдайы нашар екендігіне тоқтала отырып, журнал оларға көмектесуге шақырған көптеген макалаларды басып отырды. Оку оқыту мәселесімен тығыз байланысты оку құралдарын шығару, қазақ тілінің әліппесі, жазу жұмысын бір ережеге бағындыру туралы бірсыныра мақала жариялады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың әдеби тілі публицистикасының қалыптасу кезеңіндегі “Айқап” журналының маңызын Н.Қараашева журналдың тіл ерекшеліктерін зерттеген еңбегінде атап көрсеткен [3].

“Айқап” қазақ әдебиетінің түйінді мәселелерін, оның өркендеу жолдарын сөз етті. Абай, Ұбырай негізін салған біздің жана әдебиетіміздің ұлы орыс халқының класик әдебиетінен нәр алып, оның озат демократияшыл идеясын қолдай отырып, онан әрі өркендей тусуіне жетекші болды [4].

Бұл жөнінде С.Торайғыров “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” деген макаласында кисса, ертеғілерінің қазақ әдебиетінде алып келген орнына тоқтала отырып, сол кезде шыққан өлең кітаптарын қатты сынға алған, әдебиетке орынды талаптар қойған (1913, №19, 404-405 б.; №20, 419-420 б.; №№22-24, 451-452 бб.) Журнал бетінде қазақтың әдебиеті туралы мәліметтермен бірге өлең, әңгіме, аударма, мысал, шыққан кітаптарға сын макалалар және баспасөз туралы мәліметтер көп басылып тұрды.

XX ғасырдың бас кезіндегі демократияшыл бағыттағы ақын-жазушылардың есейіп, творчествосының қалыптасуына осы “Айқап” журналының тиғізген әсері үлкен болды. Бұл журнал маңында қазақтың демократияшыл бағыттағы ақын-жазушыларының көбірек тоқталуынын өзі кездесіп жағдай емес еді. Журнал халық арасына көп тараған, елдің мұн-мұқтажына қолдан келгенше жауап беруге тырысқан, мәдени тілегін қанағаттандыру үшін де еңбек еткен, басқа баспасөз органдарымен салыстырғанда демократиялық идеяларды халық арасына тарату ісінде белгілі бір дәрежеде болса да улесін қосқан журнал болды. Жалпы “Айқап” журналының қазақ қоғамының, соның ішінде, қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орны зор.

“Айқап” журналының қатесі де болды. Журналдың негізгі ұстаған бағыты халықты отырықшы болуға үгіттеу бола тұрса да, оның бетінде отырықшы болуға қарсы макалалар да басылған.

Журнал бұл макаланың кейбірін окушылар талқысына салу мактасымен басып отырса да, жалпы алғанда қате бағытта жазылған макалаларды баспауға, не қатты сынауға күші жетпеді.

Сонымен, төңкеріске дейін қазақ тілінде шыққан жалғыз журнал “Айқаптың” қателесуі, адасуы бола тұрса да “онда қазактың өткен кездегі де, XX ғасырдың басындағы да коғамдық саяси өмірінің мәселелері жазылып тұрды, мәдениет және әдебиет жайында, халық ағарту жұмысы мен тілдің дамуы жайында, қазақ әйелінің тенденсі жайында жазылды; медицина, агротехника мәселелеріне, гылым мен техникианың кейбір табыстарына, елдің сыртқы және ішкі халық мәселелеріне және басқа мәселелерге едәүір көніл бөлінді. Бұл мәселелердің кейбіреулері журнада бетінде халықтың талаптары мен армандарына сәйкес жазылып отырды [5].

Жалпы алғанда “Айқап” бұқарашибі бағыттағы тұнғыш журнал болумен бірге, халықтың тілегіне сай, шаруашылық, оқу-ағарту, бас бостандығын, тағы да басқа толып жатқан әлеуметтік мәселелерді алғаш көтерген журнал болды.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында алдыңғы катарлы орыс мәдениетінің ықпалымен шыға бастаған қазақ тіліндегі қазақ-журналдардың Қазақстанның мәдени, саяси өмірінде алған ролі зор еді, олар ғасырлар бойы үйқыда жатқан каранғы елді оятуда алғашкы шам-шырақтар болды.

* * *

1. Санкт-Петербург қаласының Орталық Мемлекеттік мұрағаты. 776 –кор.. 21 тізбе.
2. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. Алматы: Казмембас, 1956.– 26–80 б.
3. Қарашева Н. Грамматические особенности языка казахской публистики начала XX века (на материале журнала “Айқап”). – Алма-Ата, 1959. – С.264.(Рукопись дисс. на соиск. учен. степ. канд. филолог. наук).
4. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, Казмембас, 1958. – 31 б.
5. Қазақ ССР тарихы. I-т. Алматы: Казмембас, 1957. – 584 б.



“АЙҚАП” ЖАЙЛЫ ШЕЖИРЕ ҚАЛАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ

Тәңкөрістен бұрын жарық көрген қазақ кітаптары, газет-журналдардың басым көпшілігі құрытылып, жойылып кеткендіктен және Қазақстандағы кітапхана қорлары мен мұрагаттарда түгел сақталмағандыктан бұл жұмыс маған ауыр соқты. Қазак газеттерінің көпшілігі ескі хадімше басылғаны белгілі, араб әрпінде ежіктең кана оқи алатын мен үшін бұл жай екінші қындық туғызды. Алғашқы сабакты Жұмат ағадан (Досқараевтан) алып, күні-түні араб әрпінде басылған кітаптарды оқып, бір сыйырғы тез оқитын халге жеткен соң Санкт-Петербургдағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханадан бастап қазақтың ертеден басылған газет-журналдарын, кітаптарын іздестіруге кірістім. Фонтанка көшесінің бойындағы ескі ғимараттардың бірінде орналаскан сол кездегі КСРО халықтарының кітаптары сақталған кітапхана қорынан іздең нұсқалардың көпшілігін алғанда қатты қуандым. Әсіресе, “Айқап” журналы көзіме оттай басылды. 1937 жылы “халық жауы” деген нақақ жаламен айдалып кеткен әкем осы журналдарды әр уақыт оқып отыратыны есімде қалыпты. Міне, сол журналмен Санкт-Петербург кітапханасында қайта табысканда әкемді көргендегі қуанып, әрі көзім жасаурап, көнілім босағанын байқаган кітапхана қызметкері татар апай: “Бұл журналды минде якшы көремін, қолым босап кетсе булды осы журналды оқимын, бек матур журнал” дегенде есімді жинағандай болыппын.

1911—1915 жылдар арасында 88 саны шықкан журналдың мұқабасында “Императорская библиотека” деген күмістенген жазумен түптелген, сырты қатты катырма қағазбен қапталған журналдың тігінділерін қолыма алып отырып, халқымыздың әдеби мұраларын, кітаптары мен газет-журналдарын сақтай білген орыс ағайындарға шын пейілмен риза болдым.

М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапхана бұрынғы Императорлық кітапхананың әмблемасы сақталған нұсқаларды көзінің қарашығында сактап, ешкімге қолға бермейтінін білетінмін.

Сонда да “Айқаптың” басқа даналары бар ма еken, бар болса қанша еken деген оймен кітапхана қызметкерлерінен сұрастырып, іздестіріп жүріп біраз даналарының сақталғанын біліп алдым. Сол кездегі кітапхана басшыларының алдында бірнеше рет болып, сұрай, тілей жүріп журналдың екі жынтығын және сандардың біразын Орталық ғылыми кітапханага жіберетін етіп, олардың келісімін алдым.

Орталық ғылыми кітапхана қорына “Айқаптан” бастап тәңкөрістен бұрын жарық көрген қазақтың газет-журналдарының, кітаптарының

түпнұсқасын, фотокөшірмесін, ксерокөшірмесін, микрофильмдерін түсіртіп жинай бастады.

Осы жұмыстардың жемісі ретінде 1961 жылы “Айқап” бетіндегі макалалар мен “хат-хабарлар” деген атпен алғашқы мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш Қазақ мемлекеттік баспасынан басылып шықты. Бұл кітаптың дүниеге келуінің өзі көп әнгіме. Сонын кейбіреулеріне гана тоқталайын. Қолжазба дайын болып редактор мұқият қарап шыққаннан кейін Главлито тексерді. Қырағы “көргендер” кітаптың ішінен Ә.Бекейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің, Ф.Қарашевтің, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың т.б. материалдарын жібермей алыш тасталды.

Бұл кезеңнің Алаш Ордага ешбір қатысы жоқ екенін, орыс библиографиясының тәжірибесінде төңкерістен бұрынғы материалдар түгел қамтылатының айтып қанша шырылдасам да сөзім етпеді. Кітап шықпай қалатын болған соң айтқандарына көнуге тұра келді. Қанша енбек сіңіріп жиган дүниенін ен құнды, маңызды материалдарын қыскартып, құйрық-жалын күзегендей етіп шығаруга тұра келді. Сейтсе де, кейбір материалдардың авторын көрсетпей, немесе бұркеншек атымен, инициалымен жіберген кезім де болды. Олар цензордың көзіне түспей; еңбектің редакторы “көрмеген” болып, мен “білмеген” болып шығып кетті. Бір кездескенде М.Дулатовтың қызы Гүлнэр апай: “Әкемнің атын жазбасаң да бір-екі макаласын инициалымен кітабына көрізген айналайын Үшкөлтай-ай!” –ден бетімнен сүйгенде, марқайып қалғаным бар-ды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі Шора Шамғалиұлы Сарыбаев: “Шөке, (екеуміз бір-бірімізді “Шөке” дейміз) менің библиографиямды “А.Б.” деген Ахмет Байтұрсынов инициалы үшін жойып жіберді, ал сіздің библиографияңызда “А.Б.” да “М.Д.” да жүр, бұл қалай” дейді. ешқашан мойымайтын, кітабын құртып, өзін біраз әуре-сарсанға салған кездің өзінде жай ғана жымып, әдемі тапқыр әзілін айтып жүретін ерекше адам, зерделі ғалым гой. Мен: “Шөке, үндеменіз” деймін. Шора Шамғалиұлы: “Мен үндемеймін-ау, бірақ сыйырлаушы табылып қалмасын дегенім гой” дейді.

Сыйырлаушы табылыған болу керек. Үлкен үйге – ОК-ке екі күннің бірінде кітаптың редакторы Есаған (Есмагамбет Үсмайлов) екеумізді шақыртып жатқаны... Ол кездегі менің көніл-куйім белгін, түнімен ұйыктамаймын. Кішкентай үш баламның халі не болар екен деймін. Енбекті қолдан, қорғап жүрген зиялды ағаларыма зияным тиін кетпесе жарап еді деген ой да жегідей жейді. Осындай халде жүргенімде бір күні “Қазақстан мұғалімі” газетінде профессор

Б.Кенжебаевтын “Айқап туралы еңбек” деген мақаласы басылып шықты. Тұнғыш еңбегім туралы алғашқы сын мақала! Мақала болғанда қандай мақала! Бұл мақала мен ушін періштегің қанатындағы әсер етті.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің ғылым мен мәдениет белімінде болған әнгімелерден менің түсінгенім: біріншіден, профессор Б.Кенжебаевтың сын мақаласының дер кезінде шыбып кетуі, екіншіден, кітаптың бір данасы да қалмай тарарап кеткендігі; үшіншіден менің атым да, атағым да жоқ кішкентай қызметкер болғаным көрінеді. Содан кейін редакторым Е.Ысмайловпен екеуміз бір ажалдан аман қалғандай әсермен үйімізге кете бардық.

Бұдан кейін Қазактың Мемлекеттік баспасы библиографияның екінші белімін басудан бас тартты.

Қазақ халқының әдеби мұраларын ғылыми айналымға түсіріп, халықтың өзіне қайтарып берудің қамымен жасалған азды-көпті еңбегім осылай басталған еді.

ОЗГУОЗГУОЗГУ

Қазақ баспасөзінің тарихында құғын
сүргінге ұшыраган “Қазақ” газеті мен
Міржакып Дулатовтың “Оян қазақ”
кітабының қасиеті ешбір баспасөздің
басында болмagan.

Y. Субханбердина

“ҚАЗАҚ” ГАЗЕТИНЕ 80 ЖЫЛ

Бір кезде қалың қазак еліне шамшырақ, білім мен жаңалықтың көзі болған Ахмет Байтұрсынов пен Міржакып Дулатовтың “Қазақ” газеті өздерімен бірге халқымен қайта қауышты.

1956 жылы “Айқап” журналы мен “Дала газеті”, “Қазақстан” газеттерінің бетіндегі макалалар мен хат-хабарлардың библиографиясына материал жинап жүргенімде “Қазақ” газетінің бетінде басылған материалдарға да назар аударған едім. Әрине, ол кезде “Қазақ” газетінің бағы ашылады деп кім ойлаған. Тек көмескі сезім “Қазақ” газетінің де материалдарын калдырма деп итермелеген-ді. Сірә, жазықсыз жазалы болған азаматтардың бірінін перзенті болғаным себеп болған шығар, әйтеуір, газет бетінде жарық көрген қазақ елінің әдебиеті, мәдениеті, тарихы, тілі, саяси жағдайы, шаруашылығы, басқа елдермен карым-қынасы туралы материалдарды Петербордады М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханаасында отырып картонкаға түсіре бердім, түсіре бердім.

“Қазақ” – қогамдық саяси және әдеби газет екен, 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Тарапалымы 3000, кейбір маглұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Мыржақып Дулатов, бастыруши “Азамат” серіктігі, Ҳұсайнов-Каримов баспаханаасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзак Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді.

Өкінішке қарай, “Қазақ” газетін ұлтшыл буржуазияшыл, либералды орган алашордалардың рупоры болды, оның редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржакып Дулатов алашордашыл “халық жауы” деп халқымыздың әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан, экономикалық саяси өмірінен аулақтатып тастаған едік.

Шын мәнінде, Ахмет Байтұрсынов пен Міржакып Дулатов ағартушы, ғалым, әдебиет зерттеуші, дарынды аудармашы, оқу құралдары мен әдеби шығармалардың авторлары болумен қатар, ірі журналистер де еді. Қазақтың тұңғыш журналы “Айқап” пен “Қазақ” газетінің беттерінде жарияланған макалаларын оқығанда, олардың сан қырлы енбектерінің күесі боламыз. Ал “Қазақ” газетінің редакторлық

қызметін аткарудагы ерліктерін, газетті үзбей шығару жолында бес жыл бойғы көрген құғын-сұргіндерін, патша цензурасының оларға жасаған шекісін киянатын, зұлымдығын мұрағат материалдары дәлелдейді.

...Ахмет Байтұрсынов “Қазактың бас ақыны” деген мақаласында Абай өлеңдері кітап болып басылып тарағымау себебін, оның қазак арасында кең жайылмағанын айта келіп, өзінін Абай сөздері жазылған дәптерді тек 1905 жылы ғана оқығанын, Абай өлеңдері аз сөзді, терен мағыналы екендігін, қазак әдебиетінде бұрын болмagan жаңа күбылыс деп өте жоғары бағалайды. “Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау үздік, артық” дейді. Абайдың шыққан ортасы, экесі, атасы Өскенбай, ұлы атасы Үрғызбай, шешесі Ұлжан туралы деректер келтірген. Абайдың 80-інші жылдары Семейге жер аударылып келген Михаэлиспен, қазак елінің әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы материал жинауға келген Гроссспен танысызы, олардың Абайға тигізген әсері, орыстың ұлы ақындары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Некрасов, жазушылар Ф.М.Достоевский, сынышылар В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писарев сәбектерімен таныстырылуы, қазак халқының бағына Абай мансап күмай, ақындық жолға түсkenі туралы, Абай өлеңдерінің әрі сыншыл, ері шебер екенін жазады. (№ 43, 1913).

Ә.Бекейхановтың қазак елінің тарихына арналған макалаларында Шоқан Уәлиханов, П.П. Семенов-Тянышанский, Г.Н. Потанин туралы да құнды мағлұматтар бар. Француз социалистік партиясының басшысы, “Юманите” газетін үйімдастыруышы Жан Жорес (1859–1914) туралы, герман социал-демократиялық партиясының және Интернационалдың көрнекті қайраткері Август Бебель туралы макалаларын жариялады.

Газет оку-ағарту ісіне байланысты бала тәрбиесіне де тоқталған. Мәселен, “Бала тәрбиесі” деген мақаланы (1915. № 119) алайық.

Жалпы адам баласын жан-жануармен салыстыра отырып, адам баласына тән тәрбиесі де керек деген. Ескі Римдегі, Грекиядағы бала тәрбиелеу ерекшеліктеріне тоқталған. Қазақта бала тәрбиелеудің негізі: “Бетегеден биік, жусаннан аласа бол”, “Көм бойынды, жасыр ойынды” болғандығын айта келіп, ұру, соғу жолымен тәрбиелеудің дұрыс еместігін жазған. “Әзір білімді баланың кішкентай басына тыға бермей, жетелеп, өзіне іздетіп, ақылын кәмілдеп, ізгілікке баулып, жүргегін адалдан, жақсыға қызығатын, жаманнан жиіркенетін етіп, табигатын жінішкертіп тәрбиелеген мақсат” деген.

“Қазак” газетінің авторларының көшілігі — ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздін бір тұма білгірлері еді. Сол зиялы азаматтарымыз көп жылдар бойы “Халық жауы” деген айдармен арамыздан аластатылып келді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды ақын-

жазушыларымыз бар. Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қараашев, Халел Досмұхамедов, Жаһанше Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Жаһанше, Жансұлтан Сейдалиндер, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Ғабдолғазиз Мусин, Таһир Жомартбаев т.б. сиякты ғалым, когам кайраткерлері бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сиякты көрнекті ақын-жазушылар “Қазак” газеті арқылы ез үндерін білдіріп келген.

“Қазак” газетінің бетінде басылып тұрған халқымыздың саяси өмірінен, мәдениетінен, әдебиетінен, оку-ағарту мәселелерінен дерек беретін сан алуан әр түрлі бай материалдарды бір жүйеге келтіріп, дұрыс бага бере отырып, ең құндыларын қазіргіғының иғілігіне жарату – алда тұрған саналы міндеттеріміздің бірі болмак.

ЖАЗУШЫЛЫР

ҚАЙТА ЖАҢЫРҒАН ЕСІМДЕР

“Бай, батыр, би, болыс” десе аза бойымыз қаза тұратын кезде **МЕЙРАМ ЖАНАЙДАРҰЛЫНЫң** “Мың бір түннен” өлеңмен жырлаған нұсқасын “Дала уалаятының газетінен” алып “Қисса дастандар” жинағында жариялап жіберген едім. Бұл жинақ 1976, 1979 жылдары екі дүркін “Жазушы” баспасынан 100 мың дана болып тараған “Ғашықнаме” атты дастандардың екінші кітабы болатын. 70-жылдары дайын болған жинақ тек 1986 жылы жарық көрді. Қысылшаң кезенге дәп келген кітаптың тағдыры не болар еken деп Мейрам Жанайдарұлышын немересі белгілі ғалым, филология ғылымының докторы Сапарғали Омарбеков екеуміз біраз уақыт қобалжып жүрдік.

Адамдарды ортақ мұдде тез табыстырады гой. Соңан кейін-ак Сапекен мен жұбайы Руда Досымбекова маған өтс жақын жанашыр жандар болып кетті. Басылып шыққан кітаптарымның көпшілігіне пікір жариялап, оқырман қауымға насиҳаттаумен болды. Эрине, олар атасының бұдан жұз жыл бұрын жарық көрген мұрасын жариялаган маған риза болса, мен меҳнаты көп, рахаты жоқ еңбек жолымда қолдап, қорғап жүрген, аяулы азаматтарға шын пейілмен риза едім.

Шөп те шығатын жеріне шығатын көрінеді. Тақыр жерге түк те бітпейді гой.

Мейрам Жанайдарұлы кім еді? Мейрамның әкесі Жанайдар батыр Ілияс Есенберлин “Қаһар” романында жазып кеткен Кенесарының “Сұнқарым” деп жақсы көрген батыры еді.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысты жан-жакты зерттеген атақты тарихшы ғалым Ермұхан Бекмахановтың “Казахстан в 20-40 годы XIX века” (1947) атты еңбегінде Жанайдар батыр туралы деректер молынан берілген.

Мейрам Жанайдарұлы (1846–1921) бұрынғы Ақмола облысының Атбасар уезіне қарайтын Терісакқан болысындағы бірінші ауылда 1846 жылы туған. 1921 жылдың 8 қыркүйегінде сол жерде қайтыс болған. Мұсылманша сауатты болған. Жастайынан Терісакқан бойына, сол елдің жазғы көшіне жақын жердегі Сергеевка, Қима секілді орыс селоларымен араласта болып, орыс тілін де едәүір игерген.

Патша заманында бірнеше жыл болыс болып, ел билеу жұмысының араласқан. Өлең шығаруға ерте әуестеніп, ел ішіндегі кей ақындармен айттысқан. Мәселен, Мейрамның Мәшіүр Жүсіппен хат жазысып айттысқан айттысының кей үзіктері сакталған. Мәшіүр Терісакқан өзені бойындағы Мейрам аулына жі қатынап, араласып

түрган. Бір жылы Түркістанға бара жатқан сапарында кыс ерге түсіп кетіп, осы ауылда бала оқытып, жаз шыққанша жүріп қалған.

Жас кезіндегі кейбір әуескілік айтыстары болмаса, сұрыппсалмалықты қумаған, өлеңді тек жазып шығарған. Ел аузынан әр жылдарда жинаған біраз өлеңдері Қазақстан Республикасының Үлттых ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханаасының колжазба корында сактаулы. Құрделі шығармасының бірі – “Мың бір тұнд” қазашага өлеңмен жырлауы. Өлеңдерінің ішінде баспа жүзінде жарық көргені де осы. Бұл – “Дала уалаятының газетінде” 1895 жылғы 41-49 сандарында “Мың бір тұннің хикаясы” деген тақырыппен жарияланған нұсқа. “Мың бір тұн” ертегісінен тараған нұсқалар төнкерістен бұрын да, кейін де жарық көрген болатын. Бұл шығыстық сюжетке құрылған қазақтың кисса-хикаяттары қазак әдебиетінің бір үлкен саласы болғандықтан, оның тарихи ізі де үлттых жазба әдебиетіміздің негізін қалайтын тараулары болып табылады. Ал, Мейрам Жанайдарұлы жырлаган “Мың бір тұн” Шәкәрім Құдайбердиевтің “Ләйлі-Мәжнүні”, Абайдың “Масғұт”, “Ескендір”, “Әзім” поэмаларының деңгейіндегі аса құнды шығарма.

Тек бір эттеген-айы, дастанның жалғасы болды ма, болса қай мұрағатта шан басып жатыр екен, немесе кімдердің колында сакталды екен деген ойға қаласын...

М. Жанайдарұлы ел-жүртyn мәдениетке, өнер-білімге шақырған ағартушылық ниетте болған. “Айқап” журналының бетінде (1912, №1) қазак шежіресін жинап, кітап етіп бастырып шығару туралы мәселе көтеріп мақала жазған. Ол бай да, болыс та болған, патшадан шен алған, шекпен киген, Меккеге қажылыққа барған. Такуалық қылmasa да ұрлық-карлық, барымта секілді қазақ арасындағы жарамсыз қылық-ка карсы күрескен. Өмір бойы жүйрік ат, жорға, алғыр күс, күмай тазы үстаян.

Колындағы мал-дәулетін ауылында орысша оқытатын мұғалім ұстауға, балаларына еуропаша тәрбие беруге жұмсаған. Талапты балаларын Атбасардағы, Омбыдағы орыс окуына берген. Бір баласы Петербург университетінің зан факультетін бітірген.

Озінің ата конысы Терісакқан өзенінің бойынан күйдірген кірпіштен екі кабат үй салдырыган. Қазақ киіз үйінің құрылышын, ою-өрнегін дамытуға кеп күш жұмсаған. Киіз үй құрылышына жаңалық енгізіп, оған суырмалы терезелер жасатқан, ішін халық үлгісіндей ою, нақыштармен безендірген. Осындай жасатқан үйінің бірі 1876 жылы Петербург қаласында өткен ориенталистердің дүниежүзілік конгресінде көрмеге тігілгені мәлім (Ақселеу Сейдімбеков. Күнгір-күнгір күмбездер. (1981. 189-6.).

“Дала уалаятының газетінде” 1892 жылғы 1-7-сандарында басылған көлемді мақалаларға патша мұрагері Николай Александрович Романовтың Омбы қаласында келу құрметтіне ашылған көрмеде казак елінің колөнер түрлерін, этнографиялық материалдарынан мол мәліметтерді, киіз үй, оның ішіндегі жасауы, казак қыздары мен әйелдерінің киім-кешегі, көш көріністерін суреттейтін дүниесерді ұйымдастырушылардың бірі Мейрам Жанайдарұлы еді. Сондай-ақ Омбы қаласында өткен ат жарысында, велосипед жарысында бірінші байгені жеңіп алған да Мейрам Жанайдарұлы туралы мақалалар газет бетінде басылған. Мұрағат құжаттарымен қатар бұл нұсқалар ойлы оқырманға, зерделі зерттеушіге құнды деректер берері даусызы.

ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВ. “Дала уалаятының газетінде” казактың ауыз әдебиет нұсқалары мен аныз әңгімелерін Отыншы Әлжанов “Орта жұз”, “Бабайбүркіт” деген бүркеншік атымен молынан жарияладап тұрған. Алғаш баспа бетінде түскен бұл нұсқалар, кейін халықтық қазынаға айналып, көптеген жинақтарда басылса да тұнғыш жариялаган Отыншы Әлжановтың аты-жөні қөрсетілмей келген болатын. Ол әдеби нұсқалардың ішінде “Қарынбайдың хикаяты”, “Толағай һәм Бөріастаған таулары”, “Танабай һәм Бабыр”, “Қарға баласын аппағым дер, кірпікшешен баласын жұмсағым дер”, “Құс кенесі”, “Байғыз”, “Төрешіден қалмайды, айтушыдан қалады”, “Так Сүлеймен”, “Құдайдың нақ сүйікті құлы”, “Едігенін төресі”, “Біреу жамандық қылды деп, өзің жамандық қылма...”, “Алдар көсе мен жылан” т.б. әр алуан сюжетке негізделген бұл ауыз әдебиетінің нұсқаларында қаһарлы хан, ку уәзір, ақылды тапқыш, еңбеккер адамдар бейнесі суреттелген.

Отыншы Әлжановтың жинап бастырган ауыз әдебиет нұсқаларымен, өзі жазған әңгіме, мысалдарымен қатар казак елінің тұрмыс халіне, тарихына, әдет-ғұрып, салт-санасына, оку-ағарту мәселелері туралы жазған мақалалары да жеткілікті. “Қырдағы рамазан айт” деген мақаласында казак елінің салт-санасы, ойын-сауқтары туралы этнографиялық мәліметтер беріледі. Қазак арасындағы бақсы-балгерлер туралы мақалалар жариялаган. “Жетімдерге жәрдем қылмактың мәслихаты” деген мақаласында казактың жетім балаларына, кедей балаларына көмек беру үшін қайырымдылық ұйымдар ашу жолымен таныстырады. “Қазактардың медресе ашқандары” мақаласында Омбы қаласында медресе ашкан зиялды оқығаңдары дәріптеледі. “Мал дертінің уақытында қазактардың наңғыштығы” атты мақаласында мал індепті кезіндегі қазактардың ырымдарын сынға алады. Малды емдеу жолдарын дұрыс жолға

коюды ұсынады. “Гылымға қарай тағы бір қадам” деген мақаласында Семей облысында ашылған казак мектебінде орыс тілінде оку оқытыла бастағаны, оку-ағарту ісі, мектеп-медресе ашу жұмыстары туралы мәліметтер келтіреді. “Қазак балаларын тәрбиелемек тұрасынан өсіет” деген мақаласында тән тәрбиесі, жан тәрбиесіне баса көніл аударуды, әдет-ғұрып, салт-сана мәселелеріне тоқталған, “Заманың тұлқі болса құмарлан, тазы болып шалып қал” деген мақалды көлтірген. “Билердің бітімдері” атты мақалада қазак елінің әдет заны туралы бай маглұмат келтіреді. “Мал дауы һәм бас кететін іс” мақаласында азаматтық, сот, қылмыс праволары жайындағы “Ережемен” қазақ қауымын таныстырады. “Дала уалаятының газетінің” бетінде осынша мол мұра қалдырып кеткен Отыншы Әлжанов кім?

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда Семей облысы Зайсан уезі Нарын бولысына қарабан 6-ауылында (қазіргі Аксуат ауданында) дүниеге келген. 1882 жылы Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-казақ училищесінде окуға кабылданып, оны 1887 жылы бітірген. Сол жылы Омбы қалалық мұғалімдер семинариясына емтихан тапсырып, оны 1890 жылы бітірген. Омбы округтік сотында бірнеше жыл тілмәш болып, Қекпекті қаласындағы мектепте бастық болып қызмет атқарады. Сол кездерден бастап оқыту ісімен бірге саясатпен айналысады. Өзі туып-өсken Зайсан, Тарбағатай өңірі мен өзі оқыған және қызмет істеген Омбы, Қызылжар, Ақмолада ел арасындағы сакталған ауыз әдебиет үлгілерін жинау барысында қазақ еліне үкімет тарағынан жүргізіліп отырған әділестіздікті, озбырлықты өз көзімен кореді. Қөрдендерін сол кезде шығып тұрған қазақ және орыс тіліндегі баспасөз бетінде жариялады. 1909 жылы Семей түрмесіне қамалып, Жетісу облысына Лепсі қаласына 5 жылға жер аударылады. Жетісу елінде де қазақ халқының қамын жеген зиялды азаматтармен пікірлес, артынан ерген жас талаптарға ұстаз бола білді. 1914 жылы мерзімді уақыты бітіп, айдаудан босанса да, саяси сенімсіз адам ретінде еліне қайта алмайды.

Алашорда өкіметіне мүше болып сайланған Отыншы Әлжанов 1916 жылғы ұлт-азаттық күресте, 1917 жылғы төнкеріс тұсында қазак елінің бостандығы, ғәуелсіздігі үшін жаңын пида еткен азаматтардың қатарында болды. Осы жолда өзі де құрбан болды. О. Әлжановтың азалы өлімі туралы, оның халқы алдындағы мол енбегі туралы Міржақып Дулатов, Жұсіпбек Аймауғов, Қошке Кеменгеров қазанама, мақала жариялады. (“Жас азамат”. 1918. 25 август); Қазан төнкерісіне дейінгі тарихи орны бар тұлғалардың бірі Отыншы Әлжанов туралы мұрағат құжаттарын алғаш жариялаган “Қазак үні”

газеті (1993. №1–268); бай құжат материалдардың негізінде жазылған Б.Байғалиевтің мақаласында О.Әлжановтың өмір жолы, халқына сінірген еңбекі туралы мол деректер берілген (Халық кеңесі. 1993. 4 мамыр).

БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ 1866 жылы Жетісу облысының Қапал уезінде дүниеге келген. Верный қаласындағы ер балалар гимназиясын 1886 жылы бітіріп Петербург университетінің шығыстану факультетіне түсіп, оны 1890 жылы араб-парсы және түрік тілдері бойынша бірінші дәрежелі дипломмен бітіреді. 1891–1908 жылдары Жетісу облыстық басқармасы жаңында жаупаты қызметтер атқарады. “Дала уалаятының газетінде” Барлыбек Сыртанов “Алатай баласы”, “С.Б. Алашинский” деген бүркеншік атпен бірнеше мақала жариялаған. Солардың бірі “Қазақ халқының қазіргі һәм ілгері күні турасынан бірнеше ойға келген сана” атты мақаласында сол кездегі қазак елінің тұрмысын жөндеп, шаруашылық өркендету үшін оқуагарыту жұмысын алға қоюды, ғылым, білімнің рөлін көрсетеді. Өнер-білімі, техникасы алдағы қатардағы елдерді мысалға келтіреді. Қазақ арасындағы кері кеткен әдет-ғұрыпты, еңбексіздікті, алауыздықты қатты сынға алады. “Партия һәм низамсыз жинаған алым” деген мақаласында казак арасында болыс сайлауы кезінде алынатын алым-салық, пара беру сиякты елді іштен ірітетін әдеттердің зиянын дәлеңдейді. Барлыбек Сыртанов қазақ елін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны жеке республика статусы бар мемлекет құрудың жарғысын жазады.

ШАУАУАУАУАУ

*YHTASPA МЕН СУРЕТ
СЫРЫ*

*Тас үгіліп құмға айналар,
Темір тозар, ұрпақ озар.
Дүниеде өлмейтін сөз гана.
Халқымызбен бірге жасасып
Келе жатқан мұра –
Сөзімізді арзандатып алмайық.*

Mұхтар ӘУЕЗОВ

КЫРГЫЗСТАНДА БИЛДІРІЛІК



Үнтаспа мен сурет сыры

БІЛДЕРІЛІК



Қаз ССР FA 1-ші құрамы. 1946 ж.




Омбы шаһарында
Жанайдар
Мейрам кажының
Романов патша-
лығының үш жұз
жылдығына
арналған көрмеге
тігілген терезелі
күй үйі. Ортада
айбалта ұстап
тұрған
Мейрамның
баласы- Омарбек
болыс. 1913 ж.



Әміре
Қашаубаев
(1926 жыл)



Майра Уәлиқызы
Шамсұддинова,
жолдасы
Назымбек Ахметов.
1917 жылы,
Павлодар қаласы.



1936 жыл. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы тұнғыш онкүндігінде. Суретте (солдан онға қарай): Темірбек Жұргенов (онкүндік жетекшісі), Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзаков, Евгений Брусиловский, Ораз Исаев, Құләш Байсейітова, Жамбыл Жабаев



Б.Г. Ерзакович Кенен Әзірбаевпен жұмыс үстінде

АЛМАСТАРДЫК АЛМАСЫ



Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова



Жамбыл Жабаев, Габит Мұсірепов

ҰНТАСПА МЕН СҮРЕТ СӨЙЛЕГЕНДЕ

Шығыстың бір ойшылы: Үн дауыс – бұл сөз, жаңа сөз – бұл жаңа өмір” деген екен.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің “Тас үгіліп құмға айналар. Темір тозар, ұрпақ озар. Дүниеде өлмейтін сөз ғана. Халқымызбен бірге жасасып келе жатқан асыл мұра – сөзімізді арзандатып алмайық” деген сөздері есімде.

“Өнер алды – қызыл тіл” деп сөз өнерін халқымыз бағзы заманнан бері жоғары бағалаған.

Сол сөз қай жерде, қандай жағдайда айтылды, сол қалпында ұнтаспаға жазып алып, келешек буынға жеткізу – алдымызда тұрған иғілікті істеріміздің бірі болмақ.

Кеше ғана арамызда жүрген әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, дарын иелерінің айтқан ігі тілектері мен ұлағатты сөздерінің құмға сіңген судай ізсіз өшіп, ғайып болғандары да аз емес.

Осы уақытқа дейін әдеби, мәдени мұраларымызды тек қана қағазға жазып алынған нұскалар арқылы зерттеп келсек, ендігі жерде кезінде қалай айтылды, сол қалпында ұнтаспаға жазып алу арқылы да зерттеуге мүмкіндік бар.

Белгілі ғалымдарымыз, ақын-жазушыларымыз, өнер қайраткерлерінің дауысын жазып алып, болашакка, келешек ұрпаққа жарқыраған күйінде жеткізе білудің өзі қазіргі кезең алға тартып отырған талаптар тұрғысынан ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тарихымызды байта түсетін нұскалардың қайнар көзі болмақ. Олардың ауызекі айтылған салиқалы сөздерін жазып алып сактау – олардың халыққа белгілі жазба енбектерін де молайта, қорландыра түсетін құнды деректер екендігі даусыз.

Осы тұръыда кешеуілдеп болса да қолға алынған иғілікті істеріміздің бірі – ақын-жазушылардың, тарихшылардың, өнер қайраткерлерінің, жыраулардың, композиторлардың, артистердің, белгілі күйшілердің өз аузынан немесе орындауында ұнтаспаға жазып алған материалдардың негізінде фонотека қорын ұйымдастыру ісі еді.

Бұрын-сонды айналыспаған жаңа жұмысты бастаудан бұрын үлкен дайындық жүргізілді. Мысалы: фоно-фото аппаратураларын алу. Сондай-ақ, пікір, тәжірибе алмасу үшін фонотека жұмыстары ертеден жақсы жолға қойылған Мәскеу, Петербург, Рига, Тарту, Таллин сияқты қалаларында болып, олардың жұмыстарымен таныстық. Бұл сапарлар жұмысымыздың жандануына, жалпы бағытына үлкен пайдасын тигізді.

Өте қызықты деректер де таптық. Мысалы, қазак музыкасынан алғаш фонотекаға түсken нұсқа 1905 жылы Түркістан аймағының Қазалы қаласынан жазылғып алынған қазак өлеңінің нұсқасы екен. Оны тапсырған – неміс ғалымы, доктор Каруц Рихард. Орындаушысы белгісіз бұл ән “Песня любовная” деген тақырыппен Петербургтегі орыс әдебиеті институтының (Пушкин үйі) фонограмма мұрагат беллімінде сактаулы тұр. Осы институттың фонограмма мұрагаттың тізімдерін, картотекаларын қарап шыкканымызда қазактың басқа да бірнеше ән-күйлерінің үн жазбалары сакталғаны аныкталды.

Қазақтың белгілі музика зерттеушісі, музика тарихшысы, академик композитор Ахмет Куандыл Жұбановтың 1931 жылы Актөбе облысы Темір ауданынан жазып алғып тапсырған әндерінің валиктерін кездестірдік. 43 жастағы Сарыайғыр легеннің әні, 24 жастағы Қызылғара Байтілеуов пен 27 жастағы Нұрмахамбетовтің орындауында жазылған әндердің фонокөшірмелерін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фонотека корына алдырдық.

КСРО-да алғаш фонограмма мұрагатын 1927 жыты ұйымдастыруши, музика зерттеуші ғалым Е.В.Гиппиус пен музикалық фольклористика мектебін ұйымдастырушылардың бірі, тарихшы әрі суретші, ғалым З.В.Эвальд жинап, Пушкин үйінің мұрагатына тапсырған қазак әндерінің ішінде бірнеше термелер, “Паровоз” әнінің екі нұсқасын кездестірдік. С.Д.Магид туралы Б.Г.Ерзаковичтің дерегін көлтірейін: “София Давыдовна Магид – Ленинградская фольклористка, собирала казахские народные песни и других народов Средней Азии до войны. В 1947 году была в Алма-Ате, и я встречался с ней в Союзе композиторов. Записи делала на восковых валиках. Она рассказывала о своих записях казахских песен и о работе по их теоретическому анализу. Некоторое время у нас с ней была переписка, но вскоре прекратилась. Очевидно, ввиду ее кончины. Было бы очень ценно найти ее записи казахских песен, т.к. среди них, возможно, есть ценные образцы народного творчества”.

Б.Ерзакович. 2 июня. 1983 г.

1934 жылы С.Д. Магид мұрагатқа тапсырған күйлерден “Ак желен”, “Өттің дүние”, “Тепенкөк” күйлері бір валикте, “Аксак құлан-Жошы хан”, “Ногайлы” күйлері бір валикте жазылғып сакталған. “Қаратас”, “Карабас”, “Кенес күйі”, “Штат күйі” бір валикте сакталған. Орындаушылары туралы мәлімет берілмеген. Бұл күйлер келешек зерттеушілерін күтіп жатыр. Олар алғаш фонога түсken нұсқалар ретінде етсі бағалы.

Жүзге жуық халықтар тілінде, сексен мыңнан астам фоно жазбасы сақталған Пушкин үйінің фонограмма мұрағаттық қорынан қазақтың бұлардан басқа да ән-күйлерінің валиктері немесе үнтаспаға жазылып алынған нұсқалары табылуы мүмкін деп ойлаймыз.

Осыған орай М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фонотека қорына алынған материалдарға қысқаша шолу жасаудың да артыктығы жоқ деп білеміз. Өйткені 1973—1982 жылдар аралығында үнтаспаға жазылып алынған сездер, баяндамалар, сұхбаттар, естеліктер, айтыс-жыры үлгілері, күйлері т.б. халқымыздың мәдени-әдеби мұралары — халық мүлкі, асыл қазыналары. Әдеби, мәдени мұраларға бай халқымыздың ежелгі мұрасы — ауыз әдебиеті нұсқаларынан 1962 жылғы Қызылорда экспедициясынан, 1963 жылы өткен акындар слептінен үнтаспаға жазылған нұсқалар алынған болатын. Сондай-ак 1972 жылы Жамбыл Жабаевтың тұғанына 125 жыл толуына арналған айтыс материалдары фонотека қорының аса құнды мұралары болып табылады.

Бай музыкалық мәдениетіміздің мазмұны терең, мәнері әсем үнін, оның орындау түрлерін зерттеу ісінде көп еңбек сінірген ҚР Фылым академиясының корреспондент мүшесі Б.Г.Ерзаковичтің өз қорынан аса құнды мәліметтері мол материалдар үнтаспаға көшіріп алынған болатын.

Музыка зерттеушісі, композитор Х. Тастановтың Монголияда болып, үнтаспаға жазып әкелген қазақтың күйлерін қайта жаңғыртып көшіріп алған едік.

Музыка зерттеушілері Т.Мерғалиев, Т.Бекхожина, З.Жанузакова экспедицияларда жүріп жазып алған қазақ күйері мен әндегі үнтаспаға жаңғыртып қайта жазылған болатын. Бұлардың ішінде Құрманғазының, Даулеткерейдің, Тәттімбеттің, Қазанғаптың, Соқыр Есканың, Динаның күйері, Мағауия Хамзинің, Базархан Қоғықасаровтың, Құрманғазы Өмірзаковтың, Әлқуат Қожабергеновтың, Шамғұл Ыбырайымовтың, Сапар Жұмағалиевтің, Нұrbай Қадырғалиевтің, Мәжит Досмұқановтың орындауларында сақталған.

Ауыз әдебиеті нұсқалары мен музыкалық фольклорды жинау-қамтуға тырыстық. Сәкен Сейфуллинің, Әлияс Жансұғировтің, Бейімбет Майліннің, Мұхтар Әуезовтің, Сабит Мұқановтың, Ғабит Мұсіреповтің, Қаныш Сатбаевтың, Ахмет Жұбановтың, Темірбек Жүргеновтің, Ораз Жандосовтың, Малік Ғабдуллинің, М.С.Сильченконың, Хамза Есенжановтың, Әлкей Марғұланың, Әбділдә Әбділдә Тәжібаевтің туған күндеріне арналған салтанатты жиналыстарда сөйленген сездер, баяндамалар, естеліктер үнтаспаға жазылып алынған.

Ақын-жазушыларымыз Дихан Әбілов, Қалижан Бекхожин, Хамит Ерғалиев өздерінің шығармашылық лабораторияларымен қоса әдебиеттің сан-салалы проблемалары туралы ойларын ортаға салады.

Мұнымен қатар өнер тарихының нақты фактілерін жинап, оларды жүйеге түсіру – өмірбаяндық анықтамаларын жасау, өнер қайраткерлерінің дауысы мен суреттерін жинау өнертану ғылымының ерісін көңейте түсетін маңызды сала. Ұлттық мәдениетіміздің қалыптасып, дамуына үздік ат салысқан мәдениет қайраткерлері өздерінің шығармашылық өмір жолы жайында сөздерінің ұнтаспаға жазылып алынған нұскалары бага жетпес құнды мұраларымыз болып саналады. Қазақтың ұлттық профессионалдық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі ҚР халық артисі, Еңбек Ері Серке Кожамқұловтың (1896–1980) өмір жолы, өнерге келудегі басынан кешірген уақығалары, өзімен қызметтес болған замандастары туралы қөптеген өмірбаяндық мәліметтер көлтірілген әңгімелерінің әр кезде ұнтаспаға жазып алынған нұскаларын қайта жаңғыртып көшіріп алған едік.

Қазақ саҳнасының ардагері, қазақтың драмалық және ұлттық опералық театр өнерінің негізін салушылардың бірі – Құрманбек Жандарбеков профессионалдық ұлт театрының құрылуына, саҳналық өнерді үйімдастырып, оның қалыптасып дамуына мол еңбек сіңірген ақын, жазушыларымыз – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүріров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сабит Мұқанов,Ғабит Мұсірепов туралы, ал өнер санлактары – Әміре Қашаубаев, Иса Байзаков, Қалибек Куанышбаев, Елубай Өмірзаков, Жұмат Шанин, Жұсіпбек Елебеков, Манаrbек Ержанов, Құләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Куан Лекеров, Биби Артықова жайында қызықты сыр шертеді.

Халық әндерін кемеліне келтіре орынданайтын халық артисі Фарифолла Құрманғалиевтің әнгімесінде қазақтың белгілі әншісі, атақты композиторы Мұхиттың шәкірттері Шайқы мен Шынтастан алған тәлімі сез болады. Әншінің 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слетінен бастап, опера әншісіне дейін есken шығармашылық өмір жолы, өзімен бірге жасасқан Манаrbек Ержанов, Құрманбек Жандарбеков туралы естеліктері және өзі шығарған әндерінің тарихынан мәліметтер мол.

ҚР халық артисі Қәуken Кенжетаевтың СССР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтардың иегері атақты Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың балалық шағы мен өмір жолы туралы естелік әңгімелері ұнтаспаға жазылып алынған.

Халық артистері Байғали Досымжановтың, Ермек Серкебаевтың, Роза Бағланованың, Бибігүл Төлегенованың сөздерінен өнер шынына жету

жолындағы ізденістерін, өздерімен шыгармашылық ынтымақта болған әншілер, композиторлар, ақындар туралы естеліктерін оқымыз.

Сондай-ақ казак елінің әдеби-мәдени өміріне байланысты түрлі жинальстар, кезекті съездер, пленумдар, ақындар айтысы, мүшелтойлар кезінде түсіріп алған ақын-жазушылар, қоғам кайраткерлері, артист, композитор, әнші, күйіш, домбырашылардың фотосуреттерінің негативі де сақталған. Ақын-жазушылардың мұрагатында сақталған кейбір сирек кездесетін фотосуреттердің де негативін жинаған едік.

Осы жұмыстардың табиғи жалғасы ретінде Санкт-Петербургтегі Пушкин үйінің фонограмма мұрагатының тәжірибесін пайдалана отырып, Мәскеудегі “Мелодия” фирмасымен келісіп ен қымбатты дауыстарды келешек буынға жеткізу мақсатымен ешпейтін күйтабаққа түсіру жұмысы басталған еді. Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, С.Мұқанов, Г.Мұсірепов, Ә.Марғұлан, М.Қ.Каратаяевтың дауыстарын ғана өшіпес күйтабаққа түсіріп үлгердік.

Сондай-ақ ұntаслаға жазып алған материалдардан қағазға түсіріп екі жинақ дайындалған болатын. 1980 жылы дайын болған қолжазбаның бірінші кітабын оқырман қауымға ұсынудың сәті 1997 жылы ғана түсті!

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сол кездегі қызметкерлері Файзолла Оразаев пен Флора Оразаеваның қатысуымен дайындалған қолжазба бірнеше баспаның қолынан етіл, ұшыталғанын да, кейінге шегерілгенін де айтпасақ киянат болар еді. Сол жинактардың бірінші кітабы Қазақстан Республикасының Гуманитарлық ғылымдар академиясының ұсынуымен, қаржылай қолдауы арқасында жарық көрді.

1997 жылы “Фәниден өзі кетіп сөзі қалған” деген атпен жарық көрген жинақ ұлттық әдебиетіміз бер мәдениетіміздің зор мақтанышы ұлы ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық мерейтойна арналды!

Жинақта берілген ұntаспадан қағазға көшірілген нұсқаларға қыскаша тоқталсақ;

Ұлы жазушы, әнциклопедист ғалым М.О. Әуезов 1958 жылы 7-13 қазанда Тәшкент каласында еткен Азия мен Африка елдерінің халықаралық мәслихатында Қазақстан, Қыргызстан, Тәжікстан, Түркіменстан делегаттарының атынан сөйлеген сөзін ұntаслаға жаңғыртып жазып алған нұсқасы.

Бүкілодактық география қоғамының толық мүшесі, академик Ә.Х. Марғұланның Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын үйімдестеруши және бірінші президенті Қаныш Имантағұлы Сәтбаев туралы естелігі мен М.О. Әуезовтің Ленинградтың мемлекеттік университетіндегі студент кезеңінен естелік әнгімесі.

Сондай-ақ Ленинградтың Мемлекеттік университетінің студенті М.О. Әуезовтің “Киын заман”, “Қарааш-Қарааш оқиғасы” повестеріне материал жинау үшін Қарқарага келген сапары туралы казак тарихшысы, академик Ақай Нұсіпбековтің естелігі.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туған еліне ақырғы сапары жайлы әдебиет зерттеушісі, жазушы Семей педагогтік институтының сол кездегі доценті Қайым (Ғабдулқайым) Мұхаметхановтың естелігі және 1957 жылы М.О. Әуезовтің туған жері Қасқабұлакта сойлеген сезінің үntаспаға жазып алған нұсқасы.

Журналист жазушы Файса Сармурзиннің М.О. Әуезовтің жігіт шағы, сол кездегі оқыған, өнер-білімге ұмтылған жастар өмірімен және М.О. Әуезовтің 1954 жылы Мәскеуге барған сапары туралы естелік әңгімелерінің 1977 жылы 22 ақпанда үntаспаға жазып алғынған нұсқасы.

Әдебиет сыншысы, аудармашы ғалым Зоя Сергеевна Кедрина-ның М.О. Әуезовтің шығармашылығы туралы әңгімесінің 1979 жылы 27 маусымда үntаспаға жазып алғынған нұсқасы.

1945 жылы М.О. Әуезовтің Абайдың туғанына жүз жыл толуы карсанындағы әзірлік және “Абай” эпопеясына материал жинау үшін Абай ауданында барған сашары туралы ақын-ғалым Тұрсынхан Әбдірахмановның әңгімесінің 1979 жылы үntаспаға жазып алғынған нұсқасы.

Бұл материалдар, Ұлы Мұқаның көзі тірісінде сойлеген сөздері мен естеліктері, келешек үшін бага жетпес құнды дүниелер, асыл мұра, алтын қазына болып қалмак.

Академик жазушы Сәбит Мұқановтың қазак елінің шежіресі, әдебиеті туралы сөздерімен қатар, Сәбенің хат жазысу дағдысы, ұқыптылығы, өзіне келген оқырман хаттарын мұқият оқып, жауапсыз қалдырмаітын ізгі касиеті, оның өзіне жолдаған хаттар туралы сөзінен де анық байқалады. Жазушының осындай бір тағылымы мол тарымды әңгімесін С.Мұқановтың әдеби мемориалдық мұражайының мұрағатынан үntаспаға жазып алғынған нұсқасы.

Казак жазушысы, қоғам қайраткері, академик, Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мұсірепов 1974 жылы 25 шілдеде филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішевпен кездесіп ұзак әңгімелескен. Қазак әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мұсіреповтің шығармашылық лабораториясына арналған бұл әңгімеде казак әдебиетінің негізін қаласуға, гүлдендіруге ерен енбек сінірге Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, басқа да дарындар туралы толымды да құнтарлы ойлар айтылған. Әдебиет тарихында шешімі табылмай жатқан мәселелер жөнінде де пікірлер тұжырымдалған.

Жазушы Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, қоғам қайраткері Фабиден Мұстафиннің өмір жолы, шығармашылық лабораториясы сөз болған әңгімесінің өз аузынан үнтаспаға жазып алынған нұсқасы.

Халқымыздың ақыны, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің әңгімесінде ақының философиялық, адамгершілк мұрраттары, ақының қоғамдық рөлі сөз болады.

Ақын Қалижан Нұргожаулы Бекхожин өзінің ақындық өміrbаяны туралы әңгімесінде Жаяу Мұса, Мәшіүр Жүсіп Көпееев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Иса Байзақов, Ақан сері, Естай, әнші Майраның ақынға тиғізген игі есеріне токталады. Өзімен замандас ақын-жазушылар туралы да пікірлер барышылық.

1978 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Хамза Ихсанұлы Есенжановтың (1908–1977) туганына 70 жыл толуына арналған кала жұртшылығының салтанатты жиналысы болды. Осы жиналыста сейленген сөздер, естеліктер үнтаспаға түгел жазылып алынған. Олардың ішінде ақын Мәриям Хакімжанованың “Мәншүк” поэмасының жазылу тарихынан сыр шерткен әңгімесі де беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының халық жазушысы Faғу Қайырбековтің шығармашылығы туралы толғанысы да бар.

Халқымыздың ардагер ақыны, қоғам қайраткері Сырбай Мәуленовтің М.О. Әуезовке арналған өлеңін ақынның баласы Қасым Сырбайұлы Мәуленовтің мұрагатынан үнтаспаға жанғыртып жазып алынған нұсқасы.

Сондай-ақ ақындар Қасым Аманжолов (1911–1955), Жұмағали Саин (1912–1961) Тайыр Жароков (1908–1965) туралы Сырбай Мәуленовтің естеліктері.

1975 жылы 14 желтоқсанда Абай атындағы Мемлекеттік педагогтік институтында жазушы, ғалым, қоғам қайраткері СССР педагогикағылым академиясының академигі, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Фабдуллиннің (1915–1973) туганына 60 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс өтті. Осы жиналыстан үнтаспаға жазып алынған жазушы Дмитрий Снегиннің естелігі.

Қазақ әдебиетінің сынышысы, жазушысы ғалым, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі Мұхамеджан Қожасбайұлы Қаратаев өзінің шығармашылық лабораториясы туралы айтқан сезіндегі өзінің есү жолдары, ұстаздары және өзінің жұмыс істегендегі таныстырылғандары. Әдебиет сынның алғашқы кезеңдерінен мәлімет береді.

1978 жылы 28 қарашада Алматы қала жұртшылығының қазақ елінің мәдени құрылышын өркендетуге елеулі үлес қосқан қоғам кайраткері Темірбек Жүргеновтің (1898–1937) туғанына 80 жыл толуына арналған салтанатты жиналышы болып етті. Т.Жүргеновтің казак халқының тұнғыш жөгөрі дәрежелі оку орнын үйымдастыруда, мәдениетін дамытуда қосқан үлесі туралы академик Рамазан Сүлейменовтің сөзі.

1936 жылы Мәскеуде өткен казақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі туралы Темірбек Жүргеновтің жары, Қазақстан Республикасына еңбек сіңген дәрігері Дәмеш Ермекованың естелігінің 1976 жылы 28 мамырда үнтаспаға жазылып алған нұсқасы.

1979 жылы 26 ақпанда М.Ю. Лермонтов атындағы республикалық академиялық орыс театрында Алматы қала жұртшылығының қоғам кайраткері Ораз Кәкімұлы Жандосовтың (1889–1937) туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты жиналышы болды. О.Жандосовтың казак халқына білім беру жүйесін, әдебиеті мен мәденистін, ғылымын дамытуға мол үлесі сөз болған Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Г.Ф. Даҳшлейгердің әңгімесі.

Казақ халқының от жалынды ақыны Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісін үйымдастыруны Махамбет Өтемісұлының туғанына 175 жыл толуына орай белгілі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім менгерушісі болған, марқұм Әнуар Дербісалиннің толғау әңгімесінің 1979 жылы үнтаспаға жазып алған нұсқасы.

Казақ әдебиеті мен өнерінің жанашыры, әдебиет сыншысы, публицист Қазақстанның аса көрнекті қоғам кайраткері Илияс Омаров (1912–1970) туралы биология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген кайраткері, академик Теміrbай Байбосынұлы Darқanbaevтың естелігінің 1979 жылы үнтаспаға жазылып алған нұсқасы.

Жинақтағы материалдардың көпшілігі ауызекі сұхбаттың мәтіндері, сөйлеу тілі болғандықтан жазушының сөйлеу мәнері, сөз қолданысы, ойлау және корыту ерекшеліктері, ой өрісі, үні сезіліп тұратын сөздерге ешқандай “жөндеу” жүргізбей, редакцияламай беруді мақұл көрдік.

Жинақта берілген материалдарды үнтаспаға түсіріп, фото суреттерді дайындауға, таспадан қағазға түсіруге М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фондо-фото бөлімінің бұрынғы қызыметкерлері Мәлік Жиенғалиев, Айгүл Жетпісбаева, Тұрған Гайтов, Марат Аманқұлов катысқан.

Институт қорына екі мыңнан астам ұntаспа жиналған еді. Ендігі жерде осы мол қазынаның шиін шығармай, әр сөзді, сол айтылған қалпында сактау мәселесі алда тұрган игілікті істердің бірі болып саналады.

Фоно жазулардың өмірі жеті, сегіз жыл, онан соң өшे бастайды, оларды магнит лентасына жаңартып қайта көшірген сайын құндылығы да төмендей бермек.

Осы жайды ескере отырып, жүзге жуық халықтар тілінде сексен-тоқсан мыңнан астам фоно жазба материалдар сактап отырған Санкт-Петербургтегі Пушкин үйінін фонограмма мұрафатының тәжірибесін пайдалана отырып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өз корында сақтаулы тұрган фоно жазулардың ең құндыларын мәнгіге, келешек буынға жеткізу мақсатын қолға алған болатын.

Бірнеше жыл соңынан қалмай жүріп Мәскеудегі Бүкілодақтық грамзапись студиясы “Мелодия” арқылы халқымыздың атақты ғалымдары мен аса көрнекті әдебиет, мәдениет кайраткерлерінің дауыстарын үн таспа лентасына жазып алған фоножазуларынан металл пластинкасына матрициаларын (матрицирование) түсіру жұмысы басталған болатын.

Тұнғыш академик, бірінші президент Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың сөзін үн таспа лентасынан жазылып алынған нұскадан қайта жаңғыртып көшіріп алып, металл пластинкасына түсірдік.

Сондай-ақ академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің “Абай” романын қалай жазғаны жайындағы әңгімесі, 1958 жылы Ташкентте откен Азия, Африка елдерінің халықаралық мәслихатында Қазакстан, Қыргызстан, Тәжікстан, Түркіменстан делегаттарының атынан сейлекен сөздері, Қазақ ССР-інің 40 жылдығына орай казак халқының мәдениеті, Украина әдебиетінің классигі Т.Г. Шевченко туралы сейлекен сөздерін де үн таспа лентасынан қайта көшіріп алынып металл пластинкасына түсірілді.

Жазушы-академиктер Сабит Мұқанов пенҒабит Махмұтұлы Мұсіреповтің шығармашылық лабораториясы, Мұхамеджан Қожасбайұлы Қаратеаевтың Әуезов туралы сөзінің фоно жазуларынан көшіріп, металл пластинкаларға түсірілді.

Халқымыздың ардагер ұлдары К.Сәтбаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, F. Мұсіреповтің, Ә. Марғұланның, М. Қаратеаевтың әр кезде, әр жағдайда сейлекен сөздерін көтеген техникалық жұмыстардың нағтижесінде сол санқыдаған күйінде металл пластинкасында көшірілп алынды. Металл пластинкаларына түсікен дауыстар мәнгіге қалумен қатар ендігі жерде олардан көп тиражды пластинкалар шығару мүмкіндігі де бар. Бұл келешекте істелептін игілікті істердің бірі болмак.

Осы бір асыл мұраны 2000 жылдын қазан-қараша айларында М.О. Әуезовтің мұражай үйіне тапсырдым.

(Он алты өшпейтін металл пластинкалар, он екі ұнтаспадан көшірмелер бар).

Өшпес пластинкаға түсірудің толып жатқан киындықпен жасалғаны ұзақ әңгіме...

Бұл жұмысты өмірімдегі ең бір қасіретті кезеңімде жасаған едім!

Тұңғышым – Сәулетайым өмір мен өлім арасында жанталасып жатканда мен емхана мен “Мелодия” грамзапись студиясының арасында жанталасып жүріп жинаған едім...

СЛОВАСЫ

ИНСТИТУТ ФОНОТЕКАСЫ

Мемлекетіміз бен үкіметіміз халықтың өткендегі бага жетпес әдеби, мәдени мұраларын көздің қарашығындағы корғап, оларды жинау шараларын тиянақты түрде жүзеге асырып келеді. Бұған “Тарихи және мәдени ескерткіштердің корғау ісі мен пайдалану” туралы заңның қабылдануы және де басқа ескерткіштердің корғау ісін жақсарту мақсатында жүзеге асырылып жатқан бірқатар мемлекеттік жұмыстар дағел бола алды. Тарихи, әдеби мұраны қамқорлықпен қорғау, Ата-занда да жазыған. Осылайша уақыт озған сайын мәдени мұраларымызды жинау, корғау бүкіл халықтық іске айналып отыр. Тарихи, мәдени және өзге эстетикалық сипаттагы мұраларымызды қорғау, жинау, зерттеу мәселелерінің төңірегіндегі әлі де шешімін күтіп тұрган жұмыстар аз еместігін байқаймыз. Мысалы ел аудында айыльшың жүрген фольклорды, әсіресе, батырлар жырын, лиро-эпосты жинаудын, зерттеудің бірнеше күрделі міндеттері әлі алдымында тұр. Бір жырдың бірнеше нұсқасын жинап ғылыми зерттеу үшін сол нұска, версиялардың бәрі өте қымбат, бағалы екені бұрыннан-ақ белгілі. Сол нұска, версияларды әр ақын өзінше жырлайды, фольклорлық шығармалардың қай-қайсысын алсақ та кезінде жазылып алған, не баспа бетінде жарияланған нұсқалары мен қазіргі жыраулар айтып жүрген нұсқалар арасында көп айрма бар екенін байқаймыз. Осы жайды музикалық фольклордан да көруге болады.

Әр домбырашы әр күйді өзінше түрлендіріп тартатыны жалпы казак домбырашыларына ортақ қасиет. Сондай-ақ бір атпен белгілі болған күйлердің өзі де бір-біріне ұқсамайтын туындылар болып кездесетінін еске алсақ, авторы біреу емес бірнешеу, көпшілік ягни халық болып кеткен дәстүрлі фольклор шығармаларын немесе музикалық фольклорды ұнтаспаға жазып алған нұсқалармен салыстыра зерттеу ісі алдымында тұрган міндеттердің бірі.

Кеше ғана арамызыда жүрген талай әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, дарын иелерінің айтқан ігі тілектері, ұлағатты сөздері құмға сіңген судай файып болғандары да аз емес. Осы уақытқа дейін әдеби, мәдени мұраларымызды тек ғана жазылып алған нұсқалар арқылы зерттеп келсек, ендігі жерде кезінде қалай айтылды, сол қалпында ұнтаспа лентасына жазып алу арқылы да зерттеуге мүмкіндік алып отырмыз.

Өнер мен техника қаулап өркендеп тұрган шақта, белгілі ақын-жазушыларымыздың, өнер қайраткерлерінің дауысын жазып алыш, болашакқа, келешек ұрпаққа жарқыраган күйінде жеткізу міндеті де тұр. М.О. Өуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты осы бір ігі іске 1973 жылдан бері кірісіп, өз құрамында фоно-фото бөлімін үйлемдастырды. Осы бөлімнің қызметкерлері қазақ әдебиетіне,

мәдениетіне, фольклорына жаңасты материалдарды үntаспаға жазып алу, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің фото суреттерін жинау ісін жоспарлы түрде қолға алып отыр.

Бұлардың ішінде Кенен Әзербаевтың, Раҳмет Мәзгожаевтың, Үмбетәлі Қарібаевтың, Мұқаш Байбатыровтың, Маясар Жанақовтың, Иса Байназаровтың, Шәмшәт Телепованың, Мұхамедияр Жабағиевтың, Үбісұтан Аяповтың, Сәбит Жүсіповтың т.б. терме толғаулары, халық әндері жеткілікті. Ақындар айтысынан Кенен мен Қалима, Нұрлыбек пен Итібай, Аманжол мен Таубай, Қалқа мен Есдәulet, Қалихан мен Әбікен, Манап Қекенов пен Асылқұл Бұрбаевтың, Мұқаш Байбатыров пен Әсімхан Қосбасаровтың, Әбдіекім Жәлімбетов пен Өмірбек Қабыловтың, Қазыбай Бижанов пен Сагатай Оңғарбаевтың т.б. айтыстардың үntаспа лентасына жазылып алынған нұскалары сақталған.

Кешеғана өткен Қазақ ССР-нің айтыс жылдық торқалы тойына арналған ақындардың республикалық айтыс материалдарын да түгел үntаспа лентасына жазып институт фонотека қорына сактауға алдық.

Ақын-жыраулардың эпостық жырлардың кейір б нұскалары жазылып алынды. Мысалы, “Қобыланды батыр” жыры, “Қыз Жібек” киссасы, “Қамбар батыр”, “Ағыбай батыр” әңгімесі т.б.

Музыкалық фольклордан Қазак ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Б.Г. Ерзаковичтің өз қорынан мол материал көшіріп алынды. Музыка зерттеушісі, композитор Х.Тастановтың Монголия халық республикасында болғанда қазақ күйлерінің көшірмесін, музыка зерттеушілері Т.Мерғалиев, Т.Бекхокина, З.Жанұзақова экспедицияда жүріп тапкан қазақ күйлері мен әндерін қайта жаңғыртып жазып алдық.

Бұлардың ішінде Құрманғазының, Әүлөткөрдің, Тәттімбеттің, Қазанғаптың, Соқыр Есжаннның, Динаның күйлері, Магауия Хамзиннің, Базархан Қосбазаровтың, Құрманғали Өмірзаковтың, Әлқуаг Қожабергеновтың, Нұрдаulet Жорабековтың, Сапар Жұмағалиевтің, Нұrbай Қыдьргалиевтың, Мәжит Досмұхамедовтың орындауда сақталған.

Ауыз әдебиеті нұскалары мен музыкалық фольклорды жинаумен қатар, қазіргі қазақ әдебиетінің күнделікті өмірінде больш жатқан әдеби процесті де мүмкіндігізше молырак қамтуға тырыстық. Фонотека қорында Жамбыл Жабаевтың 125 жылдығына, Кенен Әзербаевтың 90 жылдығына, Сәкен Сейфуллиннің, Илияс Жансүгіровтың, Бейімбет Майлиниң, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Қаныш Сәтбаевтың, Ахмет Жұбановтың, Темірбек Жүргеновтің, Ораз Жандосовтың, Мәлік Фабдуллиннің, М.С.Сильченконың, Хамза Есенжановтың, Әлкей Марғұланнның, Әбділда Тәжібаевтың т.б. туган күндеріне арналған салтанатты жиналыстарда, әдеби кештерде сойлеген сөздер, баяндамалар, естеліктер алынды.

Қазақстан Жазушылар одағы съездерінде, форумдарда, пленумдарында, түрлі кездесулерде сойлеген сөздер де жазып алынды. Институт жаңындағы казақ әдебиеті мен өнері халық университетінің дәрістерінде сойлекен ақын-жазушылар мен өнер кайраткерлерінің сөздері де корымызда молынан баршылық.

Біздін фоно-фото бөлімі материалдарының негізінде жинақтар да құрастырылада. Аудиокассеттерде жарияланбаган бұл материалдар құнды деректер екені даусыз.

СОЙЛЕГЕН СӨЗ

ГОЛОСА, СОЗВУЧНЫЕ ЭПОХЕ

Фонозаписи выступлений видных деятелей литературы и искусства получили вторую жизнь на страницах книги “Фәниден өзі кегіп сезі қалған”, которая увидела свет в издательстве “Рауан” (Алматы).

Обращаясь к истории становления и развития научной фонозаписи в Казахстане, автор предисловия кандидат филологических наук, СНС ИЛИ им. М.О.Ауэзова У.Х. Субханбердина отмечает, что богатый опыт научной фонозаписи накоплен учеными Москвы, Петербурга, Риги, Тарту, Таллина. Ценные записи казахских песен, выполненные немецким ученым доктором Карутцем в 1905 году и известным композитором, исследователем истории музыки, академиком А.К.Жубановым в 1931 году, были обнаружены в Петербурге – в Пушкинском Доме. Копии этих фонозаписей и терме доставлены в фонотеку ИЛИ.

В книге помещены выступления М.О.Ауэзова, А.Х.Маргулана, С.Муканова, Г.Мустафина, Г.Мусрепова, З.С.Кедриной, Дм.Снегина, М.Каратая, Р.Сулайменова, Г.Ф.Дахшлейгера и многих других. С интересом читаются воспоминания А.Нусупбекова об истории создания “Лихой годины” М.Ауэзова, Т.Даркамбаева – о видном государственном деятеле, литератороведе, критике И.Омарове.

В год юбилея М.О.Ауэзова особую ценность представляют как выступления и речи самого Мухтара Омархановича, так и воспоминания современников о нем.

О задачах, стоящих перед казахской литературой, проблемах и перспективах – диалог Г.Мусрепова и Т.Какишева. О творческой лаборатории писателя размышляет Г.Мустафин. М.Хакимжанова выступает как автор не только воспоминаний о Х.Есенжанове, но и об истории создания поэмы “Маншук”. С трудностями и перипетиями своего пути как литератора знакомят читателей книги М.Каратая.

Издатели решили сохранить стиль, манеру выступлений известных деятелей литературы и искусства Казахстана. Их голоса звучат по прежнему, их размышления и воспоминания и сегодня представляют научный интерес.



**ҰЛТ МҰРАСЫНЫҢ
ЖАНАШЫРЫ**

*“Елдің елдігін сақтайтын –
әдебиеті, тарихы, жол-жорасы”*

Ғабиден МҰСТАФИН

ҰРПАҚ ҮНІН ҮКІЛЕГЕН ҰШҚӨЛТАЙ АПАЙ

Ұшқолтай апайдың үміті: 60-жылдары қылышынан қан тамған кездің өзінде қазақтың төл тарихын арқау еткен басылымдарды арашалау, ақ бас тарихтың ақтаңдақтарын ақтап, ақ-қараны ажырату болатын. Үміт үкіленіп, сенім ақталды. Қиямтұрыс қогамда мұндай ауыр жүктің арқалай қанша қыныңдақ тұгызыса да, күресіп бақты. Ана, ғалым ретіндегі тұлғасын асқақ ұстады. Бастысы – агалар, әкелер алдындағы ары таза. Әділ риза.

Қолтығы сөгіле, қан сорпасы шығып еңбек еткендер еленбей қалады кейде. Тұбі рухани ерлік екшеліп, еңсесін тіктей түсетініне имандай иланғаннан болар, олар: үнсіз гана сүйікті ісін серік етеді. Соңдай санлактың бірі қарапайым ана, әдебиеттану ғылыминың жүгін арқалаған, бүгінде бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жанқиярлықпен аткарып келген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ұшқолтай Сұбханбердинә екенін есті уақыт елегінен әлдеқашан өткізген. Тек арамыздың асылды ардақтай бермейтініміз бар. Сол кемшіліктің орнын ойсыратпай, шамамызша толтыруға тырыссак сауапты.

Тағдыр деген қызық. Талдырмаштай қызды он жасында әкесіз қалады деп кім ойлаган. Одан кейін онтайға келетін тіршілікті нобайлап болмады. Әкесі Сұбханберді 1937 жылдың жеке баска табыну зұлматының құтырган құрығына ілінуі, туган-туыстың тынысын тарылтты. Қайда барса “халық жауының қызы” деп көзге тұртті. Қекейіне түскен күйік шемен болып шөккен сосын.

Жас қыз бұдан бір қыдыру ой түйген. Бірак жасымады. Жанарындағы жасты сылып, жалынын жанады. Әйтеп түйгіләндай алапатқа қарсы ішінен бір буырқаныс сезім бой көтерген. Алғаш ондысы – оқу деп түйсінгені содан. Орта мектептен кейін институт тәмамдады. Аз аялдағ, ақыры таным-түйсігін жанышқан жакқа тұра жолмен тартты. Сол кездегі Қазақ ССР ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында библиограф, одан кейін казак кітаптары мен сирек кездесетін кітаптар және қолжазба бөлімінің бастығы болып қызметтер атқаруы жәйден-жәй емес. Мұндағы мақсат: кешегі көргенсіздікпен көкпарға түскен ер намысына, ел намысына ара тұру, ақиқатқа арашалық ету.

Акыры алған бағытынан айнымай, адым жасады алға. Алғаш қадымы арзанға емес, тым қымбатқа тұсті. Ауыз ашуға тұрмак, ол жайында ойлауға тыйым салынған тұста ак бас тарихтың актандектарын актару көз куанышы болғанмен көніл коркыныштын. Мұны жеңіп, жеңілейгенімен дерек жинауда бір, оны бастыруда екі киналды. Қияметтің күнінде қол жалғап, қолтықтан демеген әз ага – ғұлама ғалым, академик Әлкей Марғұлан дем берді. Жалғанда жауынмен жалғызылғаннан сактасын деп іштей шүкіршілік еткен соңда.

Не керек, төккен тердін шөкіміндей өтеуі ізгі етті, 1964 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясында Тіл білімі институты мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының филологияғылымдарының біріккен Ғылыми кеңесінде Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Х. Марғұлан мен Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е.С.Ысмайловтың жетекшілігімен “Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиеті” (XIXг. аяғы XX г. басы:) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын корғаған. Бұдан кейін де қарап қалған жок. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және колжазба бөлімінің аға ғылыми қызметкери жұмыстары және жетістіктеге жеткізді. Ғылыми зерттеулер мен макалаларды ауызға алмағанда, “Айқап” бетіндегі макалалар мен хат-хабарлар” (1961), “Қазақтың тәңкерістен бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар” (1963), “Қазак кітаптары” (1986), “Дала уалаятынын газеті”: әдеби нұсқалар (1 том – 1989, 2 том – 1991, 3 том – 1992), “Ғашықнаме” сынды библиографиялық көрсеткіштері биік мұрағатымыз болып қалмак. Бұл асыл мұра түркологияғылымы аясында қазақ ғылымына мәртебе әперген. Ал аталған көрсеткіштер бұркемелеген ақыннан айтып, жүгендің жүйенін өзінде басылғаның ескерсек, Үшкөлтай апайдың ғалымдық ғана емес, азаматтық асқақ екенін аңгарамыз. Ол аз десе, бар еңбегі қаламакы төлемейтін “Ғылым” баспасынан жарық көріпті. Ғалымның “Бұркенішті аттар көрсеткіші” ұзак жылдардағы ізденісінің зерделі зерттеу ісінің нәтижесі. Сол кездегі атын жазуды қойып, атауға тыйым салынған қазақтың біртуар ұлдары: Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Жақып Ақбаев, Жұсіпбек Аймауытов, Әлихан Бекейханов, Мұстафа Шоқайұлы, Ғұмар Қараашұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанше Сейдалыұлы сияқты сегіз қырлы кайраткерлердің қалам ұстагандары жазған сыйғандары жайында хабардар еткен де жоғарыдағы еңбектер. Үшкөлтай апайдың қызығынан қындығы аса мол ауыртпалыққа арқасын тосуы аналық, перзенттік асыл мейрімінің арқалығын танытуға тиіс. Әйтпесе жер жаһанды жалғыз шарлап, кезіндегі

абыройы да азырак дерек іздеумен сан мұрагаттың шаңын жүту есебін білгеннің ермегі емес. Тіпті сонау Қазан, Мәскеу, әсіресе Санкт-Петербордагы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапхана корларып қайтуды әлденешеден әдетке айналдыру текten-тек емес.

Әлгіндегі мейірім дегеннен шығады, Үшкөлтай апай бірде былай деген: ...“Айқап” журналы көзіме оттай басылғаны, 1937 жылы “халық жауы” деген нақақ жаламен айдалып кеткен әкем осы журналды әр уақыт оқып отыратыны есімде калыпты. Міне сол журналмен 20 жылдан кейін Ленинград кітапханасында қайта табысканда әкемді көргендей куанып әрі көзім жасаурап көнілім босағаны...” Бұл сірә да босандық емес. Махаббат пен ғадауаттың катаң шарпысынан туған құрбандықтың, мейірдің, рухтың көzsіз женісі емес пе? Бұл ана бақыты. Бала тәрбиелеп, немере сүйген ер аナンЫң рухани аласармас биігі.

Осы ретте жасырынып жатқан сырдың бір ұшығы шығады. Ол апайдың басқа емес, неге осы тағдыр талайы тым бұралан ақтаңдақтар мен алғашқы казак басылымдарын тақырыбына тын тиек етіп алуынан туындастын сауал. Уақыт ығына жығылса жырлайтын дүние жетерлік. Қоғам құламай қозғалуы мүмкін емес тақырыпқа сол кездің өзінде ден қоюы демін ішінен алған ақиқатты анғартады. “Жел тұрмаса, шөптің басы кимылдамайды” деген. Жоғарыда Үшкөлтай апайдың әкесі Сұбханберді саяси дағдарыска ұшыраган қымқуыт шактың құрбаны болғанын айттық. Бар кінәсі – мектеп директорлығы мен математика пәннің мұғалімі болғандығы, үйінде ескі, көне кітаптардың сакталып тұрғандығы. Сол үшін “Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин сияқтылардың құйыршықтары, халық жаулары бұл ауылда неге жоқ?!” деген шабармандар дедектетіп апарып абақтыға жауып, ит жеккенге айдатқан әкесін. Артынша “ескілікті көксейтін кісінің” кітаптары кішкене қызының көз алдында отка оранған. Сейтіл, аман қалғандарын есейе келе аңдаған-ды. Шүкіршілік айтқанын сезген шешелерінің, үнсіз егіліп, енірегендерін көрген көзімен. Көnlінен тақуа тітіркеніс тоқылып қалған содан.

Бодан шақ пен бостандық алған уақытты рухани жағынан тоқайластырып, үзілген ұрпактар үнін жалғап, тұтас халықтың жарасымдылығын сактау жолында бүтін бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жалғыз жанқиярлықпен атқарып жүрген ғалым-апа, қай атаққа да лайық екен-ау.

АЛТЫН САНДЫҚ

Біз бакытты халықтың тұмысынан ақын етміз. ‘Бір адамға жайылған дастархан мын адамға жетеді’ – деп жомарттығын жырласа, үйге кірген жылланның басына ак құйып шығарып, кен пейілдігін толғаған. ‘Бір жағадан бас, бір жеңнен кол шығарайық, алтау ала болса – ауыздығы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді’ деп халықтың каймағы бұзылмаған бүтіндігін де ертелі-кеш жаратқаннан жалбарынып тілейтін біздің ұлы халқымыз екендігіне дау бар ма?!

Ал кеменгер Абай болса, “Кісі айтпаған сөз барма, тегіс ұғар құлак” деп даналық та, данышпандық та көпшілік қауымда екенін есiet еткен. Зангар ақын мензеген халықтың құмдай шашылған асыл казынасын ерінбей-жатықтай жинаушылар, оны әспеттеп мәлдір күйінде жеткізушилер аз болмағаны тарихтан мәлім. Сондай жандардың бірі – қазір арамызда жұрген, аса бір пайымды, парасатты Үшкөлтай Субханбердина. Бұл кісі өзі айтқандай бала жасынан “алтын сандықтың үстінде отырған” әкесі казақ баспасасөзіне катасты материалдарды мол жиналты, амал не. ол дүниелер солакай саясаттың кесірінен жойылып кеткен. Он жасында осы аяулы жаңнан бір, оның тірнектеп хаттаған, реттеп жинаған асыл мұраларынан екі айрылып, бозторғайдай шыр-шыр етіп, жас кыз қала берген.

Жыл артынан жылдар өтіп, бой жетіп есейді, кекейінен кетпейтін бала құнгі арман алға жетелейді. Ол кез майын тауысып, барлық қаржы-кайратын жұмсаپ, 1961 жылты “Айқап” бетіндегі макалалар мен хат-хабарлар” атты библиографиялық көрсеткішті Казак мемлекеттік баспасынан жарк еткізеді. Бұл жағдай сол кездегі, көзкараспен, ішкі-сырткы саясатпен қарағанда ерлікпен бара-бар еңбек болып табылатын. Кітап қалай шығады, солай тарап кетеді. Тарихқа сусап отырған ‘аш’ халық құмарлана оқып жақсы қабылдайды. Өйткені бұл журналдың бетінде өлең-жыр, әңгіме ғана басылып қоймай, аты шулы “Алаш” азаматтарының елін жоктаған құнды дүниелері басылғаны белтілі. Кітаптың жарыққа шығуы елеулі женис болса, арты кунде жоғарыға шақырумен азап сор, ала-шақынға түсіріпті. Абырой болғанда, Б.Кенжебаевтың кітапты колдаған макаласы шығып, катор бұлтын сейілтеді. Бұл женинде Ү.Субханбердина “Қазақстан КП Орталық комитетінің ғылым мен мәдениет белімінде болған әңгімелерден менің түсінгенім біріншіден–профессор Б.Кенжебаевтың сын макаласының дер кезінде шығып кетуі; екіншіден – кітаптың бір данасы да қалмай тарап

кеткендігі; үшіншіден – менің атым да, атағым да жоқ кішкентай қызметкер болғаным көрінеді” – дейді.

“Әуелі бұл шіркінді бастау қыын”, – деп халқымыз айтқандай, Шекен “Айқап” оқиғасынан кейін білек сыбанып, кастерлі іске кірісіп кетеді. Мәскеу, Ленинград, Орынбор, Қазан қалаларындағы сирек кездесетін колжазбалар сакталатын кітапхана мұрагаттарды актарып, ондағы ертедегі халқымыздың асыл мұрасын “инемен құдыш қазғандай” ерінбей-жалақпай жинап, оны араб әрпімен осы жазуға түсірудің каншама қыын екенін тек сарылып ұзак отырып енбек еткен адам ғана сезіне алады. Біз осы орайда, библиограф ғалымның “Дала уалаяты газетіне” төккен тер, еткен енбегін айтсақ та жеткілікті. Атаптан енбек төрт том кітап болып (1989, 1990, 1992, 1994 жж.) бірінің артынан бірі басылып шыкқаны – бірінші Алланың, екінші егемендігіміздің арқасы. Осы мол дүниенің ішінде каншама құнды материалдар бар; ертегі дейсіз бе, батырлық ерлік, елдік, кісілік, әр түрлі миф, алуан түрлі хикаяга толы қызық та қымбат әдебиет үлгілері жетерлік.

Ү. Субханбердинна құрастырган жұз баспа табактан асқан осы төрт томдық енбектің екі тілде жазылғанын ескерсек (казак, орыс) бұл жұмыстың қындығы мен бағалылығы өздігінен-ақ түсінікті болатыны айқын. Оның үстіне ол кездегі араб жазуында бас әріп, үтір, нұкте, сыйықша, сұрақ белгісі сияқты тыныс белгілері қойылмайтындығын ескерсек, құрастырушуның текстологиялық жұмыста тартқан бейнет, ауыр жолын түсінға сокпайды.

Біз Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген баспасөзіміздің шыныайы жанашыры Ү. Субханбердинаның “Қазактың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар” (1963), “Қазак кітаптары” (1986) “Қазак халқының атамұралары” (1999) секілді аса құнды, елге зәру дүниелерді құрастырганын барынша құттаймыз. Сонымен бірге, соңшама қыын да ауыр енбектің алғы сөзі, соңғы сөзі, түсінігін жан-жақты толықтырып жазу тек аитар ауызға ғана оңай шаруа, әйтпесе бұл дегенініз, қадалып отырып, сарылып толғануды, байылпен байсалды жұмыс жасауды қажет ететін ауыр дүние, қасиетті де кадірлі енбек.

Бір тынбай халық үшін қызмет етіп келе жатқан ғалымның есқі жырларға деген құмарлығы да жан сүйсінтерлік. “Ғашық-наме” (1976), “Кисса-дастандар” (1986), “Ғашықтық дастандар” (1994) атты бірнеше кітаптарды араб әрпінен осы жазуға түсіріп, мұның да алғы сөз, түсініктерін жазып, ел иғлігіне айналдыруы да бір ғанибет.

Бұл дастандар ертеректе жүрттың аузынан түспей, жатқа айтылып, бірден-бірге тараң, ел маҳаббатына бөленгендігі белгілі.

Осындағы құнарлы дүниелерге сусал отырган халықка деген көзінде жинап-теріп жеткізіп, жырлын бағасын бітіп, байылтаған аламызға халық атғысы шекеңдей болған білеміз.

У.Субханбердинаның кандидаттық диссертациясы да көзінде женил-желлі корғала салмаған, оған да ескі көзінде жиналған жок. Ол 1964 жылы Казак ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен М.О.Әүезов атындағы Әдебиет және өнер институтының филология кенесінде сәтті корғалды. Диссертациясының тақырыбы – “Казактың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем адебиеті”. Бұл еңбекке академик Ә.Х.Марғұлан мен Казак ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е.С.Ысмайлов жетекшілік етіп. Біз бұған қарал “Зер калірін зергер танилы” деген халықтың аталы сәйкесінде түсіреміз.

Казір ғалым бар қажыр-қайратын жүрсап, ерінбей-жастықтай жинаған асыл мұрасы – алтын сандықтың үстіндегі отыр, беріміз де бұл асыл казынаға қызыға да құмарта қараймыз. “Асытың төт баспаілы” дейді халық, жақыннан ғұмырының жарқырай берсін!

ОЗГЕСІЛДЕШ

Куаныш ЖИЕНБАЙ

37 НІН ЖАРАСЫ ӘЛІ ЖАЗЫЛЫШ БІТКЕН ЖОҚ

Үрей!.. Енгеп етіміз үйрене бастаған сыйындарымыз ішір. Себебі, таскерен тағырының канды тыңдаудың ішінде жазылсыз жақыннан тағырын кінасіз көз жасын мойнына жүктеп, енді келесіғасыраға сүйрелесем ұрпак атында аймандай болармын деп ағынин жарылған-да қою-құла тарих. Жетікіт жер астындағы зынданының күнінде аялған. Аш карынға түскен ашы җантактың селіндегі жүрек қабылдымайтын бір коркынышты сезім тұла бойымызды баурап атты. Бұрын-соңы естімеген зар-запыран; мұз құрсанған, тас түрменің күніс тосты еденімен ал-ауыр кісен сүйреткен бір жалан аяқ келе жатыр. Сібірдің кара сұлында бүрсендеп, қараяй кесіп жүрген атақам же, байқосусында сүрініп кетіп еді, оны қолтықтан демеген ешкім болмады. Артынша қарлы борасын үйріліп соқты да алға шала жансар дәнешен болып болмас ақырғы жемін жүстып тұнды. Но, иесінде жетісіндейен бір құдайым білеін, бір топ құзын айналаны олемшілдірілес “зәлділе” болеп кекке көтерілді. КарЛАГ-тік білік дуалының іргесінде жүнін

құбылаға бұрып, тіс-тісіне тимей дірдек қаккан бір пакыр тамагын қырнап, туған жер такырыбына арналған бір әннің қайырмасын қайталасам шіркін, ең болмаса жұрт сол дауысымды естісе екен дейді. Салден соң, атылатындығын біледі. Неге атылғандығын тергеп-тексеріп жатқан тағы да тірі жан жок. Ыстық қорғасын жүрек тұсын жарып өтеді. Ар жағы елес...

Міне, осы тақылдетес оқиғаларды сан түрлі кітаптардан оқығанымыз бар. Консінгендіктен сақтасын. Сол жат жер, жат топыракта жерленген жерлестеріміздің ұзын тізімдерінің сонғы нұктесін қойып, жазықсыз атылып, жазықсыз жазаланған қыршын ғұмырлардың анық санына жеткен адамға да кісі бойы ескерткіш орнатқанымыз жөн-ау! Ақталған есімдерді қою шаңдақ арасынан аршып алып, мәр-мәр тастарға алтын әріптермен қашап жазып жатырмыз, жазып жатырмыз. Қаласынан моласы көп, талай тақсыретті бастан кешсе де белі бүгілменеген мына даланың күйс қойнауындағы әлі де айтылып үлгірмеген тың деректер каншама. Колдан қолға тигізбей үкілеп оқитын киелі кітаптардың толғак қазанында қайнап жатқандығын да естен шығармағандығымыз аbzal-ау, әсілі. Отыз жетінің қанқұйлы лаңына ілікпеген бүтін бір ауыл түгілі, содан аман-саяу қалған бір шаңыракты тауып алсаныз, кәне! Жара жазылған жок...

Бұл жолы бағыт қүйден мүлде аулақсын. Ушколтай апай сол оқиғаның тірі қуәгері. Және қөзіне жас алмай, тебіренбей қаймана қазакқа тән жітіме секілдендіріп баңдал бере алмайды. Сол көріністер санаудағы селкеуілкін бәрін сылып тасап қайта жаңғырады сіра, асқартаудай әкенің шарасыздықтан бүкіл, тұла бойы үгітіліп, жігері жасып, мынадай әділетсіздікке бір амал таба алмағанына налып, ішкүса бол бара жатқан бейнесін еске аалы, сіра. Міржақып Дулатовтың сырлас досы, “кашып жүргенде кол ұшын берген азамат”, Шығыс Қазақстан облысы. Қатын-Қарғай ауданы, Алтай ауылдарында орта мектептің директоры, математика пәнінің мұғалімі Хасенов Субханбердіні де 1937 жылдың 9 желтоқсаны күні “үштік” алдарына салып айдайды да кетеді. Баланың қенижесі – Ушколтай болса шешесінің орнына шеше болған нағашы апасының бауырына тығызып, үнсіз жылап, сүр шинелді сұмырайлардың кімдер екендігін де анғарастан кала береді. Он жастагы қыз әкесінің он жылға сотталғандығын да кейін біледі. Бірақ не үшін? Осы сұрақ әлі күнге дейін шешімін таптырмай-ақ келеді. Кімнен сұрайтындың: жанс белісіз. Экессі Элихан Бекейхановтың, Міржакып Дулатовтың, Шәкәрім Құлайбердиевтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жұсіпбек Аймауловтың, Мәшінұр Жұсіп Конеевтың, Әлімхан Ермековтың, Халсл Досмұхамедовтің... енбектерін жинастын. Балаларға да осы есімдерді жиірек айтады. Халықтың қаймагы атаптап алғын тұлғаларға еліксту -

ертеңге деген үмітті оятқандай еді. Үшкөлтай апай да осы алыптардың аттарын әке аузынан естігеніне шүкіршілік жасайды. “Халық жауының күзы” атанып, неше бір кедергілерге жолыкканымен қынқ демегендігі, жастайынан өзіне қатаң талаң қоя білгендігі, титтей нәрсеге “шагыла” салмайтын ұстамдылығы мен табандылығы балқым, соның аркасы шығар.

Субханбердина өмір көшінен қарыс сүйем кейіндеп қалған жан емес. Үнемі өшпендейділікпен өз тағдырын өрге сүйреп келеді. Әкесі ұсталып кеткеннен кейін-ак нағашы апасы үй толы құнды кітаптардың барлығын өртеп жіберген. Өшін содан алайын деді ме, кейіннен балаларға кесірі тиер деді ме. Сол кітаптар Үшкөлтай апайдын колына қазір түссе гой. Оқыды, білім алды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шүғылданды. Әлкей Марғұлан секілді ғұламалардың ақыл-кеңесін тындады. Шаң басқан мұрағаттардағы халқымыздың кажетіне жарайтын талай құнды құжаттарды қайта тірілтті. Қазан, Мәскеу, Санкт-Петербургдың мемлекеттік кітапханаларында айлап отырды көз майын тауысып Қазан төнкерісіне дейінгі қазақ басылымдары өмірге қайта келді. “Айқап” журналы, “Дала уалаятының газеті”, “Түркістан уалаятының газеті”, “Қазақ” газеттеріндегі әлі қүнге дейін маңызын жоймаған мақалалармен қайта қауышуға казак оқырманы Үшкөлтай апайдын аркасында толық мүмкіндік алды.

М. Эуэзов атындағы Әлебиет және өнер институты аға ғылыми қызметкери, гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Үшкөлтай Субханбердина қажыр-қайратымның барында әкемнің қаза тапқан жеріне табанымды тигізіп, басына мәрмәр тастан ескерткіш орнатсаң шіркін деп армандаған. Субханберді Хасенов 1942 жылдың 28 тамызында Краснояр өлкесі, Саян ауданы, Тугачинск лагері манында қаза тауыпты. Өкініштісі, “әкен мына жерге жерленген еді” деп ешкім де жөн сілтеп жібере алмады. Үшкөлтай апай Алаш азаматтары туралы тың деректердің түзілімінен құралған ғылыми еңбегін 1993 жылы жеке кітап етіп жариялатқан еді.

Сол еңбегінің алғашқы бетіне “Жазықсыз жазалы болған әкем Субханбердінің аруағына бағыштаймын” деген бір сөйлем жазды. Қайтсін, бұл да болса көнілге демеу.

37-нің жарасы әлі толық жазылған жоқ... Қашан?!

Сұралқ қою қажет пе осы.?!

ҰЛТ МҰРАСЫНЫң ЖАНАШЫРЫ

Қазак даласында XIX ғасырдың II жартысынан бастап Қазан төңкерісіне дейін шығып тұрған ресми және ресми емес басылымдар ұлттық сананы, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірді оятуға, мәдени-әдеби түсініктің молауына, өнер-ғылым, білімге, яғни өркендеуге үндеу, жалпы сол кездегі «казак қоғамының тыныс-тіршілігінен хабар беретін, ұлттық әдебиеттануымызда ғылыми құндылығы бар дерек көзінің бірі ретінде саналады.

Ұлттық әдебиеттануымызга баспасөз тарихын зерттеп, басылымдардың қоғамдық-саяси мәніне арналған Б.Кенжебаев, Х.Бекхожин, Б.Әбілқасымов, Т.Қәкішев, Ә.Әбдіманов, З.Бисенғали және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерін атауымызға болады.

Әсірсесе, ұлттық баспасөздің екі ғасырдай уақыттагы жайы, тарихы туралы үлкен-үлкен дүниелерді халқымызға сыйлаған, 1956 жылдан бастап өзінің саналы ғұмырын Қазан төңкерісінен бұрынғы казақ баспасөзін іздеуге, олардың тарихын зерттеу, сол кездегі мерзімді басылым беттерінде жарияланған макалалардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерін жасау және олардың мәтіндерін қазіргі оқырман қауымға лайықтап жариялау ісіне арналған және әйел ғалымдардың ішіндегі тұңғыш библиограф ғалым – Үшкөлтай Субханбердина екенін айтудың парызымыз.

XIX ғасырдың аяғында шықкан казак баспасөзі “Түркістан уалаятының газетінен” бастау алары сөзсіз. Ал казақ баспасөзі тарихын зерттеуші ғалымдар Х. Бекхожин және Б.Кенжебаевтың еңбегіне сүйенсек, XIX ғасырдың екінші жартысынан казақ газеті шығып тұрды. Ол – “Дала уалаятының газеті” деп атап корсетеді.

Дегенмен, Ү.Субханбердина “Түркістан уалаяты газеті” казак тілінде шыққан тұнғыш басылымның бірі екенін дәлелдеп жеткізді. Өзінің 1961 жылы жарық көрген “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар” деген еңбекінде: “Революциядан бұрын казақ тілінде шыққан басылымдар “Түркістан уалаяты газетінен басталады” деген пікір айтты.

Ү.Субханбердинаның атқарған жұмысын тұтас бір ғылыми-жергізу институттының жұмысымен салыстырута болады. Ү.Субханбердина еңбектерінің үлкен бір тобы ұлттық мерзімді басылымдар тарихын зерттеуге арналған. 1962 жылы “Білім және сибек” журналының 5 нөмірінде жариялаған “Түркістан уалаятының газеті” деген мақаласында оқырмандарды осы газеттің шығу тарихымен, оның

шығарушыларымен, газет бетінде 1870—1882 жылдар аралығында айтылған негізгі мәселелерімен, газет авторларымен таныстырыды.

Іә, бұл қазак баспасөзі тарихындағы Ү.Субханбердина ашқан ғылыми жаңалық еді. Осы макала жарияланған күннен бастап қазак баспасөзінің тарихына арналған барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарында “Түркістан уалаятының газеті” қазак тіліндегі тұнғыш газет ретінде айтыла бастады. Осылай, стилизацияларың жазықсыз құрбандарының бірінің ұрпағы, қазак қызы ашқан жаңалық ел иішігіне айналды.

Сирек кездесетін кітаптар, колжазбалар бөлімінде ширек ғасыр ретке келтірілмеген дүниелерді реттеуден басталған шаруа катардагы кітапханашыны ғалым деңгейіне көтерді. 1964 жылы “Қазактың революцияға дейінгі баспасөзі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация коргады.

Ү.Субханбердина “Түркістан уалаяты газетін” тірілтіп, топқа косып ғана қоймай, қазактың төңкеріске дейінгі мерзімді баспасөзін (“Дала уалаятының газетін” – 5 кітап, “Айқап” – 3 кітап, “Қазак” – 2 кітап, “Алаш” – 1 кітап, “Сарыарқа” – 1 кітап) библиографияға енгізуші. Ұлттымыздың ұранындағы болған, аталы жұрттымыз, ауданды ұлттымыздың аты “Қазакты”, өкінгенде, қапыда қалғанда айттар сез «Айқапты» ұлтқа жақыннатушы, Қазактың Ғылым академиясындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің негізін салушылардың бірі.

Аласапыран уақытта қатерлі іске басын тігіп, қаймықпай, тартынбай тырбанған еңбектін жемісі де, женісі де осымен біткен жок. Оған дәлел Ү.Субханбердинаның “Егемен Қазақстан” газетінің тілшісіне берген сұхбатында: “Алла ғұмыр берсе келесі кезек Ордада, кейін Оралда шығып тұрган демократиялық-агартушылық бағытты ұстанған, басшысы Елеусін Бұйриң болған 1911—1913 жылдардағы “Қазақстан” газетін “Дала уалаятының газеті”, “Қазак”, “Айқап” сияқты жеке кітап етіп шығару. “Қазақстанда” ұлттымызға қажырлы еңбек көрсетіп, үлті болған аяулы ұлдарымыз С.Менделев, Б.Қаратаев, М.Малғыбаев, Ахмет, Міржакып, Әлихандардың мұралары жинақталған — деп айтқаны.

Қазак баспасөзін зерттеушілердің сапында ортамызда жүрген ғалымдардың, оның ішінде Ү.Субханбердинаның ғалымдық жолы, ғылымға келтірген пайдасы арнайы зерттеуді қажет ететіні шындық. Себебі ғалым зерттеген қазактың төңкеріске дейінгі баспасөзі қазак әдебиеті мен тілінің дерек көзі ретінде саналады.

Халқымыздың әдеби мұраларын игеру, қазак зиялъяларының фольклорлық ұлгілерді жинап, өз аттарынан жариялауда мерзімді басылым “Дала уалаятының газетінін” (ДУГ) қосқан үлесі аз емес. Патша өкіметті тараپынан қазак тілінде шығарылған соңғы реңми газет

болды. Ол Омбы қаласында 1888 жылдан бастап 1902 жылга дейін үзбей шығып тұрды. “Дала уалаяты газетінің” дүниеге келуі 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген, Дала генерал-губернаторының құрылуымен тікелей байланысты. Себебі, баспасөз жөніндегі бас басқарма “ДУГ” жергілікті халықты үкіметтің бүйірек-жарлықтарымен таныстырып отыру үшін шығарып тұруға рұқсат еткен.

Газеттің екі бөлімі болды: реңми және реңми емес бөлім. Соңғы бөлімде көбінесе көпшілікке пайдалы, ғылым-білімге қатынасы бар мақалалар басылып тұрды. Газет негізінен жергілікті әкімшілік орындардың реңми органы болғанымен, халықты мәдениетке, өнер-білімге шақыруда улкен роль атқарды.

“ДУГ” газетінде жарияланған көркем шығармалардың бір тобы жеңе авторлардың өз туындылары болса, екінші тобы орыс тілінен немесе шығыс әдебиетінен тәржімаланған азыз-әңгімелер мен сол кездегі халық арасына тараған нұсқалары болды. Газет бетінде басылған әдеби нұсқалардың көбі халқымыздың сол кездегі әдеби мұраларынан бізге жеткен азғана нұсқалары болумен қатар, жазба әдебиетіміздің алғашкы карлығаштарының бірі еді.

Сондай-ақ, газет бетінде басылған әдебиет мәселесі туралы пікір таласына арналған мақалалардың алатын орны ерекше. Сонымен қатар сол дәуір үшін маңызды ел, жер тағдыры, зан, отырықшылық, тіл тазалығы секілді мәселелерді де сөз етіп отырды.

Корыта айтқанда, аталған газет әдеби, классикалық мұраны жариялауда, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын насиҳаттауда, өзге елдер мәдениеті мен тарихын, әдебиетін таныстыруда да елеулі роль атқарғанын ғылыми түрткүда жүйелеп, онда жарияланған әдеби мұраларды халқымызбен кайта қауыштырған ғалым Ү.Субханбердинда болды.

Соқтықпалы, соқлақты сүрлеу өмірде қалам қадірінше ұлтына пайда келтірген азаматтардың қатарында ер-азаматтай ерлікке парапар тірлік көрсеткен Ү.Субханбердинаның жүлдизы әрқашанда жоғары.

ХАЛЫҚ КАЗЫНАСЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Кернекті ғалым, библиограф Ушкембай Хасенханы Субханбердинаның еңбек жолының бір белгі Ортатық ғылыми кітапханада етті. Өзі басшылық еткен Сирек көзделсегін кітаптар мен колжазбалар корынын ашытуы, кальптасуы және корды толыктыруда көптеген жұмыстар аткарлыцы.

Казан тәнкерісіне дейінгі казак баспасөз беттерінде жарық көрген макалаларды жинауда көп еңбек сінірге. Сол жылдары келешек үрпак үшін жиналған материалдардың кандай осылынан келгенін ғалымдарымыз бен зерттеушілеріміз белді. Көп майны тауыса отырып зерттеп, оқырман қауымның толық жетілдігече есід араб ерпімен жазылған әдеби, мәдени мұраларымыз ғұтас бір үшіннен жазба байлығын көрсететін талтырмайтын жәдігер болып табылады. Сол күнды мұралардың ішінен ерекше атап етегін бір материалда тоқтала кетсөм.

У.Х.Субханбердина Ортатық ғылыми кітапханасынан 70 жылдың мерейтойына 17 кітапшалан тұратын ез көльмен жиналған материалдарды тарту етті. Бұл материалдар 1956 жылдың Санкт-Петербург қаласындағы М.Е.Салтыков-Щедров атындағы Мемлекеттік кітапхана, Маскеудегі В.И.Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхана және Ортатық мемлекеттік мұрағаттардағы К.И.Салтыковтың колхатымен көтерлі заманда елшесіз гер тегінің жиналған материалдар. Бұл кітапшалардың көзінен казак баспасөзінде 1913-1921 жылдардың аралығындағы "Айқат", "Мұғалім", "Жаңа емір" Аяғез каласы Семей облысынан шыққан 1920 жылдың сандары, "Неділ сөзі" газетінің Омбы 1921 жылдың сандары, "Алжол" 1921жыл, "Алаш" (1916-1917ж.) газеттерінің Ташкент каласында шынысан сандары, "Казак", "Алаш", "Сарыарқа" газеттерінің (1913-1917) жылдардың сандарында басылған макалалардың қыскана мазмұндарынан жазылған.

Казак елінің тарихы, саяси, мәдени емірі және шаруашылығы туралы нақты мағліметтер жазылған. Негізгі козғалған мәселелер мұнайшар:

- бастауыш мектептерде ана тілін оқыту, кітаптың кай тілде, кандай ерітіншін шығару жайы;
- медицина тәжірибелі (түрлі аурулардың белгілері, емдеу жайын жазған);
- үкімет басқару істері, басқа елдермен кирым-жатынастар;
- жер мәселесі;

- эйел тәндігі, жас балалы әйелдерге қамкорлық жайы;
- казак студенттері мен мұктаж окушыларға көмек;
- казак окушыларын сұнгуір қайыктың құрылышымен таныстыру, колдануы жайында және т.б. мәселелер.

Сонымен катар кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен колжазбалар қорына өзінің жеке архивінде көненің көзіндегі болып сакталып келген кітаптарын өткізіп жатыр. Үлкен ғалымдарымыз өз пікірлерін білдіріп, жылы лебіздерін жазған жеке кітаптар, фотокөшірмелер т.б. мұрағаттық материалдармен қорды толықтырып келеді. Мысалы: Тұрсынбек Қәкішев, Мәди Айымбетовтердің жазған мынадай пікірлері бар “Төңкеріске дейінгі баспасөздегі көп мұрамызды ашып бергенізге раҳмет айтып, биік адамгершілік парасатынызды құрмет тұтамыз” деген. Тек қана келешек жас зерттеушілерге деп арнап өткізген материалдарының өзі 70 шакты болды. Әлі кітапхана қорына деп жинактап жатқаны қаншама екен....

Ушқолтай Хасенқызының еңбектері тек ғалымдар мен зерттеушілерге ғана емес қарапайым ауыл оқырмандарына да танымал. Шығыс хикаясы желісіне құрылған “Фашық намс” казак ластандарының жинағы кезіндеге көпшіліктің көnlінен шығып, үлкен сұраныска ие болды. Кітапты дүкен сөрелерінен 2-3 данадан алғып, жетпегендегі көрші қалалардан іздел жүріп сатып алғып, зор ынтамен оқығандары сонын айғағы. Облыс көлемінде жас зерттеушілер хат арқылы хабарласып, ақыл кенестер сұрап, пікірлесіп тұрады.

Ата-бабаларымыз кейінгі үрпағына аманат етіп калдырган жазба мұраларын киын-қыстау кезде жинап, колмен көшіріп жазып, көзінің карашығындаи сактап келген Ушқолтай Хасенқызының олшеусіз енбегін қалай айтсақ та, мактаныш етуге тұрарлық ерлік іс!

Тағдыр сыйлаған үлкен жүкті арқалап, шаршамай келе жаткан ғалым апамызың ғылыми енбегінен басқа адамгершілік тұлғасы өте биік жан.

“Осы аздаған енбегімді оқырман қауым соңшама құрметтейді, менімше асып кеткен ештеме жасаған жоқынын, жүрт катарлы енбек етіп жатырмын”, - деуі үлкен парасаттылықты корсетеді.

Бізге келген сайын кітапхана директоры Күлжіған Кулишәрілқызына, Лаура Дүйшіккызына және т.б. коптеген қызметкерлерге аса ризашының білдіріп, жылы лебіздерін айтып жүреді.

Орталық ғылыми кітапхана жалпы оқырман қауымның талап-тілектерін уактылы және жауапкершілікпен орындауда көптеген игі істөр аткарып келеді.

Сонғы жылдары оқырмандарымыз тарихи деректер мен өзінің құндылығын жоғалтиған мұрағат материалдарына көп сұраныс

білдіріп отыр. Үкімет тарапынан ұлттық жазба мұраларымызға көп мән беріп, көңіл бөліп отырған кезде мұрагаттық материалдардың маңыздылығы арта түспек. Кітапхана өз корларын сирек кездесетін кітаптар мен колжазбалар қорымен толықтыруға баса назар аударып отырады. Жуықта тағы бір салалық қажеттілігі бар кітаптармен толықтырылды.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, энергетика саласында көптеген жылдар қызмет еткен, көрнекті ғалым Ш.Ш.Шөкіннің жеке мұрагатының материалдарынан құрастырылған кітаптар кітапхана корына өтті. Өмірінің соңғы кездерінде жинақтаған материалдарын өзінің тірі кезінде ақылдаса отырып құрастырып, баспадан шығардық. Белгілі бір хронологиялық жүйемен әлі баспасөз беттерінде жарық көрмеген материалдармен толықтырылып, 90-жылдық мерейтойға арналған 2 томдық жинақ болып шықты. Бұдан басқа бірнеше томдық мұрагаттық материалдардан құралған кітаптары кітапхана корына өтті.

Бабаларымыздың жаугершілік пен көшпенділік килы заманда жиналған мұраларын өндеп, түптең, кайта қалпына келтіруде колымыздан келген жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып келеміз.

Өзі өлсе де, артынан өлмейтіндей мұраларын қалдырган халқымыздың асыл қазынасын келешек ұрпакка жоғалтпай, сол қалпында сақтап жеткізуді өзіміздің негізгі міндеттіміз, азаматтық парызымыз деп санаймыз.

2004 жыл.

ОЗАҚОЗАҚОЗАҚ

Камбар АТАБАЕВ

ҚАРЛЫГАШ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Қазак баспасөзінің қарлыгашы, белгілі бір мерзімділікпен қазак тілінде шығып тұрған тұңғыш газет – “Түркістан уалаятының газеті” 121 жылдан кейін жеке кітап болып басылып шықты. Бұл еңбекпен 50 жыл бұрын айналыса бастаған, осы іске бүкіл саналы өмірін арнап, бір өзі бүкіл бір ғылыми зерттеу институтының жұмысын атқарған сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының Бас библиографы Ушкөлтай Субханбердина еді.

“Білім және еңбек” журналының 1962 жылғы 5 номірінде жарияланған “Түркістан уалаятының газеті” деген мақаласында У.Субханбердина оқырмандарды осы газеттің шығу тарихымен, оның

шыгарушыларымен, газет бетінде айтылған негізгі мәселелерімен, газет авторларымен таныстырырды. Ал, оған дейін қазақ тілінде шықкан алғашқы “Дала уалаятының газеті” болған деген пікір айтышп көлтөн еді.

Мысалы, М.Дулатов 1923 жылы “Баспасөз үмесі” деген макаласында: “Мерзімді баспасөз бізде қашан тұғаны белгілі... Қазагы, қырғызы бар Қазақстан, Ғүркістанның коса санағанды бұл күнге шейін шығып тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар: 1.“Дала уалаятының газеті ”. 2.“Серке” – деп, барлығы 42 басылымды атаса (“Еңбекші қазақ”, 1923, 5 мамыр), қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші Б.Кенжебаев: “Қазақ халқының тарихында тұңғыш рет XIX ғасырдың ақырынан бастап қазақша газет шықты. Ол “Дала уалаятының газеті” деп аталады” – деп жазды (“Қазақ баспасозінің тарихынан мәліметтер”. Алматы, 1956, 15-бет.) Ал, Х. Бекхожин “Первая казахская газета “Дала уалаяты” (1888–1902 гг.)” деген тақырып бойынша арналы диссертация корғады. Демек, бұл қазақ баспасөзі тарихындағы Ү. Субханбердине ашқан үлкен ғылыми жаңалық болып табылады. Жеке кітап түрінде таска басылып, кайта жарыққа шықты.

Тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы Ресей империясының қол астындағы барша түркі халықтары тілінде шықкан алғашқы газет материалдарын казіргі жазу танбасына түсіріп, жинақ ретінде құрастырушулылар М.О. Өуезов атындағы Өдебиет және өнер институтының Колкабза және текстология орталығының қызметкерлері Ү.Субханбердина, П.Әуесбаева, С.Қосан, Т.Әлібек және Т.Әкімовалар. Жинақ “Ғылым” ғылыми баспа орталығынан шықкан. Таралымы-500. Көлемі 35 баспа табак.

1870 жылы сәуірдің 28-інде (ескі стиль бойынша) Ташкент каласында жарық көрген бұл газеттің қазақ тілінде шықкан тұнғыш газет екенінің дәлелдеп, оның мазмұнын халқына жеткізген, 2004–2006 жылдарға арналған мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасында көрсетілгендей мәдени мұраларымызды жинау ісіне бүкіл санаты өмірін ариған, КР Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының Бас библиографы Ушқолтай Субханбердина еді.

“Бір жоқты бір жок табар” – деп, қазекем айтнақшы, бұл газетті қалай тағқадырытурын Ушқолтай аяйымыз осы жолдардың авторының айтқан әнгімелесінде: “1956 жылы Санкт-Петербургаты М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханасында “Айқанғын” жетіспеген сандарын ғана жүріп, бір газет тігіндісінің бетінде жазылған “Кир” деген сөздерге көзім тусти. “Кир” деген (демек, “Қаз” деген, бұрын орыстар қазақтарда “киргиз” деп, кемсітін атап) – К.А.) соң көзімे оттай басылдым. Еріксіз газет тігіндісін көліма анын жаридам,

Сөйтсем, қазак тіліндегі “Түркістан уалаятының газеті ” екен ”, – деп еді. Иә, “жұргенге жәргем ішінег” – деген осы да.

Казак тіліндегі алғаш жарық көрген “Түркістан уалаятының газеті” (бұдан әрі – “ТУГ”) де, одан кейін жарық көрген “Дала уалаятының газеті” ” (бұдан әрі “ – ДУГ”) де біздер үшін ле, келер ұрпак үшін де, ен алдымен, казак тарихының өзіндік ерекшеліктері бар жазба деректері, әсіресе, казак жерлерін Ресейдін отарлау тарихының дерек көзі ретінде қымбат.

Егер, ұлт тарихы мұддесін қарап, деректану ғылыминың негізгі қағидаларынан шығар болсак, онда “ТУГ” де, “ДУГ” де казак жерін Ресейдін отарлау тарихының жазба деректерінің өзіндік ерекшеліктері бар жана түрі, жана тобы деп айта аламыз. “ТУГ” мен “ДУГ”-нің казак тіліндегі жазба дерек ретінде басты ерекшелікі – олардың мерзімділігі. Газетке тән басқа ерекшеліктерін айтағаниның өзінде, белгілі бір мерзімде ұзак жылдар бойы шығып тұруы, оларға казак тарихында тұнғыш рет Ресейдін Казакстанды отарлау процесінің барысын казак жазба дерегінде синхронды бейнелеуте мүмкіндік берді. Сондыктан бұл екі газетті тарихи дерек көзі ретінде талдау зерттеушілерге, бір жағынан, казак жерін отарлаудың динамикасын көрүте, тәсілдерін байқауға, нақты қолданған шараларымен тәнисуга, жалпы мақсаттарын үеренірек түсінүте мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ұлт әмбіндегі ен бір құрағы кезең. XIX ғасырдың соңы үшінші балғандегі ел тарихынан мол мағлұмет береді.

Бұл газеттерді тарихи дерек көзі ретінде пайдапану барысында зерттеуші олардың басты ерекшеліктерімен көтәр, басқа казак тіліндегі басылымдардан айырмашылығын да ескеруге тиіс болады. “ТУГ” мен “ДУГ”-нің ездерінен соң түнгізге келген казак тәжірисіне деңгінгі казак тіліндегі басылымдардан басты азгешелікі – олардың реесмилігі. Екеуінің де патша екіметтің әрнәді шеттімбете, белгілі мақсатта, ен бастысы, сонын көркемліктерінде, жергілікті екімшіліктің басылышымен және белгілі тарихи түркімнігі.

Елімізде бөзыңызғыл тілжардағы орындаған дәйніті көзенде ана тілімізде шығып тұрган 14-15 газет-журнальшар ғрасында ең ұзак әмір сүргендегі де осы екеуі болғандытың көздейсек ешас. “ ТУГ ” 1870-1882 жылдар әралығында, “ДУГ ” 1888-1902 жылдар әралығында. Демек, екеуін коссак патша екіметтің жергілікті жердегі реесмі органдары тұра 27 жыл бойы екінші жылдан бері газеттерді бекер шығарып тұрмадан бекар елі.

Конынша жаңа тапта тиіген қынайқа салынғанда мағадаларға және хейнде Уәубханбергина жақалған газеттің мазмұндарынан бітбілияттіліктердегі тілжардағы деректануының талдау жасзу. Газетте ен әзізді тілжарды

Ресейдің өзімен көрші елдермен қарым-катанасы туралы мәселелер болғандығын көрсетеді. Ресейдің сыртқы саясатына арналған мағалалар газет материалдарының үштен бірін күраған (“Казак баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі” (1870–1918), Алматы, 2000. 100-101 бб.)

Әрине, ол кездескіткіш емес. Ол – Ресей империясының өзге халықтардың жерін жаулап алу максатында жүргізіп отырған басқыншылық саясатының айқын көрінісі. Ресей Қытаймен және Орта Азия халықтарымен катынаска ерекше көnl белген. Тәуелсіз Орта Азия мемлекеттеріне деген қызығушылықтың негізінде, сол отаршылдық мақсаттың жатқандығын аңғару киын емес. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Бұхар, Кокан және Хиуда ханлықтарына өз ықпалшарын арттыру максатында Англиямен өрши түскен бәсекелестік Ресейге өзінің бұл бағыттағы саясатын белсенді жүргізуге итермеледі. Осындай белсенді саясаттың көрінісі белгілі бір дәрежеде “ТУГ” бетінде де бейнеленді. Дегенмен, патша өкіметі бастаған ол саясатты кенес өкіметінің ғана аяқтай алғандығы тарихтан белгілі. XX ғасырдың 20-жылдары Орта Азия мемлекеттерін толық айрып КСРО құрамына енгізу үрдісі аяқталды.

СОЛДАСЫ

Динара КАСЫМБАЕВА

КАЗАК БАСПАСӨЗІНІҢ ТҮНГШІ ҚАРЛЫГАШЫ

Казак баспасөзінің көшбасшысы “Түркістан уатаятынын газетінің” дүниеге келуі халқының рухани және саяси-көғамдық өміріне тын өзгерістер әкелді. Ол алғашки ұлт зияялтарының публицистика саласын игере бастауына бағыт-бадлар беріп XIX ғасырдың соңынан қарай казак баспасөзін толық катынасуына негізделді.

Алайда, басылымның жарықка шыгуының саяси астары да жоқ емес еді. Газеттің басылуы отарлау бұтауын Кіндік Азиядагы Түркімен, Хиуда, Кокан ханлықтарына, Қытай ханлықтарына, Қытай еліне бағынышты Шығыс Түркістанға салған, тіпті, ауган, ағылшын соғысынна да аратасын, ол жерде де өз үлесін дәметкен саяси ахуалта толы кезекмен тұста-тұс келеді. Сол себептен, 1868 жылы казак елін толық билеп келген Орынбор, Батыс Сібір генерал-губернаторының колына асқери азаматтық билікпен коға Қытайды, Иран сияуты елдермен дипломатиялық хөміссе жүргізуге құнық берілді. “Түркістан уатаятының газеті” казактар “жарыт патша” штап көткен

сол Түркістан генерал-губернаторының (фон Кауфманиның) ресми газеті. Сондыктан, 1870 жылдан бастап “Түркестанские ведомости” дегендегі 13 жыл бойы шыққан газеттің алғашқы жылдардағы сандарында көбінше жарлық, үкім, қаулы, бұйрық, сот шешімі сияқты ресми құжаттар жіңі жарияланды. Идеология қуралы болғандыктан, газетте алыс шет елдердегі, Ауғанстандағы, Шығыс Түркістандағы мұсылмандардың отаршыларымен соғыстары, оларға Ресейдің ықпалы, орыс әскерлерінің Орта Азиядағы шапқыншылық жорықтары туралы хабарлар көпеп басылды. Басылым отаршылдыққа қарсы бас көтерушілер: Шәміл имам, Жакыпбек бек, Сыздық төре сынды көсемдердің батыл әрекеттерінен тоқталып, ресми тұрғыда сыйнап мінеп отырады. Жер, мал, егін шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда мәселелеріне ерекше мән беріп, оку, білім салаларына да тоқталды. Соғыстың, табиғат атаптарының салдарынан аш-жалаңаш қалған елдердің де саяси-әлеуметтік жағдайлары соз болды. Мұнан өзге Ресей, шет елдер басылымдарынан аударылып басылған материалдардың әралуандығы газеттің саясиян арттыра тұсті, Шыныс әдебиеті үлгілерінің үзінділері, фольклорлық туындылар мен халық ақындары шығармаларының аракідік болса да жариялануы газет шығарушылардың сәтті ізденісін байқатады.

“Түркістан уалаятының газетінде” басылған тарихи, саяси, мәдени мәселелердің деректемелік құндылығы өз мәнін әлі де жойған жок. Әсіресе, халық әдебиетінің түпнұсқалық үлгілерінің газет жарияланымында сакталуы – әдебиеттану ғылымы үшін маңызды. Сонымен қатар, басылымның тіл, публицистика тарихын зерттеуде де алатын орны ерекше.

Кеңес дәүірінде сан ғасырлар қазақ әдеби тілінің негізін салып келген араб әліпбінің шеттегілуі тұтас бірнеше ұриқтың рухани құндылықтарымен қайта танысуына мүмкіндік бермеді. Солардың бір саласы Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз басылымдары. Осы ретте жарты ғасыр бойы көз майын тауысып, “Түркістан уалаятының газетінен” өзге газет-журналдарды қазіргі жазуға түсіріп, бастырып, ел иғілігіне айналдырған кітаптанушы-ғалым Ү. Субханбердинаның қажырлы еңбегі айрықша атап етерлік.

“Түркістан уалаятының газетінің” микрокөшірмесін Ү.Субханбердина 1956 жылы Ленинградтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханага арнайы барған сапарында қолға түсіріп, Орталық ғылыми кітапханага еткізген. Ал түрлі себептерге байланысты газеттің Ташкент қаласындағы түпнұсқасын елге жеткізуіндің орайы келмеген. Кітапханада жарты ғасыр сакталған жалғыз микрокөшірменің бүгінгі жай-күйі сын көтермейтін жағдайда. Соны ескерген М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты басшылығы оны

фотокөшірмеге түсіріп, Қолжазба және текстология орталығының қызметкерлері қазіргі жазуға көшіріп, мәтінін баспаға әзірледі.

Баспаға әзірлеу барысында жинақ, негізінен, ғылыми мақсатта жүргізілгенімен, жалпы оқырман қауымға да қатыстырылығы ескеріліп, бүгінгі тіл нормасына сәйкес емес тұстары түзетілді. Есесіне, газеттің барлық сандарының факсимилесі қоса ұсынылды. Бұл басылым тіл, әдебиет, этнография, тарих, мәдениет, публицистика салалары тұрғысында зерттеуді мақсат тұтқан оқырмандар үшін үлкен қөмек құралы болары сөзсіз.

Сөз соңында жинактың баспаға әзірленуіне атсалысып, бірнеше жыл тер төккен Қолжазба және текстология орталығының қызметкерлері Т.Әлібек, П.Әүесбаева, С.Қосан және Т.Әкімоваlardың еңбегін атап еткен орынды.

ОЗАҚСЫЗДАУ

Тұрсынбек КӘКІШЕВ

“ТҮРКІСТАН УАЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТИ”

Қазак тілінде тұнғыш рет 1870–1882 жылдары шығып тұрған “Түркістан уалаятының газеті” Түркістан генерал-губернаторының ресми органды болғанына қарамастаң қазак халқының көгамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби түсінігін молад беруіне едәүір әсер етті. Саяси-экономикалық мәселелермен катар оку-агарту ісінің жай-куйі, өнер білімін пайдалы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазак әдебиетінің хал-қадірі, қазак зиялыштары мен ғалымдарының өмірі жайында бірқызыру тарихи құнды макалалар, хабарлар жарияланды.

Газет редакциясы өзінін еліне, отанына адал қызмет етіп, еңбек сінірген адамдарға қадір-құрмет көрсету үшін орайы бар себеп пен сылтауды орынды пайдаланып қалуға талаптанған. Өсіресе, Шокан Уәлихановтың данкын жауға колынан келгенінің бәрін істеген. 1870 жыты Түркістан генерал-губернаторы Жетісу өлкесіне келгенде Шоқанның кабырына барып басына құлпытас орнатуға бұйрық бергенін тілге тиек етіп, Шокан жайында қазак тілінде тұнғыш рет келемді материал жариялады.

Онда генерал-губернатор “Шокан Шынғыс сұлтан баласы Уәлихановтың моласына барды.

... Моласы күйдірген кірпіштен салынылты. Сүйтсе де жаман екен. Бес-алты жылда бұзытын калатуғын. Дүниеден көшкен

Уәлихановтың сүйегін қадірлеп, сыйламақ үшін және орыс-қазактың есінен шыкпастығы үшін генерал-губернатор генерал-адъютант фон Кауфман құлпытас даярламаққа бұйрық қылды”, – деп жазды 1870 жылы 12 сентябрьде.

Ресми бұйрық шеңберінде Шоқанның ғалымдығын, өнерпаздығын, еліне қадірлі, сыйлы болғандығын атап көрсеткен осы мақаланың авторы онымен етене жақын таныс екендігін де аңғартып тастаған.

Бұл жарлық 1871 жылы орындалып, Шоқан қабырына мәрмәрдан жасалған құлпытас орнатылды.

“Түркістан уалаятының газетінің” казак мәденисті саласындағы ірі енбекі тек Шоқанмен ғана байланысты деуге болмайды. Оның бетінде ақындардың өлең-жырлары, айтystары, батыс пен шығыстың көнтеген аңыз-әнгімелері мен ертектері біршама мол жарияланған.

Газет редакциясының айрыкша ыждағат салғаны – қазактың төл әдебиеті. 1876 жылы Қазан қаласында “Кисса Қожа Ғаған уә ham Сагдуакас” деген кітап басылып шықты. Оны Мухаметжан Муфехиддинов өз ақшасына бастырған екен деп хабарлай келіп, “казак тілінде басылып шықкан кітапты біраз оқып-бліп айтсак, казак тілінде басылып шықкан болса да, тілінің көбі ноғайша, кейір жерінің созіне түсініп болмайды... Қазак тілін бұзып басып шығарыпты. Енді бұл кітапты оқыған адам казак тілі осы деп ойласа керек. Қазақ тілі кандай жарасып, бір-біріне жабысып тұрганын білгініз келсе, біз бір-екі ауыз сөз жазалық” деп қазак тілінің тазалығын сактау, оны бетен, түсініксіз сөздермен шұбарламау керектігі жайында пікір айтады. Қазак тілінің кандай ырғакты, әуенде, жүйелі кслетінін, сөздері “бір-біріне жабысып” тұратынын көрсету үшін Орынбай ақынның екі шумақ өлеңін мысалға келтіреді.

“Түркістан уалаятының газеті” казак тілінің тазалығын сактау, оны орынсыз шұбарламау жайында бекем позицияда болды. Осы түбебейлі мәселелеге сабактаса, өріле айттылған сыншылық ойдың алғашкы сілемдері де анық байқалды. Түсінікті де макамды өлеңдерді қадірлеуі, жақсы деп тапқан өлең-жырларды жариялатп отыруы, оған өздерінің көзкарасын білдіру – казак баспасөзімен үзенгілес туа бағтаған сыншыллық ой-пікірдің нақты белгілері.

“Түркістан уалаятының газетінде” жарияланған әдеби шығармалардың дені өртегі, аңыз әнгімелер болғанымен, қазактың жұмбактары мен мақал-мәтелдеріне де айрыкша ілтипат білдірілген. 1871, 1875-78 жылдары газет бетінде жұмбактар мен мақал-мәтелдер мол жарияланды. “Жұмбак пен мақал тақырыпты”, “Ташкент қаласында газет алатуғын бір кісінің қазакша жазып берген

жұмбактары мен макалдарын”, “Орыс макалдарын” басқан кезде газетті шығарушылар өз окушыларының бұл иғі іске әрдайым ат салысын отыруын етінген жарнама жазған.

Жарияланған макал-мәтедлердің, жұмбактардың мән-манызына назар аударған уақытта газетті шығарушылар көбіне-көп халықтың акыл ойына әсер ететіндеріне қоңіл бөліп, “жарлы болсаң арлы болма” дегендерден бойын аулақ ұстагандарын байқаймыз. Фибраты айқын, насиҳаттары мәнді, үлгі-өнегесі ашық макал-мәтедлерді әдей іріктеп, саралап басканын, колдарына түскеніне мәз бола бермегенін анғарамыз.

“Түркістан уалаятының газеті” шыға бастаған кезде Орта Азияны Россия империясына қосу процесі толық аяқталған болатын. Сондыктан оның бетінде жарияланған материалдардың басым көшілігі Орта Азияның онтүстігі мен таяу шығыска және Қытай еліне байланысты болды. Осы мәселені тек ресми түрде ғана емес, поэзия тілімен насиҳаттауға генерал-губернатор нұсқау берген де сияқты. Қазак және өзбек тілінде арнайы газет шығарудың аргы мақсатының бір сыры да осында. Демек, бұл газеттегі орыс каруының, патша ағзам әмірінің мықтылығын мадактау сарының көбіне осы мәселеге тікелей сабактастыра, байланыстыра қараған макұл.

Сондай-ак газет каракалпак әдебиетінің классигі Әжнияз ақынның казактың дарынды қызы Менешпен айтысын өзінің 1878 жылғы екі санында жариялаганын да айта кеткен жөн.

“Түркістан уалаятының газетінің” әдебиетке тікелей катысы бар материалдарына тоқтаған уақытта 1875– 1878 жылдар аралығында көркем әдебиет нұсқасы боларлық бірқылдыру дүниелерлін басылып шыққанын байқаймыз. Олардың мән-манызы да, көркемдік сапасы да да әр киң ой-пікірлерге өзек болғандай.

Қазак мәдениетінің тарихында тиісті орны бар “Түркістан уалаятының газетін” бүгінгі окуши қауымга алғаш таныстырыған Ү. Субханбердинаның бірді-екілі макаласынан баска зерделі зерттеулер жок. Сондыктан халықтың саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени және эстетикалық ой-пікірін оятуға септігін тигізген қазак баспасөзінің жыл құсы – “Түркістан уалаятының газеті” арнайы зерттелуі кажет. Етken енбектін еш болмасына, зая кетпесінеге газеттің әдебиет, мәдениет саласындағы баяндаған деректері-ақайфықты дағыл.

Сонымен, “Түркістан уалаятының газеті” қанша ресмиліктің қыспағында болса да халықтың әлеуметтік, эстетикалық ойына қозғау салды, қазак тілінің тазалығын сактау жолындағы иғі идеяны алғаш көтерді, халық үшін аянбай енбек еткен дарындарды, әсіресе, Шокан Үәлихановты құрмет тұтып, оның өмірі мен өнерін насиҳаттады,

мәнді де ажарлы шығармаларға орын беріп, әдебиетке жанашырылыш көрсете білді деп тапқан орынды.

Қазақ әдебиеті. 1970. 1 май.

ШЫҒАРМАЛАР

Аманжол ҚАНАФИН

ҚАЙТА ТУҒАН ҒАШЫҚТЫҚ ДАСТАН

Қазақ ССР Фылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан мен СССР Педагогика ғылымдары академиясының академигі Мәлік Ғабдуллининің басшылық етуімен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының “Жазушы” баспасымен бірлесе отырып шығарған бұл кітабы “Ғашық-наме” деп аталады. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған ертеректегі “Бозжігіт”, “Сейфұл-Мәлік”, “Таһир-Зұhra”, “Иран-ғайып шаһ Ғаббас”, “Жүсіп-Зылиха”, “Мұңдылық-Зарлық” сияқты қиссаларды құрастырып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған филология ғылымының кандидаты Ушкөлтай Субханбердина. Зерттеушінің бұл еңбегінен бал жинаған арадай талай жылдар бойы Қазан, Алматы архивтерін мұқият ақтарғанын аңгарамыз. Кітапта халық арасына кең тараган, Шығыс елдерінен, соның ішінде, араб, парсы, ұнді ауыз әдебиетінен алынып өлеңмен өрнектелген қиссалардың шығу тегі мен тарихы, ел аузында тарауы жайлы мәліметтер бар. Кітаптың соңғы беттерінде әр қиссаның туу тарихы мен сол дәуірге ғылыми болжамдар жасалып, кейбір жер аттарының қалай қойылғаны жайлы сөз болады, қазіргі сирек колданылатын көне шығыстың архаизмі мен неологизмдерін де жиі кездестіреміз, 300-ден аса атаулардың түп-төркініне ғылыми түсініктеме берілген.

Сонау гундер заманынан бастап аты әйгілі ата-бабаларымыз Шығыстың әлуетті елдерімен тарихи-әлеуметтік қарым-қатынас жасап, қоғамда өз іздерін қалдырған. Сондай елеулі оқиғалар көркем әдебиет саласында бірте-бірте бой көрсетіп, ауыз әдебиетіндегі қисса-дастандардың ұлттық тілімізге көркем туындылары жасалған.

Халқымыздың бай ауыз әдебиетіндегі ғашықтық жырлардың максат-мұддесі, таптық, тәрбиелік, эстетикалық мұраттары мен сюжеттік мазмұны құрделі. Аталған ғашықтық жырлар бір дәуірді емес, әр дәуірді қамтып, ұлттық шеңберде қалып қоймай, тарихи-генетикалық сюжетке құрылып, барынша жанарып, дамып өсіп келеді. Шығыстың сан ғасырға созылған бұл асылы – гауһар дүниелері төңкеріске дейінгі басылымда оқта-текте жарық көргенмен, көбі

тақырыбы жағынан ғашықтық-азаматтық сарындағы жырларға жаткызылып, ұзак уақыт зерттелмәді. Осы қиссалардың қайсысынан да қасиетті сезім – махаббатты ардактауды, өз теніне сүйіл қосылуы, адамгершілік асыл қасиетті жоғары ұстауды бейнелейтін поэтикалық куаты басым өлең жолдарын көптеп кездестіруге болады.

Біз шағын макалада қиссаның қазақша қашан, қай кезде қағаз бетіне түскенін, қайдан алынып, кімдер баспага ұсынғанын, қашан жарықка шыққанын айта алмаймыз. Оның себебін кітапты оку үстінде жүртшылық өзі түсінуге тиіс. Өйткені, шығыстану ғылымина толық хабардар адам болмаса, бұл қиссалардың шығу тарихы жөнінде калт басуы әбден мүмкін. Мысалы, бір ғана “Бозжігіт” қазақ арасында 1874–1911 жылдар аралығында 12 рет баспа бетін көріп, мол тараңса да, күні бүтінге дейін ол жайлы даулы пікірлер толастаған жоқ. Сонау көне дәуірдегі Дешті Қыпшактан басталған, кейін қазақ, татар, өзбек халықтарына сюжеті ортақ “Бозжігіт” дастанының бір ерекшелігі жырдагы қарт жыраудың Бозжігіттің экесіне баласының қайғылы қазасын естиртуі көңіл айту үлгісінде берілген:

Мінген аттан ер қалар,
Тапқан ерден мал қалар.
Ер басына күн туса,
Сүйгенінен жар қалар.
Дүниенің бәрі жок болар.
Ғалымдардан хат қалар,
Ұсталардан зат қалар.
Ойлап тұрсан, жаксылар,
Бұл жалғаннан кім қалар?..

Осы нұсқаның қай бетін ашсаң да, жырдың негізгі арқауы – махаббат. Бозжігіт пен Қарашаштың сүйіспеншілігі оқиғаның өзіне тән ерекшелігімен баяндалады. Шығарманың көркемдігімен қоса композициялық сюжет құрудагы басты ерекшелігі сол, жырши оны бір әуенмен емес, әр түрлі макамға салып айткан. Онда ұйғыр, өзбек халықтарында көп қолданылған өлең өрнектеріне баса назар аударылған. Нұсқада дастаның мазмұнындағы орынсыз қайталаулар алынып тасталған. Зерттеуші бір ғана “Бозжігіт” қиссасының жазылу ерекшеліктеріне тоқтай отырып, осы іспетпес шығармалардың XIX ғасырда Уфа, Казан, Ташкент, Орынбор қалаларында пайда болуына сәйкес, осы дастандарды баспа орындарына ұсынған “кітаби” ақындардың елеулі енбек достық пен туыскандықты насиҳаттаганын айтады. Бұл шығармалардың негізгі мазмұнынан феодалдық замандагы әлеуметтік өмір шындығын, тарихи кезеңдердің сыр-

сипаты мен Шығыстың бай ауыз әдебиетінде сақталған ата дәстүрін, әр киссаны жырлаудагы жыршының стиль ерекшелігін, философиялық ой қорытуы мен айшықты образ, бейнелі теңеулерді оқимыз.

Біз дарияның гауһары,
Сіз теңіздің жауһары.
Бірі меруерт, бірі маржан
Тізіліп тұр, жар-жар.
Ішім мұзға толған соң,
Жібіп кәусар болмас ол.

Осы текстес элитет, теңеулермен қатар, араб, парсы жұртынан енген не тамаша сез жауһарларымен қоса, бұл киссаларда діни ұғым, шектен тыс қиял теңізіне сұнгу секілді нәсілдік, ұлттық сарындар да байқалады.

Бұндай сарындардың көне халық мұрасында кездесс беретіндегі хакында “Вопросы литературы” жыриналының 1977 жылғы 6-санында орыс зерттеушісі Иман Аузинь: “Алайда, кешегі күннің жарқын сезімдері бүгінгі адамдарға өмір сүруде аса қажет. Мұндай жағдайда тәрбиелік пен сұлулық көзін тек фольклордан ғана іздеуіміз керек”, – деген салихалы пікір түйеді. Осы айтылған “кешегі күннің жарқын сезімі мен сұлулық көзін” “Гашық-наме” кітабынан да табамыз. Лири-эпикалық дастандарды құрастырып, ғылыми анықтама берген. Бұл гажайып кітап жайлы тек республикалық баспасөзде ғана емес, “Правда” газетінде де сез болып, оның ұлттық әдебиетімізге қосылған аса қымбат қазына екенін Одак оқырмандарына таныстырып өтті.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ақын қиялында кайта туып, түлеген, халық журегінен орын тапқан Шығыстың бұл кисса-дастандарының кестелі тілі мен гибратты сөздерін жаңғырта жасарткан зерттеуші қурделі ғылыми еңбектің екінші кітабын да қолға алады деп ойлаймыз.

Алдағы уақытта осы текстес өзге де шығыс қиссаларын тағы да сұрыптап, бастырып шығару үшін Омбы, Томск, Уфа, Новосибирь, Кемеров секілді калалардың архивімен танысса деген тілегіміз бар.

1977 жыл.

МАХАББАТ ДАСТАНДАРЫ

Өз заманында асқақ адамгершілікке үндеген озық ойшылдар дүние жүзі мәдениетінің алтын қорына айтарлықтай үлес косты. Классикалық шығыс әдебиеті өкілдерінің бұл саладағы алатын орны әлемге аян. “Шығыстың жеті дүлдүл” ақындарының бірі атанған дүние жүзі мәдениетінің алтын қазынасына айналған “Шах-наме” дастаның жазған Фирдоусидің әдеби мұрасы кейінгі үрпаққа үлгі-өнеге болып қалды. Фирдоуси “Шах-намеден” кейін “Жұсіп-Зылиха” дастаның жазды деген сөз бар.

Немістің ұлы ақыны Гете шығыс әдебиетін, “Шығыстың жеті дүлдүлін” әбден жетік біліп, аса жоғары бағалаған. Ол Хожа Хафиздің жырларын аса сүйсініп, ана тіліне аударды. Ұлы Гете “Шығыстың жеті дүлдүлінің” бірінде ақындық атақ-дәрежеге жетуді арман еткен екен. Орыстың ұлы ақыны Пушкин де Хафiz лирикасы сарынында өзінің бірнеше өлеңін жазған.

Шығыс халықтары әдебиетінін үздік тұрған үлгі-өнегесі қазақ топырағында да терен тамыр жайып, өркендеп өсті. Даны ақынымыз Абайдың өзі “Масғұт”, “Ескендір”, “Әзім әңгімесі” атты дастандарын шығыс аңыздары желісіне жазған еді.

“Сейфұлмәлік” – қазақ даласына кең тараған дастан. Тұрік тілдес халықтарында көп жырланатын осы туынды арабтың атақты “Мын бір тұн” ертегісінен тараған екен. Бұл дастан бізге Өсет ақын әнінен де мәлім.

Сейфұлмәлік-Жамалдай
Бейнетіне көнсем-ай,
Қозы Қөрпеш, Баяндай,

Бір молада өлсем-ай! – деген ән қайырмасы көп адамның көзіне жас алдырған. Бұл жерде дастаның басты кейіпкерінің бірі Бәдиғұлжамал екенін ескертे өту кажет. Қазақша жырда бұл есім қыскартылып, кейбір жерде Жамал атанып кеткен.

“Жұсіп-Зылиха” да шығыс ақындары қаламынан туып, қазақ жеріне кең тараған. Мұны “Шығыстың жеті дүлдүлінің” бірі тәжік-парсы ақыны Жәми жырға косып, осы аттас атақты дастаның жазған. Бұл дастанды қазақ ақындарының өздерінше жырлаган түрі де көп.

Шығыс елі мәдениетінің мәнгі жасар мол мұрасы қазақ әдебиетіне де осылайша игі әсерін титізген. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары – “Фашық-намені” оқығанда осыны айқын ангарамыз. “Фашық-наме” кітабы Қазак ССР Ғылым

академиясы М.О Әуезов атындағы Әдебиет жәнс өнер институтының өзірлеуімен жуырда 1976 жылы “Жазушы” баспасында жарық көрді. Кітапқа “Бозжігіт”, “Сейфұлмәлік”, “Тәһір-Зүһра”, “Мұңлық-Зарлық”, “Иран-гайып шах Ғаббас”, “Жұсіп-Зылиха” дастандары енген.

Дастандар жинағы “Бозжігітпен” ашылады. Бұл сонау Дешті қыпшақ заманына белгілі қисса екен. “Козы Қорпеш – Баян сұлудай” мұнда да екі жастың аянышты ғашықтығы жыр арқауы болып тартылған. “Бозжігітті” қазақ эпос жырының қатарына қосуға болады. Дастанның тамылжыған тілі қазақ ауыз әдебиетінің үлгі-өнегесіне өте ұқсас.

Түйе келіп боздаса,
Ботасы оның жоқ шығар.
Бота көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар.
Жылқы келіп кісінесе,
Құлышағы жоқ шығар,
Құлыш көзді Бозжігіт
Бұл ойында жоқ шығар...

Келмес жолға кеткен ол, бұл пәниден өткен ол.

Бұл шумактар мал баккан халыктың тұрмыс салтын аңғартады. “Тәһір-Зүһра” – араб, үнді елдері анызынан туған. Дастандағы Тәһір мен Зүһра бір-біріне қосыла алмай, арманда өткен ғашықтар. Бұл анызды қазақ ақындары да көп жырлаган. “Ғашық-намеде” ХХ гасырдың басында өмір сүрген ақын Ақылбек Сабаловтың дастан нұсқасы басылған.

Шығыстан келіп, қазақ топырағына сіңіспін кеткен дастандардың бірі – “Мұңлық-Зарлық”. Ауыз әдебиетіміздің әсем ою-өрнегі осы жырда маржандай тіzlіген. Мұнын өзі “Мұңлық-Зарлықты” қазақтың төл туындысы етіп тұр.

Қарсак жортпас қалыннан,
Қарғып кетіп барады.
Тұлқі жортпас түлейден,
Түнде кетіп барады.
Жапалақ ұшпас жапаннан,
Жалғыз кетіп барады.

Дастан осындағы керемет көрікті жыр шумагына толы. “Иран-гайып шах Ғаббас” та, “Жұсіп-Зылиха” да – шығыс ақындары көп жырлаган қиссалар. Бұлардың кітапқа басылған казакша

нұсқалары таңғажайып оқиғалар мен аныздарды баяндай отырып, аскан жан сұлтулығы мен кіршікіз махаббаттан сыр шертеді.

Шығыс хикаяларының желісіне құрылған казак дастандарының жинағы – “Фашық-намемен” калын оқырмандар сүйсіне танысатыны сөзіз. Бұл кітаптың басылып шығуы республикамыздың мәдениет өміріндегі елеулі оқиға болды. Міне, сондыктан да орталық органды – “Правда” газеті жуырда бұл кітаптың жарық көруі жөнінде аз сөзben көп мағыналы жылы лебіз білдірді.

ОЗАҚСЫЗДАУ

Клара ӘМІРҚЫЗЫ

УШКОЛТАЙ

“Казак халқының классик жазушысы Сәкен Сейфуллин іргесін қазаган “Тіршілік” газетін жалғастыруши – “Арқа ажары” газетін 80-жылдық мерейтойымен құттықтайдын! Казак елінің “тілі, құлагы, көзі” болуына шын жүректен тілекестін!”

Ушкелтай Субханбердіна.
9 қыркүйек 1998 жыл Алматы.

Тәуелсіздік алым, әз тарихына езі үнілуге колы толық жеткенше еткен заманндардағы ұлттың мәдени өмірі дау-дамайлан арылтмай келгені оқырманның деңгелігіне мәлім. Откен ғасырдағы мәдени өміріміздин қуалігін, казак мәдениетінің үзіле жазаган ете наزік жібін үзүте жол бермей, кіп-кішкентай өрмекшідей торлаған бүгінге жеткізген, езі де езгенің көзіне көп түсे бермейтін, бірақ талай оқымысты болғантардың ішінен гйтса да сауабын атып жүрген, менин көзіне көремет болып көрінген Ушкелтай аламызben кездесуім есімнен көтер емес.

Кей адамызың қылышын көзіне жаңагы ете назік жілтін сүйреп келе жатканы ұшы-жырына көз жетпейтін үлкен керуенінік жүнізей болып етпестійтін дау туғызбас бел ойлайман.

Аз тана сезбек жеткізек, жастайынан Үлітік ыстам академиясы кітапханасында жімде ақтей жүріп, Сирек кездесетін кітаптар белгімдеге мәндерүшілікке жетеді. Жұмысшына кәрай қазақтың қазан революциясында деңгелі беспасатынне библиографиялық көрестікіш жасал шағарараты. Бірақ еттері белгілі болғаныммен деңгелітің тогаңшарының билігі тұснада қорғылыштың казак жерінен табылмайды,

соның ішінде біз іздеген Ақмолада 1917–1918 жылдары шыққан “Тіршілік” газеті де бар.

Сол жоктардың ізін кесуге белін бекем буып кіріседі. Ол үшін қайта-қайта өзгеріп кеткен қазак жазуларының алғашқысы арабшаның қадымша графикасымен жазылған газет, журнал, кітаптарды оқу керек болады. Ақыры жатпай-тұрмай қазак алфавиті қанша рет өзгерсе, соның бәрін де менгеріп алады. Ол қадымша, А.Байтұрсыновтың төте окуы, латынша, кириллица графикалары.

Сонымен қазак баспасөзінің сакталады-ау деген жерлері Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Ташкент, Уфа қалаларының кітапханаларын аралайды. Іздегенінің деншілігін Санкт-Петербургдагы Салтыков-Щедрин атындағы кітапханадан табады. Олар кешегі кундерде ел көзінен таса болған, XIX ғасырдағы қазактың жазба мәдениетінің күзегерлері – 1870–1882 жылдары шығып тұрған “Түркістан уалаятының газеті”; 1888–1902 жылдары Омбы шаһарында шығып тұрған “Дала уалаятының газеті”; 1913–1918 жылдары шығып тұрған “Қазак”; 1917–1918 жылы шықкан “Сарыарқа”; 1911–1915 жылдары шықкан “Айқап” журналы еді.

Бұл газеттер мен журналдарды тауып қана қоймай, олардың бірсыптырасын әр түрлі жолмен Ұлттық ғылым академиясына жеткізуіндін қамын жасаған. Олардың бәрінің библиографиясын жасап, әрбір мақалага түсініктеме жазыпты. Енбектің нәтижесі жүздеген зерттеу мақалалар мен 16 кітап болып шыкты.

Үшкөлтай Субханбердинә бірсыптыра уақыт дайындаған енбегін жарыққа шыгара алмай, көрген корлығы да бір адамның басына жетерлік екен. Үнсіз күрес, үнсіз арпалыс кешегі 1937 жылда тәуелсіздік жолында құрбан болған азаматтардың артында қалған осындағы ұрпағының ғана колынан келетін болар. Алғашкы енбекін халық ағарту жолында енбек еткен, өзінің көз алдында үйнен жазықсыз сүйреп әкетіп, көппен бірге құрбандыққа шалынған экесіне арнауы да көп түсінік бергендей гой.

Үшкөлтайдың кітабынан “Тіршілік” газетінің редакторы Ракымжан Дүйсенбайұлының бұрын “Дала уалаятының газеті” шыгарушы үш редактордың бірі болған кісі екенін білгенімде “Тіршілік” газетінің өзін тапқандай куанған едім.

Рақымжаның 1895 жылы өзі істеп жүрген газетін (ДУГ) 44-ші санында “Адам, когам, табигат” айдарында жазған мақаласы Атбасар уезінде етін шаруашылығы, балық өсіру кәсібімен айналысқан Байғара Өтебайұлының енбекін мақтаганы туралы екенін де Үшкөлтай түсініктемемен көрсеткен (Сол Байғара ауышы “Новохансандровка” болып езгерді гой. – К.Ә.)

Рақымжан әдеби иңдерінде 1856 жылы “Қазактың наңғыштығы жайында”, “Түйе, тұлқі, қасқыр һәм жолбарыс және “Қазак тілі туралы”

көлемді мақаласында араб әрпінің қазақ тіліне жетіспейтіндігін накты мысалдармен дәлелдеген “Қарып тұрасының сөзі” атты макала жазғаны белгілі болып отыр. 1898 жылғы газеттің 3,5,18 сандарында “Мал шаруасы осы бойында тұрғанда казаққа пайдасы бар ма?” деген мақаласында казақ елінің шаруашылығы малдың тұқымын асылдандыру керегі жайында айтылыпты. “Ұрылар тұрасынан тағы бірнеше сөз” атты мақаласында қазақ арасындағы жаман әдет–барымта, жылқы үрлау туралы да мақала жазылты. Осы мақалалардың өзі–ақ “Тіршілік” газетіне редактор болған адвокат Рақымжан Дүйсенбаевтың қандай адам екенін бізге жеткізіп тұрғой.

Ушкөлтай апаймен алғашки кездесіп танысқанымызда “Арқа ажары” газетінен келгенімді айтып едім: “Газеттеріңің аты қандай әдемі еді” деген көніл жадырататын сөзімен әңгіме жалғасып кетті. Газеттің бас редакторы Жомарт Әбдіқалықтың атын койын дәптеріне жазып алды. 1996 жылы шыққан “Дала уалаятының газеті” атты кітабын, “Арқа ажары” газеттің 80-жылдығына құттықтау сөзін жазып, менің қолыма тапсырды. Аманат киянатсыз, міне, келіп тұр.

Ушкөлтай Субханбердина апамызға Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі атағы тегін берілмесе керек.

СОЛДАРДА

Әнуарбек ӘҮЕЛБЕК

АРЫСТАР ҚАЛДЫРҒАН АМАНАТ зерттеуші, ғалым Ушкөлтай Субханбердина хақында

Шындығын айтсам, әңгіме ол кісі жайында ғана емес, бірталаі жылдар бойы үесіз қалып, адасқақ күй кешкен ұлттық рух төмөррегінде болмақ.

Осындайда еске түседі... Жоғары сыныпта оқып жүргенімізде, №194 “Сунак–Ата” орта мектебіндегі (Қызылорда облысы) физика пәнінің мұғалімі Мырзан Құндызбеков ағайымыз “Сендер газет оқымайсыңдар бол. Білесіндер ме, “Правда” газетін бес жыл бойы үзбей оқыған адамның білімі академикпен бірдей болады. Мен он бес жылдан бері бірде–бір санын жібермей оқып келемін” деп жатушы еді. Қазір байқап отырсаң, бұл идеология атты жетекке берілген үлкен баға секілді.

Бұғінгі таңда бізде осындай идеология бар ма? Адамды ұлттық рухтағы қәдімгі “жоғары білім” деңгейіне көтерерлік басылым бар ма? Рас. бір кездері болды. Алайда, олар сандаған жылдар бойы тасада қалдырылып келді. Біз ұлттық рух өзегінен ажырап қалдық. Тарихи жағдай екі араға қытай корғанын қалады.

Алайда, сол кезде-ақ, коммунистік рухтың қызыл туы желбіреп тұрганда, ұлттық рухтың өзегімізді жалғауға ұмтылған бір жас өсқіннің бой көтеріп келе жатқанын ангармапыз да. Бұл – осы әңгімемізге себепкер болып отырған Ушкөлтай Субханбердина еді. Қарапайым ғана ғалым өмір бойғы еңбегін жайып салды. Бітеп тасталған ұлттық рухтың қайнар көзін қайта ашты. Ал, содан қашшама адам нәр алып отыр десенші!

Іә, өзегінді жалғамасаң – өлесің. Ұлттық рухтың өзегі де солай – жалғаусыз қалса, бағдарсыз қалады. Бағыт-бағдарсыз алысқа ұзау мүмкін емес. Алла бізді несібесіз қалдырматы, халқымыздың сыйағасына Ушкөлтай апайдай енбеккөр кыз тиіпті. Мың да бір тәубе деңіз...

Ол омірге калай келді, оны тудырған кім? Менінше, оны өмірге әкелген – бабаларымыздың аскан арманы. Оны тудырған, бұғінгі Ушкөлтай Субханбердина еткен – биік деңгейдегі ұлттық рух дер едік. Осы рухтың емшегін ерте емген ол өз бойына оның барлық қасиеттерін сініре білді. Ушкөлтай апайдың басқа жолды тандауга какысы да жок еді. Себебі, оның бойында 1937 жылы “халық жауы” болып ұсталып кеткен әкесі Субханбердінің қаны бар...

Болашақ – таным мен білімнен басталады. Қаршадай қыз оны ерте түсінді. Алматыдағы №12 мектеп-интернатқа қайта-қайта бас сұғыш, кімнің қызы екендігін жасыра жүріп, әрекеңде қабылданады. Бұл мектеп Ушкөлтайды бұғінгі төрге жеткізген жолдың табалдырығы еді. Табалдырықтан биік тау жок десек, тенденсіз таудан аттай білген ол сол кезде аристар қалдырған аманат жолға түскендігін сезбекен де болатын. Бар киындықты мойнына ітпен уакыт ез қаламынан жаңылған жок, ақырын жылжып ете берді. Төрт сыныптағы 160 баланың 11-інің ғана мектептің тәмәмдай алуынын өзі уакыт салмағына өлшем бола жатар.

1961 жылы Казақ мемлекеттік баспасынан “Айқап” бетіндегі макалалар мен хат-хабарлар” библиографиялық кітабы басылып шыққан соң ғана Шәкендері шақырап жер көбейді. Үрысу. Қоркыту. Үрейлендіру. Осының алдында Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың “Қазақ тілі туралы библиографиясының” 1-кітабы “А.Б.” деген корсеткіштің болғандығына байланысты түгел ортеп тасталған еді. Ал “А.Б.-да, “М.Д.-да” ішінде жүрген Ушкөлтай апайдың кітабы әп-сэтте тарап кеткен болатын. Тінгі, “Қазақстан мұғалімі” газетіне Бейсенбай Кенжебаевтың кітапты мактай жазған макаласы да шығып үлгереді...

Сауапты істің жаңына қашан да жақсылар үйр болады. Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымының кандидаты, ғалым-библиограф Ушкелтай Субханбердина салған жолда бір қауым ел жүріп келеді. Мақсатты істе біріге еңбек етіп келе жатқан Сарсенбі Дәүітов пен Қайрат Саков, Пәкізат Өуесбаева, Серікбай Қосанов, Тоқтар Әлібеков сияқты жас ғалымдар легі өшкелі қалған ұлттық рухтың арамызға қайта оралуына септіктерін тиғізуде. Өткенімен табысып, өшкенін тұғандырган қазақ ендігі жерде рухсыз болмас. Лайым, үстем бола түссін! Ал, Ушкелтай Субханбердинаның ес білгелі атқарып келе жатқан касиетті іс-әрекетіне әділ баға беру, қадірлеп қастерлеу, кайсымызға болсын, ар алдындағы сынни сэт секілді. Қалай десек те, ол бүкіл бір тарихи кезенді қайта оятқан алып қонырауды көз алдыңа әкеледі де тұрады...

Бәрінен бұрын, санамызға идеология арпалыстары етіп жаткан бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Әлихан Бекейханов сияқты басқа да ұлы тұлғалар рухын бойымызға дарытудың берері мол болмак. Ал, олардың үнін бізге жеткізу онайлықпен келген жок.

ОЗАСОЗАСОЗА

*Гүлбаги ЖУНІСҚЫЗЫ
Манруза ҚАСЫМЖАНОВА*

ЕЛІНІҢ МАКТАНЫШЫ

Біздін елімізде, халқымыз мактан тұтар қоғамға, ғылым саласына еңбек сінірген, ірге тасын қаласқан мактаулы қыздарымыз жетерлік. Сондай мактаулы салым қыздарымыздың бірі – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, кітапханаының библиография саласына мол үлес косқан ғалым-библиограф У.Х.Субханбердина.

Ғалымның бұл таңдаған мамандығы – ете сирек кездесетін мамандық. Оның ғылым жолында жасаған еңбектерін есіреле библиография саласында сінірген сибеті үшін ете маңызды. Үйткені, ол кісі шыгарған библиографиялық көрсеткіштерде еліміздің өткен отты жылдардағы тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері жайлы әдебиеттер қамтылған.

У. Хасенқызының өмір жолы киын да қызық. Бізге ол кісінін өмірі кітапхана құрылғаннан бері белгілі.

У.Х. Субханбердинаның библиография саласына сінірген сибегі үшан-теніз. Ғалым-библиографтың бұл еңбектерінің еліміздің өткен

жылдардағы тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеуде алатын орны ерекше. Бұл жайында басылымдарда да аз айтылып жүрген жоқ, Сонымен қатар, Ү.Х. Субханбердинаның авторлық еңбектері республика және ТМД елдеріне де көнінен тауымал болып, оның еңбектеріне деген сұраныс молая тусуде.

Ол өз еңбектерінде кітапхана, әдеби мұра, шежіре, тарих салаларын түгел қамтыған десек те болады. Атап айтқанда; “Алаш”, “Сарыарқа”, “Айқап”, “Дала уалаятының газеті”, “Қазақ халқының атамұралары” т.б. мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштерін оқырмандар қазіргі кезде көнінен пайдалануда. Әсіресе “Қазақ халқының атамұралары” атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш арқылы Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп, жоғалып кеткен, елеусіз қалған ата-бабаларының деректері табылып, куаныштарын шексіз алғыспен білдіруде.

Ү.Х.Субханбердина өз еңбектерінің ғылыми жағына да база назар аударды. Бұл кісінің ешкімге ұқсамайтын бір ерекшелігі – өзін коршаган адамдарға деген камқорлығы мен мейрімділігі. Қандай да бір киын сәттерде әр кез қол ұшын беруге даяр тұрады. Ү.Х. Субханбердина өз еңбек жолын Орталық ғылыми кітапханада бастағандықтан да біздің кітапханага деген ықыласы ерекше. Сондықтан да біздің кітапхана қызметкерлері Ү.Х. Субханбердинаға құрметпен қарайды. Үшкөлтай Хасенқызына зор денсаулық, қажымас қайрат, әлі де талай құнды дүние жаза беруіне тілектеспіз.

СОЗЫСЫСЫ

Жас оқырман Ұлан ӘБІШЕВ

ҰРПАҚТАРДЫҢ ҰЗІЛМЕС БАЙЛАНЫСЫ

Несін жасырасың, библиографиялық көрсеткіштерді қалың жүргіштың онша назар боліп, қадірлел жүрмейтіні рас. Көбінесе арнайы бір салада ізденіс ететін мамандар үшін ғана құнды еңбектер болғасын, шамалы ғана данамен басылады да, ал кітап дүкендердің сорелеріне жеткендері өзінің болашақ иелерін біразга дейін шан басыла күтіп жатады. Алайда, Үшкөлтай Сұбіканберді қызы шығарған «Қазақ халқының атамұралары» атты еңбегі осы библиографиялық көрсеткіштердің арасында төрден орын алатын ерекше туынды болып, мамандардың да, қаралайым оқырмандардың да көздерін тартатыны анық. Өзінің атымен де, көлемімен де, ішінде кездесетін асыл зиялыштарымыздың есімдері және мақалалардың мазмұндарымен де көкірегі ояу әр қазак азаматының назарын иемденбеуі мүмкін емес.

Кітапта бір ғасырдай бұрын жазылған қазактың тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы, әдебиеті туралы макалаларға берілген сілтемелер қызықкан адамға сол деректермен тікелей танысуға жол нұскап көрсететіндегі. Ал өз басым болса, осы еңбектің беттерін аудара отырып, күтпеген жерде өзімнің аргы атамның атына тап болды – шіркін, баяғыда өтіп кеткен кісі туралы жұз жылдан аса бұрын шықкан газете мағлұмат бар екенін үш ұйықтасам да ойымда жоқ нәрсе еді ғой! Ушқөлтай апамен таныстырыған да, әңгіменің басы болған да сол сілтеме еді.

Апанаң өзі әңдіме еткенде, еткен ғасырдың елуінші жылдарында осы еңбегін бастаганда қадірлі ағаларының бірі “Қыын да, Катерлі де, Қасиетті де істі бастапсың”, – деп айтты. Шынында да, осы үш Қыын бәрін де, дәл осы ретімен Ушқөлтай апамыз өз басынан өткеріпті. Сол кезде Ахмет Байтұрсынов, Магжан Жұмабаев, Міржакып Дулатов секілді ұлтжандыларымыздың шығармашылығын зерттеу түтілі, аттарын атаудың өзі «ұлтшылдыққа” тенделетін еді ғой. Апамыздың сонда іздегені мансап емес – абырай, ойлағаны пайда емес – парыз, жеке басының қамы емес – елге, әруақтарға қызмет... Сол үшін апамыздың үстінен шағым мен арыздар да жазылыпты. Ең қызығы, сол арыздарды архивке өткізуі де өз маңдайына жазыпты.

“Қазақта қазақтан басқа жау жоқ”, – деп Фабит Мұсірепов ағамыз бекер айтпаған. Ушқөлтай апанаң бастаган жұмысында қолдау-корғау көрсеткен де – қазак, үстінен арыз жазып, шағым еткен де – қазак. Ал өткен ғасырдағы асыл зиялыштарымыз қазакшылығы үшін, халықтың тағдырына жаны ашығаны үшін жапа шеккен еді. Бір ғана мысал: “Қазак халықының атамұралары” енбегінің 67–92-беттерінде аты аталған сексен жеті кеменгердің отыз сегізі – күтын-сүрін құрбандары, ал Қазан төңкерісінен кейін өмір сүргендердің көбісі ұзакқа созылған қудалауга түсken еді. Сонда Кеңес үкіметін жақтаған Сәкен мен Тұрар да, Алаш Орданы қолдаған Мағжан мен Әлихан да бірдей репрессияға ұшырады ғой. Осыдан кім ұтты? Қазаққа жау болғандар ұтты. Ал қазақ болса, сүтпін каймагындағы болған интеллигентиясынан, пассионарлық жандарынан айырылды. Сондықтан, біз тарихи өлшем ретінде кеменгерлеріміздің саяси көзқарастарын емес, еліне еткен қызметін, ұлтжандығын, жанашырлығын алуымыз керек екені ақықат. Осының біз түсінбесек, өзімізге өзіміз жау боламыз.

Осының бәрін ойдаң елегінен еткізे отырып, халқымыздың өткен ғасырда көрген қияметтерін елестете отырып, бір нәрсеге тан қаламын. Осының бәрін бастарынан өткізген ата-әжелеріміздің тағдыры қандай ауыр болғанымен, олар сол үшін біреуді кінәлап, ренжіп, кейіп отырган емес. Қазан төңкерісінен кейінгі кантөгісті бастарынан өткізсе де, кәмпескені де, ашаршылықты да, қудалауды да көрсө де, соғыстың

зардабын шексе де, казактығы үшін кемсітуді көрсө де, «белсенділердің» нысанасы болса да, катуланып кеткен жок, енселері түскен емес, қайта қайрат-жігерінің денгейімен қазіргі жастарды да арттарынан қалдырады. Жастарына қарамастан, керемет бір рухтың, ерекше бір қуатың иегерлері сиякты. Осы өтіп кеткен иманды болғыр арыстарымыздың және арамызда аман-есен жүрген Үшкелтай апа секілді абыройлы азаматтарымыздың еліне, халқына деген сүйіспеншілігінің, тасыған қайрат-куатының жас үрпакқа жартысын болса да бұйырса, қазактың ұлт ретінде әлем елдерінің арасында топ жарып өтетіні күмән болмас еді. Ал апамыздың жасаған алтынның сынығындай еңбегі көптен бері күммен жабылған кайнар бұлактың көзін ашиқандай болды, сол бұлактан ізденіп жүрген азаматка айызы канғанша рухтанып ішуге мүмкіндік туғызған болды. Сол үшін жас үрпактардың атынан Үшкелтай апага алғыс білдіре отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат тілеп, әркашан да ата-бабаларымыздың әруағы қолдан, желеп-жебеп жүрсін деген тілегімді білдіргім келеді.

Үрпактардың байланысы ешқашан да үзілмесін.

2005 жыл



АЯУЛЫ ФАЛЫМ ҮШКӨЛТАЙ АПАМЫЗГА

“Даланың уалаятын” жастандың сен,
Жинадың халық сөзін алтынмен тен
Жұлдыздай касиетінді толғамасам,
Жүрт сүйер әділ адам болмаспын мен.

Күн шуақ, ғүлге толы байтақ мекен,
Адамға елін сүйген ардақты екен.
Апатай, теніз жанын аунады ма,
Журналды актарғанда “Әй қап”, деген.

Көз ілмей “Түркістанда” түнедің бе,
Мың бұлбұл ұя салған жүргегіне.
Кәнеки, қияға өрлең шарықташы,
Ән қосып “Қазакстан” елеңіне.

Мен сениң бір карасаң балаңдаймын,
Тынымыз тірлігіне аландаймын.
Ғылымның алтын ұя сарайында
Алтында жаныңды айтпай тұра алмаймын.

Сахараның жерге конбас сандуғашы,
Ғылымның шыр-шыр еткен карлығашы.
Жасай бер, ала қағаздан бас алмаган,
Әуезов Мұхтар ата карындасы!

АЗАУАКИРДА

УШКӨЛТАЙ АПАҒА

Аналарды қақым бар – мықты! – деуге,
Жаны ұшады, тынбайды сәбиіне.
Тау қопарып, тасты үгіп, етсе де өмір,
Міндег етпес, балаға, оны мүлде.

Біз де анамыз, баланың бәрі ерен,
Бала жаны гүлдейді мейріммен.
Әзінен артық кім бар сырын ұғар,
Жан кешті ана өмірі өткенімен.

Ушкөлтай сол ананың бірі деймін,
Мезгілге, үн қосуға тұрды бейім.
Жинарап, теріп арыстардың ой еңбегін,
Баршаға бағаланған күні деймін.

Қайыспас әке де өзі, шеше де өзі,
Ауырлықтың бәріне нардай төзді.
Жан жейтін мұңға өзін жендірмеді,
Шаршамай етті еңбек, елі көрді.

Пендені сынға салар ұлы уақыт,
Жемісін мандай тердің көрген бақыт.
Төзім, қайрат ұстанған апамызға
Ұзақ өмір тілейміз, зор денсаулық!

ОЗЕРСКАЯ



Орталық ғылыми кітапхана директоры Әбуғалиева Күлжихан Күлшәріпқызымен бірге. 1999 ж.



Y. X. Субханбердина. 2005 ж.



F. Академияның 60 жылдық мерей тойына арналған сессияда.
Кайшыбаева Раушан Қалиқызы, Баймырза Хайтпен бірге.
1992ж.



Алматы, 1995ж. Қараша.

Ондан солға қарай – Қайырбек Кеменгеров (немересі). Ушкөлтай Субханбердина, Нарманбет Кеменгеров (Қошкенін ұлы), Бейсенбай Байғалиев. Құғын – сүргін құрбаны – Кеменгеров Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы. (1894-1942ж.)



Үнтаспа мен суретті жинауда.
Ушкөлтай Субханбердина мен Флора Оразаева



Ушкөлтай апай кітаптарының редакторы
Жазира Нұрғожина мен

ОФК 70-ЖЫЛДЫК мерейтойны арналған конференцияда






Халық әртісі Шара Жиенқұловамен бірге. 1982 ж.



Ильфа Глияс кызы Жансүтровамен бірге. 1982 ж.



Солдан онға: Шемішбай Сариев, Үшкөльттай Субханбердина, С. Қасқабасов, Райхан Ерғалиева.
07.02.1996ж.



Ушқөлтай Субханбердинаның немересі Әйгерім,
шөбересі Сәуле.

“... Впервые в казахской исторической науке, на основе фактов, У.Субханбердина исследует и доказывает, что вопросы казахской литературы и дореволюционной казахской печати занимали последовательное значительное место. Это новый вклад в казахское литературоведение”

Сабит МУКАНОВ

**«РАЗВЕ Я СТРЕМЛЮСЬ К СЧАСТЬЮ?
Я СТРЕМЛЮСЬ К МОЕМУ ДЕЛУ?»**

В 1999 году вышел в свет на казахском языке библиографический указатель “Қазақ халқының атамұралары” У.Х.Субханбердиной, наиболее полный фундаментальный свод в 834 страницы (под редакцией Ш. Ибраева, Ф. Оразаева, Ш.К. Сатпаевой, А.Сейдимбекова, У.Субханбердиной, Л.Д.Абеновой, К.К.Абугалиевой (гл. ред.), рецензированный Р.К.Кайшибаевой, Ж. Ысмагуловым). Он выполнен для научных учреждений, вузов, библиотек, занимающихся в области филологии, культуры, истории, информации и т.п., является продолжением целой системы созданных ученым крупных библиографий. В нем высоко заявлены проблемы казахской культуры, положено начало библиографированию таких периодических изданий, как: “Алаш”, “Сарыарқа”, “Казах”, “Дала уалаятының газеті”, “Айқап”, “Бірлік туы”. Они объединены историческим периодом конца XIX – начала XX веков, едины по замыслу и концепциям, имеют огромную культурно-историческую ценность.

Книга состоит из рецензий, статей, обзоров, заметок, выступлений, художественных произведений и других материалов, опубликованных на страницах выше названных изданий. Ее ядро составляет краткий очерк “Қазақ халқының атамұралары”, являющийся ключом к содержанию. В нем выделены рубрики “Айқап” журналы”, “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, “Серке”, “Қазақ газеті”, “Қазақстан”, “Қазак”, “Алаш”, “Сарыарқа”, “Бірлік туы”. В очерке проводится аналитическая оценка редакторов, издателей, авторов статей (М.Сералина, Ж.Аймаутова, М.Дулатова, С.Торайғырова), способствующая новым идеям в отражении библиографической информации. В перечне имен кратко раскрываются их жизнедеятельность, происхождение, образование, продолжительность работы в газетах и журналах. Автор делает попытку по-новому подойти к творчеству деятелей, их мировоззрению, гражданской позиции. В таком сообщении так же отражены духовная культура общества, взаимосвязь творческого и философского мышления. Важно подчеркнуть новаторство составителя в классификации материалов, выделении портретов выдающихся казахстанских писателей, поэтов, ученых, политических и общественных деятелей, учителей, книгоиздателей, журналистов: И.Алтынсарина, А.Кунанбаева, В.Радлова, Ш.Букеева, С.Донентаева,

М.С.Бабажанова, Ж. Сейдалина, М.Ж.Копеева, И.Березина, А.Диваева, М.Ауэзова, А.Маргулана и других. Собранные воедино работы из периодических изданий являются собой источниковедческую базу, основанную на изучении архивных материалов. Они содержат фактографическую информацию о репрессивных писателях, поэтах, ученых, общественных деятелях, которые долгое время были вычеркнуты из поля зрения исследователей (М. Жумабаеве, А.Байтурсынове, Ш.Кудайбердиеве, Х. Досмухамедове, М. Шокас и др.). В этом перечне прослеживается и судьба репрессивного учителя, видного педагога Субханберды Хасенова, отца автора указателя. В указателе охвачены выходцы разных регионов Казахстана, инонациональные общественные и научные деятели, носители многосторонних культурных ареалов, способствовавшие движению и развитию национальной казахской культуры. Таким образом, указатель может стать подступом к вопросам региональной системы в разработке библиографий, к созданию фундаментальной истории библиотековедения и библиографии Казахстана, в которой могут найти место не только очерки о деятелях книги, но и о культуре мира в целом. Следует подчеркнуть основные темы указателя: сравнительная библиография и культурные связи, роль библиографии в изучении казахского культурного и научного наследия.

